




ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ
ТВОРЧЕСТВОСЫ





ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ
(1846—1945)

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ТВОРЧЕСТВОСЫ



АЛМАТЫ

Қазак ССР-інің «Ғылым» баспасы

1989

Жамбыл Жабаев творчествосы. — Алматы: Ғылым, 1989. — 272 б.

Қазақ совет халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосы туралы әдеби сын, очерк, публицистік мақала, естеліктер аз емес. Жекелеген диссертациялар қорғалды, зерттеулер жазылды. Ақын бейнесі әдебиет пен өнер туындыларында жарқын көрініс тапты. Бұлардың бәрі де оның азаматтық, ақындық болмысын әр қырынан танып білуге мүмкіндік береді. Алайда ғасыр жасап, екі дәуірдің куәсі болған ақынның өмірі мен творчествосын түгел қамтып, жан-жақты көрсететін тұтас еңбек жоқ еді. Авторлар коллективі белгілі дәрежеде осы олқылықтың орнын толтыру мақсатын көздеді. Монографияда жыр алыбының өзіне тән творчестволық ерекшелігі, қазақ совет поэзиясын дамытудағы ролі, ақындық мектебі, жаңашылдығы кеңінен сөз болады.

Кітап мұғалімдерге, аспиранттарға, студенттерге, ақындық өнерді кадр тұтатын қалың оқырманға арналған.

Ж а у а п т ы р е д а к т о р ы

филология ғылымдарының докторы **М. ДҮЙСЕНОВ**

Ж а у а п т ы ш ы ғ а р у ш ы

филология ғылымдарының кандидаты **Қ. СЕЙДЕХАНОВ**

Т 4603010000—044
407(05)—89 134.89

ISBN 5—628—00270—4

© Қазақ ССР-інің
«Ғылым»
баспасы,
1989

1

Совет дәуіріндегі халық поэзиясының даму жолдары Жамбылдың есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол импровизаторлық (төкпе ақындық) өнерді біздің заманымызға жеткізушілердің бірі ғана емес, өзінің қайталанбас дарынымен сол дәстүрдің өміршеңдігін жазба поэзия дамыған дәуірде де таныта білген ерен жүйрік ақын.

Әдебиеттің өз заңы бар. Әрбір қаламгер айтайын деген ойын өзі қалаған жанрда оңаша ойланып, толғанып жазбаша түрде береді. Сондықтан жазылған дүниені әлденеше қайта көшіріп, әбден ширатып, пісіруге, яғни иін қандыруға оның мүмкіндігі мол. Әдебиет соған лайық белгілі бір творчестволық әдіспен дамиды. Ал импровизациялық өнер табан астында туатын болғандықтан да ауыздан шыққан сөз атылған оқ сияқты, нысанаға сол заматында, айтылған қалпында жетеді.

Адамның қабылдау қабілеті естігенді сол күйінде қағып алып, тұтып қалар магнит лентасы емес, ендеше оны сақтап жеткізушілердің кейде ойды, кейде сөзді аздықөпті өзгертіп отыруы заңды. Осыдан келіп алғашқы туған жырдың басқа нұсқалары пайда болады. Әрине тапқыр, өткір айтылған шумақтар әдетте естушінің көңіліне бірден ұялап, көп өзгеріске ұшырамай жұртқа тарауы мүмкін. Көкірек көзі ояу жыршылардың қағып алғыш қасиеттері болған, аса дарындылары ұзақ-ұзақ дастандарды бір-екі рет естіп-ақ жаттап ала берген. Импровизатор ақындардың өздері де табан аузында шығарған жырларын, қызу айтыс үстінде айтқан шумақтарын жадында берік сақтап, жұртқа таратып отырған. Демек ауыз әдебиеті шығармалары тосыннан туатын болған-

дықтан осы ерекшелігіне орай өзіндік дәстүрі қалыптасады. Тұрақты (моделді) тіркестері, образдық жүйелер, өлеңдік өрнек-нақыштар кейде заңды құбылыс ретінде қайталанып отырады.

Бізде дүниежүзілік аренаға шыққан жазба әдебиет те бар, сонымен қатар, жыраулық, суырып салма импровизаторлық дәстүр де берік сақталып отыр. Мұның айқын, жарқын бір көрінісі — Жамбыл. Қазақтың жазба әдебиеті әлдеқашан қалыптасты, бірақ ол төкпе ақындық өнерді жойған жоқ. Екеуі де өз жолымен, өз арнасында бір-бірімен байланыса дамып келеді. Бұл есте естен шықпауы тиіс. Өлең-жырдың туу, сақталу тәсілдері әр түрлі болғандықтан оларға қойылатын талап та, өлшем де өзгеше. Әрқайсысының өз жүйірігі бар. Мысалы Жамбыл — импровизаторлық өнердің туын биік көтерген ақын. Сондықтан да осы салада алдына жан салмас, шашасына шаң жұқпас жүйрік. Ол жайында айтсақ, қазақтың халықтық жыр-өлеңдерін сөз еткеніміз, керісінше, бүгінгі халық жырларын әңгімелесек, сөзді Жамбылдан бастамау мүмкін емес.

Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып келе жатқан мәдени тарихында ХІХ ғасырдың орны өзгеше. Бұл дәуірде, әсіресе, ақындық-жыршылық өнер айрықша дамыды, ауыз әдебиетінің дәстүрлі жанрлары: жыр, толғау, ән өлеңдері, кисса-дастан, ақындық айтыс тақырыбы, мазмұны, көркемдік сапасы жағынан тереңдей түсті. Өткен ғасырдың бірінші жартысында қазақ поэзиясының туын биік көтерген ірі-ірі ақындар: Шөже, Жанак, Орынбай, Сүйінбай, Дулат, Шортанбай, Махамбет, екінші жартысында Кемпірбай, Әсет, Досмағамбет, Біржан сал мен Ақан сері т. б. шықты. Соңғы толқынның ішінде қазақ поэзиясының екі алыбы — Абай мен Жамбыл бар. Бұл екеуі өз замандастарының ішінде жұлдыздай жарқырап ерекше көзге түсті де ұлттық поэзиямызға екі түрлі жолмен келді. Абай жазба әдебиетімізді жаңа бір өрісті, соны қонысқа көшіріп, реалистік дәстүрді берік қалыптастырды. Ал Жамбыл болса — сонау атам заманнан бері халық өмірінің айнасы болған ақындық, жыршы-жыраулық өнердің санлағы. Асан, Қазтуған, кейінгі Бұқар сияқты өнер иелері суырып салып айту дәстүрін жалғастырып, бізге жеткізді. Бұл — қазақ поэзиясының дамуындағы тарихи қоғамдық негізі бар құбылыс. Осы екі саланың творчестволық-психологиялық сипаттары қазақ поэзиясы-

ның бұдан былайғы даму жолдарының ерекшеліктері мен заңдылығын да белгіледі.

Әдеби процесті айқындайтын өлшем — көркем сөз өнері иелерінің ізденістері мен табыстары, қалыптастырған дәстүрлері. Мұны көрсету үшін, ең алдымен, олардың көш басында тұрған ірі-ірі өкілдерінің өзіндік, даралық болмыстарын жан-жақты қарастырып, тереңірек ашу қажет. Абай, Жамбыл сияқты ақын, жырау-жыршылардың творчестволық өмір жолдары арнайы зерттеу объектісіне айналуының осындай заңдылығы бар. Бірақ Абайды тану, Жамбылды тану, екеуін де елге таныта білудің мүмкіндіктері бірдей болған жоқ. Олар жарық дүниеге бір кезде келгенімен (Жамбыл Абайдан бір-ақ жас кіші), Абай алпысқа жетпей дүние салса, жүз жасаған Жамбыл одан кейін қырық бір жыл өмір сүрді, феодалдық-патриархалдық және социалистік құрылыс шындықтарының куәсі болды. Екі ақынның өмірі, творчестволарының тамыры, арнасы әртүрлі болғанымен, екеуін жақындатып, ортақтастыратын мүдде бір еді. Екеуі де өз творчестволарын өнердің шырқау биігіне көтеріп қана қойған жоқ, соны туған халқына мүлтіксіз қызмет етуге жұмсады.

Абай өлеңдері бірден хатқа түсіп, қолдан қолға таарады, кейін жеке кітап болып халық игілігіне айналды. Ал Жамбыл жырлары сол айтылған жердегі тыңдаушылардың жадында кетті, бірден-бірге ауызша жетсе жетіп, жетпесе ұмытылып қала берді. Бұл ауыз әдебиетінің заңдылығы. Сол айтылған мол жырлардың ең көркемдері, онда да «бағы жанғандары» ел аузында, автордың өз ойында сақталды. Олар хатқа кейін түсті. Абай мен Жамбыл сияқты ақын-жыршылар творчествосы әдеби сын мен әдебиеттану ғылымынан өзекті орын алып, абайтану, жамбылтану қазірде өз алдына үлкен сала болып қалыптаса бастады. Әрине бұлардың бәрі бір жылда және бірден болған жоқ, мәдени, қоғамдық, сыншыл ойларымыздың даму сатыларына орай әр кезде, әр дәрежеде жүзеге асты (17)*

Ұлы Октябрь революциясына дейінгі дәуірде Жамбыл туралы жазба дерек онша көп емес.

Әдетте ірі жиын, ұлы астарға ел ішіндегі өнерпаздардың жүзден озған жүйріктері ғана шақырылады.

* Жақшадағы бірінші сан сілтемеде көрсетілген кітаптың, журнал, газеттердің атын, екінші сан беттерін көрсетеді.

Ақын-жыршы дарынын халықтың мойындауының бір түрі бұл. Жамбыл қатысқан мұндай үлкенді-кішілі жиындар Жетісу, Қырғыз елдерінде аз болмаған. 1913 жылы патшалық Россия Романовтардың таққа отырғанына үш жүз жыл толғанын мерекелеп, осыған байланысты жер-жерлерде жиындар өтті. Соның бірі Верный (қазіргі Алматы) бекінісіндегі ұйымдастырылған көрме еді. Осы тойға Жетісу болысындағы ең белгілі ақындар, жыршы-жырау, әнші, домбырашылар түгел шақырылып, солардың ең басты, сыйлы ақын жыршысы болып төрде Жамбыл отырады. Сол жолы Жетісу облысының Верный уезінен келген күйші өнерпаздарының бір тобын П. А. Лейбин суретке түсіріп, ол 1915 жылы В. А. Василевтің кітабында жарияланды (5).

1916 жылғы Жетісу шаруаларының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларды және оны жақтаушы біраз кісілерді патшаның жергілікті әкімдері түрмеге жапқан. Сол түрмеге түскендердің бір тобын, (ішінде Жамбыл да бар) суретке түсірген (6.22). Бұл — Жамбылдың революцияға дейінгі түскен, әзірге бізге белгілі екінші суреті. Ал жоғарыда аталған тойға шақырылуы, оған үлкен үміт артылуы оның ақындығын елдің мойындауы еді.

* * *

В. И. Ленин: «. біз әрбір халықтың дербес, еркін дамуына, әркімнің өз ана тілінде жазылған әдебиетінің өсіп, тарауына барынша көмектесіп отырамыз (1.517)», — деді Клара Цеткинмен әңгімесінде. Совет үкіметі, Коммунистік партияның ұлт саясаты туысқан халықтардың саяси бостандық алып, ұлттық мәдениетін дамытып жетілдіре түсуге айрықша жағдай туғызды. 1919 жылы 10 июльде В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған «Қырғыз өлкесін басқару жөнінде революциялық комитет туралы декретте» қырғыз өлкесін шаруашылық және мәдениет жағынан өркендетуге барлық шараларды қолдану (20.125) қажеттігі ерекше аталып көрсетілді. Осы міндетті жүзеге асыру ниетімен біраз ірі-ірі қалаларда делегат-нұсқаушыларды, нұсқаушы-үгітшілерді, мұғалімдерді арнаулы курстар арқылы даярлау кадр мәселесін шешудің алғашқы нышаны болса, совет органдарының қызметіне қазақ интеллигенциясын тарту туралы әскери-революциялық комитетінің 1920 жылғы 27 майдағы бұйрығы да еліміздің экономикалық

және мәдени құрылысын жандандырудағы алғашқы қадамдардың бірі еді (16. 31).

Бұл игілікті іске ел ішіндегі абырой-беделі бар ақын-жыршыларды қатыстыру, олардың творчествосының танымдық, үгіттік күш-құдіретін тиімді пайдалана білу қажеттігі туды. Мұның өзі партиялық істің бір бөлшегіне айналуы тиіс болды.

1919 жылдың 4 январь күні Жетісу өлкесінің ұлт мәселесі жөніндегі комиссариатының мәжілісі өтті. Күн тәртібіне қойылған мәселенің бірі — Жетісуда совет өкіметі орнауына байланысты ақындарды үгіт-насихат жұмысына пайдалану және олардан ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алу. Мәжілісті Ораз Жандосов басқарды. Ұлт бостандығын жырлауға мынадай қаулы қабылданды:

1. Верный (Алматы) қаласында январдың жиырымасында Жетісу ақындарының айтысы өткізілсін.

2. Жиынға шақырылған он үш ақынның көбі сауатсыз болғандықтан Құсайын Тайтелиев, Мендеке Данияров, Бейсенбай Үмбетбаев жолдастар хатшылыққа шақырылсын.

3. Сөз шеберлерінен жазылып алынған жақсы өлеңдер араб әрпімен қазақ, татар, ұйғыр тілдерінде шығатын «Көмек» газетінде жариялансын (2).

Бірақ ақындардың бұл айтысы белгіленген уақытта өткен жоқ, оған сол кездегі ұйымдастыру жұмысындағы кейбір қиындықтар себеп болды. Сол жылдың май — июль айлары аралығында ұлт мәселесі бөлімінің ұйымдастыруымен Жетісу облысындағы қазақ ақындарының бірінші слеті Алматы қаласында өтеді (11). Алты уезден 19 ақын қатысқан, сол жиынның төрінде тағы да Жамбыл отырған. Облыстық ұлттар ісі бөліміне қарайтын мәдениет бөлімшесінің меңгерушісі Ж. Шәкіржановтың басқаруымен өткен бұл слет бір айға созылды. Ақындардың өз ауыздарынан өлең-жырлары жазылып алынды. Қазақтың өлең, жыр, мақал, мәтел, аңыздары, тарихи дастандары, әсіресе, 1916 жылғы халық көтерілісіне байланысты жырлар толық жазылды (25). Бұл ардың біразы жоғарыда көрсетілген «Көмек» газетінің беттерінде басылып тұрды.

Советтердің II съезінің тапсыруы бойынша Қазақ АССР Орталық атқару комитеті 1922 жылдың 1 июніндегі арнаулы қаулысында еңбекші халықтың ағарту,

мәдени дәрежесін арттырудың біраз шараларын айта келіп, жалпы білімдік, ғылыми, саяси, үгіттік сипаты бар кітаптар мен көркем әдебиет жинақтарын шығаруды (16. 33. 17) қолға алды. Қазақтың мемлекеттік баспасы 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақ жазушыларына» деген, «Степная правда» газетінде «Барлық қазақ ақындарына, әдебиетшілеріне және қазақ әдебиетімен әуестенушілерге» деген үндеу хаттарын жариялап, баспасөз ісін жандандыруға шақырды. Бұл үндеу хаттарда ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналмай келе жатқандығы, қазақ жазушылары төл шығармаларын баспаға жібермей отырғандығы, мектептер үшін оқу құралдары әлі жазылмағандығы мәлімделе келіп, соңында: «Енді бұдан былай қазақ жазушылары өздерінің міндетті жұмысына қатынасып, жазған кітаптары, жинаған ескі халық әдебиеттері болса тезінен баспаханаға жіберсе екен. Қазақ жазушылары керенаулықты тастар уақыт жетті. Кірісіңдер, өздеріңіздің игілікті жұмыстарыңа!» — делінген (8.9).

1920—1925 жылдар арасында Қазақстанның әр аймақтарында газет-журналдар көптеп шыға бастады, кітаптар басылды. Мәдениеттің барлық саласы: көркем әдебиет, қазақ журналистикасы, публицистикасы және ауыз әдебиеті дәстүрін сақтаған суырып салып айтушылық өнері бір-біріне байланыста, әсер-ықпал ете, қатар даму жолына түсті.

1925 жылы Ташкент қаласында шыққан «Терме» атты әдеби жинақта Шамғали Сарыбаев Жетісу ақындары туралы біраз мәлімет береді. Жамбылдың баспасөз бетінде ең алғаш аты аталуы осы тұс. Сәкен Сейфуллин 1931 жылы Алматыда «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» атты жинақ құрастырып шығарды. Мұнда да Жамбыл туралы қысқа мағлұмат бар. Ол келесі жылы «Қазақ әдебиетінде» Жамбылдың Құлманбетпен айтысын жариялады.

1934 жылдың 12 июнінде Алматыда Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезі ашылды. Осы съезбен қабат көркемөнер иелерінің республикалық бірінші слеті де шақырылды. Бұған тоқсанға келіп қалған Жамбыл да қатысып, бас бәйгені алады.

Коммунистік партия мен совет үкіметінің қамқорлығының арқасында халық таланттарының өз өнерлерін дамытуына, еңбекшілердің рухани баюына үлес қосуларына толық мүмкіндік жасалды. Жергілікті партия,

совет органдары, мәдени орындар бұл мәселеге елеулі мән берді.

1934 жылы СССР Жазушылар одағының I съезі өтті. Осы съездегі қорытынды сөзінде пролетариат жазушыларының ұстазы А. М. Горький ауыз әдебиетіне, оны жасаушы және сақтаушыларға айырықша мән берді. Дағыстанның халық ақыны Сүлейман Стальскийді «XX ғасырдың Гомері» деп бағалай келіп поэзияның асылын жасай алатын сол сияқты басқа да адамдарды сақтаңдар деп айырықша ескертті. Бұл халық мұрасына, сөз өнерінің өрен жүйріктеріне деген ыстық ықыласты лебіз еді.

М. Горький тағы да: «Мамедәліге хат» деген мақаласында Совет Одағында тұратын халықтардың шығармалары еліміздегі әрбір ұлттың тіліне аударылып жатса қандай тамаша болар еді. Мұндай болған кезде әрбір ұлттың мәдениетіндегі қасиетін, бірінен-бірінің ерекшелігін білуге біздің көзіміз жылдам жетер еді. Біздің ондай түсінігіміз әрбір ұлт пен тайпалардың даралық белгілерін жоғалтпастан шын мәніндегі социалистік мәдениетті құрудың процесін тездетер еді, дүние жүзін жаңғыртыратын социалистік мәдениетті құрған болар еді. Халық творчествосын зерттеп білудің аркасында біріміз бен біріміз таныса отырып негізгі мақсатқа жетуіміз қажет, біз соған ұмтылуымыз керек. Міне, идеал осы (2)», — деп жазды. Мұның өзі түптеп келгенде халық таланттары үшін нағыз партиялық қамқорлық еді.

Отызыншы жылдары еңбекші халық ішінен шыққан ақын-жыршыларға, соның ішінде, әсіресе, аса дарынды қарт ақын Жамбылға деген қамқорлық айрықша болды. 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне ақын-жыршы, жазушыларды Жамбыл бастап барды. Бұрын Жетісу мен Қырғыз еліне мәшһүр ақын Октябрь революциясының жеңісінен кейін Қазақстанға аты тарала бастаса, енді бүкіл Одаққа танылды.

Дағыстан ашугі Сүлейман Стальский де Жамбыл сияқты жырды табан астында суырып салып айтатын болған. Ол кезде қазіргідей магнит лентасына жазып алатын дыбыс құралдары жоқ, сондықтан да оның жүрегінен шыққан жалынды жырларды сол естіген бойда хатқа түсіріп алу қажеттігі туды. Стальскийге әдеби хатшы ретінде жазушы Эффенди Қапиевті белгіледі. Бұл, бір жағынан, ашугі жырларын хатқа түсіруші болса, екінші жағынан, оның консультанты еді. Ол оған

газет-журнал, кітап оқып берді, жалпы әдебиет, мәдениет ғана емес, өмірде болып жатқан тарихи, әлеуметтік саяси жайлар туралы әңгімеледі. Бір жағынан ашугтің өмірбаянын да өз аузынан жазып алып отырған. Кейін ол Сүлейман Стальскийдің өмірі мен творчествосы туралы «Ақын» деген үлкен еңбек жазды.

Бұл тәжірибені қазақстандықтар да пайдаланып, 1936 жылы Жамбылға әдеби хатшы етіп Қ. Тоғызақовты белгіледі. Кейін бұл міндетті Қ. Әбдіқадіров, Ғ Орманов, Т. Жароков, Қ. Сатыбалдин сияқты ақындар кезектесіп атқарысты. «Менің Сүлейман Стальскиймен бірге қызметім» деген еңбегінде Эффенди Капиев: «Сүлейман жаңалықты жанымен ұғатын! Сүлейманның күй көмейлі трибун болуын қоштаған да, талап еткен де уақыттың өзі. Жаңа сезімнің соңынан жаңа ой туындап жатты. », — деді (15. 379—380) Мұны Жамбылға да айтуға болатын еді.

Сүлейман Стальскийдің жырлары ана тілінде ғана емес, енді орыс тіліне аударылып, 1936 жылы «Стихи и песни» деген атпен Москвадан басылып шықты. Жамбыл жырлары да іле хатқа түсіріле бастады. Қарт ақынның ерте кездерде айтқан өлең, жыр, дастандарының есте қалғандарын оның өз аузынан жазып алғандар негізінен әдеби хатшылары болды. Кейбір дастандарын ол жаңғырта қайта жырлап берген. Көп ұзамай Жамбыл шығармалары газет-журнал беттерінде ғана емес, өз алдына жинақ болып қазақ, орыс тілдерінде шығады, жеке-леген шығармалары СССР халықтары тілдеріне де аударылады. Отызыншы жылдардың екінші жартысынан бастап қазақтың көрнекті жазушы, әдебиетшілері: С. Мұқанов, М. Әуезов, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев, Е. Ысмайылов, Н. Смирнова т. б. жамбылтануға елеулі үлес қосты. Мерзімді басылымдардағы мақала, очерктер, Жамбыл шығармаларына жазылған кіріспе сөздермен қатар, қарт ақынның өмір жолы, творчествосының өзекті мәселелері жөнінде жинақтар, кітапшалар жарық көре бастады.

Солардың ішінде жыр алыбының туғанына жүз жыл толған мерекесіне орай 1946 жылы шығарылған толық жинағына жазылған С. Мұқановтың кіріспе сөзі мен сол жылы С. Бегалин, Ә. Тәжібаев, М. Ритман-Фетисевтің «Жамбыл» деген атпен қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген ақынның қысқаша өмірбаяны туралы очеркті (4) алдымен атау лазым.

Елуінші жылдары Жамбыл туралы ғылыми-биографиялық очерктерді орыс әдебиетшілері: К. Зелинский («Жамбыл», М., 1955) мен М. И. Фетисов («Народные певцы советской эпохи». Саранск. 1956) жазды. Ақын творчествосы туралы Б. Кенжебаев пен Х. Сүйіншәлиевтің кітапшасы (1955) жарық көрді. Жамбыл туралы естеліктердің біразы топтастырылып, 1971 жылы «Жыр алыбы» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Жамбылдың ақындық ортасына байланысты жайлар ертеректе тиіп-қашты сөз болса, 60—70 жылдардан бері қарай бұған айрықша мән беріле бастады. Мысалы С. Бегалиннің «Сахара сандуғаштары» (1976) кітабында жыр алыбының ата-тегі, үрім-бұтағы, туған туыстары ғана емес, оның маңызды жүрген замандас ақын-жыршылар туралы да недәуір мағлұматтар бар. Қ. Сейдехановтың «Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясы» (1974) монографиясында майдангер ақындар творчествосына Жамбыл жырларының әсері, өзара байланысы сөз болады. Н. Төреқұловтың «Жамбыл мен Кенен» атты (1978) әдеби очеркінде екі ақынның өмір жолдары, ұстаздық, шәкірттік парыздары, творчестволық байланыстары бірқыдыру қамтылған.

Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» (Авторлары: М. Дүйсенов, Қ. Сейдеханов, С. Негимов, 1982) монографиясы да осы заманғы ақын-жазушылар творчествосының көркемдік ерекшелігі, поэтикалық тіл мен бейнелеу құралдарының сипаты, өлең-жырлардың өлшем-өрнектері мен құрылыс жүйелеріне арналды. Бұл мәселелер, бір жағынан, Жамбыл творчествосына байланысты да қаралды.

Жамбылтанудың жедел дамуына мүмкіндіктер мол еді. Себебі қазақ әдебиеттану ғылымында азды-көпті тәжірибе, жоғарыда айтқанымыздай, абайтануға байланысты жинақталған-ды. Алайда бұл мәселе жолға қойылуы үшін біраз уақыт қажет болды. Сонымен жамбылтанудың негізі жиырмамыншы жылдары салынды десек те кең мағынасында отызыншы жылдардан басталып, бүгінде белгілі дәрежеде қалыптасты деп айта аламыз.

Жамбылтанудың кейбір мәселелерін сөз еткенде, ең алдымен, үш жәйтке тоқталу шарт. Бірінші Жамбылдың өмірбаянына қатысты деректердің жүйеленуі, екінші

ақын шығармаларын жинау, хатқа түсіру, бастыру, үшінші творчествосының зерттелуі. Осы үш мәселенің беті ашылса, жамбылтанудың қалай туып, қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік туады. Бұл ретте оның өмірбаяны, творчестволық жолын зерттеудегі ғылыми бағытбағдарлар қандай еді деген жәйт, шығармалар жинағының басылу шарттары, текстологиялық жұмыстардың сапасы, тағы да басқа ғылыми-творчестволық мәселелер жан-жақты әрі нақты сөз болуға тиісті.

2

Мұхтар Әуезовтің: «. ақындардың өмір тарихын білсек, соның әрқайсысы өмір сүрген заманның тірі пішінді белгісін тауып алғандай боламыз» (10. 18. 19.), — деген Абайға байланысты айтқан пікірі қазақ поэзиясының тарихында өзіндік орны бар сөз зергерлерінің қай-қайсысына да қатысты. Ақын — өз ортасының перзенті. Ол өмір сүрген дәуірдің үлкенді-кішілі оқиғалары оның творчествосына із тастамай кете алмайды. Сондықтан да олардың әрқайсысының өміріне қатысты жайларды мүмкін қадірінше молырақ жинау қажет.

Мұндай өнер иелерінің өмір жолы туралы ел аузында сақталған әңгімелер (кейде аңызға айналған) болмаса, жазба күйде қалған ғұмырнама жоқ. Табиғатында шыншыл, турашыл ақын жырларында өмірлік болмысты өз көңілінің сезімінен, өз жүрегінің сарабынан өткізіп отырғаны белгілі. Демек оның жырлары — өз өмірінің де айнасы. Алайда сексен жыл бойында үзбей жыр нөпірін ағызған Жамбылдың революцияға дейінгі көп өлеңдері бізге жеткен жоқ, ендеше оның жырларынан өмірінің бар болмысын толық көру қиындыққа соғады. Көп жылдар бойы қасында болып бірге жүрген жақын туыстары, ақын, жыршы шәкірттерінің ол туралы білген-түйгендері аз болмаған. Есте тұтқан жайларды бас қосылған мәжіліс-сұхбаттарда әңгімелеп айтып отыру дәстүрі сақталғанымен, оны хатқа түсіріп, жариялау әдеті қазақта жоқ. Ендеше Жамбылдың өмірбаянын, творчестволық жолын жазамын деген кісі алдымен қарт ақынның өзін, содан кейін оны жақсы білетін кісілерді сөйлетіп, соларды тыңдауы керек десек, бұған біздің мүмкіндігіміз аз болған жоқ.

Өмірінің кейбір жайларын Жамбыл өзі әңгімелеп

беріп отырған. Өкінішке қарай кезінде оның бәрі түгелдей жазып алынбады, хатқа түскені көбіне-көп ақынның өлең-жырлары болды. Әйтседе оның өз айтуынан «Менің бақытым», «Менің өмірім» сияқты бірлі-жарымды хикаяларын әдеби хатшысы Қалмақан Әбдіқадыров жазып алды. Алғашқысы — ақын творчествосының 75 жылдығының қарсаңында, екіншісі — 1938 жылы 10 июнь күні Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат ретінде сайлаушылармен кездескенде айтқаны (23). Бұл хикаялары кезінде газет бетінде жарияланып, кейін жинақтарына да енгізілді.

М. Қаратаев: «Көп ұзамай-ақ Алматыға тұс-тұстан Жамбылдың кітабын сұраған хат, телеграммалар жауады. Бірақ хатшылары жазып алып, дереу орысшаға аударылған өлеңдерінің көлемі кітап боларлықтай әзір онша көп емес еді. Том-том боларлық тоқсан жыл бойындағы жырлары мен дастандары, айтыстары әлі қағаз бетіне түскен жоқ-ты. Сондықтан тоқсанында қайта жасарған жайсаң ақынның жаңа жырларымен қатар, өткен мұрасын жинау, өмірбаянын жасау орасан үлкен жұмыс болды», — деп еске алады (13, 42). Осы естеліктің тағы бір жерінде: «Алтайский әзірлеген 56 сұраққа Жамбыл берген жауап оның жазбаша өмірбаянының негізін салды» (13, 43), — делінген. 1944 жылы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Жамбыл атындағы сектор ашып, ендігі жерде ақынның шығармаларын жинау, бастыру, өмірбаянын жазу, творчестволық жолын нақтылай зерттеуді қолға алды. Бұл мәселелерге Қазақстан ғалымдары мен жазушылары тікелей араласты. С. Бегалин «Жыр алыбы» атты жинаққа енген естелігінде: «Жамбылдың ертедегі өмірбаяны, ақындық жолы, замандастары, қандай сүбелі шығармалары болғаны жайында ел аузынан, өзінен сұрап қағазға түсіру 1944 жылы маған тапсырылған еді. Мен осы тапсырмамен 1944—46 жылдарда үздіксіз Жамбылдың замандастарын, үзеңгілес ақындарын, ел ішінде ауыз екі тараған өлең, тақпақтарын жинап біраз еңбек еттім» (7.150), — деп жазды. Шынында Жамбыл өмірінің революцияға дейінгі дәуіріне қатысты бірсыдырғы жаңа деректі жазушы Сапарғали Бегалин береді. Бұларының кейбірі көзі тірісінде Жамбылдың өз аузынан жазып алынған. Мысалы ол Бұрым қыздың оқиғасына байланысты әңгімені «1944 жылы 12 августа Жәкең өзі айтты» деп жазса, «Жамбылдың Сайқал деген сұлу қызбен айтысын кімнен есті-

гені туралы «мұны айтқан Аманқұл Желдібай баласы. «Аманкелді» колхозында қазірде жасы алпысқа келіп қалған адам. Ол Шұбай деген кісінің айтқанынан ұқтым, Шұбай да ойынан өлең шығаратын кісі еді, — дейді» (7,152), — деп кепілдеме береді.

Жамбылдың Құлманбетпен айтысу тарихын С. Бегалин қарт ақынның талантты шәкірті Үмбетәліден естиді. Оны да естелігінде «осы сөзі сүйегімнен өтіп кетті. Домбырамды алып Құлманбеттің алдынан келіп қарама-қарсы отыра қалдым» дейді екен Жамбыл. Бұл естелік Үмбетәлінің айтуынан келтіріліп отыр. Жамбылдың осы айтысын Үмбетәліден жақсы білетін де, айтатын да кісі жоқ. Үмбетәлі Жамбылдың өз айтуынан жаттаған» деп куәлік етеді. Жазушы басқа да бірсыпыра деректерді Өмірзақ Қарғабайұлы, Кенен Әзірбаев, т. б. ауыздарынан жазып алған. С. Бегалиннің бұларды қашан, кімнен естігенін осылай жазып отыруында мән бар, ғылыми дәлдік деп осыны айтады.

1946 жылы С. Бегалин, Ә. Тәжібаев, М. Ритман-Фетисовтардың авторлығымен «Жамбыл» атты кітапша қазақ, орыс тілдерінде жарық көргенін ілгеріде айттық. Қазақ әдебиеті тарихында бұл кезде ақын-жазушылардан тек Абайдың ғана творчестволық өмірбаяны жазылған болса, одан кейінгі Жамбыл болды. Мұнда ол өмір кешкен Жетісудың ХІХ ғасырдағы тарихи-элеуметтік жағдайы, оның балалық, жастық шағы, алғашқы ақындық жолы туралы шолу берілген.

Жыр алыбының Сүйінбайдан бата алуы, әйгілі Шөже ақынмен кездесіп, қасында болуы, айтысқа түсуі, революцияға дейінгі Жамбыл творчествосының жайы — кітаптың сәтті беттері. Бұл очерктің авторлары — оның көзін көрген, өзімен әңгімелескен, сөйлескен кісілер. Мұндағы біраз деректер ақынның өз аузынан жазып алынған.

«Жамбыл» — таза өмірбаяндық дерек қана емес, онда ақынның шындық жыршысына айналуының, айтыста жетуінің себептеріне тоқталған беттер де, идеялық-көркемдік талдаулар да бар. Бұл шағын ғана очерк жүз жасаған адамның бай өмір жолын, творчествосының сан қырлы сырларын жан-жақты ашып беруді міндетіне алмаса да (ол кезде бұл мүмкін де емес еді), ақын өмірінен алғашқы дерек берген, сол кездің қажетін өтеген пайдалы еңбек болды.

Жамбылдың өмірі мен творчествосы туралы деректі әңгіме, очерктер оның көзі тірісінде-ақ газет-журнал беттерінде жариялана бастады. Ал ақын дүние салғаннан кейін естеліктер мол жазылғаны белгілі. Олардың авторлары кезінде Жамбылмен талай кездесіп, дәмдес, тұздас болған, ақын жырларынан сусындап қана қоймай, оның шабытының шарықтаған сәттерін көрген, от басындық, творчестволық жайлардағы іс-әрекетін, мінезін, қылығын байқаған адамдар. Мәселен: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Бейсенбай Кенжебаев, Сапарғали Бегалин, Сейітжан Омаров, Тайыр Жароковтар. Сондай-ақ Совет Одағының Батыры, ғалым Мәлік Ғабдуллин, майдангер ақын Әбу Сәрсенбаев, хатшылары: Ғали Орманов, Қасым Тоғұзақовтар. Ендігі бір топ — Николай Тихонов, Павел Кузнецов сияқты орыс ақын-жазушылары.

Жамбылмен көп араласқан, іні-дос болған кісінің бірі — С. Мұқанов. Ол өзінің естеліктерінде Жамбылдың өмірбаянын тұтастай толық келтірмегенімен, ақындық болмысын ашатын өзі байқаған штрихтарды көп алады. Сонымен бірге өзгелерден естіген жайларын да мол пайдаланған. Естеліктің тағы бір ұтымды жағы қарт ақынның өміріне қатысы бар біраз жайларды оның өз аузынан естіп хатқа түсіруі еді. Мысалы Сәбен жазған мына жолдарға назар аударалықшы: «Өз туысқандарынан өз балаларымен қатар Жәкеңнің ерекше жақсы көргені — туған ағасы Тәйтіннің баласы — Сатыш.

— Тәйти Мекеге қажылыққа кеткен. жолда өлді, — дер еді Жәкең, — қажылыққа аттанарда үш жастағы жалғыз баласы осы Сатышты қолынан жетектеп маған алып келіп құдай алдында сенің қолыңнан алам, — деп еді, жарайды деп уәде бергенмін. Содан бері осы шіркін өз балаларымнан кем көрінбейді» (7.27). Осы алуандас деректердің қарт-ақынның өмірбаянын толықтыра түсуге көмегі аз тимейді.

Жамбыл туралы кейбір деректі жазушы Сейітжан Омаров оның шәкірті Саяділ Керімбековтің аузынан естіп, хатқа түсірген. Ол: «Саяділ марқұм Жәкең жайындағы небір қызық әңгімелерді көп білетін. Әттең не керек одан кезінде жазылып алынбай, шежіреге қатталмай, тәркі дүние есебінде ескерусіз кете барды. Ең болмағанда бала жасынан бермен қарай Жамбылдың көзінен таса болмаған, өмір бойы қасында жүрген, күні кеше

дүние салған Үмбетәлі ақынның естеліктері де көкірегінде кетті», — деп үлкен өкініш білдіре жазды. Жамбылдың шәкірттері тұрмақ, әдеби хатшыларының өздері де кезінде күнделік жазып отырмағандықтан кей жайларды тек естелік күйінде қалдырды. Олары да көп емес, бірақ, азының өзіне қанағат тұтуға тура келеді.

Жамбыл 1937 жылдың қысында (декабрь) грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдық мерекесіне орай Қазақстан делегациясын бастап Кавказға барады. Осы сапардан алған әсерлерін жазушылар көп ұзамай хатқа түсірді, солардың ішінде, әсіресе, Жамбыл туралы деректер мол.

Бұл ретте орыс ақыны Н. Тихоновтың, қазақ жазушылары М. Қаратаев, М. Хакімжанова, Қ. Тоғұзақов, т. б. естеліктерінде ақын творчествосының психологиясына тікелей қатысы бар жайлар қамтылған. Мысалы Николай Тихоновтың сондағы Жамбыл шабыты туралы, оның өзгелерге тигізген әсері жөнінде жазғанынан үзінді келтірелік:

«Көк жасыл қасабдар шапанының сыртынан тіпті қатты шаршы белбеу буына салған, түлкі бөркінің түктері самсаған самала сәулесімен шағылысып, жіп-жіңішке алтын инелердей жалт-жұлт етіп от шашып тұр. Жамбыл білеу-білеу қошқыл қан тамырлары таралған етсіз әмірлі қолын алға сермеп, жиылғандарды тыныштыққа шақырды.

Жақ сүйегі шығыңқы, жалпақ бетіне парасатты байсалдылық ұйыған, тек екі көзінің ұшқыны екі саңлаудан түскен сәуледей, еті қашқан кебірсін ерінінің езуіне болар-болмас бір мысқыл ұялай қалған. Толқынданып еркін төгілген сақалы таң шапағымен шағылысқан құлама тау суындай.

Ол солай терең ойға біраз шомып тұрды да, түкті қабасы анда-санда бір селт етіп, жалпақ беттің ұшында адуын күштің айғағындай алқызыл толқын қан ойнады. Ой толғанысы енді бір сәт кілт тоқтап ол орнына отыра кетіп еді, қолында шағын ғана күй аспабы пайда болды да, ең алдымен, залға көкбас сона кіріп кетіп, шығарға терезе таппай, айнала жанталасқандай болар-болмас бірызыл пайда болып, бірте-бірте көтеріле берді.

Осынау залда ол пайда болысымен уақыттың өзі тына қалған тәрізді. Үйдің қабырғалары да кейін серпіліп көз алдымызға басқа бір дүниенің келбетін алып келген-

дей, ал оның өзі мынау қапырық залдағы қалаша киінген мына адамдардан гөрі, Руставелиге һәм оның таңғажайып қаһармандарына бір табан жақынырақ секілді. Кескілескен шайқастан кейін бекзадалар қамалын жаңа ғана талқандап, соған сүйінші сұрағалы жеткенім осы десе, сеніп-ақ қалар едік...» (7.50).

Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өмірге көзқарасы, творчестволық толғанысы, айналасындағы жұртпен қарым-қатынастары да жазушы қауымының назарынан тыс қалған емес.

«1940 жылдың бер жағында төсекте отырып қалған Жәкеңнің көбірек сергитін уақыты сәскелік асын ішкеннен кейін болушы еді. Түскі астан кейін Жәкең ауырлап, кешке қарай жатып қалатын да, содан келесі сәскеге дейін өзін күтетіндерден басқаларды маңына жолатпайтын» (7.31), — деп жазады С. Мұқанов.

Оның Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинмен, даңқты әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлымен, қалам, өнер қайраткерлері: М. Әуезов, С. Мұқанов, К. Байсейітова, Дина Нұрпейісова, Шара Жиенқұлова, Л. Соболевпен кездескен сәттері, сол кездегі ақынның көңіл-күйі, шадыман шабыты туралы да нақты, қызықты деректер көп.

Бізге Жамбылдың өз жеке басына қатысты материалдармен қатар, оның құрметіне арналған мереке, мәжіліс, сұхбаттар туралы естелік-әңгімелердің де бағасы айрықша. Мысалы қырғыз жазушысы Түгелбай Сыдықбеков «Екі халыққа етене» деген естелігінде мынандай деректер келтіреді:

«Бүгінгідей көз алдымда, Жамбыл ақынның Ұзынағаштағы кең сая бағы халыққа лық толы. Ақындардың бірі Жамбылға Алматы обкомы құрметпен мінгізген арғымақты мақтасып жатқанда, Қалық ақын кезек алып, атқа отырды. Ашық қоңыр дауысын көтере түсіп, қырғыздың жатық тілінде алатаулық ағайын жұрттан Қалық сәлем жолдағанда, у-ду жұрт үнсіз тына қалды. Қалықты тыңдады. Көркем сөзді кесек-кесек тастап, ел мен жерден жеткізген сәлемін аяқтай беріп, ақын арғымақтың сын-сипатын суреттей жөнелді. Манастың Ақкұласы, Алмамбеттің Айсараласын, Семетейдің Тайбурылын мақтай келіп, жүйрік сынын салыстыра айтудың әсері болды ма, әйтеуір, Қалық ақынның арғымақты сипаттауы халыққа қатты ұнады.

— Ойпырмай, керемет ақын ғой мынау Қалық ақын?

— Бауырымның дауысы дәл Шөже ақынның үніндей болып естілді-ау!

— Не деген асыл теңеулермен сипаттайды Жәкеңнің асыл арғымағын?

Қаумалаған қалың жұрт осындай мақтаулар айтысып жатқанда Сәбит пен Мұхтар екеуі бірдей келіп, Қалық ақынға қол берісті:

— Жәкемнің арғымағын Аққұладан асыра мақтадыңыз.

— Рахмет, Қалық аға!

Бұл бір туыстық бейіл, жылы ілтипатқа менің де көңілім өсіп қалды» (14. 26—27).

Бұл да — жыр алыбының өмірбаянын толықтыра, кеңейте түсетін деректердің бірі.

Ә. Тәжібаев — Жамбыл туралы қызықты естеліктер айтумен бірге, ол жөнінде ойлы пікірлі ғылыми мақалалар жазған, зерттеу жұмыстарын жүргізген кісі. Оның «Жылдар, ойлар» (1975) кітабының «Аталармен кездесу» тарауының дені Жамбылға арналған. Онда автордың 1936 жылдың көктемінде республика үкіметі басшыларының тапсыруымен Ұзынағаштағы Жамбылды үйіне алып келіп, қарт ақынның «Туған елім» жырын оның өз аузынан хатқа түсіруінен бастап, Москвада өткен онкүндік, Ұлы Отан соғысының басталуы мен аяқталуы, ақырында жүрегінің соғысы тоқтаған соңғы сәттеріне дейін қасында болғаны қызықты да ғибратты баяндалады. Москвалық жазушы Леонид Соболевке еріп Мұхтар Әуезовпен бірге Жамбыл үйіне барғаны, қарт ақынның сондағы мінезі, шабыты туралы жазғаны да оның өмірбаянына қосылатын бағалы деректер.

Жазушылардың көпшілігі естеліктерін Жамбылды алғаш қашан, қандай себеппен, қалай көргеннен бастайды. Мысалы М. Қаратаев: «Жамбылмен етене араласқан тұсым — Кавказға барған жолы. 1937 жылғы декабрь айының басы еді» (7.85), — десе, Т. Жароков «1928 жылдың август айы. Жадыраған жаздың жайлы күні еді. Алматыға оқуға келе жатқан бетіміз...» (7.186), — деп алғашқы көргенін есіне алады да, содан кейін «1937 жылдың күзінде біз Москваға бара жаттық» деп бірден көрген, білген, сезген, көңілге түйген жайларына ауысады. Бұл естеліктерде Жамбылдың дәл осы Кавказ сапары туралы ғана айтылып қоймайды, қарт ақынның өз аузынан естіген оның өміріне қатысты әңгімелер де келтіріледі.

Жамбылды көрген, онымен әңгімелескен кісілердің қай-қайсысы да ақынның ұшқыр ойының әлі мұқалмай келе жатқанын жазады. Әр ұлт ақын-жазушыларының естеліктері, мемуарлық шығармалары мен әдеби очерк, мақалаларында оның болмысы әр қырынан көрінген. Бір-бірін қайталамайды, керісінше толықтыра түседі. Көз көргендердің нақты, деректі жазбаларының бағалылығы — осынысында. Халық поэзиясының алыбы атанған жанның юбилейлері кездерінде еліміздің ғана емес, дүние жүзінің озық ойлы ақын-жазушылары, қоғам, мемлекет қайраткерлерінің оның атына жіберген құттықтау телеграммалары, хаттары мен газет-журналдарда жарияланған сөздері де құнды дерек.

Қорыта айтқанда Жамбылдың өмірбаяны оның өз аузынан жазылып алынған деректері және замандастарының естеліктерінің негізінде жинақтала бастады. Сонымен бірге, ақынның әр жылдары шыққан шығармаларының академиялық басылымдарындағы әр туындысына берілетін түсініктемелердің де өмірбаянға тікелей қатысы бар. Қай шығарманың қашан, қандай жағдайда туғандығын анықтау арқылы да ақын өмірінің кейбір қырларына байланысты нақты, жаңа деректер беріледі. Мұны оның 1946, 1955—57 және 1982 жылдардағы академиялық басылымдарынан анық байқаймыз.

Жамбылдың революцияға дейінгі өмірінің кейбір кезеңдерін анықтауда, әсіресе, С. Садырбаев, Е. Естаев, М. Жолдасбеков елеулі еңбек сіңіріп жүр. Олар тапқан жаңа деректер республикалық газет-журналдарда жарияланды.

Жамбылға байланысты деректер бір шама жиналып қалды десек те солар әлі бір ізге түсіп, ақынның өмір жолын тұтастай алып, кең түрде, жан-жақты көрсететіндей дәрежеге әлі жеткен жоқ. Бұл шаруа қолға енді алына бастады.

3

Оның жырларының қашан, қалай туғаны, олардың хатқа түсіп, жариялануы және ертеде шығарылған өлең-жыр, толғау, дастандарының жиналып, жеке-жеке жинақ болып басылуы — жамбылтану саласының өзекті бір мәселесі. Әр басылымда ұстанған ғылыми шарттар, текстологиялық жұмыс, түсініктемелер беру бағдары да осы салаға жатады.

Ауылдың «алты ауызы» мен «қонақ кәдеден» бастап үлкенді-кішілі бас қосу, той-томалақ, думанды мәжіліс, астарда халықтың басқа да көп қызықтарының бірі (мүмкін бастысы) ақын жырын тыңдау болғаны даусыз. Ақын өлімге жоқтау, қуанышқа мақтау айтады. Үлкен-кішіге ой салар, ғибрат болар толғау, терме төгілтеді. Екі елдің жүйріктері сөзбен сайысып, айтысқа да түседі. Олардың көпшілігі біржағынан жыршы да болған, бас қосқан мәжілістерде бірнеше күнге созылатын хисса-дастандарды да орындаған. Сондықтан да ақын — елдің еркесі, асыға күткен ең қымбат, сыйлы қонағы. Оның жүрген жері — әманда береке, мереке. Дәл осындай елге аса сыйлы импровизатор ақын әрі жыршы болған кісінің бірі — Жамбыл.

Жастай ел аралап өлең-жыр, толғау айтқан, айтыстарға түсіп, ескі дастандарды жаңғырта жырлаған дарынның аузынан шыққан әрбір сөз үлгісінің ауқым-көлемін оймен мөлшерлеуге болар, бірақ, есептеуге келмейді. Өйткені бұрынғы өткен суырып салма ақындар, жыршылар сияқты Жамбылдың көл-көсір мол жырлары кезінде тек тыңдаушылардың ғана құлағына жетті, солардың ішінде кейбір айтыстары, жекелеген өлең-жырлары, тапқыр да ұшқыр айтылған бір қақпай әзіл-мысқылдары ғана ел арасына тарап сақталған.

Біз бүгінде бір кездерде пәленше, түгенше деген ақын болған екен дегенді жиі естиміз, бірақ, олардың өлең-жырларын біле бермейміз. Бірте-бірте тіпті сол өнер иесінің аты да ұмытылуы мүмкін. Уақыт табы осылай, бұл ауыз әдебиетінің заңдылығы, бұдан белгілі дәрежеде Жамбыл да қашып құтыла алмаған.

«Жәкең салт жүріп табиғаттың көрінісі мен құбылысын, колхоздың даласында жайылған малдарды, егінмен байланысты еңбектерді көруге құмар еді, сезімін қозғаған көрініс пен істі жырға айналдырар еді.

Жәкең қасына ергендер мұндай тақырыпта оның аузынан талай тамаша жырлар естіді, бірақ, олардың көбі жазылып алынбады, — ат үстінде жазып алуға мүмкін де болмады» (7.25), — деп жазады Сәбит Мұқанов. Бұл қарт ақын өмірінің соңғы жылдарына байланысты айтылып отыр. «Жамбылдың ерте кезде ел арасында айтқан бір ауыз, екі ауыз өлеңі өте көп, бірақ, жазылып, жиналмаған. Және жатқа біліп айтқан адамдардың көбі қазір жоқ» (7.157), — деп С. Бегалин өкініш білдіреді. Ал Т. Жароков: «Жамбыл жас кезінде айтқан өлеңдерін де

ауық-ауық еске алып қайталайтын. Сондай ескі өлеңдерінің ішінде де сүйіп айтатын туындылары бар. Мысалы Жәкеңнің Айкүміс сұлумен кездесуіндегі айтысы осындай шығармаларының бірі еді. Жамбыл өзінің айтыстарын қайта еске түсіріп, кейде қой сонында қоңырлатып, кейде жиын кештерде, алқалы тойларда орындайды екен» (7.188), — деп еске алады.

Жамбыл суырып салма ақын ғана емес, бір жағынан жыршы болғанын ескерсек, оның ел ішіне тараған дастан-қиссалары мен өз жүрегін жарып шыққан жырларын да есте сақтау қабілетінің күштілігіне күдіктенуге болмас еді. Білетін кісілердің айтуынша ол «Көрұғлы», «Манас» сияқты эпикалық жырларды бір жеті, кейде онбес күн бойы жырлаған. Жыр көлемін тындаушылардың уақытына орай қысқартып, не ұзартып отырған да сияқты. Әсіресе айтыс өлеңдерді көбіне айтыскер ақындардың өздері елге таратушы болған. Жамбыл да — солардың бірі. Кейінгі қайталап айтқанында өлең текстісінде, ұйқастарында кейбір өзгерістер енуі мүмкін, бірақ, негізгі мазмұн, түйін сол бұрынғы болады. Жеңуі де, жеңілуі де сол түйінге байланысты болғандықтан және кезінде жұрт естігендіктен оны өзгертуге ақынның ар-намысы жібермеген. Мұндайда олар мәрттік көрсетеді. Ендеше Жамбылдың Ұлы Октябрь революциясына дейінгі, одан кейінгі өлең-жырларын, дастандарын хатқа түсіруде, ең алдымен, оның өзі көмекке келуі тиіс еді. Солай болды да. Әдеби хатшылары отызыншы жылдардың екінші жартысында Жамбылдың жадында сақталған өлеңдерін біртіндеп өз аузынан жазып ала бастады.

Әдетте ақынның жыр-толғаулары, айтыстары ел ішіне тарап, жыраулардың репертуарына енетін зандылық қазақ фольклорында бар. Жамбылдың кейбір өлеңдерін, айтыстарын оның шәкірттері орындап айтып жүрген. Оның жырларын жинастыруда бұл мүмкіндік де хал қадірінше пайдаланылды. Осы орайда М. Хакімжанова куә болған мынандай жай бар.

«...Жамбыл мен Құлманбет ақынның айтысын» аудартпақ болды. Қартайып қалған Жәкең мұндай ұзақ айтысты түгелдей қайдан қайталап айтып бермек... Сондықтан өзін Жамбылдың шәкіртімін деп білетін орденді халық ақыны Саяділ Керімбековті алдырдық. Ол кісі бұл айтысты Жәкеңнің айтуынан бала кезінде ауыз екі жаттап алған. Саяділ ұзын бойлы, ат жақты, азғана қырбық қара мұрты бар, сымбатты, ұяң мінезді, тік кісі

еді. Ұзақ жырларды, айтыстарды айтқанда тсбіреніп-тенселіп кететін арқалы ақын болатын. Жәкеннің осы айтысын Саяділден Самат Нұржанов екеуіміз жазып алғанбыз. Бұл жерде бір айта кететін жәй, 1931 жылы осы айтысты Саяділ жазып академияға өткізген екен. Соны естіп алған Тайыр академиядағысымен біз жазып алған нұсқаны салыстырып, соңғысын қабылдағаны есімде» (7.113—114). Сонымен бірге Жамбылмен жақын жүрген туыстары, балалары да оның кейбір өлең-жырларын дәптерге көшіріп алғаны бар. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Алайда ресми белгіленген әдеби хатшылардың деректері ақын шығармаларын бастыруда бірден-бір негіз болатыны анық. Солардың көмегімен оның жыр дастандары ғана емес, орайы келгенде айтып қалатын бір ауыз, жарым ауыз өлеңдері, шешендік сөзге жақын келетін тапқыр, өткір бейнелеулеріне шейін хатқа түсіріле бастайды. Соларының бірін мысалы 1940 жылы Қалмақан Әбдіқадіров жазып алған:

Насыбай бер,
Насыбайың бар болса жасырмай бер.
Саулық қойдың жасындай жасым қалды,
Біреу жылға Жамбылды асырай бер*, —

деген әзілі. Мұны ол Қалмақанға айтқан. Ал Ғалиға, Тайырға, тағы да басқа өзімен аралас-құралас жүрген кісілерге айтқан осындай бір қақпайлары іле ел арасына кең тарап отырған. Мұны М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаевтар өз мақала, естеліктерінде қарт ақынның импровизаторлық өнерінің бір қыры ретінде жиі келтіріп отырады.

* * *

1938 жылы «Творчество народов СССР» атты жинақ орыс тілінде шықты. Мұнда ауыз әдебиетінің тамаша өкілдері: Сүлейман Стальский, Жамбыл, Тоқтағұл Сатылғанов, Марфа Крюкова тағы да басқаларының шығармалары тұңғыш рет топтастырылып берілген. Сөйтіп еліміздің халықтары туысқан ұлт республикаларындағы бір текті сөз өнері иелерінің творчествосымен танысуға мүмкіндік алды. Мұның өзі М. Горький айтқандай халықтардың бір-бірлерін жақын түсініп, білулеріне, «жү-

* Жамбыл шығармаларының екі томдық жинағынан (Алматы, 1982) алынып отыр.

рекертерін» тереңірек түсінулеріне жасалған игілікті шаралардың бірі еді.

30—40 жылдары Жамбыл өлеңдері мен толғаулары іле орыс тіліне аударылып, баспасөзде жариялана бастады. Кейбірі туысқан халықтар тілдеріне де аударылды. Қарт ақын жайында енді бүкіл еліміз естіп, біледі. Жамбылдың беделі өсті, орден алды, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды. М. Қаратаев өзінің естелігінде былай деп жазды: «Жақын білмей тұрып, сырттай тон пішіп, күдік айтатындар бар. Сауаты жоқ қарт ақын мұның бәрін қайдан біле береді, заманның күрделі мәселелеріне қалайша үн қоса алады, басқа біреулер жазып бермей ме екен дейді олар. Басқа кездері өз алдына, Жамбылдың осы бір сапарда туған жырларының қалай туған жағдайын көрген кісінде әлгіндей күдік болмас еді. Біз өз көзімізбен көрдік. Жамбыл ештеңені оқып білген емес, естіп, тындап білген. Естігенін, тындағанын жадына жазып алып қалатын ғажап қабілеті бар еді» (7.93). Дәл осындай пікірді Жамбылға өте жақын жүрген кісілердің барлығы да білдірді. Жалпы импровизатор өнер иелерінің қай-қайсысы болсын, хат танитындары да, танымайтындары да есітер құлаққа қатты мән берген. Көргенін ғана емес, естігенін тез қабылдап, жадында берік ұстай білу бұлар үшін табиғи заңды құбылыс.

« .Жамбылға белгілі бір тақырыпқа түсінік берсе жеткілікті, айтқаныңды қағып алады да, арғы жағын өзі-ақ қиялымен қазбалап, тереңдетіп алып кетеді», — дейді тағы да М. Қаратаев (7.94).

Әрі хат танымайтын, әрі жүру-тұруы қиындап қалған қарт ақынның әдеби хатшылары көрер көзі, естір құлағы да еді. Өмірде болып жатқан сан құбылыстарды Жамбыл араласқан адамдары, әсіресе, әдеби хатшылары арқылы біліп, көңілге түйіп отырды. Солардың ішіндегі көңілге қозғау салғандарына қарт ақын табан астында жыр шығарды. Оның ұшқыр ойлы, тапқыр ақын екеніне сан мәрте көз жеткізген Ә. Тәжібаев былай деп жазды: «. . . Ұйқысы қанған, шайын сүйсініп ішкен күйлі Жәкен әдеті бойынша домбырасын алды. Мұндайда ол өлеңмен әзілдегенді, жақсы көрген адамдарының өзін сөзбен қажап, қағытқанды ұнатады. Мұнысы тышқанмен ойнап, тырнағын жұмсап көретін мысықтың ермегі сияқты. Ол Соболевке жымия отырып өлеңдете бастады:

Аман-есен келдің бе қызыл нарым,
Аяғы да мойнындай ұзын нарым.

Қыз-келіншек қуанып қалған шығар,
Кіріп барсаң тобына бұзып жарып.

Мұханмен (Мұхтар Әуезов — М. Д.) екеуміз бір сөзін жібермей жазып үлгердік. Жәкең тағы жырлап кетті:

Меймандостық қазақтың бір белгісі,
Сый көрсету ескінің жоралғысы.
Жорға мінгің келе ме, жүйрік мінгің,
Тілегіңді айта отыр мейман кісі.

— Не деген таңғажайып, тамаша бұл, — деді Мұқан ерекше қуанып, қолын шапақтап.

— Түсіндірші маған, не ғажап болды, достар? — деп Леонид Мұханмен екеумізге кезек-кезек жалтақтайды.

— Ғажап, ғажап!, — деді Мұхтар орышалап, содан соң жаңағы жазып алғанымызды келістіріп тұрып аударып шықты. Нарттай қызарған Леонид Сергеевич Жамбылдың сақалынан сүйді.

— Рахмет, Жамбыл, — деді «нар жігіт» егіліңкіреген дауысымен, маған осы айтқандарың жорғадан да, жүйріктен де қымбат» (24.114—165).

Бұл үшеуі Жамбылдың айнадағы өз бейнесіне қарап табан астында тапқыр, өткір мысқыл айтқанының да қуәсі болады.

Соболев қарт ақынның жанында бір жұмадай болып, оның табан астында тез тұтанып, тапқыр айта алатын өнеріне қатты сүйсініп аттанған.

Өлең оңайлықпен тумады. Оның идеясы әуелі ақын көңілінде оянады. Содан ол әлгі идеяны қандай түрде, қалай айту керектігін толғанады. Ойға ұялаған сөзді табан аузында жырға айналдыру төкпе ақындар үшін қиын емес, өйткені олар бұған әбден қалыптасқан. Тез тұтанып, тез жырлайды. Бірақ соны тұтататын орта, аудитория керек. Бұл ақынның шабытын шақырады, онсыз болмайды. Демек ол үшін қай жерде айту керек деген ойдың тууы да ғажап емес. Сондай табан астынан төгіп-төгіп жіберетін Жәкең жырының енді хатқа түсуі, көпшілікке жетуі екінші бір күрделі мәселенің бірі. Бұл сауалға оның әдеби хатшысы Тайыр Жароков былай деп жауап береді:

«Жамбыл өленді домбыраға қосып шығаратын. Кейде жазып үлгіре алмағанды жаратпай да қалатын. Ол жазып алғанынды оқуды өтінеді, тіпті талап етеді. Кейде Жамбылға жазғаның жақпайды. Ол келіспеген жолдар-

ды қайта айтып кетеді. Артынан жөнделген нұсқаны қайта оқуды сұрайды. «Мендей қартқа жалған сөз жараспайды. Бұл ақынға оңай соқпағанмен менің халқым өлеңшіл, жыршыл халық болғандықтан өзім де айтып жыр шығаруға әуестендім. Ал өлеңді жаман шығарсаң оныңды халық қешпейді — бәрін өзіңнен көре бер» дейтін (7.189).

Жазба ақын өлеңдерін ойланып-толғанып отырып қағазға түсіреді. Ол өлеңі көңіліне ұнағанша қайта-қайта көшіріп жазып, келмей тұрған жерін келістіріп, қиюластырады. Соның өзінде сол өлеңдер кейде баспадан шығар алдында редактордың қолынан өтіп, қысқарып, не жеке-леген сөздер, ұйқастар өзгеріп жататыны белгілі. Өйткені автордың аңғармаған тұсын сырт көз байқағыш.

Ал импровизатор өнер иелерінің жыры табан астынан қалай айтылса, жұртқа сол қалпында жетеді. Мұның күдіреті де, қиындығы да осында.

Тайыр Жароков Жамбылдың «Пушкин туралы» өлеңін, «Ленинградтық өрендерім» толғауын қалай шығарғанын да қызықты штрихтар арқылы береді (7. 191—193).

Сонымен Жамбылдың өлең-жыр, толғаулары әуелі ауызша туды, одан хатқа түсіп, газет-журналдарда жарияланды. Шығармалары жеке кітап болып тұңғыш рет 1937 жылы Мұхаметжан Қаратаевтың алғы сөзімен «Өлең жырлары» деген атпен басылды. Келесі жылы «Стихи и песни», «Путешествие на Кавказ» деген атпен Москвадан орыс тілінде шықты. Алдыңғысы Алматыда жарық көрген шығармаларының аудармасы болса, соңғысы Кавказ сапарынан туған тың өлеңдері. 1938 жылы Жакан Сыздықовтың құрастыруымен «Жамбыл» деген атпен Алматыдан қазақ тілінде шыққан өлеңдер жинағы көлем жағынан недәуір қомақты еді. Оған қарт ақынның арғы-бергі дәуірде айтқандары біршама толық енді. 1939 жылы «Сұраншы батыр» дастанын Жамбылдың өз айтуынан жазып алған әдеби хатшысы Қалмақан Әбдіқадіров болатын. Бұл дастан сол жылы қазақ тілінде, 1940 жылы орыс тілінде жеке кітап болып шықты.

* * *

Жамбыл шығармаларының екі томдығын әзірлеу мәселесі қолға алына бастады. 1940 жылы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы дайындаған бірінші том

жарық көріп үлгірді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты екінші том шықпай қалды. Бұл кезеңде Жамбылдың жаңа шығармалары әуелі газет беттерінен көрінсе, іле шағын жинақ көлемінде жарияланып жатты. 1946 жылы жыр алыбының туғанына жүз жыл толуына орай Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты оның толық жинағын қазақ, орыс тілдерінде бастырып шығарды.

Бұрынғы басылымдарға қарағанда 1946 жылғы жинақ әлдеқайда толығырақ. Мұнда қарт ақынның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлең-жырлары мен толғаулары толық қамтылды. Әйтсе де бұл жылдарғы Жамбыл шығармаларының ел аузында сақталғандары толық жиналып, қолжазба қорындағы жазбалармен салыстыра қаралып, тексеру жүргізілгендіктен де біраз өлең, толғаулары қамтылмай, ал кейбір жырларында бұрмалаушылықтарға жол берілді. Аталған жинақта әлі де болса асығыстық ізі бары кезінде сын назарынан тыс қалған жоқ. Бұдан кейін Жамбыл шығармалары белгілі бір тақырыптарға орай таңдамалы болып үлкенді-кішілі көлемде басылып жатты.

Бұл жылдары ақыннан қалған сөз үлгілерін жинау мәселесі әлі тоқтаған жоқ болатын. Бұрынғы басылымдарда кеткен кем-кетіктерді жөндеп, жаңа өлеңдерін қосып, ең таңдаулыларын ғылыми негізде бастырып шығару міндеті күн тәртібінде тұрды. Сонымен оның үш томдық шығармалар жинағы 1955—1957 жылдары жарық көрді. Бірінші томға революцияға дейінгі өлеңдері мен жырлары, екінші томға совет дәуіріндегісі (1924—1938 жылдар), үшінші томға 1939—1945 жылдарғы өлеңдері мен жырлары енді.

Жамбылдың бұл үш томдығының осы уақытқа дейінгі басылымдардан елеулі өзгешеліктері бар. Рас оның 1940 және 1946 жылдардағы басылымдары сияқты, бұл жолы да шығармаларының жанрлық, хронологиялық принципі сақталды. Бұрынғы басылымдарға енген өлең-жырлар, толғаулар, дастандар кезінде газет беттерінде жарияланған нұсқаларымен (кейбір шығармалар үзінді түрінде) және Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық қолжазба қорындағы, ақын музейіндегі хатқа түскен жазбалармен салыстырылды. Соның барысында өлеңдердің кейбір сөздері, жолдары өзгерді, жаңадан табылған шумақтар қосылды. Бұрын баспа бетін көрмеген жаңа туындылары енгізілді. Сөйтіп Жамбыл шығар-

маларының нұсқалары толық жиналып жүйеге түсірілді. Редколлегия алқасы әр жинақтағы әлгіндей үлкенді-кішілі өзгерістердің не себепті болғанына ғылыми негізде түсініктеме беріп отырды. Бұл ақынның творчествосын танытудағы жаңа бір сәтті қадам болды.

Әр басылымдардың өз кезінің талабына сай шығарылғанын, шығармаларды жинастыру, жүйелеу, текстологиялық жұмыстарды жүргізуде пайдалы іс тындырылғанын атап өту ләзім. Сонымен бірге әр басылымның, жоғарыда айтқанымыздай, кем-кетіктері де болғанын жасырудың жөні жоқ. Әр басылымда бұрынғы жетістіктер мен кемшіліктер екшеліп, ескерілуге тиісті. Сондықтан да ол жаңа басылым болып саналады. Жыр алыбы атанған өнер иесінің осындай жаңа басылымы Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дайындауымен «Жазушы» баспасынан 1982 жылы жарық көрді* Араға ширек ғасырдай уақыт салып шыққан ақын шығармаларының академиялық осы екі томдығының ғылыми принциптеріне келсек, біріншіден, бұрынғы басылымдардағыдай бұл жолы да жанрлық, жанр ішінде хронологиялық тәртіп сақталды. Бірінші томға революцияға дейінгі өлеңдері, айтыстары, екінші томға совет дәуіріндегі өлең, жырлары, толғаулары мен дастандары, хикаялары енді. Бұрынғы басылымдардағы түсіп қалған, қысқартылған шумақтар, өлең жолдары, қате басылған сөздер, есімдер ретке келтіріліп, бір ізге түсірілді.

Екіншіден ақынның бұрын жарияланбаған өлеңдері мен толғау, дастандарының жаңа нұсқалары енгізілді. Үшіншіден өлеңдерге берілетін түсініктемелер қайта жазылды. Әсіресе Октябрь революциясына дейінгі шығармаларына байланысты тың деректер қосылды.

Жалпы ақын творчествосының даму жолын бақылау үшін өлеңдерінің хронологиялық тәртіппен рет-ретіне қарай берілгені бірден-бір дұрыс ғылыми тандау деп санаймыз. Осы әдіс әр жанрдың ішінде де сақталады. Бұдан біз ақынның тақырып аясы, шеберлігінің өсуін ғана емес, оның өмір жолын, өзі куә болған үлкенді-кішілі тарихи оқиғаларды да анық байқауға мүмкіндік аламыз.

Жамбылдың жаңа өлеңдері институттың қолжазба

* *Жабаев Жамбыл*. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982. (Құрастырып, түсініктемесін жазғандар: С. Садырбаев пен К. Сейдаханов. Алғы сөзі М. Базарбаевтікі).

қорынан, музей және архивтерден табылған. Мысалы «Айрылдым арманымнан. .» өлеңі оның бұрынырақта сүйген қызына арнап шығарған жыры. Автордың өз аузынан жазылып алынып, музейінің қорында сақталған. 1971 жылы басылған Жамбыл шығармаларының таңдамалысында (құрастырушы Мұхаметжан Етекбаев) тағы бірнеше жаңа өлеңдері жарық көрді. Олары — «Сараң бай мен жомарт кедей», «Бай жалтан. .», «Көп қолға тең келмейді» т. б. Аталған туындылар 1982 жылғы жинаққа да енгізілді. Ал «Халық кегі» сияқты өлеңі 1940 жылғы бірінші томынан алынды. Бұл белгісіз себептермен 1946, 1955—57 жылдарғы жинақтарға енбей қалған еді.

Жамбылдың кейбір өлеңдері ерте кезде ел аузынан жазылып алынып, баспасөзде жарияланған. Мысалы «Кетіпті ғой басың ауып» дегенін Сапарғали Бегалин солай жазып алып 1946 жылы «Әдебиет және искусство» журналының алтыншы санында бастырды. Бірақ оны бұрынғы құрастырушылардың ешқайсысы да не таңдамалысына, не толық жинақтарына енгізбей келген. Жалпы осы алуандас өлеңдері ел аузында көп сақталғаны белгілі, бірақ, оның дені кезінде жиналмаған, ал жиналған, баспасөзде жарияланғандарына онша мән беріле қоймаған. Жинаққа бірінші рет еніп отырған «Әзіл», «Сараң келінге», «Кесірлі қатынға», «Жалғызбын деп жүрмесің» т. б. шығармаларының тағдыры да осыған ұқсас.

Жамбыл шығармалары тек өз музейінен, институт қолжазба қорынан ғана емес, басқа да ұлт республикалардың баспаларынан, архивтерінен іздестіріле бастады. Оның өлеңдерінің біразын жұрт табан астында қағып алып ел ішінде айтып, таратып жүргені белгілі. Алайда бұл мәселеде сақ болатын жайлар жоқ емес. «Жамбыл айтып еді» дегенді желеу етіп, кейбіреулер ананы-мынаны өлең қылып ақын атымен өткізуге әуестенуі де мүмкін. 1936 жылдан бері Жамбылға ресми түрде әдеби хатшы бөлінгенін жоғарыда айттық. Ал солардан бөлек өз бетінше «хатшылық» қызмет атқарушылар да табылған. Бұлардың да жазып алғандарына сын көзбен қараған абзал.

Жамбылдың совет дәуіріндегі өлең-жырларының кейбіріне текстологиялық жұмыс жүргізілді. «Қайта жасардым» өлеңі 1946 жылғы басылымда «1937 жылы жазылған» деп қате берілген еді. 1955 жылы ол қате түзетіліп, 1936 жылы 26—28 апрель күндері шығарылғандығы ан-

ықталды. Өлең осы жылдың 1 май күні «Социалистік Қазақстан» газетінде «Шал сыры» деген атпен жарияланған. Жамбыл шығармаларына текстологиялық жұмыс 1937 жылдан-ақ басталғанына бұл бір айғақ.

«Кәмшат қыз» өлеңін жазып алған — Ғали Орманов. Ақынның 1946 жылғы жинағындағы нұсқаға 1982 жылы кейбір өзгерістер енді. Себебі екеуінің арасында кейбір алшақтықтар бары байқалды. Негізінен өлең тұтастығы сақталғанымен, кейбір сөздер, тіркестер «шалдықпай — сан жерде», «Кұмайдай жұрт андымай қияға ұшып — жұртшыдай жұрт торымай алысқа ұшып», «тұла бойға — жүрегіме», «іштің — жанның», «оңбай ма арудағы алқызыл түр — оңбай ма бетке біткен әдемі түр» болып өзгертілді. Қолжазба негізінде енген бұл өзгерістер өлеңнің сапасын аша түскені даусыз. Соңғы басылымға енген «Шағым» атты өлеңнің де 1955 жылғы жинақтан сәл өзгешелігі бар. Мұны да 1941 жылы автордың өз аузынан жазып алған Ғ Орманов еді. Оның нұсқасы ақын музейінде сақталған. Жамбылдың С. Бегалин жазып алған «Әкеме» өлеңінің де бұрынғы басылымдарда жіберілген текстологиялық қателері түзетілді. Мысалы 1955 жылғы басылымдағы «Сөртінің ұрлап қара атын» деген жолдағы «Сөртінің» сөзі «сорлының» болып өзгертілді. Бегалиннің ақын жөніндегі өмірбаяндық жазбасында да «сөртінің» емес, «сорлының» болып берілген еді. Бұрынғы басылымда «Сөрті» кісі аты болып берілсе, енді ол «сорлы, бейшара, кедей» деген мағынада алынды. Қисын осында.

Сол сияқты 1955 жылғы басылымындағы «Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын» деген өлеңнің аты «Тәйти мен Шыбыл шалға» болып өзгерді және жанадан екі шумақ қосылды. Жамбылдың ағайындас інісі Омар қарттың айтуынан жазып алынған бұл өлеңнің екінші нұсқасының сюжеттік желісі толық болғандықтан жинаққа ақын музейінде сақталған осы варианты алынды. Жамбылдың 1971 жылы шыққан таңдамалысындағы «Мақтайды ер Кененді елдің бәрі» деп басталатын өлеңінің де соңғы басылымдағымен салыстырғанда текстологиялық айырмасы бар. Жұрт таныған бұл сияқты сөз шеберінің өлең-жырларының шумақтары, жолдары түгіл, жекелеген сөздерін, әріптерін өзгертуге ешкімнің ақысы жоқ. Бұл — ғылыми шарт. Жамбылдың Кененге арнаған осы өлеңінің 4 варианты бар. Соның ең көркем дегені жинақта берілді. Бұл Кененнің де жинағында жарияланған.

«Ленин мавзолейінде» өлеңі ең алғаш «Социалистік Қазақстан» (1936, 27 май) газетінде «Мавзолей» деген атпен басылса, «Әлемді келдім аралап» дегені де сонда (1936, 24 ноябрь) үзінді күйінде жарияланды. Осы өлең 1937 жылғы жинағында «Толғау» деген атпен берілгенді. «Сталиндік ұлы заң» өлеңінің аты «Ұлы заң» болып, «Одақтас», «Одақтас республика» болып өзгертілді. «Елімнен Мәскеу жеткеншенің» де «Социалистік Қазақстанда» (1936, 8 июнь) үзіндісі жарияланған еді. Кейінгі жинақтарында оның толық нұсқасы беріліп келеді.

Жалпы Жамбыл өз шығармаларына ат қоймаған. Оның көбі жазып алған әдеби хатшыларының не баспаға әзірлеушілердің қойған тақырыптарымен берілген. Кейінгі кездердегі шығармаларының аттарын ғана қарт ақынның өзімен келісіп қоятын болған. Сондықтан да әр басылымдарда жекелеген өлеңдердің аттары өзгеріске ұшырап отырған жәйі бар. Мысалы, Жамбылдың бұрынғы «Жүнісбайға жүгіну» деп аталатын өлеңі мазмұнына қарай «Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны» болып өзгерді. Жалпы тәжірибеде мұндай өзгерістер бола береді, қазақ тіліндегі аттары орыс тілінде тіпті басқаша берілетіні де бар. Дегенмен дүние жүзіне тараған шығармалардың аттары сан құбылып, өзгеріске ұшырай бермегені абзал.

Бұрынғы деректердің кейбіреулерінің дәлдігі жоқ, соңғы жинақта соларға кеңірек түсініктеме берілген. Мысалы 1946 жылғы жинақта «Нұрила мен ақындардың айтысы және Жамбылдың төрелігі» 1919 жылы жайлау үстінде өтті делінсе, оның 1921 жылы болғаны дәлелденді. Алайда соңғы екі томдықтың түсініктемелерінде де кейбір жаңсақтық бар. Мысалы Сұраншы батыр туралы түсініктемеде патша үкіметі оған прапорщик деген әскери атақ ұсынған, бірақ, Сұраншы «мен патшаның солдаты болғаным жоқ» деп қабылдамай тастаған,» — деп жазылған. Шындығында бұл жерде тарихи факті бұрмаланған, Сұраншының 1858 жылы орыс патшасынан прапорщик атағын алғаны анық еді. Бұл сияқты фактілер баспасөзде әдеби сынның назарынан тыс қалған жоқ (11).

1958 жылы Жамбылдың таңдаулы шығармалары орыс тілінде жарық көрді. Сол кезде жеке басқа табынушылықтың әшкереленуі бұл жинаққа да әсерін тигізбей қалған жоқ. Біраз өлеңдер тұтастай алынып қалса, кейбірінің шумақтары, жолдары қысқарып кетті. Бұдан,

бірақ, Жамбыл творчествосының бүтін болмысына нұқсан келген жоқ. Осы басылымның негізінде ақын шығармалары академиялық жүйеде 1981 жылы «Жазушы» баспасынан қайта шықты.

1986 жылы Жамбылдың таңдамалы шығармалары Москвадан қайта шықты (Алғы сөзін жазған Ә. Нұрпейісов). Мұндағы біраз өлеңдері орыс тіліне жаңадан аударылып берілді. Осы тұста бір жайтқа тоқталмай кетуге болмайды. Жоғарыда ескерткеніміздей, ақын шығармаларының әр басылымындағы өлең-жырлардың жекелеген шумақтары түсіп қалуының, кейбір жолдар мен сөздердің бұрмалануының әр түрлі себептері бар. Біріншісі — құрастырушылардың ғылыми принципті сақтамай, өздерінше өлшеп-пішуге жол беруі болса, екіншісі — жинақ дайындалған кездегі уақыт талабымен есептесу. Яғни елуінші жылдары Сталиннің жеке басына табынудың мансұқталуына байланысты оған арналған өлеңдердің кейбір жолдарының қысқаруы еді.

«Жамбылдың Сталинді жырлағаны рас, — деп жазды «Литературная газета», — бірақ, ол Сталинді біздің Ұлы Отанымыздың, біздің партиямыздың жарқын бейнесі деп түсініп, шексіз берілгендік сезіммен, шын пейілмен жырына қосты» (12). Шынында да солай еді. Фольклорлық дәстүрден сусындаған ақын сол дәстүрдің шарттарын берік сақтауға тиісті болды. Ал фольклорлық туындыларда әдетте бар ғана емес, болуға тиісті идеал бейнеленеді, сондықтан да жырланып отырған қаһарман бейнесі идеализацияланып, өзінің шырқау биік шыңына жеткізіледі. Жалғыз Жамбыл ғана емес, ауыз әдебиеті өкілдерінің қай-қайсысы да бұл заңдылықтан аттап өте алмас еді.

Жамбыл шығармаларының жиналуы, хатқа түсіріліп, жеке жинақ болып басылуындағы негізгі шарттар, текстологиялық жұмыстардың жәй-күйі, қысқаша шолып айтқанда осылай. Бұл іс әлі де жалғастырыла беруге тиісті.

М. Қаратаев өзінің «Қайран Жәкең» деген естелігінде Грузиядан Шота Руставелидің мерекесіне қатысып қайтқан бетінде Москвада «Савой» қонақ үйіне түскенін, сонда Жамбылдың бір жырын жазып алғанын келтіреді:

«Бір күні Тайыр далаға шығып кеткен кезде Жәкең домбырасын алып ыңылдап отыр еді, айтқан сөздерін дереу жазып ала қойдым. Ол кездегі жазу-сызуым, диссертациям — бәрі құйынға ұшырап кеткен ғой. Ой, жа-

ратқан-ай, не ғажап, басқа дүниенің барлығы ғайып болғанда осы бір әлдеқалай мен жазып алған Жамбыл өлеңі сол күйінде, сол «Савой» қонақ үйінің штампы бар блок-нот қағазда сақталыпты. Әлдеқалай інім қолында қалған Жамбыл кітабының ішінде жатыпты. Өзі сол тұстағы латын әрпімен жазылыпты. Ол мынау:

Көк тіреген Алатау,
Көпті көрген Алатау,
Шашың қармен ағарған,
Басыннан өткен ғасырлар,
Сақтаған сенде көп сыр бар.
Жамбылға айтшы жасарған:
Сен шертпес сыр бар ма,
Жамбыл айтпас жыр бар ма?
Ансаған таң атқанда,
Дарияға құйған бұлақтай,
Өзенге біткен құрақтай,
Дәулетке халқым батқанда,
Алатаумен тоқсан жыл,
Серік болған мен Жамбыл (13. 52).

Кезінде хатқа түсіп, әр түрлі себептермен осылай қағажу қалған өлеңдері, ел аузында сақталған бір ауыз, жарым ауыз тапқыр, өткір шумақтары әлі де табылуы мүмкін. Алдағы уақытта ақын шығармаларының академиялық толық жинағын дайындауды ойластырған абзал. Осы орайда ортаға салатын тағы бір жай — оның орыс тіліне аударылу мәселесі.

Жамбылдың алғашқы аудармашылары қазақстандық орыс ақындары — П. Кузнецов пен Қ. Алтайский болды. Кейін М. Тарловский, А. Брагин бұл іске біраз араласты. Бірлі-жарымды өлеңдерін Д. Снегин, А. Жовтис, В. Копытин, Н. Сидоренко, Я. Смеляков, Л. Шефферс, М. Исаковский, А. Шубин, А. Адалис, А. Хазин аударды. Соның нәтижесінде ақын шығармалары бірнеше рет орыс тілінде басылды. СССР халықтары, тіпті шет елдер тілдеріне аударылғанда да осы орысша текст негізге алынды.

Жалпы Жамбыл шығармаларының аударылуы, оның сапасы тиіп-қашты сөз болмаса, арнайы зерттелген емес. Соңғы жылдары ақынның жаңа өлеңдері, кейбір өлеңдерінің басқа нұсқасы табылып, қосылды, бұрынғы қысқарған кейбір шумақтар қалыпқа келтірілді. Сонымен бірге біраз өлеңдеріне текстологиялық жұмыс жүргізілді дедік. Ендеше осы өзгерістер оның аудармаларынан да орын алуы тиіс. Бірақ аудармашыларының көбі қазірде жоқ. Түптің түбінде шығармаларының аудармасы мәсе-

лесіне қайта оралып, түпнұсқаны толық танытқан сапалыларын қалдырып, сапасыз-ау дегендерін қайта аударту керек. Сөйтіп ақын шығармаларының орыс тілінде де конондық текстерін дайындау мәселесін қолға алатын уақыт жетті. Бұл — алдағы міндеттердің бірі.

4

Жамбылды терең тани білумен қатар, оны жұртқа таныта білу керек еді. Бұл негізінен отызыншы жылдардың екінші жартысынан, нақтырақ айтсақ, Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінен кейін іле қолға алынды. Қазақстан ғана емес, Москва ғалымдарының өздері Сүлейман, Жамбыл сияқты аса дарынды импровизаторларға айрықша назар аудара бастады. Ақынның өніп шыққан құнарлы рухани топырағын, Жамбылдың өзіндік табиғатын, өлең-жыр, толғау, дастандарының идеялық, көркемдік, тақырыптық ерекшеліктерін ашу мәселесі, оның шығармаларын бастыру, өмірбаяндық деректерді жинау — бәрі қатар жүргізілді. Әрине зерттеулер бірден монографиялық көлемде емес, әуелі публицистика-очерк, әдеби-сын мақала үлгісінде көріне бастайды. Қазақтың көрнекті жазушылары, қоғам қайраткерлері 1936—37 жылдары-ақ ол туралы өз көзқарастарын ашық, айқын түйген. Солардың кейбірінен үзінді келтірейік.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» (7.48), — деп Сәкен Сейфуллин жазса, Ілияс Жансүгіров: «Жамбыл жырлары Бұғы-Мүйіз Бесмойнақ жайлауларының гүліндей алуан түрлі. Қош иіс күншілік жерден аңқып тұрады. Ақын жырын тыңдаған сайын көк жайлауға шыққандай әсер аласың» (7.48), — деді.

«Алатаудың асқақ жыршысы Жамбыл шығармаларының күштілігі — ұлы Лениннің ерлігін, советтік заманның шындығын тебірене, терең жырлауында. Сондықтан да Жамбыл өз замандастарының қай-қайсысынан да биік тұрады. Ол Алатаудың биік шыңы сықылды, әрқашан да алыстан жарқырап көрінеді» (7.48), — дегенді Ораз Жандосов айтты. Ал Тұрар Рысқұлов: «Жамбыл қай заманда болса да шындықты батыл айта білді. Сол үшін халқы оны жақсы көрді» (7.36), — дейді. Бұл Жамбылдың ақындық өнерін мойындау ғана емес, оған бе-

рілген айырықша зор баға. 1936 жылдың өзінде республикалық баспасөзде ол туралы оннан аса мақала жарияланды. Солардың ішінде Ә. Тәжібаевтың «Жамбыл және басқалар», С. Ерубаеттың «Шалқыған шаттық, үлкен қошамет», Ғ. Тоғжановтың «Жамбыл ақын», Ш. Сарыбаевтың «Жамбыл ақын фольклорды көп біледі» т. б. мақалалары қарт ақын творчествосын зерттеудің алғашқы қадамдары еді.

Ал 1938 жылы жарияланған мақаланың саны алпыстан асып түсті. Бұл жолы М. Әуезов, С. Мұқанов, А. Тоқмағамбетов, Е. Ысмайылов, Қ. Аманжолов, Ғ. Мұстафин, С. Орманов, Қ. Сатыбалдин, Х. Қасанов сияқты қазақ, ұйғыр ақын-жазушы, сыншыларының аттарын кездестіреміз. Тек бұлар ғана емес, одақтың әр аймақтарындағы әйгілі жазушылар: М. Бажан, Я. Купала, А. Адалис, В. Инбер, В. Луговскойдың Жамбылға берген аса жоғары бағалары бар.

Оның екі тілде шыққан тұңғыш өлеңдер жинақтарына (1937, 1938) алғы сөз жазған М. Қаратаев жалпы ауыз әдебиеті, оның ішінде ақын-жыраулардың табиғаты, бүгінгі күннің идеясын жырлауға бейімділігі, халықтың сипатын талдайды. Жамбылтану саласының алғашқы табан тірер қазықтарының бірі жоғарыда аталған мақалалар мен ұлы ақынның осы тұңғыш жинақтарына жазылған алғы сөздер болды.

1938 жылы Алматы қаласында өткен Жамбыл творчествосының 75 жылдық мерекесіне Одақтың түкпір-түкпірінен көрнекті ақын-жазушылар, белгілі қоғам қайраткерлері келді. Тек солар ғана емес, тіпті дүниежүзіндегі озық ойшыл жазушылар қарт Жамбылды құттықтап, оның өнерін айырықша бағалап, телеграммалар жолдады:

«Жамбыл, сізді көріп таңғажайып жырларыңызды тыңдағанда шын бақытқа кенелдім. Сіздің шадыман шабытпен айтылған жырларыңызда біздің ұлы істеріміздің жалынды көрінісі бар».

Демьян Бедный (7 22).

«Жамбылдың қайта тууы — халық ауыз әдебиетінің қайта туғандығының бейнесі. Жамбыл жырларының күші — оның терең халықтық творчество болуында».

Алексей Толстой (7.84).

«Сұлулығы мен күші жағынан теңдесі жоқ Жамбыл жырларын бүкіл совет халқы сүйіп аузына алады».

Михаил Исаковский (7.185).

«Жамбылдың Совет Одағы халықтарына деген ыстық махаббатқа толы дана да тамаша жырларын біз әрі тандана, әрі сүйіп оқимыз».

Павло Тычина, украин ақыны (7.185).

«Жамбыл жырлары арқылы қазақ халқы өзі сөйледі. Сондықтан да оның творчествосы мәңгі жасайды».

Василий Лебедев-Кумач (7.196).

«Жамбыл совет заманында бағы жанған ақын. Екі ғасырдың шежіресі Жамбыл бізді әрбір ойымен, әрбір сөзімен, мәңгі жасайтын халқымызға еш уақытта өлмейтін қызмет көрсетуге үйретті».

Микола Бажан (7.196).

«Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы, Қазақстан даласының жүрегі — Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын».

Роман Роллан (7. 22).

Осы алуандас телеграммалар, құттықтау сөздер айырықша көп келді. Қазақтың қоғам, ғылым, әдебиет қайраткерлерінің ағынан жарыла айтқан алғыс сөздерінде де Жамбылға деген баға анық бой танытты. Оған арнап жазған хатында Мұхтар Әуезов:

«Кәрілікке не дер екен, тоқсанға келе тоқырар ма екен, қайтер екен? дегенде дәл осы тоқсанның өзінің жотасына шығып ап белінен баса тұрып әлемге атың шыға, жәй тасындай жарқырадың. Тоқсанда доптай атылған қарт, асыл аға, сенің жырың — біздің ұлы заманымыздың, совет дәуірінің терең мағыналы ең асыл ескерткішінің бірі» (36), — деп жазды.

Басқа да көптеген хаттар газет-журналдарда жарияланып, ақынның атын республика ғана емес, бүкіл Одаққа мәшһүр етіп жатты. Әзірге Жамбылдың аты ғана жеткізді, ал оның бүтін болмысын жан-жақты та-

ныту үшін өмірі, шығармалары туралы терең де сындарлы сын-мақала, зерттеу еңбектер жазылуы керек еді. Бұл алдағы күндердің міндетіне қалды.

* * *

Жамбыл әріден келе жатқан ақындық дәстүрді сақтап, совет дәуірінде соны әрі қарай жалғаушы импровизатор өнер иесі десек, осы дәстүрдің сыры мен шыны несінде? Жамбыл шығармаларының тақырып аясы, патриоттық, интернационалдық, гуманистік идеясы қандай? 1938 жылы жарық көрген «Русский фольклор» деген еңбегінде фольклоршы Ю. М. Соколов дағыстан ашугі Сүлейман мен қазақстандық жыр алыбы туралы арнаулы тарауында осындай сауалдарға жауап іздеді. Бұл Жамбыл творчествосының алғаш зерттеу объектісіне айнала бастауы еді.

«. Жамбыл мен Стальский, — деп жазды ол, — өздерінің ақындық тәжірибесі арқылы әр түрлі халықтардың ұлттық көркемдік бай туындыларының өзара алмасуына көп қызмет атқарды» (22.51). Ю. М. Соколов Жамбылдың табиғи дарынын аса жоғары бағалай отырып, кейде «бүкіл Таяу Шығыс елдері поэзиясының дәстүрінен үлгі алған» дегенді айтты. Шындығында парсы (иран), тәжік қисса-дастандарының сюжеттері қазақтың халық поэзиясына да тарағанын ескерсек, ол үлгі Жамбылға да жат емес.

Көп ұзамай оның ақындық өнері туралы Қазақстан ғалымдары да ғылыми сын мақалалар жаза бастайды. Бұл ретте алдымен Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Есмағамбет Ысмайыловтардың есімдері аталуы орынды. Жазушы-ғалымдар қарт ақынмен 30-шы жылдардың орта тұсынан жақын араласа бастайды да, 40-шы жылдары оның өмірі мен творчествосы туралы зерттеулер жүргізіп, нақты ғылыми байламдар айтуға бет бұрады.

«Өнердің өзін бағалағаның шын болса, төркінінің тегін алдымен таны десе болады», — дейді Мұхтар Әуезов өзінің мақаласында. Жамбылды тануда да өзі осы шартты берік ұстанғанын көреміз. 1938 жылы ол «Жамбыл және халық ақындары» деген кең тынысты, ойлы да терең мақаласын орыс тілінде жариялады. Қазақ топырағынан шыққан сан алуан ақын түрлерін (эпик, әнші, айтыс т. б.) саралай аша келіп, Жамбылды бұрынғы

ақындарға көп ұқсай бермейтін жаңа сапа танытқан ақын деп бағалайды. Мұхтар Әуезов осы және кейінірек жазған «Халықтың ғасырлық жыры» (1945), «Жамбылдың айтыстағы өнері» (1948) және жалпы ауыз әдебиеті, оның ішінде ақындық суырып салмалық өнер, айтыс туралы жазған еңбектерінде Жамбылдың өзіндік бітімін, ерекшелігін ашуға күш салады. Оның ақындығын түсіну үшін жалпы импровизаторлық өнердің табиғатын ұғыну қажет және шапшаң айтқыш, суырып салма ақын болған жаратылысын зерттеп, бойлап ұғыну керек деп білген жазушы-ғалым жамбылтанудың басты бір шартын, проблемасын алға осылай тартады. Және өзі де осы төңіректе біраз ойларды саралай айтып та береді. «Шабыты келген ақпа ақын тау басындағы аш қыранға меңзес, тұрғылас. Томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шолып қалғандай. Айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт» (7.5). Бұл — кәдімгі ақпа-төкпе ақындарда болуға тиісті басты шарттардың бірі. Мұндай көрегендік, сезімталдық барлық өнер иелерінде бола бермейтін қасиет. «Аса бір ерен шыққан, жалын атқан жалынды жас болмаса, көпшілік шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де ұзақ сонар сын кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып жетеді. Бірақ, жеткен өнер сатысынан ақын шегінбейді, шымырлай береді» (7.5—6).

Сөйтіп ол ақындықтың бір сыналар тұсын айтыс өнері деп санайды.

Ендеше біз де Жамбылдың ақындық қуаты жоғарыда айтылған шарттарға қаншалықты жауап беретіндігін анықтамай, оны кең көлемде, тереңдей зерттедік деп айта алмаймыз. Бұл жайында, әрине, сөз болмай қалған жоқ. Мәселе соның қандайлық ғылыми негізде болғандығында, Жамбыл ақындығының жұмбақ сырларын қаншалықты тереңірек аша алуында еді. Бұл ретте тағы да М. Әуезовке жүгінеміз. Жамбылдың айтыскерлік өнеріне ерекше ден қойған ғалым оның басты-басты белгілерін анықтауға күш салды. Сонда ол нені көре білді?

«Қазақтың айтыс ақыны мен дастаншы, жырау ақындарының арасындағы айырма аз болатын. Үйткені, үлкен жырау айтысқа да жүйрік келеді» (7.11) деген байламы да бұрын-сонды айтылмаған тың да, соны пікір. Оны ол

қазақтың белгілі ақындары: Жанак, Майкөт, Сүйімбай, Жамбыл творчестволарымен байланысты қысқа тезис ретінде ұсынған.

«Жамбылда екі жақты, екі алуан қасиет толық болған». Жазушының бұл айтқанынан түйетініміз сол екі қасиеттің бірі — айтыскерлік өнер болса, екіншісі — дастаншылдығы. Жыр алыбының өзіндік бетін ашатын да осы екі жәйт. Оның айтыстарында батырларды мадақтау сарынының жүретіні де әлгі сипатқа байланысты.

Айтыста жену, жеңілудің шарттары туралы айтқан пікір де жаңа. Мұның шарты «өлең таппағандықтан тумайды, жүйеге, жолға жеңілуден болады», — дейді. Бұл пікірін ол ақынның құлანаян Құлманбетті қалай жеңгендігімен дәлелдейді. Ал ақынның хас шеберлігі айтыс үстінде сыналып, көрінеді деген кесіміне келсек, Жамбыл жастай айтысқа қатысып ашылған дарын. Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясының қарсаңында жасы келгендіктен айтысқа түспейді. Үлкенді сыйлап, айрықша құрмет көрсеткендіктен де онымен айтысуға ақындардың көбі иба сақтаған. Айтысқа түспесе де, соңғы отыз жыл бойы оның ақындық өнерінің көзі бітелген жоқ, қайта саралана түседі.

Өзі өмір сүріп отырған советтік дәуірді тұтастарының қайсынан да әсем жырлаған Жамбылдың мұнша дарынының қайнар көзін М. Әуезов оның ерте кезде айтыс өнеріне көп түсіп, шеберлігін әбден шындағанынан деп біледі. «Кезінде мықты бола алмаса, Жамбыл кейін де мұншалықты өнер таныта алмасы хақ. Сондықтан да Жамбылдың кейінгі шарықтай дамыған жыры оның бұрынғы ақындығының түп ерекшелігімен тектес екенін» айтады.

Мұхтар Әуезовтің «Жамбылдың айтыстағы өнері» негізінен ақын өнерінің қырларын ашуға арналған ғылыми-публицистік мақала десек те, ол онымен кездескен сәттеріндегі кейбір штрихтарды ара-арасында енгізіп отырған. Мақалада естелікке тән сипаттар да бар.

Жамбылды білген кісілердің бәрі байқаған бір ерекше өнері — оның шапшаң айтып тастайтын төкпелілігіне қоса, өзгеше бір өткір әзіл айтқыштығы. Соңғы кезге шейін қасындағы жақын адамдарына, үй-іші, үстел айналасында, от басында отырып айтып тастайтын әзіл қалжыңдарының өзі де оның үлкен ақындығын танытады. Төкпе ақын кейде өлеңмен, кейде жай сөзбен де тәуір көрген өнер иелері туралы әзіл, мысқыл айтатындығын,

кімдерге не дегенін М. Әуезов тізіп келтіреді. Бұлардың ішінде жазушының өз құлағымен естіп, куәсі болғаны да, Жамбыл сөйдепті деген жұрттан естігендері де бар. Мұны ғалым ақындық емес, шешендік деп бағалаған. Түптеп келгенде шешендік те ақындықпен бір туысқан өнер ғой.

1946 жылы Жамбылдың академиялық бір томдық шығармалары жинағына алғы сөз жазған Сәбит Мұқанов ақынмен бірге жүрген кездерінде байқаған, түйген жайларын біржағы естелік ретінде айтып, оның творчествосы туралы ғылыми негізделген тұжырымдар жасайды. Жамбыл шығармаларының қашан, қалай хатқа түскені, жинақтарының қалай құрастырылып, өмірбаяндық материалдары қалай жинастырылғанынан бастап ақындық жолының басталуы, ақындық ортасы (ұстазы, замандастары), шығармаларының жанры, тақырыбы, көркемдігі әлеуметтік ортасымен байланыстырыла қаралады. «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» сияқты дастандардың әдіс, тәсілдері, айтыс өнері хақында да кейбір ғылыми байламдары бар. «Сұраншы батыр» реализм негізінде, «Өтеген батыр» мифологиялық негізге құрылған.

С. Мұқановтың Жамбыл туралы естелік-мақаласы да публицистік сарында жазылған, ақын өнерінің қадау-қадау тұстары мен басты-басты айтыстары, шығармаларының идеялық-жанрлық сипатын анықтап берген бағалы еңбек.

Елуінші жылдары Жамбыл творчествосы монографиялық көлемде де зерттеле бастады. Қ. Тұрғанбаевтың «Жамбылдың эпикалық дастандары», Ә. Байтанаевтың «Жамбылдың лирикасы» еңбектері, Қ. Бейсембиевтің «Жамбыл шығармаларындағы советтік патриотизм идеялары» деген философиялық тұрғыдағы еңбегі жазылды. Бұл диссертациялардың ешқайсысы да жеке кітап болып басылған емес. Бірақ ондағы негізгі ой-түйіндері авторлардың 40—50-ші жылдары баспасөзде жарияланған мақалаларында көрініс тапқан. Жамбыл дастандарының жанрлық өзгешелігі, тарихилығы, композициялық, сюжеттік, көркемдік ерекшеліктері сол кездің талабына сай К. Тұрғанбаевтың диссертациясында біршама қызықты көтерілді.

Елуінші жылдардың бас кезінде әдеби мұраға деген көзқараста біржақтылықтардың болғаны белгілі. Мәдени мұраға таптық тұрғыдан қарау дегенді желеу еткен жекелеген тарихшы-әдебиетшілер қазақ эпостары мен

тарихи жырларының көбісін байыбына бармай, халықтық сананы жырламайды-мыс деп санаттан шығарып тастауға дейін барды. Осының салдарынан Қазақстанда Жамбылды зерттеу біраз кенжелеп қалды. Есесіне ауыз әдебиеті, оның көрнекті өкілдерінің бірі — Жамбыл творчествосын зерттеуге орыс ғалымдары белгілі дәрежеде үлес қосты. Бұл ретте К. Зелинскийдің «Жамбыл» (М. 1955), М. Фетисовтің «Народные певцы советской эпохи» (Саранск. 1956) сияқты кітаптарын атауға болады. К. Зелинский Жамбылдың халық ішінен жарып шыққан дарын, импровизатор ақын екенін айтып, өмірбаянынан қысқаша мәлімет береді. Бұлары қазақ оқушыларына бұрыннан белгілі болғанымен, Одақтағы өңге оқырмандар үшін аса пайдалы, қажетті деректер. Әрине зерттеуші оны жеке-дара бөліп алмайды, ХІХ ғасырдағы қазақ өмірі мен халықтың ақындық-жыршылық дәстүрімен байланыстыруға тырысады. Жамбылдың революцияға дейінгі шығармалары идеялық-творчестволық тұрғыдан танылып, оның демократиялық бағыт-бағдары сөз болады. Ақынның демократиялық озық идеяның жаршысына айналуын көрсетуі очеркте басты мақсат етіп қойылған. Қазақ елінің совет дәуірінде шырқау биікке көтерілуі Жамбылды да тез өсірді. Октябрь революциясы болмаса, ол өзіне дейінгі көп ақындардың бірі болып қалар еді, оның ұлылығын таныған жаңа заман, Ұлы Октябрь екені де айтылған.

К. Зелинский жалпы ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі бейнелеулерді Жамбылдың қалайша жаңғыртқанына, сөйтіп жаңалықтар ашқанына да хәл-қадірінше тоқталады. Оның бұл еңбегі — проблемалық мәселеге негізделген зерттеу емес, ақынның өмірбаяны мен творчестволық жолын сөз еткен ғылыми-публицистік очерк. Бұл еңбектің кезінде танытқыштық роль атқарғаны сөзсіз.

М. И. Фетисовтің зерттеуі тікелей Жамбылға арналған жоқ. Ол совет дәуірінде суырып салма дәстүрді сақтаған халықтардың басты-басты өкілдері: қазақ — Жамбыл, дағыстандық — Сүлейман Стальский, мордва — Е. П. Кривошеева мен Ф. И. Безубовтар туралы жеке-жеке тарау берген. Мұнда ауыз әдебиеті өкілдерінің дәстүрлі шығарымпаздықтарында сөз болуға тиісті проблемалар аз емес, алайда автор бұл мәселеге таза ғылыми тұрғыдан да келмейді, публицистік бағдардағы шолу очерк түрінде алады. Жамбыл туралы жаңа, тың деректер айтпайды, қазақ оқушыларына белгілі жай-

ларды өз сөзімен қайтадан баяндайды, шығармаға талдау тек идеялық тұрғыдан ғана жасалады. Жамбыл ауыз әдебиеті дәстүрін сақтаушы ретінде белорус Янка Купала, кавказдық Али Талиб Косумов, чуваш ақыны П. Хузангайлармен салыстыра, байланыстыра қарастырылады.

Жалпы М. И. Фетисов еңбегінің ауыз әдебиетіндегі импровизаторлық өнер, оның тамаша өкілдері: Жамбыл, Сүлейман, Ф. И. Беззубов т. б. творчествосын кеңінен насихаттап, халыққа танытуда атқарар қызметі аз емес. Ұзақ жылдар бойы Қазақстанда болып, әдеби өмірге араласқан зерттеуші қазақ халқының арғы-бергі тарихы мен әдебиетін бірсыдырғы жетік білген кісі. Оның кезінде Жамбыл туралы мақалалары да аз болған жоқ. Мұның өзін жамбылтануға қосылған лайықты үлес деп санаймыз.

Қазақ зерттеушілері арасында Жамбыл творчествосын танытуға белсене атсалысқандардың бірі Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Есмағамбет Ысмайылов болды. Творчестволық жолын сыншылықтан бастаған ол өмірінің соңғы күндеріне дейін сыншылар сапынан шыққан жоқ. Әдебиеттің реалистік-романтикалық әдістері, халықтық, партиялық сипаттарының төңірегінде ғылыми ой, жүйелі пікір түзілген зерттеу мақалалары бір төбе. Сын мақалаларының қай-қайсысында болса да жадағай мазмұндаудан аулақ, жазушы-ақынның өзіндік ерекшелігін ашуға, жалпы әдеби дамудағы орынын әділ бағалауға бейім. Ғылыми негізге сүйенген, партиялық принципке берік ой-тұжырымдары оны әдебиет білгірлерінің жоғарғы мінбесіне көтерді.

Е. Ысмайылов ұзақ жылдар бойы сыншылық жұмысын ғылыми педагогтік қызметтермен қатар алып жүрді. Көркем сын мен әдебиеттану ғылымының табиғатында іштей жақындық бар десек те, бұл екі саланың көтерер жүгі өз алдына бөлек. Ғалымның бәрі сыншы бола алмайтыны сияқты, сыншының бәрі ғалым да бола бермейді. Ал Е. Ысмайылов осы екеуінің тізгінін бірдей ұстай білді. Әдебиет тарихымен қатар, советтік фольклорды зерттеуге елеулі үлес қосты. Көп жылдық зерттеулерінің негізінде «Ақындар» (1956) монографиясы жазылды. Бұл еңбегі орыс тіліне аударылып (1958), республика ғана емес, одақтық ғылыми ортаның ықыласына ие болды.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан төкпе ақындық, жыраулық, жыршылық өнері совет дәуірінде де тоқырамай дамып келе жатса, осының сыры неде? «Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен» (7.5). — деп Жамбыл туралы әділ пікір айтқан М. Әуезовтің осы ойы қарт ақынның алдындағы ұстаздары, замандастары мен өкшесін басып, дәстүрін жалғастырып келе жатқан шәкірттерінің өнеріне де қатысы бар. Басы — Жамбыл, Нұрпейіс, онан кейінгі Шашубай, Иса, Үмбетәлі, Нұрлыбек тағы да басқа көптеген төкпе ақын, жыршылардың өмір жолына, шығарушылық шеберлігіне ғалым көзімен қарап, осы импровизаторлық өнердің даму заңдылықтарын ашуға аса мол зер салған Е. Ысмайылов совет дәуірінде өмір сүрген ақындар болмысының әр алуан шындығын баян етеді, кешегісін саралай отырып бүгінгі бет алыс, бағытын бағдарлайды. Бұл еңбектің ғылыми бағалылығы, міне, осынысында еді. Монографияның темір қазығы болып Жамбылдың алынуы заңды. Онда Жамбылдың өмірбаянына қатысты мәліметтер, ақындық жолының қалыптасып, дамуы, фольклорлық дәстүрді сақтап, жаңа дәуірде жаңа сапаға көтеріп, дамытушы болғаны тұтастықта қаралған еді. Зерттеуші қарт ақынның творчествосын негізгі төрт кезеңге бөледі. Алғашқысы — шәкірттік дәуірі, яғни жыр жаттап, жыршылыққа қызыққан тұсы. Екіншісі — айтысқа түсіп, әбден танымал болып, қалыптасқан кезі. Осыдан кейінгісі — оның ел өмірін кең көлемде сөз ететін шырқау бигіне көтерілген тұсы. Төртінші кезеңі совет тұсына келеді, жаңа типті халық ақыны болып қалыптасуы. Фольклорлық дәстүрді сақтап, дамытуы.

Сонымен Жамбыл творчествосы туралы 1938 жылдан бастап үзбей зерттеп, мақала жазып келген сыншы-ғалымның ұзақ жыл бойғы жиған деректерін, ғылыми байлам-тұжырымдарын қорытындылаған еңбегі — «Ақындар» монографиясы мен «Ақындық өмір» жамбылтануға қосылған сүбелі үлес болды.

Бұл ретте филология ғылымының докторы, профессор Н. С. Смирнованың еңбегі де атауға тұрарлық. Ақынның өлеңдер жинағын орыс тілінде (1958) шығаруға елеулі үлес қосқан ғалым ол еңбекке М. Сильченкомен қосылып алғы сөз жазды. Авторлар мұнда Жамбылдың өмірбаянын ғана сөз етуді мұрат етпей, оның ауыз әдебиетінде нендей жаңалық қосқанын ғылыми тұрғыдан көрсетуді

мақсат тұтқан. Қазақ ауыз әдебиетінен хабары аз орыс оқушылары үшін мұндағы байлам, түйіндердің берері аз емес. Қазақ даласында өрбіген табанда суырып салып айтатын өнердің ертеден бары, Жамбылдың сол өнерді дамытуы, басты-басты шығармаларының қашан, қалай тууы бір сара сөз болса, қарт ақын творчествосының жанрлық (өлең, толғау, айтыс, дастан) сипаттарына жасаған шағын шолуы, әсіресе, Жамбыл творчествосының халықтық сипаты, дастандарындағы тарихилықтың берік сақталуы жөніндегі тұжырымдары орынды, дұрыс беріледі.

Қазақ әдебиеті тарихының 1964 жылы шыққан 1 томының екінші кітабындағы Жамбылға арналған та- рауды жазған да Н. С. Смирнова еді. Ғалым мұнда 1958 жылы шыққан ақын шығармаларына (орыс тілінде) жазған кіріспе сөзін недәуір толықтырып, оның өмір жолын енді тарихи кезеңдерге байланыстыра қарастырады. Әсіресе Жамбылдың өзіне тән ерекшеліктерін ашуға деген талабы жеміссіз емес.

Әйтседе Жамбыл творчествосын зерттеу алпысыншы жылдары біраз саябырсып қалған жайы бар-ды. Ақынның туған күніне, басқадай бір датаға байланысты бірлі-жарымды публицистік бағыттағы сын-мақалалар бол-маса, ғылыми негізде жазылған күрделі еңбектер туған жоқ. Оның есесіне жетпісінші жылдардан бастап жалпы қазақ ауыз әдбиеті өкілдеріне деген ықылас күшейе түсті.

1972 жылы Жамбылдың туғанына 125 жыл толуын бүкіл республикамызда кеңінен атап өту үлкен жыр мерекесіне айналды. Оған одақтас республикалардан, дүниежүзінің елдерінен ақын-жазушылар өкілдері қатысты. В. И. Ленин атындағы мәдениет сарайында өткен салтанатты мәжілісте Жамбыл туралы баяндаманы әйгілі ақын, ғалым Әбділда Тәжібаев жасады. Меймандар ұлы ақынға деген өздерінің жүректерін жарып шыққан сөздерін айтты, арнау өлеңдерін оқыды.

Осы мерекеге байланысты Қазақ ССР Ғылым академиясының жалпы жиналысының арнаулы сессиясы өтті. Қарт ақын творчествосын әр қырынан қарастырған ғылыми баяндамалар «Жамбыл — халық поэзиясының алыбы» (М. Қаратаев), «Жамбыл творчествосындағы қаһармандық сарындар» (М. Ғабдуллин), «Жамбыл творчествосының әлеуметтік сипаты» (Б. Сүлейменов), «Жамбылдың отызыншы жылдардағы поэмалары» (Н.

Смирнова), «Жамбыл — айтыс өнерінің шебері» (О. Нұрмағамбетова), «Жамбыл — әлем халықтары тілінде» (Е. Лизунова), «Жамбыл поэзиясының тілі жайында» (Р. Сыздықова) деген тақырыптарды қамтыды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы жалпы жиналысының сессиясында жасалған баяндамалар мен юбилей тұстарында жарияланған мақалалар жамбылтануға не қосты деген сауал тууы заңды. Баяндамаларда ақынның өмір жолы, творчествосы жанр бойынша да, проблемалық тұрғыдан да қарастырылды.

Жасыратыны жоқ, Жамбыл творчествосы туралы мәселенің қойылысы мен оның ғылыми тұрғыдан талданып, шешім табуын сөз етсек, біраз жайлардың бұрыннан белгілі шиырларды қайталағанын байқаймыз. Мысалы ақын өмірбаянын қамтыған баяндамаларда, мақалаларда, бұрын-сонды жұрт назарынан тыс қалған жайлар онша көп көріне алған жоқ. Зерттеушілеріміздің алып отырған тақырыптарын жаңа бір қырынан ашақ-ау деген талаптары да жоқ емес еді.

М. Қаратаевтың баяндамасындағы кейбір деректер бұрыннан белгілі еді десек те, Жамбыл творчествосына тұтастай баға беруде жаңа байламдары мен тұжырымдар бар. Ол жыр алыбы туралы айту бір жағынан оңай, екінші жағынан күрделі де қиын екенін ескерте келіп, оның себептеріне тоқталады.

«Ұлы жыршыны зерттеудің күрделілігі мен қиындығының тағы бір себебі мынада: оның творчествосынан бүкіл халық тағдырының өзгерісі мен құбылыстары айнадай айқын көрініс тапты. Сонымен қатар екі ғасырдың жыршысы болған қарт ақын Россияның үш императоры тұсындағы халықтың тұрмысы мен аянышты қалдерін бейнелейді. Ақырында ол отыз жыл бойы советтік жаңа заманды және көсеміміз В. И. Ленинге деген бүкіл социалистік ұлттардың сүйіспеншілігін бар шабытымен асқақтата жырлады.

Егерде Жамбыл ақындығының басты белгілерін анықтауға тәуекел етсек, онда оның табиғатынан төкпе шешен, тегеурінді талант иесі екенінен бастауға тура келеді» (6.16 — 17), — деп жазды.

Енді бірде ол «. Жамбыл Абайдың философиялық идеялық-эстетикалық деңгейіне көтеріле алмады» (6.20), — деп пайымдайды. Мұның себебін Жамбылдың хат танымағанынан, орыс және еуропалық мәдениеттен сусындай алмауынан деп санады. Оларды, әсіресе, фи-

лософиялық ой, эстетикалық, идеялық жағынан байланыстыра, салыстыра қарағанда бірінің ауыз әдебиеті, екіншісінің жазба әдебиет өкілі екені естен әсте шықпауы тиіс. Сонда «Ақындық жолда ең алдымен халықтық эстетиканың ұлы мұраттарына арқа сүйеп, әрқашан халықтың өзіндік мәдени-ақындық дәстүрін мықты ұстады» (6.21.), — деп әділ бағалай аламыз.

Қарт ақынның творчествосында уытты сатиралық бейнелердің барын М. Әуезов, Ә. Тәжібаев т. б. айрықша бөліп айтады. Бұл, әсіресе, Октябрь революциясының дұшпандарына, елді езген озбыр күштерге арналған, дос-жарандарға айтатын әзіл-қалжыңдарынан айқын көрінеді.

Жамбыл бүгінгі өмірдің бар саласы туралы жыр төкті. Коммунистік партияны, ұлы Ленинді, халықтар достығын мадақтады. Ұлы Отан соғысы кезінде фашизмге қарсы күрескен Совет Армиясының жауынгерлеріне асқан патриоттық сезімге толы жыр арнады.

Ол ұлттық шеңбердегі ақын ғана болған жоқ, фольклорлық дәстүрді жан-жақты, кең түрде пайдалана отырып өз жырларының мазмұны, тақырыбы жағынан одақтық, қала берді дүние жүзілік биікке көтерілді. Совет ақыны бола тұра озық ойлы адамзат баласына ортақ мәселелерді қозғады. Ғалымдардың, ақын-жазушылардың мақалаларында, баяндамаларында бұл мәселеге де белгілі дәрежеде назар аударылғанын айтқан жөн.

«Өтеген батыр» дастанының негізгі өзегі халық қиялынан туған аңызға байланыстылығын барлық зерттеушілер айтқан-ды. Оған себеп: Өтеген батырдың әбжылан, айдаһар, жалғыз көзді дәу, жез тырнақтармен кездесіп, күресуі, Жиделібайсын жерін іздеуі. Алайда мифтік, аңыздық сюжеттердің төркіні қайдан шықты, оны халық неге сақтады, Жамбыл неге жырлады деген жайлар, осындағы творчестволық психологиялық мәселелер ғылыми негізде терең сөз бола алған жоқ. Тіпті жырдағы миф-аңыздық мотивтердің бүгінгі күн талап-тілектерімен қабысуының творчестволық шарттары да ашыла бермейді. Тағы бір ескерерлік жайт — Жамбыл дастандарының жалпы қазақтың эпикалық дәстүрі дамуындағы орны, оған қосқан жаңалығы типологиялық тұрғыдан ашылмауы.

Жамбыл творчествосы жеке жанрлары бойынша, жанрлары хронологиялық принцип бойынша да қарас-

тырыла бастады. Бұл ретте О. Нұрмағамбетова айтыс жайында, Н. С. Смирнова Жамбылдың отызыншы жылдарғы поэмалары туралы жеке сөз етті. Ол ақынның ұлттық күрестің тарихын, тарихи даму процесіндегі түрлі қоғамдық бағыттардың күресін түсінуі «Замана ағымы» дастанында жаңаша көрінетінін айта келіп: «Жамбылдың Октябрь революциясына дейінгі толғауларынан гөрі, «Замана ағымында» дидактикалық және лиро-эпикалық әуендердің ара қатынасы мен көлемі өзгерген, соңғысы басым жатыр. Жамбылдың лирикалық бейнесі халық образымен тұтасып кеткен» (6.54), — деп түйеді.

Зерттеуші осы толғаудың аясында поэманың жаңа жанрлық түрі белгі бере бастағанын, ондағы ішкі толғаныс пен фибраттың нақылдылығын, халық пен ақын тағдыры туралы лирикалық тебіреністерді баяндау тәсілі ығыстырғанын көреді.

Жамбыл бірнеше тарихи кезеңді басынан өткерген ақын. Оның жырларына осы тарихи-әлеуметтік жағдайдың әсері болуы сөзсіз, өйткені сөз иесі еш уақытта өзі өмір сүрген ортасының саяси-әлеуметтік болмысынан сырт қала алмайды. Ендеше оның жырларындағы әлеуметтік сарын мен сипаттың көрінісі қалай қалыптасып, дамыды деген де өзінше күрделі мәселелердің бірі. Әдебиетшілеріміз бұған мән бермей қалған жоқ, бірақ ішіне кірмей, көбіне сырттай шолып айтты.

Белгілі тарихшы-ғалым Бек Сүлейменов: «Жамбыл шығармаларында әлеуметтік сипат жаңа тарихи дәуірде, Россияда капитализм дәуірі орнап, оның шеткі ұлт аймағы — Қазақстанда капиталистік қатынас дами бастаған кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың бас шенінде қалыптасқаны айқын көрінеді,» — деді (6.50). Оның басты себебі: бұл кезеңдегі Жамбыл творчествосында таптық сипаттың мол көрініс алуы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс ақын жырларының әлеуметтік сипатын тіпті күшейте түседі.

Ал оның совет дәуіріндегі творчествосы нағыз халықтық, партиялық биік деңгейге көтерілген.

Е. Лизунованың баяндамасында Жамбыл жырларының дүниежүзі халықтарының тілдеріне аударылғандығы, ол жайындағы шет елдер әдебиеттерінде жарияланған мақалалардың саны мен мәні жайында қысқа мағлұмат бар. Ол ақын жырларындағы интернационалистік мотивтердің, патриоттық идеяның қалыптасуының әлеу-

меттік, творчестволық мәнін айта келіп, оның қазақ поэзиясының даңқын әлемге шығарушылардың алдыңғы шебінде болғанын атап көрсеткен. Р. Сыздықованың «Жамбылдың ұлылығының бірегей болмаса да бір сыры тілінде жатыр» деуі де орынды. Шынында да көңілдегі ойды бар көрік, шырайымен тындаушы қауымның жүрегіне ұялатқызатын сол тілдік бояу, нақыш, өрнектері.

Жамбыл поэзиясының тілі жайында 40-жылдардан бері азды-көпті мақалалар жазылып отырды (26). Оларда ақынның сөз қолданысы, фразеологиялық тіркестері мен бейнелеулеріне азды-көпті мән берілген-ді. Алайда Жамбыл поэзиясының тілін сөз ету «ақындық шеберлігін, стилін зерттеп қана қою емес. Бұл — ең алдымен оның ақындығының түп-төркіні — қазақтың сан ғасырлық халық поэзиясының тілін танып-білуді қажет етеді» (6.78). Совет дәуіріндегі халық ақындары поэзиясы (27) мен XV ғасырдан бергі ақын-жыраулардың толғауларына байланысты тілдік бейнелеулер, модельді тіркестер жайында (29, 30, 31) азын аулақ сөз болады демесек, кең көлемде, тереңдей зерттеу жұмысы алдағы уақыттың міндетіне қалып келеді. Алайда Жамбыл жырларының тілі жайында соңғы жылдарғы жазылған еңбектердің ішінен Р. Сыздықованың осы баяндамасын бөліп атауға болады.

Сонымен жетпісінші жылдардың бас кезінде Жамбылдың өмірі мен творчествосын зерттеуде тағы бір қозғалыстың болғанын байқаймыз.

* * *

Қазақ поэзиясының жазбаша үлгісін Абай салса, импровизаторлық дәстүрінің басында Жамбыл тұр. Әр қайсысы сол өз салаларында — ұлы. Егерде бұларды өз орындарына қойып бағаламай, екеуіне де бір ғана өлшеммен келсек, біраз жайларды шатастырып алуымыз әбден мүмкін. Мұндай жағдай әдебиеттану ғылымында болмай қалған жоқ. Әсіресе, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет әдісін жеке бөліп қарамай екеуінің өзіндік табиғаты мен ерекшеліктерін араластырып жібергендіктен «неге бұлай болды?» деген күдікті сауалдар әр кезде де алдымызды кес-кестей берді.

Е. Ысмайылов өзінің жоғарыда аталған зерттеу еңбектерінде Жамбылды негізінен халық поэзиясының дәстүрін заңды жалғастырушы дей келіп, ол бірте-бірте

жазба поэзияның поэтикалық тәсілдерін меңгере бастады деген қорытынды жасайды. Сөйтіп, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің асыл қасиеті бір ақынның бойында жарастықты келісім тапқан (32. 176). Осы концепцияны академик-жазушы Ғ Мүсірепов те ұстанды. «Жәкенді толық ұғынам деген сонау Құнанбай заманынан бастап ізіне түсу керек. Сол кезге көз салсаң, Абай мен Жәкен бір мақсатқа, бір тілекке ақындықтың екі түрлі саласын өрлей аттанған сияқтанады. Бірі — байырғы өнегесі суырып салма ақынның жолы. Бірақ екі ұлы ақын атамыз тоғысар жерін совет дәуірінде байлаған екен! Әуелі ақындықтың байырғы саласымен аттанған Жәкен жазба поэзияға — Абай түскен салаға совет дәуірінде келіп түсті. Түсіп қана қойған жоқ, заманына лайық үлкен мазмұн тауып, барлық совет поэзиясына жаңа бір үн қосты» (7. 38), — деп жазды ол.

Н. Смирнова мен М. Сильченко де қарт ақынның күрделі метафораларды, табиғат көріністерін суреттеу, эпигет, теңеулерінің эмоционалдық-психологиялық әсерлілігі жағынан алғанда Жамбыл жазба әдебиетке тым жақын тұрғанын ескертеді (3. 18).

Жазба әдебиет ауыз әдебиеті дәстүрінің негізінде пайда болып, өз бағытын, тәсілін тапты дейміз. Фольклор — әдебиеттің анасы, сондықтан да жазба әдебиет өкілдері творчествосында фольклорға жақындықтың жүруі заңды құбылыс. Ал фольклорға әдебиеттің әсер-ықпалы тиюі мүмкін бе? Сөз жоқ, мүмкін.

Импровизатор ақындардың көпшілігінің ақ сауаты болды, бірақ шығармаларын табан астында ауызша да шығара білді, қолына қалам алып, ойланып, толғанып отырып жазып та шығарды. Мұндай ақындардың екі түрлі типтері көріне бастады. Біріншісі қаншама жазып шығарғанмен, негізінен ауыз әдебиетіндік дәстүрді сақтап отырды (Қуаныш Баймағамбетов, Нұрлыбек Баймұратов, Кенен Әзірбаев т. б.), екінші топ ауызша жыр шығаруға бейім бола тұра, жазба әдебиет шарттарына жақындай түсті (Иса Байзақов, Қалихан Алтынбаев). Бұлардың кейбіреулерін жазба әдебиеттің өкілі деп толық айтуға да болады. Ал сауаты жоқ ақындарға жазба әдебиет әсер-ықпалы болуы мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Н. Смирнова өзінің зерттеуінде Жамбылдың «Менің өмірім» деген дастаны қазақ лиро-эпосының даму сатысында алға басқан бір қадам болғанын, бұрынғы аңыз-өлеңдердегідей мұнда да Отан мен халық

тағдыры өзекті желі болып алынғанын негізінен дұрыс көрсетті. Дәстүрлі эпоста Отан мен халық бір «эпикалық уақыт» мөлшерінде айтылатын болса, «Менің өмірім» дастанында бұл әр дәуірдің кезінде суреттеледі. Жамбыл мұнда нақты тарихи жағдайды айтады. Бұл лиро-эпикалық сарындағы өмірбаяндық дастан. Жанрлық түрі жағынан алғанда да дастан әдеби үлгілерге жақын.

Шынында да «Менің өмірімдегідей» лирикалық қаһарман қазақтың дәстүрлі эпосында бұрын-соңды болған емес. Дастанның темір қазығы осы лирикалық қаһарман десек, бұл тәсіл негізінен фольклордан гөрі, әдеби құбылысқа жақын түр. Мысалға В. Маяковскийдің «Жақсы» поэмасын алуға болады. Шындап келгенде В. Маяковский ұстанған бұл тәсілдің өзі әдебиет үшін жаңа құбылыс.

«Жамбылдың совет тұсындағы шығармаларының көпшілігінде кездесетін метафоралар, әр түрлі пейзаждар, психологиялық сезімге толы эпитеттер ақынның әдебиетке етене жақындығын көрсетеді» (32, 418), — деген пікірде де шындық бар. Алайда жазба поэзиядағы жаңалықтардың Жамбылға қалай әсер еткенінің кілтін табу шарт. Бұл жерде оған әдеби хатшыларының әсерін де ұмытуға болмайды. Олар аманда газет жаңалығын айтумен бірге, қазақ тілінде шығып отырған өлең-жырларды да үнемі оқып беріп отырған. Жазба поэзиядағы жаңа өрнектер, бояулардың сырлары туралы да аз әңгіме болмаған. Зерделі, жүйрік ақын соларды тез қабылдап, өз творчествосына пайдалана да білген. Мысалы С. Мұқановтың сол жылдарғы «Партия сенің штабың» деген өлеңін естіген Жамбыл «ЦК — Компартия штабы» деп толғануы әбден мүмкін еді.

Жаңа заманда жазба поэзия қарыштай дамыған кезде оның жекелеген жайларының хат танымайтын, бірақ көңіл жүйрік ақындарға әлгіндей әсер-ықпалы болуы заңды. Бірақ мұны Жамбылдың жазба әдебиетке келуі емес, қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрін байытудағы ізденісі ретінде қарауымыз керек. Сонда бұл процестің заңдылығы ақталады.

«...Жамбыл творчествосындағы эпикалық поэма жанрының қалыптасу негіздерін зерттеу проблемасы тұрғанын» (6, 10) Ә. Тәжібаев алдағы міндеттердің бірі ретінде қойды.

Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» си-

яқты эпикалық туындыларының жанры біресе «поэма», біресе «дастан» деп аталып келеді. Поэма әдетте жазба әдебиеттегі эпикалық құбылыс. Ал дастан көбіне шығыс сюжеттеріне жазылған эпикалық шығармалар арқылы енді. Қазақ фольклорындағы эпикалық шығармалар көбіне «жыр» не «қисса» делініп, кейінгі кездері «дастан» болып атала бастады. Тегінде бұл мәселені де анықтау қажеттілігі көрінеді. «Шындығында халық ақындарының эпикалық шығармаларына, бұрын айтқанымыздай, «дастан» деген дәстүрлі атауды қолданған дұрыс деп ойлаймыз» (6. 189). Эпикалық жанрлардың ішкі салаларының осылай аралас аталуының өзі Жамбылды біресе әдебиет, біресе фольклор өкілі деп санап келуімізге байланысты туған жәйт болатынды. Бұл концепцияны қолданушылар күні бүгінге дейін бар. Мысалы У. Б. Далгат Сүлейман Стальский мен Жамбыл Жабаевты әдебиетке фольклордан келді (28. 17), — деп байлам жасайды. Ал олардың сондағы ғылыми-теориялық дәлелдері бар ма, бар болса сендіре ме?

Ғ. Мүсірепов жоғарыда аталған мақаласында бір жайды жіті аңғарады: «...біздің эпосымыздың құрылысын, адамгершілік тілек өрістеулерін, тартыс байланыстарын жете тексеріп қарасаңыз, ауыз әдебиетінің жөнжосығына түгел бағына бермей, жазба поэзиямен жақын шектесіп жатады. Бұл айтқанымыз, әсіресе, қазақ халқының батырлыққа, ғашықтыққа арналған жырларында айқынырақ байқалады» (7. 39)

Бұған мойынсұну керек, шынында да солай. Біздің эпосымыз ұзақ ғасырлар бойында ауызша тарап, сақталып келді. Олардың хатқа түсе бастаған кезі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысы. Бұл дәуірде хат танитын, сауатты акын-жыраулар қазақ даласында аз болған жоқ, олардың біразы шығыс сюжеттерін қазақтың өз тұрмысына лайықтап дастандар тудырған, ел аузында бұрыннан келе жатқан халықтық эпостарды да («Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қобланды») хатқа түсірушілер — солар.

Белгілі «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» лиро-эпосының бір нұсқасын Шәкір Әбенев жырлаған. Ш. Әбенев сауатты кісі, ол өзі жырлаған «Қозы Көрпеш—Баян сұлуын» хатқа өзі түсірген. Ауызша айтылып жүрген жырларды қағазға түсірген сауатты ақындардың өздері әдебиетке жақын тұрғанын ескерсек, олардың көшірген,

кейде бұрынғы нұсқа негізінде қайта жазған эпостық жырларының тілдік бояу, нақыштарында да сондай нышандардың жүруі заңды. Алайда мұның Жамбылға тікелей қатысы аз.

Е. Лизунова «Абай мен Жамбыл өз халқының жырын жырлады. Екеуінің поэтикалық сөзінде бір-ақ ерекшелік бар. Ол Абайдың өткен өмірді, Жамбылдың советтік дәуірді жырлауы ғана» (6. 71), — деп жазды. Бұл пікірде де дәлдік жоқ. Жамбыл революцияға дейін елу жылдан астам, совет дәуірінде 28 жыл бойында жырлады. Ұзақ ғұмыр кешкен қарт ақынның, әсіресе, өмірінің соңғы он жылындағы жырлары дер кезінде жазылып алынып отырды. Сондықтан да оның жыр көлемінің салмағы таразының осы жағын басып жатса, оған тандануға болмайды. Жамбыл екі дәуірдің де шындығын өз көзімен көріп, соны үзбей жырлап өткен ақын.

Е. Ысмайылов та «...Жамбылдың революцияға дейінгі шығармалары делініп жүрген өлең-жырларын ақынның совет дәуіріндегі творчестволық өміріне байланысты қарау керек болады. Ал «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары негізінде ақынның совет тұсындағы творчествосына жатады» (34. 4), — деп жазады. Бұл пікірге де қосылу қиын.

Ертедегі «Өтеген батыр» сияқты жыр-дастандарын кейін қайта жырлағанда бүгінгі күн шындығына жақын келетін кейбір қоспалардың жүретіні рас. Бірақ бұл жәйт жыр-дастанның ертедегі сюжеті, оқиғасы, идеялық мазмұнына бүтіндей жаңалық, өзгеріс енгізе алған жоқ. Сол себепті біз «Өтеген батыр, «Сұраншы батыр» жыр-дастандарын ақынның революцияға дейінгі творчествосына жатқызуды жөн көреміз.

Әдебиеттану ғылымында жамбылтануға да тікелей қатысы бар, әлі ғылыми шешімін табуға тиісті мәселелер аз емес. Соның бірі — шығармаларын негізінен фольклорлық дәстүрде ауызша — импровизаторлық тәсілмен тудырған, бірақ өздерінің аты-жөні белгілі ақын, жыраулар типін әдебиетке жатқызамыз ба, жоқ болмаса, ауыз әдебиетіне жатқызамыз ба деген мәселе күнделікті баспасөзде кейінгі жылдары қойыла бастады (35). Шындығында импровизаторлық өнердің табиғатын, ақындық-жырау, жырау-жыршылар дәстүрлерін жалпы көлемде тарихи негізде шолып зерттегеніміз болмаса, ғылыми-теориялық тұрғыдан байыбына терең

барғанымыз жоқ. Жазба және импровизатор ақындар шығармаларының ішкі жанрлық атаулары (поэма, дастан, қисса, жыр, толғау, өлең, лирика) ғана емес, осы поэзия өкілдерінің өз типтерін де (ақын, шайыр, жырау, жыршы) әлі шатастырып жүрген жайымыз бар. Бұл да біздің жазба поэзиямыз бен импровизаторлық өнердің ара-қатынасы мен байланысының ашылмауынан туған жәйт.

Қазақ халқының ақын-жыраулық, жыршылық дәстүрі — әлі де кең көлемде, терең зерттелмей келе жатқан сала. Е. Ысмайыловтың «Ақындар» монографиясы, Б. Абылқасымовтың «Қазақ толғау жанры», Н. Төреқұловтың «Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері», С. Негимовтің «Өлең өрімі» сияқты көлемді зерттеу еңбектерінде осы дәстүрдің жекелеген мәселелері жөнінде сәтті ізденістер, тұжырым, байламдар бар десек те, жалпылай алғанда ақындық мектеп деген мәселелер әлі де болса жан-жақты, теориялық биік деңгейге көтере зерттеуді қажет етеді. Мұның жамбылтануға жанамалай да, тікелей де қатысы бар. Сонда сонау Сыпыра жырау, Асан қайғыдан Бұқар жырауға, одан Жамбылға дейінгі жыраулық, ақындық дәстүр мектебін ашар едік.

Жамбылдың өзі ақындық өнерге айналды десек, жаңа дәуірде дәстүр де іштей түлеп дамыды. Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай, Болман, Саяділ, Төлеу, Нұрлыбек, одан Иса, қазіргі Қалихан Алтынбаевтарды алсақ, осылардың әр тобының өздеріне тән өзгешеліктері бар. Бұлардың біразы ауыз әдебиетімен бірге жазба поэзияға да иек артқан. Соның әсері олардың шығармаларына сөзсіз із тастаған. Осындағы заңдылықтарды тереңірек ашу Жамбыл мектебі деген тақырыпқа тікелей қатысты.

Жамбылдың әрі ақын, әрі жыршы, тіпті күйшілік өнері де болғаны туралы деректер бар. Алайда оның жыршылық өнері әлі арнайы зерттелген емес. «Көрұғлы» дастанын бірнеше күн бойы жырлаған ол «Манастан» да үзінділер айтқан. Жыршы олардың кейбірін бір ай, бір жұма бойы жырлапты. Әсілі жыр көлемі тыңдаушы қауымға қарай өзгеріп отырған болуы тиісті. Демек оның жыршылық репертуарындағы жырларды саралау, нұсқаларын салыстырып, идеялық-эстетикалық мән-сапасын ашу да алдағы міндеттің бірі.

Жамбыл творчествосын туысқан халықтардағы өзі

тақылеттес ақын-жыршылар творчествосымен байланыстыра зерттеудің де мәні бар.

Ендігі бір мәселе — Жамбылдың ақындық ортасы. 1925 жылы шыққан «Терме» жинағында Шамғали Сарыбаев Жамбылдың айналасындағы кейбір ақындар туралы қысқа мәлімет берсе, М. Әуезов 1946 жылы қырғыз, қазақ төкпе ақындарының мол шоғырлары болғанын жазған.

«Жәкең бір Сүйінбайдан ғана оқып қойған жоқ. Қазақта бұл өңірде, сол тұста дауласкер ақындардан: Майкөт ақын, жалайыр Қабан ақын, Бақтыбай ақын, Құланаян Құлмамбеттер бар.

...Қырғызда бұл тұста атақты манасшы, даңғыл жомақшы мен ыршыдан: Балық, Тыныбек, Қалығұл, Қатаған, Арыстанбек, Найманбай бар. Және Жамбыл тұрғылас Қалмырза, Шөйке, Сағымбай, Қара ыршы, Жақсылық сияқты нелер ірі, ақпа-төкпе ақындар бар-ды.

Қазақтағы Жамбылдың өзі тұстас ақынның, осы Жетісуда болғандарын атасақ та талай саңлақтар шығады. Дулатта Жамбылдан жасы үлкенірек Сарбас, Албанда Құлманбет, дәл тұстасы Ыстыдан шыққан Қуандық, Қораластан шыққан Қожантай, Жалайыр Досмағамбет, Тілеукабыл, Өмір ақындар бар» (11).

Алайда осы ақындар туралы біз әлі толық білмейміз. Жамбылдың жас кезінде айтысқа түскен ақындары — Құланаян Құлманбет, Майкөт Сандыбайұлы туралы деректеріміз де онша мол емес. Бұлар кезінде әрі жыршы, әрі ірі айтыскер ақындар болған. Айтыстарының біразы ел аузында тарап, көпке дейін сақталып, Жамбылмен айтысы бізге жетті. Кезінде Құлманбет пен Майкөт екеуінің арасындағы айтыс тартыспен өткені белгілі.

Әдебиеттану ғылымында Құлманбет туралы дерек біршама жинақталған. Ал Майкөттің өмір жолы туралы дерек әлі тым шағын. Жамбылмен айтысына орай оның шығармаларына берілген түсініктемелерде болмаса, арнайы жүргізілген зерттеу жоқ. Бірлі-жарымды деректерді газет беттерінен ғана көреміз.

Жамбылмен қатар өмір сүрген замандас ақындардың саны бұлармен бітпейді. Сүйінбаймен айтысатын Күнбала, Жамбылмен сөз қағыса беретін Айкүміс, Сайқалқыз, Бөлектің қызы (аты белгісіз) сияқты қыз-келіншек ақындардың мол шоғыры бар. Жамбылдың құрда-сы — ақын Тілеміс, сыйласы — Қисыбай, шәкірт ақындары — Кенен, Саяділ, Өтеп, Әбдіғали т. б. көптеген

ақындардың аттарын атауға болады. Республикалық архивтерге, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған қолжазбаларда ақындар ғана емес, күмбірлеген күй төккен күйшілер, сөз дүлдүлі — шешендер, ел бастаған батырлар туралы да саналуан қызықты мәліметтер бар. Бұлардың қай-қайсысы туралы айтсақ та жыр алыбының өмірбаянына аз нәрсе қосылмас еді.

Жалпы Жамбылдың ақындық айналасы, ортасы деген әрі қызықты, әрі жауапты тақырыптың бірі. Осы үлкен ақындық шоғырдың ұстанған дәстүрлері, олардың өзара қарым-қатынас, байланыстары, бір-бірлеріне әсерықпалдары ендігі жерде жалпы шолу көлемінде қалмай, нақтылы түрде, ғылыми негізде тереңдей зерттеуді күтеді. Сондай жұмыстың бірі — жыр алыбының творчестволық өсу жолындағы қайнар бұлағы саналатын жыраулық мектептің қалыптасқан дәстүрін анықтау десек, екіншісі — Жамбылдың ғылыми, творчестволық өмірбаянын жасау мәселесі.

- ¹ Ленин В. И. Шығармалары. Алматы, 29-т.
- ² Алматы облыстық архиві. 489-1, 64—1 тізбелер, 9-шы протокол.
- ³ Джамбул Джабаев. Избранные сочинения. Алма-Ата, 1958.
- ⁴ Бегалин С., Тәжібаев Ә., Ритман-Фетисов М. Жамбыл. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946.
- ⁵ Васильев В. А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. Петроград, 1915.
- ⁶ Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1975.
- ⁷ Жыр алыбы. Естеліктер. Алматы, 1971.
- ⁸ Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. Филология сериясы. 1977. № 4.
- ⁹ Еңбекші қазақ. 1922. 31 октябрь.
- ¹⁰ Л. ММА (М. О. Әуезовтің әдеби мемориалды музейі). 202-папка, 1-б.
- ¹¹ Естаев Е. Жамбыл шығармаларының жаңа басылымы // Қазақстан мұғалімі. 1983. 11 март.
- ¹² Жандильдин Н. Дорогой первооткрывателей // Литературная газета. 1962. 13 март.
- ¹³ Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім. Алматы, 1982.
- ¹⁴ Кәдімгі Сәбит Мұқанов: (Мұқанов туралы естеліктер). Алматы, 1984.
- ¹⁵ Қапиев Эффенди. Избранное. М., 1948.
- ¹⁶ Кәкішев Т., Дүйсенов М. Ұлы Октябрь шуағы. Алматы, 1981.
- ¹⁷ ҚКП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының архиві. 139-шы қор, ед. хр. 453. 6-б.
- ¹⁸ Мырзахметов М. Абай жүрген ізбенен. Алматы, 1985.
- ¹⁹ Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Алматы, 1982.
- ²⁰ Образование Казахской АССР. Сборник документов и материалов // Изв. АН КазССР. Алматы, 1951.

- ²¹ Правда. 1934, 17 декабрь.
- ²² Соколов Ю. М. Русский фольклор. М., 1938, С. 514.
- ²³ Социалистік Қазақстан. 1938, 20 май; 12 июнь.
- ²⁴ Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. Алматы, 1976.
- ²⁵ Қазақ ССР-інің Орталық мемлекеттік архиві. Р—1261-қор, 1, 2-тізбелер.
- ²⁶ Балақаев М. Жамбыл өлеңдерінің тілі туралы // Халық мұғалімі. 1948. № 9; Базарбаев М. Жамбылдың ақындық шеберлігі жайында // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1950. № 8; Хасенов М. Жамбыл поэзиясының тілі // Әдебиет және искусство. 1947. № 5; Жақыпбеков М. Жамбыл поэзиясының тілі.—Канд. диссертация: қолжазба. 1959.
- ²⁷ Дүйсенов М., Сейдеханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. Алматы, 1982.
- ²⁸ Далгат У. Б. Литература и фольклор. М., 1981.
- ²⁹ Абылкасымов Б. Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. Алма-Ата, 1984.
- ³⁰ Төреқұлов Н. Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. Алматы, 1979.
- ³¹ Негимов С. Өлең өрімі. Алматы, 1980.
- ³² Очерки истории казахской советской литературы. Алма-Ата, М., 1958.
- ³³ Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1964. 1-т. 2-кітап.
- ³⁴ Ысмайылов Е. Ақындық өмір. Алматы, 1965.
- ³⁵ Дүйсенов М. Фольклор ма, әдебиет пе // Қазақ әдебиеті. 1971, 2 июль; Соныкі. Бәрі де өзіміздей // Қазақ әдебиеті. 1984. 25 май; Сыздықова Р. Ашып алар жайлар көп // Қазақ әдебиеті. 1980, 28 март; Алдамжаров Б. Жырау ма, жыршы ма // Сонда. 1984, 25 май.
- ³⁶ Әдебиет майданы. 1938. № 5.

1. ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ

XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанның оңтүстік аймағы, дәлірек айтқанда Сырдарияның орта ағысынан Ақмешітке және Ташкенттен Жетісуға дейінгі бөлігі Қоқан хандығының қол астында болды. Қоқан ханы да Хиуа ханы сияқты қазақ, қырғыз халықтарының арасында қатал саясат жүргізді (1. 185). Сол кезеңді есіне түсіріп, Жамбыл былай дейді: «Қоқан хандығының ел басқаруға қойған датқасы жалпақ елді жаялыққа айналдыратын. Ел аузына қақпақ, басына тоқпақ болатын. Ел шапқыншылықтан қорқып, сынаптай сырғып көше беретін, көше беретін»... (2. 391). Шу өзенінің төменгі ағысына таяу Жамбыл деген таудың етегінде жылқы жылының ақпан (1846 жылғы февраль) айында сол көшпенділердің бірі — Жабайдың семьясында болашақ ақын дүниеге келеді. Бұл жайында өзі кейін былай дейді: «Шу өзенінің алқабында Хан және Жамбыл атты екі тау бар. Менің әкем Жабай осы тауларда көшіп жүреді екен. Сол Жамбыл тауының алабында туыппын. Сондықтан маған сол таудың атын қойыпты» (3).

Жабай (Жапа) Ыстыбай баласы, төрт ағайынды (Жабай, Жадыра, Қазыбай, Мәйке) болады. Ыстыбайдан арғы аталары: Бәйтөбет, Сәндібек, Сапақ, Өтеп, Бертіс, Жәрімбет, Екей болып жалғаса береді (5. 6). Тау есімін алған бала — Жамбыл Жабайдың Тәйтіден кейінгі екінші перзенті. Одан соң Қоман туады. Үш ұлдың анасы — Ұлдан.

Ел аузында «Екейде елу баксы, сексен ақын» деп басталатын бір ауыз өлең бар. Атақты Сүйінбай да сол рудан. Бұл Жамбылдың өскен ортасында ақын-жырау,

өлеңші-жыршылардың мол болғанын аңғартса керек. «Өлең кірген түсіне, жөргегінде мен болам» деп өзі айтқандай, ол жасынан-ақ ақындыққа әуестенген. «Он жаста ойнап жүрдім бала болып, өлеңге бөлдім көңіл алаң болып» немесе «Ақын болдым он үште, алатын құстай гарандым» деген өлең жолдары да осыны дәлелдейді.

Жамбылдың ақын болғанын әкесі жаратпайды. «Батаңды маған бер, әке... Жапаның ұлы ақын боп, жақсы істепті дер, әке» деп жалынса да: «Екейдің сексен ақыны аз ба, сексен бірінші болып қайтесің» деп батасын бермейді. Бірақ шешесі Ұлдан өлең-жыр, ән-күйді ұнататын сауықшыл кісі екен. Жамбылдың өз ата-тегінде белгілі әнші, күйші ақын кісі болмаған. Шешесінің нағашысы Қанадан домбырашы, қобызшы болыпты (Жамбыл одан көп күй үйренген). Әке қолдамаса да басқалардың демеуімен жас бала талабынан қайтпайды. «Оқымаймын молдадан, не оқытпақ ол маған» деп одан да безіп шығады. Сөйтіп біржола ақындық өнерге ден қояды.

Қандай ақын болса да жас шағында еліктегіш келеді. Бала Жамбылдың еліктеп ұстаз тұтқан ақыны Сүйінбай Аронұлы (1815—1898). Әрине ол алдымен Сүйінбайды ел арасына кең тараған өлеңдері арқылы біледі. Екеуінің алғашқы ұшырасуы жайында академик-жазушы Сәбит Мұқанов былай дейді: «Бытыраған Екейді жинап жүріп, Сүйінбай Жапаның үйіне келіп қонғанда, Жапа: «Осы елге үйреніп қалып ек, қалай көшеміз» деп толқиды. Сонда он сегіз жасар Жамбыл: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген емес пе, әке, көшейік», — депті. Көнген Жапаны Сүйінбай көшіріп әкеп, Майтөбе деген жерге орналастырыпты. Жапа ауылы 1930 жылы колхоз ұйымдастырылғанға дейін отырып, содан соң ғана жылжып қонады (4. 18).

Қоқан хандығының шапқыншылығынан, жергілікті шоң-манаптардың езгісінен күйзеліске ұшырап, жан-жаққа тарап кеткен Екейдің басын қосуға сол елге аға сұлтан болған Айдосұлы Сарыбай да (1821—1890) елеулі еңбек сіңірген (4. 18). Сонымен өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ата қонысына (қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, «Ұзынағаш» совхозының Майбұлақ бөлімшесі) көшіп келген Жапа (Жабай) Майтөбені жаз жайлап, Майбұлақты қыс қыстап күн кешеді.

1860 жылдың октябрь айында подполковник Г. А. Колпаковский бастаған отряд Ұзынағашта және

соған таяу Қарасу деген жерде қоқандықтардың едәуір күшін талқандады. Мұның өзі орыс әскерлерінің қырғыз жеріне қарай сұғына енуіне мүмкіндік берді (1. 196). Сөйтіп Ұлы жүздің Россияға қосылуы аяқталды.

Қазақстанның түгелдей Россияға өз еркімен қосылуының прогрестік маңызы болғаны мәлім. Атап айтқанда сыртқы шабуылдардан қорғануға кепілдік туды, шаруашылықтың натуралдық формасы, адамды басыбайлы құлдану жойылды. Қала-қыстақтар, темір жолдар, почта-телеграф тораптары салынып, Россиямен сауда, мәдени байланыс ұлғайды. Алайда бұлардың бәрі де қазақ кедейлеріне әлеуметтік-экономикалық жағынан ешқандай жеңілдік әкелген жоқ. Өйткені патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі феодалдық үстем таптың мүддесін қорғады (1. 200)

1867—1868 жылдарда қабылданған әкімшілік реформаларына сәйкес отаршылдық өкімет органдары, феодалдық-патриархалдық жоғарғы топтар мен байлардың позициялары нығайтылды. Еңбекші халықты бағынышты етіп ұстауды көздеген мықты әскери-бюрократиялық басқару аппараты құрылып, алым-салықтар бұрынғыдан да көбейді. Мал, жер үшін алынатын салықтардан басқа, кездейсоқ жұмыстарға төленетін «қара шығын», қожа-молдалар алатын «ұшыр» мен «пітір», болыстық әкімшіліктің, қазы-соттың, чиновниктердің қажетіне, күтіміне жұмсалатын қаржы, әскери бөлімдерге берілетін көлік — бәрі де жарлы кедейлердің арқасына батып, еңсесін езген ауыртпалық болды (1. 234, 238). ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ақындық поэзияда халықтың осынау хал-күйі бейнеленді.

Өзінің жарқын творчествосымен осы тұста көзге түскен ірі таланттардың бірі Сүйінбай еді. Академик-жазушы Мұхтар Әуезов «Жетісу ақындарының алтын дінгегі» деп бағалаған Сүйінбай айтыстарында, өлең-жырларында үстем тап озбырлығын шенеген турашыл ақын болды. Жамбылдың «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деуінің мәнісі де осында. Ол одан Өтеген, Сұраншы, Саурық батырлар туралы дастандарды үйренді және оның көптеген жыр, толғаулары мен айтыстарын жаттап айтып жүрді.

Жамбыл өзінің Сүйінбайдан бата алғанын былай деп әңгімелейді: «Елдің аузы ораза еді. Қасымда бір жігіт бар, екеуміз жайлаудағы елді аралап жүріп жа-

рапазан айттық. Қыдыра айтып келе жатып, Сүйекеннің үйіне кездесіп қалған екенмін... Әлден уақытта үйге шам жағылып, Сүйекеннің бәйбішесі далаға шықты. «Балам, ақын үйге түссін дейді, үйге түсіндер», — деді. Біз үйге сәлем беріп кіріп келдік. Сүйекен өзі де тұрып отыр екен, сәлем алып, амандасып, бізді қасына отырғызды... Сүйекен біраз отырды да батасын берді. Мен Сүйекеннің батасын алған соң ешкімнен именбей өлеңді бұрынғыдан да батыл айта бердім» (5. 12). Осыған байланысты Сүйінбайдың ел аузында сақталған екі ауыз өлеңі де бар:

О, Жамбыл, бата дедің — бердім саған,
Бақытты, өмірлі боп, жүргін аман.
Батасын ат орнына берді ғой деп,
Қоймағын былай шығып кінә маған.
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға риза болсын айта барғын,
Осымен өкпелемей жүрсін маған (6. 40).

Жамбылдың әкесі Жабай (Жапа) 1889 жылы 87 жасында, шешесі Ұлдан одан бес жыл кейін, 1894 жылы қайтыс болады. Ақынның жеке өмірі, үрім-бұтағы жайында қысқаша мәлімет мынадай: ол онсегіз жасында Момынға үйленіп, одан бес перзент (Қожас, Әйімхан, Қожамберді, Қожақ, Күнтай) көреді. Ағасы Тәті ерте өліп, одан қалған бала Сәтішті асырап алады. Інісі Қоман дүние салғаннан кейін оның әйелі Талғайратты ағайындары әмеңгерлік жолымен қосып, бұл семьяда тағы да бір ұл (Аққұлы), бір қыз (Ақбала) дүниеге келеді. Қоманның өзінен Қара, Токқұлы деген екі ұл қалады. Момын қайтыс болғасын Жамбыл Қанымжанға үйленеді. Одан Алғадай, Шыныбай, Ізтілеу, Тезекбай туады. Алғадай мен Шыныбай Ұлы Отан соғысында қаһармандықпен шайқасып, қазаға ұшырады. Кенже ұлы Тезекбай Жамбыл музейінде (1947 жылы ашылған) ұзақ жыл қызмет істеп, 1985 жылы 72 жасында қайтыс болады. Балаларының ішінде Қожастың ғана ақын аты шықты, ол 1932 жылы дүние салған (8). Жамбылдың немере-шөберелері бұл күнде ата мекені—Жамбыл ауданында (Алматы облысы) тұрады (7. 11).

* * *

Ел аралап, ас-тойға қатысып өлең-жыр айтуды кәсіп еткен ақынның қайда барып, кіммен кездескенін оның

сол ел аузында сақталған шығармаларынан білуге болады. Айтқыш өнерпаздар жүрген-тұрған жерінде өз басынан кешкен елеулі оқиғалар туралы үндемей кетуі мүмкін емес. Сондықтан Жамбылдың да творчестволық өмірбаяны, ақындық ортасы, географиясы оның жыр-толғауларынан, арнау өлендерінен, айтыстарынан айқын аңғарылады.

М. О. Әуезов Жамбылдың тағлым алған ұстаздары мен тұстастары жөнінде айта келіп, олардың қатарында Сарбас, Қалабай, Қуандық, Қожантай, Досмағанбет, Әмір, қырғыздың манасшы, жомақшыларынан Балық, Тыныбек, Қалығұл, Қатаған, Арыстанбек, Найманбай, Қалмырза, Шойке, Сағымбай, Жақшылық есімдерін атайды (9. 178, 179). Бұларға қоса Шөже мен Бөлтірікті, Майлықожа мен Құлыншақты, Балуан Шолақ пен Шашубайды, қырғыздың даңғыл ақыны Тоқтағұлды айтсақ, жыр алыбының творчестволық төңірегі қаншалықты ауқымды екеніне көзіміз жетеді. Ол қазақтың да, қырғыздың да күйлерін шебер орындаған. Қырғыздың әйгілі күйші, композиторы Мұратәлі Күреңкеевпен (1860—1950) ұзақ жыл шынайы достық, творчестволық байланыста болған. Бақтыбаймен айтысында «Тастап кеттім бір сарын, қырғыз, қазақ еліне» дей келіп, жасынан ірі ақындардың қатарынан орын алып, үлгі-өнеге көргенін, оларды «пірім еді бас ұрған» деп қадір тұтуы да ақынның өнеге алған ортасының кендігін көрсетеді.

Жамбылдың Октябрь революциясына дейінгі өлең-жырлары 1930—40 жылдары ғана ел аузынан, ақынның өз айтуынан жазып алынды. Әрине көпшілігі ұмытылған. Ұзақ жылдар өткеннен кейін қазаққа түскен қайсібір шағын туындылардың өзін де толық деп айту қиын. Ауызша сақталған шығармалар алғашқы нұсқасынан кейбір өзгерістерге ұшырауы да мүмкін. Ақынның академиялық жинақтарында жарияланып жүрген революцияға дейінгі өлеңдерінің жалпы саны елу шақты (1200 жол) ғана. Алайда бұлардың идеялық, көркемдік бітімі шын шебердің, шынайы таланттың творчестволық қарымын танып, оның өмірге, заманға әлеуметтік көзқарасы жайында түйінді пікір айтуға толық мүмкіндік береді. Жамбыл хат танымаған, әкімшілік-шаруашылық қызметке араласпаған кісі. Сондықтан оның өмірбаянын тек ғана шығармаларына байланысты қарауға болады.

Жас баланың әкесінен рұқсат сұрап, ақиық ақын Сүйінбайдан бата алып, оның жолын ұстануы өмір-тіршіліктің болмысын байқап, өзінің келешегін ерте болжай білгенін аңғартады. Жамбылдың сол кезде-ақ әкесіне айтқан:

Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке, —

деген ой-тұжырымы да өлең оның өмірбойғы абыройлы ісі, сүйікті кәсібі болып қалғанын байқатады. Оның мешіттен безіп, оқудан бас тартуы молданың дүресінен қорыққандықтан емес, діндарлықты қаламайтындықтан, ондай жолмен жүргісі келмейтіндіктен болса керек. Әйтпесе «Оқығанша мен одан, домбырамды қолға алам» деп айтпас еді. Ақынның бала кезінде қалыптасқан осы өжеттігін кейінгі өлең-жырлары да нығайта түседі.

Бұл Жамбыл бір сөйлесе қызып кетер,
Пәтуа-бірлігінді бұзып кетер,
Ебін тауып ұстамай өшіктірсен,
Байлап-матап койсаң да үзіп кетер!,—

дейді ол. Осындай «от ауызды, орақ тілді» ақынның өлең-жырларын жанрлық тұрғыдан: арнау өлеңдер, өсиет өлеңдер, махаббат лирикасы, әлеуметтік лирика деп топтастыруға болады.

Арнау өлеңдер негізінен игі жақсыларға (әкеге, ағаға, ақынға, батырға), үстем тап өкілдеріне (байға, болысқа), дін иелеріне (молдаға, қажыға), ауылдың басқа да адамдарына (кедейге, құрбыға, ұрыға, мешкейге, сараңға) жүзбе-жүз айтылған. Әрине әрбір әке баласының ел қатарлы азамат, тіпті қатарының алды болуын қалайды. Жабай да еті тірі баласын молдаға оқытып «көзін ашуды», аларман-шабарман «жарамды жігіт» етіп өсіруді ойлады. Көпті көрген әке қиқар ұлының ақындық жолға түссе ұлықтармен тіл табыса алмайтынын да сезді. Бірақ Жамбыл «Қинама, әке, қинама, болмас енді зорлаған» деп үзілді-кесілді көнбей қойды. Сөйтіп «Шағым», «Әкеме» деген өлеңдерінде әкенің айтқанымен емес, өзі қалаған жолмен жүретінін айқын мәлімдеді.

«Сарыбайға» деген өлеңінде жас Жамбыл өзінің әлеуметтік танымын айқын аңғартады. Ауыл «атқа мінерлерінің» берекесіз кәсібін, жағымсыз қылықтарын жіті байқайды:

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,
Айтқанды ақыл-нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?
Біреулер «қайтемін» деп қалтаңдап жүр,
Әркімнің аузына бір жалтаңдап жүр.
Біреулер біліп тұрып жете алмайды,
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?

Ақынның сол «біреулерге» наразылығы анық. Оны Сарыбайға айтуында мән бар. Сарыбай Айдосұлы жай адам емес, аталас ағайыны, беделді ру басы. «Кеудесіне нан піскен» қайсы біреулер», ұстауға күн мен айды жуықтап жүр». Бұлардан басқа «Қара сөзді қамшы қылып» өрнекті сөзді өнер тұтатындар да бар. Жамбыл ауыл адамдарының алуан түрлі мінез-қылығын, кәсіп-қаракетін саралай келіп, ал енді:

Қайсысын маған соның еп көресіз,
Әкетсем өзім тандап өкпелерсіз.
Сүйекеңнің сүйгенін ойласаңыз,
«Өлең болсын серігін» деп берерсіз, —

деп Сарыбайдың аузына сөз салады. Оның ниетін түсінген Сарыбай: «Балаң ақын екен, бетін қақпа», — дейді Жабайға. Әрине Жамбылға керегі де осы. Ол бұрынғыдан да қанаттана түседі.

Жамбыл Верныйға (1921 жылдан Алматы) бір келгенінде Сырттан есімді ер көңілді таныс жігітке кездесіп, бай, болыстардың алдында оның мәртебесін көтеріп, «Сырттанға» деген өлеңін айтады. «Қыдырәлі, Есімбек, Эрентальды сабаған» деп оның ұлықтарға қол жұмсаған батылдығына сүйсінеді. Кедей әрі ер көңілді Сырттанның екі баласын қаладағы орыс мектебіне бергенін құптап, «Екі балаң жетілсе құтыларсың табадан» дейді. Ақын бұл жерде ендігі жастардың келешегі діни оқуда емес, орысша оқып, білім алуда екенін дұрыс аңғарып, соны басқаларға да ескертіп отыр. Верныйда алғашқы орыс мектебі (приходская школа) 1868 жылы ашылып, 90-шы жылдардың ақырында Жетісу облысының алты уезінде (Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент, Пішпек,

Пржевальск) 61 оқу орны болды (1. 346). Мұнда қазақ балалары да оқыды. Ақын оларға зор үмітпен қарады.

Жыр алыбы ұстаздарын дәріптеумен қатар, әріптес тұтастарын да құрметтеп, әділ бағалай білген. Осының бір мысалы — «Тілеміске» деген өлеңі. Тілеміс оның құрдасы, үзенгілес жолдасы, тілді ақын болған. Елге өктемдігін жүргізіп тұрған Қасқараудың (ру аты) мықтылары — өзінің ағайындары Ноғайбай мен Кебекбайға айтқан Тілемістің өткір де ащы мысқылына риза болған ақын былай дейді:

Ей, Тілеміс, Тілеміс!
Тілің мірдің оғындай.
Тиіп кетсе күйдірген,
Сексеуілдің шоғындай.
Қарсы келген жау болса,
Құтылмайды соғылмай.

Өткір тіл де мықты қару екенін: «Кебекбай мен Ноғайбай тіліңнен-ақ именіп, жүр ғой сені соға алмай!» деп дәлелдей түседі. Ақынды және оның өнерін, әсіресе, өжет мінезін, шындықты бетке айтудан қаймықпайтын қайсарлығын құрметтеудің тағы бір белгісін Токтағұлға арналған өлеңнен де көруге болады. Токтағұл Сатылғанов — (1864—1933) қырғыздың атақты халық ақыны. Ол 1898 жылы бай-манаптардың жаласымен Сібірге айдалып, көп жылдан соң елге оралғанда 1912 жылы Үлкен Кемін деген жайлауда қырғыздың ірі манабы Жантайұлы Шәбденнің асында бұған кездескен. Жамбыл «Келдің бе ақиығым алыс жерден, өтіпсің самғап ұшып асқар белден» деп амандасқаннан кейін, оның бұғаудан қашып шығып («Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген»), туған жерге аман-есен жеткеніне («Ер ғана елін табар іздеп жүріп») қуанышын білдіреді.

«Жағынба босқа байға Омар ақын, байлардан саған мынау кедей жақын», — дейді Жамбыл өзімен айтыспақ болған Омарға. Байға жағынып, одан ат мінудің қорлық екенін, ондай бишара ақынды «қанатымен соғуға» аяп тұрғанын айтады («Өлеңші Омарға»). Демек ол батылдықты, турашылықты жақтап, жарамсақты даттап қана қоймайды, әріптестерін еңбекші халықтың мұңын жырлауға шақырады.

Жамбылдың ақындарға арнаған өлеңдерінің ішінде өзінің ұлы замандасы Абайға жолдаған сәлемі айрықша орын алады. Өлең Абайдың Ділдәдан туған екінші ба-

ласы Әбдірахманның (1868—1895) қазасына байланысты шығарылған. Әбдірахман 1895 жылы 1 январь күні қайтыс болып, көктемде сүйегін алып қайтуға інісі Мағауия серітерімен келгенде, Жамбылдың көрмесе де, атына қанық Абайға арнап ел атынан айтқан көңілқосы бар:

Сәлем айт барсаң Абайға,
Кенесі кеткен талайға.
Ауырды женген кара жер,
Сабырлы болсын қалай да!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ашысын татып күймесін,
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды тәңір басуы-ай.
Нар көтерген ауырға,
Арқасын тоссын жасымай!

Орысша оқып білім алған озық ойлы жас жігіттің халқына қызмет етуге енді ғана кіріскенде мейрімсіз ажалға душар болуы әкеге қандай ауыр болса, оны сүйген елге де қатты батып отырғанын Жамбыл аз сөзбен анық жеткізген. Ол Абайдың творчествосымен жете таныс болмаса да халық мұңын жырлаушы көзі ашық кемеңгер ақын екенін біліп, жоғары бағалаған.

Жамбыл таптық қоғамның даму заңын білмесе де жігін танып, кереғар айырмасын түсінген реалист ақын. Ол тұрмыс, тіршілік құбылыстарын, еңбек, кәсіп машахатын, бай мен кедейдің арақатысын жіті пайымдап, шыншылдықпен суреттейді:

Малы көп бай ертемен жейді қаймақ,
Қой шығарып кедей жүр, қозыны айдап.
Ең болмаса айранға тойғызса деп,
Жатса-тұрса тілейді «а, құдайлап».

Кедей мен байдың айырмасы аш-тоқтығында ғана емес, сана-сезімінде екенін бірінің (кедей) жомарт, екіншісінің (бай) сараңдығы арқылы да сипаттайды. Осыдан байдың мейрімсіздігі, малжанды дүниеқорлығы көрінеді («Сараң бай мен жомарт кедей»). Кісі есігінде жалшылықта жүрген жас жігіт Қалқабайдың аянышты тағдырын еске түсіріп қынжылады:

Қайтіп жаның ашымас,
Неткен заман қатыбас!

Еткен еңбек, төккен тер,
Қалай түкке татымас?!

Еңбектің өтеуі, тердің төлеуі жоқ заманға қарғыс айтқан ақын: «Мұныменен Қалқабай, сордан көзің ашылмас», — деп жас жігітті қайрай түседі. Бұған көнуге болмайды деген астарлы ой аңғартады («Кедей күйі»). Аш-жалаңаш халықтың байлардан өшін алуға тиіс екенін «Есенәлі мешкейге» деген өлеңінде ашық ескертеді: «Сен тойғанмен біреулер аш қалып жүр, деп ойлама түбінде терінді алмас!».

Көшпелі ауылдағы аш-жалаңаш жүріп, ауыр бейнет шеккен, тіріде еркі, өлсе құны жоқ жалшының кәсіп-тіршілігін айқын бейнелейтін тағы бір өлең — «Жылқышы»:

Сары түнде сарылып кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сақарада салақтап күндіз-түні,
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Байлар ұры жұмсап, реті келсе кедейдің бірер малын иемденіп кетуден де тайынбайды. Бұған мысал: Майтөбе жайлауында екі атын жоғалтқан Жамбыл ауылы қуғыншыға ақынды жібереді. Ол аттардың ізіне түсіп, байдың үйіне келеді де: «Екі жылқы алдырды, Майтөбенің жонынан» деп мән-жайды түсіндіреді. Ақырында: «Ізі осылай ойысты, қуып келем соңынан» деп қадалғаннан кейін бай әшкере боларын сезіп, екі атты қайтарып береді («Қуғын»). Осындай қылықты айыптаған өлеңнің бірі «Пұшықтың ұрыға айтқаны» деп аталады. Бұны ол ауылдасы Жиенбекке шығарып берген. Мұнда да ұрылар ақынның өткір өлеңіне шыдай алмай, атты иесіне қайтарады.

Жазба ақындарға қарағанда өлеңді шаршы топта тосыннан тауып айтатын халық ақындарының творчествосында махаббат лирикасы сирек кездеседі. Суырып салма өнер иесінің сүйіспеншілік сезімін ашық айтуға мүмкіндік алатын кезі көбінесе қайым айтыс. Басқа уақытта қызға өлеңмен ғашықтық көңіл білдірудің (хат арқылы болмаса) реті келе бермейді. Жамбыл сияқты хат танымайтын ақын тек өзінің өжеттілігімен ғана махаббат сезімін жалпы жұртқа жария етпек. Осы ретте оның:

Айрылдым арманменен қайран, Бұрым,
Айдай ед толықсыған аппақ нұрым.

Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырн, —

деген өлеңінің өзіндік сыры бар. Бұрым Қыдырма қызы (Айқым руынан) — жас Жамбылдың алғашқы махаббаты. Бірақ оны Шыбыл ішіндегі бір бай баласына айттырып қойған. Ел жайлауға көшкенде екі жас уәделі жерде кездесіп, жігіт қызды алып қашады. Өз үйіне апаруға жүрексініп, Сарыбайдың інісі Саржанның үйіне паналатады да, өзі сыр білдірмей Сарыбайдыкіне келеді. Ондағы ойы — Сарыбайдың беделін пайдаланып, қызды алып қалу. Сөйтіп екі рудың арасындағы дау-жанжалдың шешімі Екейдің биі Сарыбайға тіреледі. Би «елдің шырқын бұзасың» деп Жамбылдың қылығын құптамайды. Сөйтіп ақын арманда қалады.

Қәмшат қызға арналған өлеңнің сипаты бөлек. Керім деген байдың кермиық кербез қызы «жалбыр шекпен жаяу» ақынды менсінбейді («Секілді алтай түлкі сылаң қағып, шеніне келтірмейді емін-еркін»). Жамбыл да «сырын» жасырмайды («Болғанда сыртым қораш, ішім сұлу, сол ғана жүрегіме берген жылу»). Байлық та, сұлулық та баянсыз, өткінші құбылыс екенін айтады («Солмай ма көктемдегі әдемі гүл, онбай ма бетке біткен әдемі тұр») Ақын Қәмшат қыздың такаббар мінезін сынап, оған бас ұрмайтынын білдіреді, албырт жүрек асқақ көңілін көтеріңкі ұстайды.

Жамбылдың келіндері мен жеңгелеріне, қатар құрбыларына шығарған әзіл-қалжың өлеңдері де ел аузында сақталған. Әдетте ақын бір үйге қыдырып барады да, байқаған, көрген жәйтті табан астында тапқыр қалжыңмен айтып салады. «Сараң келінге», «Кесірлі қатынға», «Әзіл» — осындай өлеңдер. 1896 жылы күзде болса керек, көрші қырғыз ауылына барып, әдет бойынша үй сыртынан «Кім бар-ау!» деп дауыстайды. Бір қыз тысқа шығып: «Қоқи, абышқа тұрбай бар!» — деп қайтадан үйіне кіріп кетеді. Ақын үйге түсіп қонақ болады. Кейін қоңсы-қолаң жиналып, өлең-жыр айтылып, маз-мәйрам боп отырғанда манағы «абышқа» деген сөзге (қырғызша «шал») намыстанған Жамбыл:

Абышқа ма, қарашы,
Біздің әсем дауысқа...
Айтқан сөзім шет болса,
Сынатайық қалысқа, —

деп қызға наз білдіреді.

Өмірдегі жамандық атаулының көпшілігі жеке адамның бойындағы жағымсыз қылықтардан туындайтынын білген ақын қисық мінез, қыңыр әдетті сынға алады. «Таппаспын сендей салақты» деген өлеңінде өзін үйіне қонаққа шақырған жігітті сынайды. «Атаң сенің Таңатты, жұртты аузына қаратты» деп оның жақсы кісінің ұрпағы екенін есіне салады. Бірақ сен атаң тартпапсың дейді оған. Дастарханға арақ қойғанын және өзінің салдыр-салақтығын ұнатпайды. Жастар атаның жақсы дәстүрі — сергектікті, жинақтылықты, ұқыптылықты бойына сіңіруге тиіс, жағымсыз қылыққа, әсіресе, маскүнемдікке үйір болма деген ойға меззейді.

Жамбылдың дін иелеріне көзқарасы ілгеріде айтылды. «Тәйтi мен Шыбыл шалға» деген өлеңінде туған ағасы Тәйтiнің Мекеге барып қаза болған хабарын естігенде қатты қайғыра қоймағанын сездіреді («ақшаңды шаш, ағайын малыңды же, жақсы өлімге жабығу болар қате»). Бұл оның қатігездігі емес, ағасының дін жолындағы ниетін құптамағандығы болса керек. Тәйтiнің киімі мен ақшасын Шыбыл руынан барған Сәуірбай шал иемденіп, елге қажы болып оралады. Жамбыл оны әшкерелеп әжуалайды:

Мекеге біреу барса Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсаң шығындарсын.
Кебiнiң өлгендердiң жиып алып,
Акіретке барғанда шырылдарсын.

Әділмін деп жүрген ауыл ағасы Сарыбайдың молдасы да ұры екенін ақын ашып айтады («Байұзақ молдаға»). Жамбылдың молдадан жас күнінде-ақ безінгені белгілі. Есейіп, өмір-тіршіліктің байыбына барған сайын олардың халықты «көгертпейтініне» көзі жете түседі.

«Кәдірбайдың төбетінде» ол тосын оқиғаны суреттеу арқылы даңғой байдың, дарынсыз ақындардың өрескел парықсыздығын, топастығын әшкерелеген.

...Ақынның аты аяғын алдырып, айдалада жаяу қалдырады. Кешке дейін өзінше ем-дом жасап, атының аяғын суытып, от шалдырып, суарып, тынықтырады. Қас қарайып, түн болады. Ай туады. Жамбыл көңіл көтермек боп, домбыраға қосылып, ән салады. Түнгі салқында алыстан дауысты естіген жолаушы атының басын осылай бұрады. Бұл: «Шырағым, мен Жамбылмын, өзін қайдан, атың кім?», — дейді. Келген жігіт жөнін айтып:

«Барып кетсең болмай ма, Кәдірбайдың үйіне?», — дейді. Кәдірбай деген байдың қой күзететін иті өліп, соған қатты қайғырып жатса керек. Жан-жаққа ат шаптырып, ақын жинапты. Итін мақтағанға шапан жауып, ат мінгізеді-міс. «Сенен озар жоқ ақын, сен ғой соны алатын», — дейді жолаушы жігіт.

Осыны естіген Жамбыл байдың үйіне келіп түседі. Келсе ақындар қызыл өңеш боп, Кәдірбай мен төбетті жер-көкке сиғызбай жарыса мақтап отыр. Кезек Жамбылға келеді. Оның «ойына келгенін айтатын» қиқарлығын білетін Кәдірбай оған тіксіне қарап: «Кәне, бері жақын кел, төбетімді жырлап бер», — дейді. Жамбыл: «Ей, жыршылар, жыршылар, жыр айта ма осылай?» деп алдымен ақын-жыршыларды сынайды. Олардың ат-шапан үшін бай мен итті мақтап, арам тер болғанына ренжиді. Айыбын бетіне басады: «Өлеңін сатқан қу кезеп, ол бір шыбын, сұр көжек». Ақындарды осылай жасқап алғаннан кейін «Ал, Кәдірбай құлақ сал, Жамбыл сөзін тындап қал» деп бетін байға бұрады:

Ауылды торып аңдыған,
Қасқырды талап қан қылған,
Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан, ауылды,
Кетпеймін айтпай онымды:
Қайнатып құдай сорынды,
Ит өлмей-ақ сен өлсең,
Болар ед тым-ақ орынды!

Азулы ақынның бай мен молда, би мен болыстың талайын тіл найзасымен түйрегенін айттық. Бірақ дәл осы Кәдірбай сияқты «ит терісін басына қаптап» масқаралағаны жоқ шығар, сірә. Бұған, әрине, адамнан итті артық санайтын Кәдірбайдың өзі кінәлі. Тірідей өлген ол қанша долданса да көпшілікке қадірлі Жамбылға бата алмайды.

Еңбекші бұқараны қанаушы байлар мен дін иелері ғана емес, патша өкіметінің жергілікті өкілдері — болыс, би, старшин, манап, датқа лауазымды қызметшілер. Ақын бұларға айрықша шүйіледі. Елден алым-салық жинап жүргендерге жол үстінде кездесіп: «Төментіңнен келесің екі қуым» деген сықағын айтады. «Қанын сорып екеуің атқа мінсең... елден тиын қоймайсың түтін санап», — деп жемқор қылықтарын мінейді.

1900 жылдары Шамалғанда бір той болып, сонда Жамбыл атын ұрлатады. Ұрылар Жанғойлық ауылынан

екен. Смайылов Мәнке деген болысқа шағым айтып барса, ол ұрының сөзін сөйлейді. Мән-жайды аңғарып қалған ақын сол жерде болыстың параға жығылғанын бетіне басады. «Жанғойлық болысы пысық келеді, мұрындары пұшық келеді» деп оны кескіндеп алады да, «сөздерін ұзарта келеді, өңешін қызарта келеді» деп «түлкі бұлаң» қулығын, құлқын құмар пиғылын әшкерелейді («Мәнке туралы»).

Ыңыранып отырып алады,
Әралуан қырға салады.
Ақыры «құдай жарылқап»,
Қалталарын толтырып алады.

Өз ауылында старшин болған Майкеұлы Кәкімнің де параға құнығып кеткенін ашынып айтады («Бір тояйын дедің бе, ақысын жеп жетімнің?»). Дәулетті семьядан шыққан офицерлік чині бар Ордабайұлы Қали деген жігіттің тәкаббарлық мінезін сынайды. «Сойылыңды соғып тұр, ұлығың мен болысың» деп оның «мықтылығын» мойындай отырып, өз мақсатын да жасырмайды:

Жүзім қайтып көрген жоқ,
Сенен қорқып нетейін.
Күле-күле жүрсін ел,
Менменсіген бейліңді,
Елге жайып өтейін.

Өшіккен бай-болыстар да қарап қалмайды, есебін тауып Жамбылды мұқатпақ болады. Меркенің байы Мәмбет бұрын Жамбылды қонақ етіп сыйлаған екен. Кейін ол Суықтөбе тауының Қастек асуындағы бір жиынға келе жатып, сынау үшін ақынның үйіне түседі. Құбатөбел тұрмыс халін көрген соң көңлі көншімей, қонбай кетеді. Ондағы ойы Жамбылды мұқату. «Жамбыл түзде көріп, үйде көретін кісі емес екен», — деп сөз таратады.

Бұған шамданған ақын ертеңіне Мәмбетті іздеп барып, жұрт алдында былай дейді:

Үйім жаман болғанмен,
Сөзімді жұрт сыйлайды.
Айтқандарым жаққан соң,
Алыс-жақын тындайды.
Сен жамандап кетсең де,
Мені жұртым қимайды.

Ұзынағаш базарынан Қарақастекке қайтып келе

жатқан Ескожа ауылының болысы Құдайбергеннің жанынан бір жараулы ат мінген Екей ауылының Таңат деген бозбаласы шауып өте шығады. Бұған қатты намыстанған болысы оны шаңға көміп кетпек болып, атына қамшы басады. Анау жеткізбей кетеді. Ауылға келгесін болыстың семіз аты қызылмай боп, пышаққа ілінеді. Ақын оны келемеждеп («Сенің де кетіпті ғой басың ауып»), жалған намысқа желігіп, опық жеген болыстың даңғойлығын күлкі етеді.

Жамбыл болыстарды сынағанда олардың мінез-құлқын айтып ғана қоймайды, ісінің нәтижесін де тілге тиек етеді. Ең бастысы — адамның сыртқы пішіні, мінезі, сөзі емес, ісінің нәтижесі екенін ескерте келіп, Ұзын Қарғалы болысына қайта сайлануға әрекет жасап жүрген Ниязбеков Сәтті дүйім жұрттың алдында әшкерелейді. «Лашын құстай таранып, сыртың сұлу көрінгенмен» ісіңнің берекесі жоқ: жер тозды, мал жұтады, оның үстіне: «Шығынмен де шаршаттың, енді қайтіп күй енер?!», — дейді. «Асқанға тосқан бар» дегенді ескертеді: «Қазбасам да мен онша, елдің өзі-ақ жүйелер!»

Шалтабай әкесі — Құдайберген де, өзі де ел басқарып «сіңірі жуандап» кеткен шонжар тұқым. Жамбыл оның мінез-құлқын да, әдіс-айласын да жақсы біледі. Сондықтан бар болмысын тап басып тауып айтады:

Салқын келіп тоң-торыс,
Сыртқа сыздап қарайсын.
Семен басқа жоқ болыс, —
Деп өзіңді санайсын.
Шарға түсер шағында,
Кара тер боп сабылдың.
Аялған жоқ малың да,
Ақжем болып шабылдың.
Елге сөзің жеткенше,
«Жамағат» деп жалындың.
Қол билікке жеткен соң,
Салғырттыққа салындың.
Сан рет кеп алдына,
Сағым сынып сарылдым.
Сазаратын Жамбылға,
Саған сонша не қылдым?!
Еяқсы басы қаңғырар,
Бабын таппай тамырдың.
Жанды есінен тандырар,
Қиынын-ай бабыңның!

Осы арнау өлең сол кездегі би-болыстардың типтік бейнесін көзге елестетеді. Сайланар алдында мүләйім-

сіп, сайланып болған соң «құдайымсып» кететін жыл-пос, табансыз, өркөкірек болысты Абайдың да сықақ еткені («Күлембайға») мәлім. Бұлар «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген қағиданы ұстанған дәуірдің кейіпкерлері. Заманы бірдің амалы бір — болыстардың егіздің сынарындай ұқсастығына таңдануға болмайды. Ал Абай мен Жамбылдың оларды айнақатесіз дәл суреттеуінде екі ақынның идеялық, әлеуметтік түйсік-танымының бірлігі байқалады.

Әкесі Сарыбай Екейдің басын біріктіруге әрекет істесе, баласы Қисыбай оған керісінше, ру араздығын қоздырып, өзінше «шолақ саясат» ұстанған. Верныйдағы әскери билеу тәртібіне арқа сүйеп, әкімшілікті қолдан шығармауға тырысқан. Жамбыл оны ағайын тұтып, көмек алып тұрған, бірақ мінін де жасырмай бетіне айтқан. Қаракесектегі бір тойға барарда шапан, етік сұрап киіп, «Ей, Қисыбай» деген өлеңді сонда айтқан. Осында мынадай шумақ бар:

Қисыбай, іс істедің ебін таппай,
«Үш тоқал» болыс болды атпай-шаппай.
Күртібай «үш тоқалға» еріп кетті,
Адасқан ай жарықта акбоз аттай.

Жамбылдың ілгеріде аталған сегізінші атасы Жәрімбет төрт әйел алған. Бірінші әйелінен туған балалары «бәйбіше» тұқымы болып, басқаларынан бөлектеп жүреді. Басқа үш әйелден туғандары енші алыспай «үш тоқалдың балалары» болып, бірігіп күн көреді. Кейін олардан тараған ұрпақ «үш тоқал» аталып кетеді. Сөйтіп Жәрімбет ұрпағы екі топқа бөлінеді. Қисыбай да, Күртібай да «бәйбіше» тобынан, Жамбылға аталас. Екі топ болыстыққа таласқанда Күртібай дүниеге сатылып, «үш тоқал» жағына шығып кетеді де, солардан болыс болады. Оны Жамбыл «ебін таппаған» Қисыбайдың оғаш қылығынан көреді. Бұл өлең «екі әйелдің баласы — екі рулы ел» дейтін ескі заманның әлеуметтік психологиясын аңғартады.

Ұзынағаш базарында Қисыбай ұлықтарына Жамбылды таныстырады. Тілмаш қылышын нұсқап: «Кәне, ақын болсаң, бізді мадақтап айтшы», — дейді. Жамбыл кідірместен: «Қолына қылыш ұстаған, ақыл ойы қысқадан» деп тілмәшті бір түйреп алады да, халық мұның айтып біраз толғайды. Базар қымбатшылық, ұры-қарыға тыйым жоқ. Шаруаның халі нашар, көпшілігі баспа-

насыз. Егіндік, шабындық жері болмағасын байдың малын бағып, егінін салған жарлы диқан адал еңбегінің ақысын ала алмай жүр. Хал-жайды осылай баяндап, халықтан алынатын салықтың «жығылған үстіне жұдырық» болып отырғанын айтады.

Шабарманы шаптығып,
Барады елді шыдатпай.
Болыс, төре, билерді,
Кедейлер отыр ұнатпай.

Сөзінің соңын: «Кедейлерге теңдік бер, қысы-жазы шулатпай!», — деп түйеді. Тілмәш арқылы сөз атымын аңғарып тұрған чиновник Қисыбайға көзін алартып, үндеместен базардан шығып кетеді. «Шындықты айтқан Жамбылды, төрелер кетті ұнатпай» деп ақын қалың топтың ортасында қала береді. «Айта бер!» деп қаумалаған көпшіліктің қалауымен шабыттанған ол («Жиналып халық тұрғанда, тыңдауға көңіл бұрғанда, сөз дариясын қозғайын...») ағыл-тегіл жыр төгеді. Байлардың, болыстардың, ұлық-төрелердің халыққа көрсетіп отырған қысымын тағы да әшкерелейді. Ұзақ өмірінде көзі көріп, куәсі болған кешегі мен бүгінгі сабақтастыра баяндайды. Жақсылықты ертенгі күннен күтеді:

Түн қараңғы дүниенің,
Ататұғын таңы бар,
Қараңғының шырағы,
Жанатұғын шама бар.
Дүниенің тұрағы —
Тағдырдың өлшеу сынағы,
Өркендейтін заңы бар.

Жамбыл жарқын болашаққа зор сеніммен қарайды. «Сөз тыңдар заман кез болса, зарықтырмай тез болса» дейді. Ондай заманға жету үшін халықтың қас жауы — билеуші әкімдер жойылуға тиіс («Алым-салық жинаған, жарлыны жаншып қинаған, дұшпанға құрық салынса»). Оларға кім, қалай құрық салмақ? Ақын оның жолын білмейді. «Айтшы халқым бекер ме, өмір өстіп өтер ме?», — деумен ғана шектеледі. Осыдан кейін «Асқар тау ғаріп емес пе, айдынды көлі болмаса» деп басталатын дәстүрлі шешендік толғау сарынымен қайсы нәрсе-нің несі ғаріп екенін санамалап, тізіп айтады.

Соның ішінде халықтың айтқаны болмаса, жігіттің еңбегі жанбаса, әділдіктің жоқтығы деп пікір түйеді де, замана жайына қайта оралады. «Ақыл айтар адам жоқ,

карсы тұрар шамаң жоқ» деп налиды. Акын мұнда өзінің көрген-білгенін, халықтың көкейіндегі ойын айтып отырғанын ескертеді («Осы өлеңге Жамбылды, көкірегі даңғылды, өмір шіркін үйретті»).

Әрине өмірдің шындығын айту бар да, оның себебін танып білу бар. Жамбыл ат төбеліндей аз топтың қалың бұқараны қанап отырғанын түсініп, үстем тап өкілдерінің психологиясын, еңбекші халықтың арман-тілегін жырлады. Олардың мақсат-мүддесіндегі кереғар қайшылықты ұғынды. Бірақ бітімге шақырған жоқ, қайта, байлар мен болыстарға қарсы шиыршық атып шүйілді («Міне осындай сұмдарға, жігері Жамбыл қайнасын»). Олардың зұлымдығын әшкерелеу арқылы еңбекші қауымның өшпенділігін арттыра түсті. Бұл ретте ол ешкімнен именбейді («Қызыл тілім іркілме, неден қорқып бұғайын»). Шындықты айту азаматтық борышым деп санайды («Заманның айғақ ақыны, кім айтар Жамбыл болмаса»).

«Әділдік керек халыққа» деп аталатын осы толғауында Жамбыл замана, уақыт, тұрмыс-тіршілік жайында тебіреніп, қанаушы өкімет пен езілген халықтың аражігін, өмір қайшылықтарын тереңірек ашады. Мұның ақыры неге апарып соғатынын болжайды. «Таң атпайын десе де күн қоймайды» дегендей, қараңғылықтың мәңгілік құбылыс емес екенін сезеді. Еңбекші халыққа азаттық, теңдік орнап, бақыт таңы ататынын сеніммен айтады:

Бақшалы сарай бағында,
Әділетті шағында,
Салтанат құрған халыққа,
Шындық пенен аныққа,
Сайрайтын бұлбұл табылар.
Бақыты үшін заманның,
Халықтың сүйген ақыны,
Бұлбұл болып танылар.

Автор-кейіпкер шартарапқа шапқылап «жер ұйықты» іздеген Асан қайғы да, Өтеген батыр да емес. Ол басқа жақта да «жұмақ» жоқ екенін біледі. Сондықтан туған жерден табан аудармай, жақсылықты келер күннен күтеді. Оның реалистігі де, патриоттығы да осында.

Жамбыл көрші қырғыз еліне қыдырып барғанда да кедей бұқараның мүддесін жақтап, шонжарларды сынаудан тайынбайды. Қырғыз манабы Шәбденге «Түнерген ел қабағы жабық жатыр, бірі ток, мыңның өзегі та-

лып жатыр», — деп жарлы халықтың жай-күйін айтады да, «Елден туып, ер болсаң, елге қара, шірік қурай ауылға қора болмас!», — дейді. Отырғандардың бірі: «Ханды мақтағалы келдің бе, боқтағалы келдің бе» дегенде Жамбыл: «Екеуі де емес, елдің мүддесін жоқтағалы келдім», — деп жауап береді (2. 398). Тағы бірде Шәбденге: «Ақынға дайын дейтін ат шапаның, шапан үшін мен сені мақтамадым» дейді.

Халық ақындарының творчествосында жиі кездесетін өсиет, нақыл, алғыс, бата түріндегі өлеңдер мен толғау-термелер Жамбылда да бар. Әрине мұндай өлең-жырды қандай ақын болса да біраз өмір көріп, тәжірибе арттырғаннан кейін шығарады. Өзінен бұрынғы және замандас әріптестерінің дәстүрімен Жамбыл да Жетісу өңірін, қырғыз жерін көп аралаған. Бір өлеңінде: «Тасыған судай арнадан, Жамбылдың жағы талмаған, жері жоқ Жамбыл бармаған» десе, тағы бірде мынадай қорытынды жасайды:

Бай жылтаң, кедей қылтаң, халық дарқан,
Көп жердің дәмін таттық сыбай-салтан.
Елімнің азаматын таныс қылған,
От жырым, қызыл тілім сенің арқан.

Ақын барған жерде қарапайым халықтың ықылас-бейіліне ризалығын білдіріп отырады. Балқаш көлінің бойындағы ауылдарды аралап қайтарда: «Ел едің құт дарыған Есім — Малай, қыдырып қызығынды көрдім талай», — дейді. Етек-жеңі кең ағайын едің, дәулетін де мол екен деп мақтай отырып, «Санатқа ілінбеген Қожан қалай?» деген бір сөзді қосып жібереді. Оның мәнісі: «Бір атадан үш ұл болыпты. Малай — бәйбішеден. Есім мен Қожан тоқалдың баласы екен. Қожан пысық болып, ағасы Есімді қой соңына салып қойыпты» (6. 31) Інісіне ашуланған Есім басқа ауылға көшіп кетіп, кейін ел сыйлайтын кісі болыпты. Содан кең пейілді Есімнің аты шығып, Қожан қу ауызға ілінбей қалыпты. Осы әңгімені естіген Жамбыл оның ғибраттық мәнін ескеріп, әдейі тілге тиек етеді. Елге деген зор сүйіспеншілігін білдіріп, «сөге жамандамандар» деп қоштасады. Ауыл-елді аралап, әлді, аухатты кісілерді мақтап өлең айту Жамбылдан бұрынғы және сол кездегі ақындардың бәріне де үрдіс болған әдет. Бұл күнкөріс қамынан туған тіршілік қаракетімен Жамбылдың да айналысқан кездері бар. Бұған осы өлеңіндегі: «Ат міндім, атан алдым, шекпен

кидім, жөнім жоқ сені мақтап сөйлемеске» деген сөздері дәлел. Елдің береке-бейіліне риза болған ақын қоштасу түріндегі өлеңінің соңын жыр үлгісімен түйеді: «Енді айналып келгенше, аңсай-аңсай жүрейін... Қош-аман бол, құрметті ел, қадіріңді білейін!»

Қадірмен ақыннан бата сұрау — ел дәстүрі. Ақын оны нақтылы жағдайға қарай өзгертіп, толықтырып, немесе жаңадан шығарып айта береді. Жамбылдың жинағына енген осындай бір «бата сөзі» бар. Онда, ең алдымен, от басына тыныштық («Ылғи болсын мамыражай»), сонан соң перзент («Қос-қос туып ұл мен қыз») тілейді. Балалар ер жетіп мал бақсын, егін ексін, біреуі елге аға болсын («Сөз сөйлесін біреуі, көп ішінде сүбелеп») деген тілек айтады. Бұл дәстүрлі бата сөздің мазмұн-желісімен сарындас өлен.

«Ойхой дүние серуен, адам бір көшкен керуен» деп басталатын өлең («Өсиет») Жамбылдың айтуынша ұзақ жырдың бір түйдегі ғана (б. 38). Мұндағы: «Қылышбайдан таралып, сөз нұсқасы келінген, дос-жаранға, кем-тарға, қайырлы бол делінген», — деп келетін жолдардан өзінің замандасы белгілі Қылышбай ақынды қадір тұтқанын көреміз. Қылышбай Ержанұлы (1851—1926) Мойынқұмда туып-өскен, Шу, Талас өңіріне мәлім болған, Бұхарада діни мектептен тәлім алып, ауыл балаларына дәріс берген, өсиет, термелерді көп жазған шешен ақын. Жақсыны бағалай білетін Жамбыл оның творчествосынан да хабардар екенін аңғартады. «Дәулетіңнен не пайда, таусылмастай көрінген?». Бұл сараң байларға айтылған сөздің түйіні: «Жалғыз мұраң сол болар, қол қайырың берілген». Ақын аш-жалаңаш, жетім-жесір жарлыға көмектес деген өзінің ізгі ойын мұнда да сыналап жеткізеді.

Жамбылдың гуманизмі адамгершілік қасиеттерді уағыздау екені мәлім. Арнау өлендерде оны жеке фактілер, мысалдар арқылы ұқтырса, өсиет өлендерде тікелей санамалап айтып береді («Жігіттіктің кезінде, жігерлі болса ер болар»). Осындай термелеп басталған толғау («Артықша туған азамат») ақырына дейін ер-азамат, әсіресе жастар қандай болуы керек деген сауалға жауап ретінде шығарылған. Болашақтың иесі — жастар тағдыры ақынды қатты толғандырады. Өмірдегі ұнамсыз құбылыстарды, жағымсыз типтерді көп көрген ол ендігі жаңа ұрпақтан үлкен үміт күтеді. «Қажырлы болса майданда, халыққа сөзі ем болар» деп ел басқа-

ратын кісіні армандайды. Сұраншы, Сауырық, Өтеген ерліктерін еске алып, былай дейді:

Жамбылдың да серті бар,
Әділдік көрмей өмірден,
Жүрегінде дерті бар.
Ішіне Жамбыл түскен дерт,
Зұлымның салған өрті бар.
Қырандай Жамбыл қалқыса,
Өзі салған өрт-жалын,
Зұлымға қарай шалқыса,
Елдің серті — ел серті,
Дұшпанның басын шарпыса!

Ақын «кезенді жерде кез болса, қорқып тізгін тартпайтын» батырларды еске алғанда, сондай қол басшылардың енді не үшін қажет болып отырғанын да ашық ескертеді. Атап айтқанда олар бұрынғыдай елді сыртқы жаудан қорғау емес, ішкі жауды — қанаушы тапты құрту үшін керек. «Артықша туған азамат, халыққа үлкен бел болар» дегендегі ой да осыған саяды. Демек бұл арқылы ол жастарды адалдыққа, бірлікке, еңбекке шақырып ғана қоймайды, ерлік күреске, яғни «дұшпанның басын шарпуға» үндейді.

Токсаныншы жылдардың ортасында Садырмек есімді қадірлі кісінің асы болып, сонда шығарған «Садырмекке ат шапты» деген өлеңінде Жамбыл кедейлерге байлардан қоныс тартып әперген Садырмекті мадақтайды («Атаңа қорлық көрсеткен, Мырзабек пен Көшкенің, басына таяқ ойнаттың»).

* * *

XIX асырдың аяғы, XX ғасырдың басында Россия империализм дәуіріне аяқ басты да, патша өкіметі өзінің реакциялық, отаршылдық саясатын бұрынғыдан да күшейте түсті. Бұған бұқара халықтың наразылығы артып, революциялық қозғалыстар белең алды. 1905 жылғы бірінші орыс революциясының дүмпуі алыс түкпірдегі Жетісу өлкесіне де жетті. Қалаларда патшаға қарсы митингілер, ереуілдер болып жатса, ауылдарда шабындық, егістік, жайылым жерлерді тарылтпауға, алым-салықтың ауырлауына, чиновниктер мен болыстардың озбырлық көрсетіп, қиянат жасауына қарсы толқулар көбейді. Бұл жағдай Жамбылдың дүниетанымына да әсер етіп, демократиялық көзқарасын орнықтырып, дамытты. Оның азаматтық үні бұрынғыдан да айқын естілді. Шынында да осы кездегі өзге халық ақындарының творчествосынан «Кедей күйі», «Әділдік керек халыққа» тәрізді

енбекші бұқараның еркіндік аңсаған рухын білдіретін шығармаларды табу қиын. Бұл ретте Жамбылдың өз әріптестерінен идеялық көзқарасының ілгерілігін аңғаруға болады.

1913 жылы Верныйда Жетісу өлкесі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің көрмесі ұйымдастырылғаны жоғарыда айтылды. Сол жиынға шақырылған ақындар патшаны, оның жергілікті әкімдерін мадақтауға тиіс екен. Жамбыл бастаған топ мұндай екіжүзділіктен бас тартты. Әпербақан әкімдер оларға күш көрсетіп, еріксіз жырлатпақ болды. Жамбыл ұлықтардың біреуіне шағынбақ ниетпен барғанда көкірегінен итеріп кіргізбейді.

Әділетсіз ояздар,
Ақ таяқты оқталып,
Есігінде тұрады.
Жазығы жоқ Жамбылды,
Төбеден сілтеп ұрады, —

деген жолдарды ол соған байланысты шығарған.

Жамбыл шаршы топтың алдына шығып, патшаны, оның жандайшаптарын мақтау орнына, даттаған өлеңін («Өстепкеде») айтады. «Үйсін, найман саңлағы, Өстепкеге жиылдың» деп сөзін елдің «игі жақсыларына арнайды. Олар, әрине, патшаның жергілікті өкілдері — приставтар мен ояздарға қызметімен жағынуға келгендер. «Ұлық көрсең ұйлығып, желді күнгі қамыстай, жапырылып иілдің». Міне әлгі саңлақтардың сиқы осындай. Бұған ақын арланады: «Келтірдіңдер намысты, бек қорланып күйіндік». Бүйтіп жарамсақтанып күн көргенше үйде тыныш жатқанның өзі жақсы дейді ол. Жанын жалдап, жалған мақтап сый-құрмет алуды қаламайды, оңай олжаға малданбайды. Ақын өлеңін өзіне тән өр мінезді өктем рухпен аяқтайды: «Қор болмаймын өлгенше, өлеңіме-ақ сыйындым».

1941 жылғы 19 июльде (1 августа) Россия Антанта тобына қосылып, бірінші дүние жүзілік империалистік соғысқа кірісті. Әскери күші де, өнеркәсіп-транспорты да нашар дамыған патша өкіметіне бұл оңайға түскен жоқ. Соғыс орасан көп шикізатты, азық-түлікті, малды, қаржыны жалмады. Оның салдары Қазақстан мен Орта Азияға да қатты тиді. Ұзаққа созылған соғыста әбден қалжыраған Россия өкіметі «бұратана» халықтардан майданның қара жұмысына адам алуды көздеп, патшаның 1916 жылғы 25 июньдегі жарлығын шығарды.

«Осы көтеріліс кезінде Жамбыл бір сергігендей, атқа мініп жұрттың жиын жерлеріне қатысып, елдің патша үкіметі мен болыс, байларына қарсы толқынын, болыс, билердің опасыздықтарын, Алматыдағы ұлықтардың елге қаталдығын көріп біраз ызалы сөздер айтып» жүрді (9. 47). «Верныйден жандаралдар бұйрық қылды, құйрығы бұйрығының тіпті зілді» дейді ол патша жарлығының өз ауылына қалай жеткенін баяндап. «Зілді бұйрық» аталған осы өленде ақын патша жарлығының салдарын айқын штрихтармен ажарлап, суреткерлік дәлдікпен бейнелеп береді («Пристав келіп қалды бала сұрап, ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап») Сол екі жолдың өзінен-ақ ауылдағы дүрбелең көз алдына келеді. «Пристав ашуланды: «аламыз!» деп, жігіттер тұр: «бармаймыз, қаламыз!», — деп. Мұндай үзілді-кесілді қарсылықтың ақыры неге әкеп соғатыны белгілі. Салт атты, сабау қамшылы жігіттер Қарғалы өзенінің жағасындағы белгілі бір жерге жиналып, кеңес құрады. Амал не көп ұзамай мылтықпен қаруланған жандармдар бас көтерер азаматты ұстап, түрмеге жабады («Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ»). Ашынған жігіттер ашық көтеріліске шығады. Ақын Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісінің басталуын осылай суреттейді.

Әрине көтеріліске себеп болған патшаның июнь жарлығы ғана емес, оның отаршылдық саясатының толып жатқан зардаптары екені белгілі. Көтерілісті бастаушы жергілікті жігіттердің бірі Бекболат Әшекеев (1843—1916) еді. Ақын сөзімен айтқанда қамалғандарды «Губернатор, жандарал жауапқа алды: «Жайлауда ту көтеріп шапқан кім деп. Ешқайсысы жауап бермегеннен кейін «Бекболат» деп жандаралдың өзі мәлімдейді. Қалығұл Спатаев, Байбосын Тамабаев деген жетекші жігіттерді дарға асады. Бекболатты ұстауға жарлық береді. Ақын оқиғаны әрі қарай дамытып баяндайды: «Самсыны алған екен Ботпай қамап». Демек Самсы елді мекенін көтерілісшілер қоршап алып, сондағы Жәнібек қажының мешітіне қамалған тұтқындарды босатпақ болған. Бұл жайды ақын былай суреттейді: «Ала алмай күні бойы әлек болды, Жәнібек приставқа себеп болды». Сөйтіп дін иесі мұнда да патшаның сойылын соғады. Ботпай (ру аты) жігіттері оларға ешнәрсе істей алмай, қолына түскен бай-көпесті өлтірумен тынады. «Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан, не боларын бұл істің біле алмастан» тарайды.

«Шиенде де әскермен ұрыс болды, сол ұрыста топ басы Сатай өлді» деп тағы да бір қақтығыстан хабар берген ақын, одан кейін халықтың тауға қарай шұбырғанын, сонда да патша жандармдарынан құтыла алмағанын баяндайды.

Бекболат бастаған көтерілісшілердің Верныйды басып алуға талаптанғаны мәлім. «Аттандық ұлығының қонысына, елді сорған борсықтай болысына» деп ақын осыны мегзеді. Бірақ бұл әрекеттен нәтиже шықпайды. Патша жендеттері көтерілісті күшпен басады. Жыр да осымен бітеді: «Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып, көксеген азаттықтың соғысында».

«Зілді бұйрық» — тарихи туынды. Мұндағы оқиға да, жер-су, кісі аттары да өзгеріссіз дәл берілген. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына, жүгенсіз озбырлығына қарсы бас көтерген еңбекші халықтың, оның қайсар ұлдарының қаһармандық бейнесі жасалған. Сонымен бірге патша әкімдерінің, олардың жақтастарының ұнамсыз ұсқыны да көрініс тапқан. Оқиғаның басталуы, шиеленісіп шарықтау шегіне жетуі және белгілі шешім тауып аяқталуы бар. Сондықтан бұл — шағын дастан дерлік желілі тарихи жыр.

Осы оқиғаға арналған тағы бір жыр — «Патша өмірі тарылды». Бұл «Қызығынды көп көрдім, Қарабастау, Құлансаз» деп дүрбелеңнен бұрынғы тыныштық күндерді еске түсірген экспозициямен басталады. Кең жайлауда жайбаракат жүргенде төбеден жай түскендей суық хабар елге тарайды («Бес үйден бір жігіт» деп, болыстар жүр шапқылап»). Жасауыл қылышын жарқылдатып, үйлерді тінтіп, тіміскілеп, елдің үрейін алуда. Халық «Көген көзді қосақтап, қалай қиып береміз?!» деп дағдарса, ақын да: «Ішке толған зарымды кімге айтармын қылып наз!», — деп қиналады. Осындай сын сағатта — екінің бірі, үшінші жол жоқ: «Жолға тігіп не жанды, тәуекелге беку бар. Не болмаса шыбындап, тағдырыңа көну бар». Ал тағдырыңа көнсең, қорлықта өлесің дейді ақын. Сонда оның алға тартып отырғаны бір-ақ нәрсе, ол — «Тәуекел!» Тағы бір өлеңінде былай дейді:

Осыған тірі отырып көнеміз бе,
Іріктеп бар боздақты береміз бе?!
Болмаса елдік қылып тізе қосып,
Батырға қол бастаған ереміз бе?!

Мұндағы ақын ойы түсінікті: «Қол бастаған батырға

еру керек». Сонымен бұл жерде Жамбылдың халықты көтеріліске шақырып отырғаны айқын.

Стихиялы түрде басталған көтеріліс жеңіліске ұшырағанымен, еңбекші бұқараның таптық сана-сезімін арттыруда зор роль атқарды. Патшаның жергілікті малайлары — феодалдық-рулық әкімдердің сатқындық сиқын бұрынғыдан да бетер әшкерелеп берді. Бұл жөнінде Жамбыл: «Би, болысты тәңрі атты..., ағайынды еңіретті, көз жасына қарамай» деп дәл айтты. Енді ашынған халықтың азаттық алудың бірден-бір жолы күрес екеніне көзі әбден жетті. Ауылдағы тап күресі жаңа сатыға көтерілді. Көтеріліс басылған жоқ, бұлқынып шиыршық атты. Осыны анық көре білген ақын былай деді:

Бой бермес ел өмірі асау шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері.
Бірде от, бірде суды көктей көшіп,
Талпынып тілегіне басты ілгері.

Демек ол халықтың құдыретті күшіне, оның ешбір кедергіге қарамастан игі мақсат жолында алға баса беретініне кәміл сенді. Мақсатқа жету үшін қол қусырып қарап отыруға болмайтынын, талпыну, ұмтылу керектігін түсінді. Бұл, әрине, күрес деген сөз. Алайда Жамбыл күрестің мәнін бүкіл халық болып ұйымдасып, бір орталыққа бағынған революциялық күрес тұрғысынан пайымдай алған жоқ. Оның ойындағы: «жалтақтаған қорған емес, жағаласқан қорған», байлар мен болыстардан үлесінді тартып алмасаң, өз қолынан бермейді, «көп қорқытады, терең батырады», басыңды көтере жығыл! — деген қарапайым ұғым ғана еді. Соның өзінде бұл автордың өмірге әлеуметтік-саяси көзқарасының бұрынғыдан гөрі, едәуір өсіп жетілгенін танытады.

Жамбылдың мұндай көзқарасы, әрине, бірден қалыптасқан жоқ. Ол байлардың, болыстардың, молдалардың әділетсіздігін ерте сезінді, жағымсыз қылықтарын әрқашан әшкерелеп отырды. Тіпті Шәбденге, Мәмбетке көмек сұрай барғанда айтқан өлеңдеріне де оларды асыра мақтамағаны белгілі. Ақын алғашқыда кедейлерге қамқорлық көмекті, теңдікті байлардан, ұлықтардан күрессіз-ақ талап етуге болады деп түсінді («Өсиет»), бірақ одан нәтиже шықпайтынын кейін білді («Байдың бабын таппаған, ұлыққа сөзім жақпаған»). Кедей ағайыны Қалқабайға: «Мұныменен Қалқабай, сордан көзің ашылмас», — деп байлар мен ұлықтардың рахымынан түңіл-

генін білдіреді. XX ғасырдың бас кезінде айтылған «Кедей күйі», «Әділдік керек халыққа», «Кәдірбайдың төбеті» тәрізді өлеңдерден ақынның әбден ашынған, назалы үнін аңғаруға болады. Ал 1916 жылғы оқиға халыққа күрессіз теңдік жоқ екеніне Жамбылдың біржола көзін жеткізді.

Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісінің жуан ортасында жүрген Бөлтірік Атыханұлы (1870—1928), Сауытбек Ұсаұлы (1870—1932), Мақыш Райымбеков (1865—1931), Кенен Әзірбаев (1884—1976), Үмбетәлі Қарібаев (1889—1969), Есдәулет Қандеков (1887—1971), Қуат Терібаев (1891—1952), Саяділ Керімбеков (1895—1954), Әбдіғали Сариев (1900—1964) тәрізді белгілі халық ақындары да осы оқиғаға жалынды жырларын арнады. «Бекболат» (Иса Дәукебаев), «Әли батыр» (Кенен), «Өшкен жанды» (Саяділ), «Алатау майданы» (Әбдіғали) дастандарының тақырыбы да Жетісудағы халық көтерілісі болды. Олардың бәрінде де еңбекші бұқараны күреске шақыру идеясы жарқын көрініс тапқан. Кененнің сол кезде шығарған «Аттан!» деген әнінің өлеңінде де мынадай шумақ бар:

Ел-жұртым бас қосалық, аттаналық,
Әлидің жасағына саптаналық.
Қорлықтан да соғысып өлген артық,
Патшадан кегімізді ап қалалық!

Бұдан 1916 жылдың оқиғасы Жамбылдың ғана емес, бүкіл халықтың таптық санасын оятқан тарихи құбылыс болғанын көреміз. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында творчестволық ғұмыр кешкен, Жамбыл ұстаз тұтқан Сүйінбай Аронұлы (1815—1895), Шөже Қаржаубайұлы (1808—1895), Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835—1898), Құлыншақ Кемелұлы (1840—1911), Базар жырау Оңдасұлы (1842—1911), Бақтыбай Жолбарысұлы (1835—1916), Қашаған Күрімжанұлы (1841—1929) тәрізді белгілі ақындардың творчествосын бағдарласақ, олардың өмірге көзқарасы, дүниетанымы біркелкі емес екені байқалады. Бұл орайда Жамбылдың идеялық позициясы берік, мақсат-мүддесі айқын. Ол әуел бастан-ақ әділетсіздік атаулыға қарсы шығып, бай мен кедейді тең праволы етіп, заманды жақсарту үшін күресті. Кейіннен халықтың азаттық жолындағы күресін жақтап, оның ұраншысы болды. Рулық, ұлттық тар шеңберде қалып қоймай, халықтық, гуманистік интернационалдық деңгейге көтерілді.

Өлеңнің әсерлі шығуы оның мағынасына ғана емес, тілінің тұшымына, ырғағының жарасымына, айтылу мәнеріне, үн-дыбыс әуезіне де байланысты. Осыны ескерген ақын өлең-жырдың құрылыс жүйесіне де мұқият көңіл бөлген. Оның өлеңдері дәстүрлі үлгіде — 11 буынды 4 тармақты шумақтардан тұратын қараөлең және 7—8 буынды 4 немесе көп тармақты шумақтар мен түйдектерден құралған жыр өлшемінде шығарылған. Екеуі аралас келетін өлең де бар («Ел едің құт дарыған...»). Кейде 11 буынды тармаққа көп буынды тармақты да ұйқастырған. Мысалы: «Естеміс бастас болдың Кәсенменен, Сөйлейді мына келін аузын ашып әсемменен». Бұл ақынның өлеңді қандай әуенмен айтқанына байланысты. Буын саны әуен ынғайына лайықталған.

Жамбыл өлеңдері ұйқас жағынан да бай. Мұнда қара өлең ұйқасы, кезекті ұйқас, шалыс ұйқас, аралас ұйқас, ерікті ұйқас, шұбыртпалы ұйқас кездеседі. Ақын ұйқасты ұйқас үшін, немесе сөзді әуен ырғағына келтіру үшін ғана жасамайды, оны айтатын ой-пікірінің мән-мақсатына қарай таңдайды. Сондықтан өлеңдердің құрылыс-жүйесі оның ішкі мазмұнымен табиғи түрде қабысып жатады.

Тіл кестесі келіспей, өлең көркем болмайды. Тілдің тұшымын арттыратын — бейнелеу құралдары. Бірақ тілді қанша безегенмен айтар ой, көздеген мақсат кенеулі болмаса, өлеңнің көркемдігі де келісім таппайды. Осы ретте Жамбыл өлеңдерінің көркемдігі тақырып идеясымен үндестік тауып тұрады. Ақын ой-пікірін дәл және әсерлі жеткізу үшін өмір құбылысын, адам бейнесін айқындай түсетін сурет жасап, қажетті сөзді қолдана біледі. Мысалы бала Жамбыл діни оқудан бас тарту үшін молданың қаталдығын айтып ғана қоймайды, оның құбыжық бейнесін жасайды:

Бала келсе сабаққа,
Жем дәмектен дорбадан.
Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзынға боздаған...

Осындай адамнан қандай білім-тәрбие алуға болады? Қатал, діндар әке бұған еріксіз көнген.

Жамбыл адамды кескіндеуде теңеу, салыстыру тәсілін қолданып, бір ауыз сөзбен-ақ айтып тастайды. Жарамсақ ақын Омарды «Үрпип жүні түскен қоңыр қаз-

дай» десе, Есенәлі мешкейге «Атан өгіз сияқты сен бір маубас» дейді. Қисыбайдың әбес істеріне қынжылып: «Адасқан ай жарықта ақбоз аттай» десе, Тоқтағұлдың ерлігіне сүйсініп: «Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан»,— дейді. Кедейлерді жанына жолатпайтын байларды «Тебеген есек секілді, тепкілеп орын бермейді», арамза ұлықтарды «Сыздауық жара секілді, денені сыздап керетін», «Иттей көрдім төрені, тамаққа тойса үретін» деп бейнелейді. Сәт болысқа «Лашын құстай таранып, сыртың сұлу көрінген» деп, бірақ оның іші «түтін» екенін, сөзіне ісі сай келмейтін екіжүзділігін мысқылмен әшкерелейді. «Қайымады түйелер, қысырады биелер, қыста қырсыз жұт болдың» дегенде болыстың елге жайсыздығын айтып отырғаны түсінікті. «Желмен ұшқан тозаңдай», «Желді күнгі қамыстай», «Жапырақтай қалтырап» деген тіркестер де ойды ажарлау үшін айтылғаны анық.

Жамбыл салыстырып, шендестіріп, тұспалдап айтуға шебер («Жаманның көңілі көкте, жерде басы..., Жақсының өзі кішік, бойы биік»), немесе:

Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Куды мініп, құланды құрықтап жүр.

Астарлап, пернелеп, құбылтып айту арқылы да акын ойын көкейге қонымды етіп береді. «Еңкейіп екіндіге күн құласа, көріксіз көрінбей ме дүние бір» дегенде ол Кәмшат қызға жастық шақтың өткінші дәурен екенін ескертеді. Ұлықтарды «Екі қазан бір үйге, қысым жасап астырған» деп, олардың ел арасына ірткі салып, ағайынды ашу-араз еткен қияс-қылығын айтады. Тағы бірде бұған «Ел арасын егер қып» деген идиомалық тіркесті де қолданады. «Қайнатып әбден сорымды», «Жерден алтын тапқандай», «Адам бір көшкен керуен», «Сойылынды соғып тұр», «Көген көзді қосақтап» деген өлең тармақтары да халықтың тұрақты сөз тіркестерінен жасалған. Акын «Ұрлық түбі — қорлық», «Байтал түгіл бас қайғы», «Жақсы лепес — жарым ырыс», «Алмас пышақ қын түбінде жатпайды» сияқты мақал-мәтелдерді де ұтымды пайдаланған. Өзі ел құрметіне риза болғанда: «Шүйгініне сонылап, шынарыңа түнедім», «Үрлеп ішіп, шайқап төктім» деген байырғы бейнелі ұғымдарды орынды қолданған.

Жамбылдың өлеңдерінде селкеу сөз, бос тармақ жоқ.

Әрбір сөз шымыр тіркес құрап, тұтас тармаққа ұласады да, шынайы шумақ, толымды тізбек құрайды. Ақынның тіл байлығы мен шешендігі бірден байқалады. Аз сөзбен көп ұғымды сығымдап береді. «Әділдік керек халыққа» атты тарихи-философиялық ой-түйін тұжырымдаған шешендік толғауында: «Ақын ғаріп емес пе — байды өтірік мақтаса, заман ғаріп емес пе — әділетін таппаса», «Байлықтың түбі — пайдадан, өтірік-қулық — айладан» тәрізді нақылға сұранып тұрған шумақтар көп. Мұндай мысалдарды басқа өлеңдерінен де табуға болады. Мысалы: «Төренің басын топ алар, жауыздың басын көп алар», «Асқақтаған адамда тоба болмас... Шірік құрай ауылға қора болмас» т. б. Осындай ұшқыр ойдан туған ұтқыр сөздердің бірі — «Менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай» қашаннан қанатты сөзге айналып кеткен...

Жасы жетпістен асып қарттыққа мойынұсынғанда жаңа дәуірге иек артқан Жамбылдың революцияға дейінгі өлең-жырларын жеке алып қарастырғанда, оның туған халқының асқақ арманын арқаланып, ақындық шеберлік, идеялық сана-сезім жағынан сатылап өсіп, творчествосының гуманистік, реалистік бағытта қалыптасқанын толық аңғаруға болады.

¹ Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. Алматы, 1982. 3-т.

² *Жамбыл Жабаев*. Екі томдық. Алматы, 1982. 2-т.

³ Лениншіл жас. 1937. 22 октябрь.

⁴ *Жамбыл*. Шығармалары. Алматы, 1946.

⁵ *Бегалин С.* Сахара сандуғаштары. Алматы, 1976.

⁶ *Аронұлы С.* Ақиық. Алматы, 1975.

⁷ *Жамбыл Жабаев*. Екі томдық. Алматы, 1982. 1-т.

⁸ *Садырбаев С.* Жамбыл жайындағы анықтық пен жаңсақтық. // Қазақ әдебиеті. 1982. 16 апрель.

⁹ *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1985. 18-т.

2. АЙТЫСТАРЫ

Қазақ фольклорының мол дамыған жанрының бірі — айтыс. Бұл өзі шеберліктің қатты сыналар мектебінің бірі десек, артық айтқандық емес. Өйткені күнделікті тұрмыстың әр алуан құбылыстары жайында алқалы топ алдында жыр нөпірін ағызған ақындардың бәрі бірдей айтыс сайысына түсе бермеген. Ауыз әдебиетінің тарихына көз жіберсек, айтыскер өнер иелерінің елге аты кең

тарағандары онша көп те емес. XIX ғасырда өмір сүрген Жанак, Сүйінбай, Шөже, Түбек, Майкөт, Құлманбеттер сияқты әйгілі жүйріктер бар десек, осылардың қатарында Жамбылдың да есімі тұруы заңды.

Айтыскер ақын — ойда жоқ, тосын жағдайдың барлығына да әр кез оқтаулы мылтықтай дайын тұратын, тез тұтанғыш, тапқыр жауап бергіш, ойы ұшқыр жан. Ақындықтың осындай күшті қуатына азаматтық, кісілік, білімділігі қосылса, оның ел ішіндегі беделін одан сайын көтере түспек. Айтыскер ақынды «...сайысқа шығарған батырлардай, күреске түсірген балуандардай, бәйгеге қосқан аттардай бәсеке жарыс қызуына араластырады. Осы айтылған ерекшеліктердің барлығы ақындар айтысын тыңдаушы көпшілік үшін әр кезде театрлық, драмалық аса қызу әсері бар өнер түріне айналдырады» (1. 421).

Міне осындай теңдесі жоқ өнердің XIX ғасырда сапалық жағынан өсуіне Жамбылдың қосқан үлесі де айтарлықтай. Оның айтыскерлігі М. Әуезов, Е. Ысмайылов сияқты белгілі ғалымдарымыздың еңбектерінде әр жылдары анық бағасын алып отырған (2). Олардың байлам, тұжырымдарына сүйене отырып кейін О. Нұрмағамбетова Жамбылдың айтысы жөнінде өз ойларын ортаға салды (3). Ақын кезінде үлкенді-кішілі сайысқа көп түскен, бірақ оларының бәрі бізге толық жеткен жоқ. Жеткендері — оның өз айтқанынан жазып алынғандары, шәкірттерінің жадында сақталғандары және бірлі-жарымды ел аузынан жиналғандары.

Жамбыл айтыстарын уақытына қарай екі жүйеде қарастыруға болады. Біріншісі — жас шағындағы (17—30 жастың аралығы) қыз-келіншек, жігіттермен қағысулары. Екіншісі — есейіп, егде тартқан (30—70 жас) кезіндегі атақты ақындармен айтысы.

Алғашқы жүйеге Сайқал қыз (1864—1865), Жаныс ақын (1866), Бөлектің қызы (1870), Бактыбай (1872), Бұрым (1873), Айкүміс (1874), Сара (1875) және Сары ақындармен (1885) кездескендегі айтыстарын, екіншісіне Құлманбет (1881), Бөлтірік (1890), Майкөт (1891), Сарбас (1895), Досмағанбет (1907), Шашубай (1909) сияқты ірі ақындармен сөз сайысына түскенін жатқызуға болады.

Жамбыл жас кезінде Шу, Талас бойын аралап, Сайқал деген қызға кездесіп, айтысады. Бұл — ақынның көпшілік назарын аударған алғашқы айтыстарының бірі.

Тегі бәсеке ұзаққа созылғанға ұқсайды, бірақ сақталып қалғаны аз ғана шумақтары.

Жіп айыл, күр құйысқан, кигіз терлік,
Япыр-ау бір соны елді жаңа көрдік.
Жиылған ақсақалдар мен бозбалалар,
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік,—

деп Жамбылдың кедейлігін мысқылдап сөз бастаған қызға ол:

Арқаның жардай болад сары нары,
Кетпейді Алатаудың жаздай қары,
Істікке шанышқан сирақтай құп-қу қылмай,
Қуартпай аяғыңды тартсаңшы әрі!,—

деп іле жауап қатқан. Бұл жолдарды Аманкүл Желдібай баласынан жазып алған С. Бегалин (7. 153—154).

1866 жылы күзде Шықайды жеңген Жаныс ақын Жамбылдан бес-алты жас үлкен болса керек. Ұстазы Майкөтке ұқсап ол өз елінің батырларын дәріптеп, Шыбыл ауылының жігіттерін сынағанда, Шықай күмілжіп, жауап қата алмай қалған екен. Шыбылдың шашбауын көтерушілер намысқа тырысып, оны Жамбылға жеткізеді. Сол Жаныспен кездесем деп жүретін ақын айтыс үстінде:

Менің пірім — Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай...
Селтендеген ақынды,
Көрмеуші едім шыбындай.
Кәне, сөйлеп жіберші,
Айтыспағың шының ба-ай?, —

деген атакты сөздерін айтады.

Бұдан кейінгі жылдарғы Сары ақынмен және Бақтыбаймен айтыстары шағын көлемде қағысу, танысу түрінде келеді. Оның Сарымен қағысуы 1875 жылы болса керек. Бұл жайында өзі былай деген: «Үлкен саз жайлауында отырғанда Сарыбайдікіне бір топ кісі түсе қалды. Ішінде Сары ақын бар екен. Сарыбайды әдейі іздеп келіпті. Сәлемдесіп төрге жайғасқан соң, Сары ақын Сарыбайға қадала сөйлеп, екпіні тау құлатқандай, бастырмалата бастады. Сарыбай өз үйінде қатты қайырым бірдеме деуге батпай, абыржығандай сынық мінез байқата берді. Елдің ақылшы ағасына келмей жатып жағасынан алып, әдептен аттағанын теріс көрдім де, кенеттен ара түсіп Сарыға өлеңмен айқаса кеттім» (4. 318).

Сары ақын Сарыбаймен (1821—1890) тұстас екен. Ол төрге жайғаса беріп:

Жолы болар жігіттің
Оңға басар әр ісі.
Түбі жамаң дерттің,
Ем болмайды дәрісі.
Уа, Сарыбай айтып бер,
Осы сөздің не болмақ,
Ойлағанға мәнісі?, —

деп оған әдейі сауал қоя сөйлепті. Сарыбай өз үйінде отырған соң әдеп сақтап, оған жуығырақта жауап бере қоймапты. Сонда намысқа тырысқан жас ақын атып тұрып:

Ақындарды жеңгенде,
Ісіңіз оңға жүгірген.
Сүйекемді көргенде,
Жүрегіңіз түнілген...
Жеңілгенді намыс кып,
Аш бөліңіз бүгілген.
Сүйекем жоқ бұл жерде,
Дәрі берер тілінен...—

деп сұрағына жауап бере келіп, оның ілгеріде Сүйінбаймен айтысып, жеңіліп қалғанын бетіне басады.

Жамбыл 27-ге келгенде кезінде бір тойда Бұрым атты қызбен танысып, сөз қағыстырады. Екеуі әуелі қайым айтыспен жөн сұраса келіп, бара-бара ұзақ сілкілеседі (7. 152).

Албырт ақын келесі жылдың жаз айында (1874 жылы) Ескожа ауылының Ақтасты жайлауында өтіп жатқан тойда Айкүміспен айтысып, екеуі әдепті сыпайы сөзбен тарасады. Бұл да қыз бен жігіттің дәстүрлі айтысу үлгісіне құрылған.

Оның Бақтыбаймен жауаптасуын олардың өзара диалдасып, танысуы ғана демесек, ұзақ-сонар сөз жарыстыру жоқ. Бақтыбай шау тартып қартайып қалғанын, кезінде он бір ақынды жеңгенін айтса, Жамбыл жас кезінде Майкөт, Майлықожа, Құлыншақ ақындарды ұстаз тұтқанын сөз етеді.

Бұлардың айтысқан кезін анықтауда бір сәйкессіздік бар сияқты. Жамбылдың 1946 жылғы толық жинағында: «27—28-дер шамасындағы Жамбыл Жалайыр елін аралаған, сонда Бақтыбай ақынмен кездесіп, өлеңмен танысқан» (5. 679) делінсе, 1982 жылы шыққан екі томдығының түсініктемесінде: «Бақтыбай мен Жамбыл шамамен

1872 жылдары Балғалының балалары Молдағұл мен Қожаханның ауылында кездескен» (4. 318), — деп көрсетілген. Осында «Бақтыбай Жолбарысұлы 1835 жылы туып, 1919 жылы қайтыс болды» деп жазылыпты. Сонда Жамбыл 26-да, Бақтыбай 37 жаста болып шығады. Ал екі ақынның айтысын оқып отырсақ жас айырмашылықтары едәуір. Бақтыбайдың өзі:

Өзін қандай, мен қандай,
Жалыным аз бойымда,
Көне тартқан шағым бар...
Қырсау тартқан кісімін,
Мен өлеңнің саяғы,
Күй мен сөзді ағытқан,
Қайратым жоқ баяғы, —

деп өзінің қартайған шағын білдіреді. Бұдан Бақтыбай жасының 60-тан асып қалған кезі екені көрінеді. Жамбыл 1890 жылы сол өңірді екінші рет аралап, Қызылбөрік ауылындағы Бөлтірік Атықановты ертіп, бірнеше күндер өлең айтқан. Айтыс осы кезде өтуі мүмкін.

Айтыс — ең демократиялық жанр. Ақындар үлкен-кішілігіне, әйел-еркектігіне қарамай кез келгенде жырмен сайыса берген. Жеңіл қақтығысу, бір-екі ауыздан кезектесіп әзіл-қалжың айтысып қалу — әрбір ойын-сауықтың салты. Осындайда өз көңіл күйлерін, тілек мұраттарын да сыртқа шығарып отыру ақындардың бастарында ұшырасатын типті құбылыс. Мұны біз Жамбылдан да кездестіреміз. Оның Бұрым қызбен, Бөлектің қызымен, Сарамен айтыстарының тақырыбы тұрмыс-салттық деңгейден онша аса қоймаған, көбіне махаббат сезімі, қызбен жігіттің арасындағы әзіл-қалжың үлгісінде беріледі. Жанрлық жағынан бұлар қайым айтысқа жақын тұр. Мұны төрт-төрт жолмен кезек жауаптасуынан ғана емес, әр жолдың ұйқастарының қайталануынан да көреміз. Мысалы Бөлектің қызымен қалай айтысқанын Жамбыл әдеби хатшысы Ғ Ормановқа өзі айтып берген:

«Шенгелдіден Қарашоқыға қарай бет алған көшке жолықтым. Көш алдында тоғыз түйе жетелеген құла қасқа атты қызға көзім түсті. Ер-тұрманы сап күміс, кигені дүрия-торғын, салтанатты қыз екен. Не болса да қатарласа жүргім келді. Жетегіндегі торы шолақты қамшылап жіберіп, қызға қатарласа кеттім (4. 318). Содан ойламаған жерден айтыс туып кетеді. «Жолаушылап келемін өзім жүдеп» деген жас ақынға қыз:

Жолаушы адам білемін жүдеп келер,
Еру елден бірдене тілеп келер.
Көш қасынан қалмайсың қосанжарлап,
Аулақ жүрсең жарқыным кім өкпелер, —

деп сөз аяғын әзіл, қалжыңға айналдырады.

Осындағы «жүдеп келер», «өкпелер» сөздерінің екі ақынды бірдей қайталанып келуі — қайым айтыстың дәстүрі.

Бұл сияқты қақтығысуларды ақынның көшелі айтысқа барар жолындағы дайындық мектебі десек те, мұның барлығы айтыстың бар жанрлық шарттарын сақтаған ірі өнер еді деуге келе бермейді. Жамбылдың жоғарыда аттары аталған қыздармен әр түрлі жағдайда сөз қақтығысуларының бізге жеткен жолдары осыны көрсетеді.

Айтыскер ақынның өнері шашасына шаң жұқпас шын жүйріктермен сөз сайысына түскенде көрінері белгілі. Ондай мүмкіндіктер Жамбылда аз болмаған. Жігіт ағасы жасына жетіп, ақындық өнері әбден толысып, бабына келген кездерде ол ел ішіне аты кең тараған біраз ақындармен айтысып, өзінің шын мағынасындағы айтыскерлігін танытқан. Олары: Құлманбет, Майкөт, Сарбас, Досмағанбет, Шашубайлар.

Жамбылдың Құлманбетпен айтысы 1881 жылы Іле бойындағы жәрмеңкеде өткен сияқты. Ал С. Бегалиннің дерегіне қарағанда, бұл 1896 жылы болған (7. 156). Құлманбет — кезінде Жанақ, Түбек, Бактыбай, Сүйінбай, Майкөт тәрізді ірі жүйріктермен айтысқан сөз шеберлерінің бірі. Жамбылдың өзі де: «Майкөт ақын, Құлманбет, орын берді қасынан!», — деп оны ұстаз тұтқан.

Құлманбеттің туған, өлген жылы әлі толық анықталған жоқ. М. Әуезов оны 1815 жылы туып, 1898 жылы өлген деп көрсетеді. Ал айтыс жинағының 1965 жылғы I томында: «1830 жылы туып, 1900 жылы өлген», — деп жазылған. Құлманбет Жамбылмен айтысқанда «Сүйінбай сонда ауру еді...» дейді. Ал Сүйінбайдың 1898 жылы өлгенін ескерсек, бұл кезде Құлманбет тірі. Қазақ совет энциклопедиясында: «1826 жылы қазіргі Алматы облысының Кеген ауданында туып, 1903 жылы қайтыс болған», — делінген. Біз де осы соңғы дерек дұрыс па деп ойлаймыз. Тоғыз ақынды бірдей жеңіп отырған Құлманбет:

— Енді менімен айтысатын кімің бар? — деп желпінеді.

— Жамбыл бар, оның жөні бөлек, өлеңі өткір, тілі мiрдiң оғындай, — дейдi бiреу. Сонда ол тағы да желпiне түсiп, үй иесi Құдайбергенге қарап:

Бiреудi Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайда отыр ол немесi,
Көрелiк оны неге ардақтайды?—

деп бiраз толғайды. Айтысты ұйымдастырушылар ат жiберiп, Жамбылды алдырады.

«Осы сөз сүйегiмнен өтiп кеттi... Домбырамды алып Құлманбеттiң алдынан келiп қарама-қарсы отыра қалдым» дейдi екен Жамбыл. Бұл естелiк Үмбетәлiнiң айтуынан келтiрiлiп отыр» (7.155). Айтыс барынша қызу өтедi, ақырында Құлманбет жеңiлiс табады.

1890 жылдың жазында Жамбыл Түрген тауының баурайындағы Төре жайлауында отырған Жүнiсбай деген досының үйiне түседi. Ол үйде бiр топ болыс, байлар Шыбыл елiнiң бiр ақынына өлең-жыр айтқызып тамашалап отыр екен. Жамбылдың ақындық алғырлығын бұрыннан есiтiп жүрген әлгi Шыбыл шалы бiр мiнеп тастамақ болып, әдейi тиеседi. Сонда Жамбыл: «Ей, не дейсiң, Шыбылым?!», — деп термелеп оны бiраз жерге апарып тастайды да, өзiнiң досына жүгiнедi:

...Жүнiсбайға жүгiнем,
Сөздi салсын сарапқа.
Шыбыл-Шыбыл болғалы,
Бiр кәдеге жарап па?
Төрт асылдың баласы,
Төрт құлақты кемедей.
Ортасында Шыбыл жүр,
Өрт сөндiрген немедей...,—

дейдi. Мiрдiң оғындай өткiр сөзге Шыбыл ақыны жауап айта алмайды.

Жәкеннiң Шыбылмен қағысы сатираға түзiлсе, Майкөт ақынмен дидактасуы сыпайы сөздермен өрiлген. Бұл кездесу 1891 жылы Сарыбайға ас берiлген жиында өтедi.

Майкөт (1824—1903) кезiнде iрi айтыскер болған. Ол Құлманбет, Майлықожа, Құлыншақ, Сүйiнбай, Түбек, Бөлтiрiк, Бақтыбай, қырғыз ақыны Есенаманмен айтысқан. Әулнеата, Жетiсудағы ақын, жыршылардың ағасы iспеттi кiсi. Бiр жағы жыршы да. Ә. Диваев оны «Қаратаудың күллi маржанын алқа етiп тағып алған ақын» деп бағалаған. Ол оны Ташкентке шақыртып, өз

шығармаларын және халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жазып алып, «Қазақ хрестоматиясында» (1883), «Сыр-дария облысының қазақ, қырғыздары» (1889) деген жинақта жариялаған.

Сарыбайдың асында аты шулы Майкөт ақынға оңаша ақбоз үй тіккізіп, ерекше күтіп, сыйлаған екен. Сол жолы Жамбыл:

Сіз бе еді — ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі, бір сөзінен қайта өтпеген.
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген,—

деп жасы үлкен ағаға сәлем бере танысқан. Сонда риза болған Майкөт:

Бәрекелде, Жамбылым,
Сөз жүйесін келтірдің.
Аңғарыңды таныдым,
Көтеріліп желпіндім.
Аталы сөз мәні мол,
Жылағымды келтірдің.
Тал бойында бар екен,
Алыс шабар серпінің.
Тауып айтқан сөзіңе,
Селт еттім де, серпіндім.
Мейірім түсті өзіңе,
Бата берсем деп тұрмын,—

деп оған ыстық ықылас білдірген.

Жамбылдың даңқын шығарған негізінде Құлманбетпен айтысы. Көптеген айтыстарда тұрмыстық жай, әдет, ғұрып, жол-жоралғылар сөз болып отырып та әлеуметтік-моральдық мәселелерді қозғап кететіндері болады. Мысалы Әсет пен Ырысжан айтысы таза өнер жарыстыру үлгісінде көрінеді. Бұл жағынан үнемі тең түсіп отырған әріптестер бір-бірін жеңе алмаған соң тіпті жұмбақ айтысуға да түсіп кетеді. Ырысжанның жұмбағын шешуде Әсет әлеуметтік мәселелерге соқпай кете алмайды. Ел билеген елубасы, онбасы, старшиндарды шенейді. Әлеуметтік санасы халық тілегімен қабысқан ақындар бұл жайға көп көңіл бөлетінін айта келіп М. Әуезов: «Әсет пен Ырысжан айтысы — жарыс айтыста өзгеше бір арна. Бұл кездесіп қалған қыз бен жігіттің жеңіл-желпі шекісуі емес, екі елдің сайлап кездестірген ақындарының ақындық тапқырлыққа жарасқан іргелі айтысы» (1. 442), — деп бағалады. Осындай сапалы, тың тақырып Кеншімбай мен Ақсұлу айтысында да бар.

Білемін Дербісалы, Ескожаңды,
Шендерін ер құнына сатып алған,—

дегенді Кеншімбай айтқан. Ол елдегі әкімдердің бұқара халыққа жасаған зор кесір, қиянатын, не бір сорақы мінездерді жұрт алдында ашық бетіне басады. Ертеде Майкөтпен айтысқан Құлманбет көбіне-көп өз руын, ру ішіндегі байларын мадақтаған. Феодалдық дәуірде үстем тап идеологиясының жаршысы болған ақынның мақтанары, ең алдымен, байлығы болмасқа шара жоқ. Мұны, әрине, сол рудың игі жақсылары қолдап, марапаттап, мол-мол сыйлықтар жасайды. Ал бұл мәселеге еңбекші бұқара қалай қарайды? Рудың, байдың байлығы оларға тоят бере ме? Жоқ, әрине.

Құлманбет қарсылас ақынына мін таққанда Сыр бойының күні ыстықтығын, шөбінің нәрсіздігін, сондықтан да бозбаланың түсі келмегенін бірсөре айта келіп:

Бұл қорлықты көргенше,
Ыстыққа күйіп өлгенше,
Сарыарқаға келсейші.
Қымыз ішіп, мас болып,
Сары қазы жесейші,—

деп кемітпекші болады. Кезінде Майкөт ақын да өз руының жақсыларын мақтай отырып, оның жерді, еңбек адамдарын сынағанына қарсы уәж келтірген болатынды. Ол төмендегі жолдардан көрінеді:

Алмасы бар аяқтай,
Жуасы бар таяқтай.
Арқары мен құлжасы,
Жылқыдан шыққан саяқтай.
Бүлдіргені бұлақтай,
Доланасы жүректей,
Мың албан келсе бағады,
Бір диканым жүдетпей.

Еңбек адамын сөзден жеңілмес үшін мақтаса да, не өзінің еңбекке деген көзқарасы осылай болса да Майкөт барынша тапқыр айта білді. Оның көне етікті кедей туралы:

Ешкімге көнілін бермейді,
Патшадан оның несі кем?,—

деуіне қарағанда бұл бұқарашыл ақынға ұқсайды. Кедейлікті мін көрмейді.

Құлманбетке қарсы Жамбыл да осы демократиялық позицияны ұстанған. Ол ертеде Айкүміспен айтысында

өз дәуірінің көкейкесті мәселелерінің бірі — әйелдің бас бостандығына қатысты жайды қозғаған еді. «Жем болып кете ме деп жамандарға» немесе «барасың бір жаманға өзін қор боп» деп қазақ әйелінің неке мәселесіндегі еркіндігі жоғын білдіреді. Ал Құлманбетпен айтысында елінің байларын мадақтаған ақынға қарсы Жамбыл:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сарандар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніне қайт,—

деп бетін бір қайырып тастайды.

Құлманбет сөзге жүйрік ақын болғаны белгілі, ол Жамбылдың мысын басу үшін не бір тапқыр, бейнелі образдарды қолданып отырған:

Қамалып қам теріге бүрмеленбе,
Қыста қар астында қалған шөптей.

Немесе:

Мылтыққа түтеп тұрған қарсы шауып,
Асықсаң ажалына келші бермен,—

деп желпінеді. Әрине мұндай сөзге Жамбыл да кенде емес, бірақ оның сөзінің күші азаматтық ойдың тегеурінінде жатыр. Адамдықты, ерлікті ту етіп көтерген оған Құлманбет Саурық пен Сұраншы батырлардың жаудан өлгенін міні етіп бетке баспақшы болады. Жамбылдың бұған да уәжі күшті.

Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып даудан өлген,—

дейді ол. Онымен қоймай «шытыр жеген өгіздей аунап өлген» деп әсірелей түседі. Ақырында Сыпатай батыр туралы, «байлық, бақыт тек оның ерлігінде» екенін ескертеді, ел намысын қорғаған ерлікті бәрінен де жоғары қояды. Өз елінің Сұраншы, Саурық, Өтегендей батырларын, олардың ел қорғау жорықтарын толғайды. Сөйтіп, өлім, ерлік мәселелеріне Жамбыл философиялық тұрғыдан келеді. Ерлік не үшін, қандай мақсатпен жасалды, батырлар жанын кім үшін қиды? Бұл сұрақтардың түп негізінде ізгі мұрат, асыл армандар, халықтық ірі идеялар жатыр. Құлманбеттің ертеректе Арқада болған барымта-дауға қатысып, бұл елге қашып келгенін, ағасының молдалық жолға түсіп кеткенін де бетіне басып, бізден аулақ жүр, кесір-кесапатың жұғады деп шүйіледі.

Айтыста қандай айла, тәсіл бар, акындар соның бәрін де пайдалануға мәжбүр. Бірақ олары ойды әсерлі жеткізуге қызмет етуі тиіс. Бұл ретте Жамбылдың:

А, Құлманбет, Құлманбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызарып батқан күнмен кет!
Күнде қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады,
Қараңғы тұман түнмен кет!...,—

деп келетін қарғыс сияқты жолдардың эмоциялық әсері айрықша күшті шығады.

Мұхтар Әуезов: «оның айтыстары халық қостаған ерлікті, елдікті дәріптейді. Елді жирендіретін нәрсіз, құнсыз арам жуандық, обыр байлықты Жамбыл да жиренішпен шенеп, масқаралап отырады. Өзімен айқасқан көп акынды Жамбыл жеңгенде, сондайлық қоғамдық, таптық, халықшыл ойы, санасы биік болғандықтан жеңді» (1. 443), — дейді.

Жамбыл Сарбасты да осындай уәжбен тоқтатқан. Сарбас осы күнгі Жамбыл облысының Красногор ауданында 1849 жылы туып, 1914 жылы қайтыс болған. Сол өңірдегі Кебенбай шешеннің жанындағы ақыны аталып жүрген. Кенен Әзірбаевтың жақын ағалары әрі ұстазы. Кезінде бірқатар жүйріктермен айтысып, сыннан өткен. Ел ішінде кең тарағаны — Қуандық ақынмен айтысы. 1895 жылы Верный (Алматы) қаласында Қожамберді байдың үйінде үлкен жиын болып, онда Жетісу өңірінің «игі жақсылары» бас қосады. Сонда өлең, жыр айтып отырған Сарбас ақынмен Жамбылды айтыстырмақшы болған көпшілік оны Ұзынағаштан арнайы алдырады. Ол екеуінің айтысы бір-бір кезектен тұрса да басқаларына қарағанда өзгеше сыпаты бар. Алдымен сөз бастаған Сарбас бірден өз руының шежіресін айтып:

Дулат деген еліңмін,
Асуы жоқ беліңмін.
Көптігіме қарасаң —
Тастаса ине жерге түспейді.
Бектігіме қарасаң —
Жаман тамақ ішпейді.
Кербездігі осынша —
Ат үстінен түспейді.

Ақылына қарасаң —
Қайратпенен істейді.
Қөшсе түйе тіздеген.
Лұшпанды көрсе қарысқан,
Алтыннан қылыш сілтеген,—

деп эпикалық сарынға түседі. Батырлар жырларында кездесетін «кіреуке сауыт жамылған» сияқты жолдар, Кебекбай сияқты ер жігітті мақтағанда ұшырасатын:

Қызыл тілі сүрінбей,
Ер сасатын жерінде,
Ақыл тапқан бүгілмей.
Ғрегіскен дұшпандар,
Кеткен емес кездесе,
Бір жанынан түңілмей, —

деген сияқты шумақтар аз емес. Әріптесі осылай эпикалық сарында құлашты кенге салған соң Жамбылдың да қысқа қайыруға қақысы жоқ еді. Ақырында ол Сарбас-тан да асып түседі. Алдымен Домалақ ана туралы ел аузында сақталған аңызды жырға қосады. Сөйтіп ру тарихына тереңірек еніп кетеді.

Соңғы эпизодтарда Жамбыл сол Домалақ анадан Жарықшақ деген ұл туғанын, оның өсіп өнгенін, ол ұрпақтан Сыпатай, Сұраншы, Саурық, Өтеген, Андас, Қырбас, Атамқұл сияқты батырлардың тарайтынын баян етеді. Ақын ел қамқоры бола білген бұл батырлардың бәрін де ашық бояумен әсірелей суреттеп, қаһармандық күресін, жорықтарын дәріптейді. Саурық жөнінде:

Мінген атын жаратқан,
Жұртты өзіне қаратқан,
Қылышы қия шабылған,
Жүйрік аттың бәрі де,
Пұшпағынан сабылған.
Найзасын тасқа түйреген...,—

деп әсірелейді. Бұл батырлар жырының анық үлгісі екені сөзсіз. Ақын Сұраншы батырдың бейнесін де осы үлгіде береді:

Сұраншыдай батырдың,
Жан жүрмеген шенінен.
Алмастан соққан ақ қылыш,
Еш кетпеген белінен.
Ашуланған кісіге,
Қабағы жаман түйілген.
Досы қатты сүйінген,
Дұшпаны жаман күйінген...

Жамбылдың айтыс үстінде көңілдегі ойды еркін беруі былай тұрсын, соның өзін сан құбылтып отырады. Әсіресе батырдың ел қорғаудағы ерлігін айту үшін жұрт басына төнген қайғы қасіретті үстемелей түседі. Бір жағынан қалмақ, екінші жағынан қырғыздың Орман ханы, үшінші жағынан Қоқан бектері қоқандап, ел әбден азыптозады. Осыны ақын:

Ел титығы құрыды,
Мал мен жаннан түңілді.
Жер мен судан қуылды.
Ел басына күн туды,
Қатын-бала, жас, көрі,
Беті жаспен жуылды.
Міне сондай заманда,
Екі талай күн туып,
Ел қыспақта тұрғанда,
Ел намысын жоқтаған,
Батыр туған кім еді?
Ел шетінен жау қуып,
Ерлікпен қайрат жұмсаған,
Батыр туған кім еді?—

деп үнемі қайталай сұрау қойып, оған «Саурық еді арыстан!» деп өзі жауап қайырады.

Шынында да Жамбылдың бұл айтысы өзге айтыстардан мүлдем бөлек. Жанрлық тұрғыдан көптеген эпизодтар өзара жалғасып жатқан, эпикалық құлаштағы кең тынысты дүние. Оның ішінде монолог та, жеке-жеке толғаулар да бар. Осы жағынан алып қарағанда мұны белгілі бір сюжетті оқиғаға құрылған дастан-хикая деп те санауға болады. Одан ақынның асқан шеберлігін тану қиын емес.

Жамбылмен жолығысып, сөз сынасқан ақынның бірі — Досмағанбет. Ол 1883 жылы қазіргі Талдықорған облысының Қаратал ауданында туып, 1910 жылы қайтыс болған. Ескіше оқып хат таныған, өленді ауызша да, жазып та шығара берген. Екі ақын 1907 жылы Іле өзенінің солтүстік сағасындағы Арқарлы тауының етегін жайлаған Көбісбайдың үйінде кездеседі. Көбісбай Досмағанбетке нағашы екен.

Танертеңгі шай үстінде Жамбыл «Не де болса, Досмағанбетті бір қағытып өтейін» деп айтысты бастап кетеді. Аяқ тастасына қарағанда бұл да осал ақын емес екен. Жамбылдың:

Қысы, жазы ау салып,
Іледен балық қоймадың.
Шіріген сүйек жесең де,
Қарның шығып тоймадың,—

деген сын сөзіне ол іле-шала:

Асығып өлең айтам деп,
Бір киеге жолықпа!
Мал таба алмай қыз сатқан.
Менің жеген балығым,
Мұнан жаман болып па?,—

деп жауап қатып, әріптесін аз да болса тосылтып қояды. Әрине Жамбыл бұл арада жеңіліп, сөз таба алмай отырып қалған жоқ. Досмағанбет жағынан байқағаны, аңдағаны көп алғыр ақын:

Сол Қожақан болысын,
Мекеге барды қажы боп.
Боза, арақ ішкен соң,
Айтады несін қажы деп.
Пара тағы жейді екен,
Ел ішінде қазы боп,—

деп оның жарамсыз қылықтарын бетіне басады. Сөзге қаншама жүйрікпін дегенмен, Досмағанбет бұл уәжді сындарға төтеп бере алмайды.

Жамбылдың жоғарыдағы аталған Құлманбет, Сарбаспен айтыстарында көбінесе бай, болыс, би-манаптар сыналып отырса, Досмағанбетпен айтысында дін иелері әшкереленеді. Оған себеп: бұл ақынның молдашылығы. Оның осы осалдығын сезген Жамбыл:

Шариғат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты,
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе үйіне,
Күңіреніп бармаған.
Аттана шауып бай өлсе,
Қирағаттап құранды,
Күні-түні сарнаған.
Жақсы көрсе молданы,
Көз бояушы зұлым деп,
Көпшілік неге қарғаған?,—

деп халық ойын еш бүкпесіз, батыл айта білді. Бұл — озық ойлы азаматтың көзқарасы, өскелең заман талабы. ХІХ ғасырда, қазақ даласына еуропа мәдениетінің үлгі-өрнектері орыстың озық пікірлі ойшылдары арқылы шым-шымдап ене бастаған кезде бұрыннан келген діни схоластикалық оқу, наным-сенімдердің елдің жалпы мәдениетінің дамуына етекбасты болып келгені белгілі. Тік мінезді, өткір тілді Жамбыл бұл ретте де өзінің дінге, оның қазақ сахарасындағы идеологтарына деген көзқарасын осылайша әсерлі және батыл айта алған.

Жамбылдың соңғы айтыстарының бірі Шашубаймен екеуінің арасында өтеді. 1909 жылы қазіргі Алматы қаласындағы Байбұлан деген байдың үйіндегі үлкен жиынға қатысқан қауым оларды әдейі жолығыстырып, өнерлерін сынайды. Мұнда алдымен Шашубай келеді. Жамбылды артынан алдырады.

Жүрмісің аман-есен ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайынан болдың даңғыл.
Үндемейсің ұнжырған түскендей-ақ,
Күн туды не басыңа тәнір алғыр,—

деп Шашубай амандаса келіп, оның еліндегі Сәлім, Байбатша, Мөңке сияқты болыс, билерді мінеп, намысына тие сөйлейді.

Сөйлесіп мен сықылды кемеңгерге,
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге.
Шұбырып ақтабан боп келген арғын,
Желіктің өз сөзіңнен неменеге?,—

деп Жамбыл да оны бір қағытып өтеді. Алдын ала би-болыстармен танысып, шалқып тасып отырған Шашубайға бұл сөз оқтай тиеді. Намысқа тырысқан ол: «Барлыбек, Тұрлыбек, Бақиядай тілмаштарым бар. Бұлар тұрғанда «жандарал да бұзбайды жарлығымды» деп оларды арқа тұтады. «Қайырымды Байбұландай адамым бар» деп оның байлығын мақтан етеді. Жамбыл бұл сөзге де ұтымды уәж табады:

Байбұлан мініп келген қарала атты,
Келді де біздің жердің дәмін татты.
Алматы Тастағында қара лашық,
Тікті де, көң-қоқырда үш жыл жатты.
Тері-терсек жымқырып ұрлап сатты,
Сөйтіп жүріп Байбұлан малға батты.

Дәл айтылған мірдің оғындай сөзге Шашубай ләж жоқ тосылып қалады. Осы кезде Бақия «төрелерге тіл тигізді» деп, Жамбылдың домбырасын сындырмақ болып, оған жармаса түседі. «Менің үйімде жанжал шығардың» деп Байбұлан да көтеріледі. Бұл айтыстың драматизмі осынысында еді, бірақ соңы мәмле сөзбен аяқталған. Ақындық сөз мәнісіне түсінетін екі жүйрік құшақ жайып, дос болып тарқасады. Кейін Жамбыл Шашубайды ауылына шақырып, сыйлы қонағы етіп күтеді. Екеуі Жетісу елін бірге аралап, ел-жұртты ән-күйге бөлейді.

Осы ақындық серуенге Жамбыл шәкірттері — Кенен, Үмбетәлі, тағы бірқатары қатысып сауық-сайран құрып жүреді. Шашубай оларды да өз өлең, әндерінен басқа, Арқаның атақты әнші-ақындары: Ақан сері, Біржан сал әндерімен таныстырады.

Советтік дәуірде Жамбыл айтысқа қатысқанымен, сөз сайысына түспеген. Ол көбінесе ақсақал ақын есебінде төрелік етіп отырған. 1919 жылғы май айында Алматыда өткізілген тұңғыш айтысты Жамбыл бастап ашты, соңында қорытынды жасады. Сол жылдың күзінде өткен Нұриланьң бірнеше ақынмен айтысында да төрелік еткен. 1943 жылы өткен республикалық ақындар айтысының шымылдығын жырмен ашқан да Жамбыл еді. Сонымен оның айтыс өнерінің туын әр кез биік ұстаған дарынды импровизатор ақындардың бірі болғанын көреміз. Азаматтық позициясы айқын, өз дәуірінің озық идеясын уағыздап, өнерге халықтық тұрғыдан қарап, әлеуметтік мәселелерді батыл көтере білген ол айтыстың мазмұнын ғана емес, көркемдік жағынан жетілдіре түсуге де үлес қосқан.

Айтыстың шарттары көп, соның бірі — сөз қадірін түсінетін жүйріктердің өз қадірін түсірмей уәжге тоқтай білгендігі. Олар өзімшілдікпен кеудеге салуды ақындықтың бейшарасы деп есептеген. Сөзге төрелік беретін мәрттікті Жамбылдың бойынан да табамыз. Ертеде өткен Айкүміспен айтысында ұзатылып кеткен қызға:

Көзіңе көк шыбынды үймелетер,
Көргенің еле-өлгенше ылғи сор боп,—

деп бір жаманға барып қор болмау жағын қайта-қайта айта береді. Сонда Айкүміс:

Жамбыл-ау күпінесің неге сонша?
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.
Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың,
Тұтқасы дүниенің сенде болса?,—

деп жауап қатады. Осы сөзге тоқталып қалғанын Жамбыл өзі айтып берген. Әрине бұл жерде ол өлең таба алмай қысылған жоқ, дәл айтылған уәжге амалсыздан бас иеді. Кезінде оның Бұрым қызға көңілі кетіп, алып қашқаны белгілі. Бірақ сол сүйгенін ел билеген жуандар зорлықпен қайта алып кетіп, күні бұрын құда түскен жеріне ұзатады. Ақынның айтыста амалсыз тоқтауына кер заманның осы бір қиянаты себеп болады. Бұл

Біржанмен айтысқан Сараның «Жиенқұлға келгенде шықпайды үнім» деп амалсыздан тосылатын жайына ұқсайды.

Жамбылдың айтыскерлік өнері айтайын деген ойдың халықтығы, өткірлігі, тапқырлығы арқылы ғана емес, сонымен бірге өлең жолдарының ішкі қуатының пәрменділігі мен тілдік-бейнелік нақыштардың әсем өрнектелуімен көрінеді (6) Мысалы, ол Майкөтпен дидарласқанда өзінің ақындығын былай бағалайды:

Қамбардың қара қасқа атындай,
Мен саламын желіске.
Құйрығымды түзген соң,
Қанағымды сүзген соң,
Жел аударған қаңбақтай,
Келді сөйлер кезіме.—

Сары ақынмен қағысуында да осындай ишара, жұмбақ элементі бар:

Жас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын үдеген,
Қас сұңқарды айтамын,
Алыстан тоят тілеген.

Ақынның өмір жолдарының ізімен (хронология) жүйелеп айтылған айтыстарының қайсы бірін алып қарасақ та одан ұтымды, тапқыр ойларды, көркем де айшықты ұйқас, шумақ, тармақ, бунақтарды табамыз. Теңеу, эпитет, метафора, символ, кейіптеу, метоним, меңзеу, аллегория, сарказм, ирония, әсірелеу, литота сияқты, тропаның арнау, қайталау, апофора, эпифора, инверсия, шендестіру, дамыту тәрізді фигуралық көркемдіктердің және образды сөздердің талайын кездестіруге болады.

Оның айтыстарында, әсіресе, эпитеттердің түрлері қат-қабат. Мәселен: Бөлтірік Атықановпен Қарқара жайлауында кездескенде айтқан:

Ақын атың бар еді,
Сөйлесенші серпіліп.
Жасыл жайлау, ақ орда,
Қалсын біраз желпініп.—

деген өлең жолдарындағы «жасыл», «ақ» сын есімдері тұрақты эпитетке жатса, екеуінің бір тармақта қатарласа келуі оны күрделі эпитетке айналдырады. Эпитеттің

осындай тұрақты, күрделі түрінен басқа, оның метафора, тенеу, әсірелеу, гиперболамен аралас келетін кездері де болады. Жамбылдың Сарбас ақынмен айтысындағы мына бір шумаққа назар салсақ, сол қасиеттерді аңғарамыз:

Ақ найзаның басына,
Желекті ту байладым...
Қайнаған қалың жауыңды,
Бір шыбықпен айдадым.

Осы шумақтағы «ақ найза», «желекті ту» деген тұрақты эпитеттер соңы «бір шыбықпен айдадым» деген әсірелеу тармағымен тұжырымдалған. Мұндай күрделенген бейнелі, әсерлі шумақ, тармақтар Жамбыл айтыстарында мол.

Ақынның Құлманбет, Сарбас, Досмағанбет және басқалармен айтыстарында да әсерлей бейнелеу байқалады. Мәселен Құлманбетпен айтысындағы: «Айға білеп азуын, Аспанға қолын сілтеген», Сарбаспен сөз сайысындағы: «Сары айғырдың даусына, Тас жаңғырды домалай» деген қос тармақтар — әсірелей жырлаудың тамаша үлгісі.

Осы келтіріліп отырған тармақтардың бәрі әсірелеудің ұлғайған (гипербола) түрі болса, енді оның өте кішірейте бейнелейтін түрлері де (литота) аз емес. Досмағанбетпен айтысында ол былай дейді:

Құйындап көкке шапқан мен бір пырақ,
Арамыз екеуміздің алыс-жырақ.
Төменде шықылдаған сен торғайсың,
Айтыспа меніменен ақын шырақ.

Әсірелей бейнелеудің (гипербола, литота) екі арасында әрдайым дәнекер етістік немесе есімше, жалғаулардың жүретіні поэтикада белгілі жай. Егер екі сөз арасындағы осы дәнекер байланыс түсіп қалып, сөз аяғы жалғаусыз аяқталса, ол метафораға (ауыстыру мағынасына) айналады. Осы заңдылық та Жамбыл жырларында сақталған. Мысалы Досмағанбетпен айтысында ол: «сен — күйкентай, мен — түйғын», — дейді. Мұнда екі ақынның жас шамасы айтылып отырған жоқ, Жамбыл қарсыласына қарағанда өзінің ірі тұлғалы нағыз айтыскер ақын екенін ескертіп отыр.

Тағы бірде ол Досмағанбетке өзін былай таныстырады:

Жамбыл жырау толғанса,
Домбырасын қолға алса,
Пар келтірмес ешкімді.
Сөз дауылмен соғушы ем,
Сендей ақымақ мүскінді.

Бұлай деп оның өзін-өзі көтермелей сөйлеуі заңды да. Өйткені оның алдында Құлманбеттей, Сарбастай адуынды жыр жүйріктерін жеңіп, бүкіл елге айтыскер, ділмәр ақын аталған Жамбыл кімнен болса да тайсалмақ емес. Мұндай өзін-өзі дәріптеп, асыра көтермелей сөйлеу тек онда ғана емес, барлық жыршыларда бола беретін ежелден келе жатқан дәстүрлі тәсіл.

Оның әр кез кездесіп, дидарласқан, қағысқан, айтысқан ақындарының қай-қайсысы да шетінен сөз қадірін жақсы түсінген, ел арасына аттары кең тараған жүйріктер. Олар да өнер сайысы кезінде не бір көрікті ой, кестелі сөздерді төгілтіп айтқан. Мысалы Майкөт ақынның:

Шырқайын деп шығып ем,
Майтөбенің басына.
Жаңғырықсын дауысым,
Алатаудың тасына,—

деген жолдарындағы тосын өлеңдік өрнектерді Құлманбет, Досмағанбет, Шашубайлардан да кездестіреміз. Қарт Жамбылды Досмағанбет бірде қойдағы азбан қошқарға теңесе, келесіде:

Жаудыратып көзінді,
Қалдырамын сөзінді,
Қараңғы түн болғанда,
Алдында жанған шырақтай.
Ақында шайыр ақпанмын,
Аспанға ұшқан пырақтай.
Сөзінде сенің асыл жоқ,
Құбылып тұрған сынаптай,—

деген тұқырту сөздерін айтады. Бұл жолдар ойды өрнектей білетін құдіреттілікті танытса керек.

Енді бірде Жамбыл айтысып отырған әріптесімен өзін шендестіреді. Бұл да — ақын, жыраулар қолдана беретін көркемдік мәнер.

Сарбаспен айтысында ол өзін:

«Сен отырсың шал болып шөкімдей боп,
Мен отырмын жас жігіт өрімдей боп»,—

дейді.

Ал Досмағанбетпен сөз сайысында одан да өрістеп,
шарықтап кетеді:

Арба өткелдің түбінде,
Бір күн, бір түн шайқасып,
Өнерін әбден байқасып,
Құлманбет те жеңген жоқ.
Жеңбек тұрмақ Құлманбет,
Нысанаға келген жоқ.
Қаракерей Түбек те,
Жалайырда — Қарқабат,
Бу да айтысып көрген жоқ.
Жамбыл, Жамбыл болғалы,
Жамбыл атқа қонғалы,
Жеңіліп намыс берген жоқ.

Бұл шендестіре шарықтаудан-ақ оның кезінде қандай
акын болғанын аңғару қиын емес. Осының бәрі Жам-
был тәрізді жүйрікке тән қасиеттер еді.

Дәстүрлі халық поэзиясында, әсіресе, эпоста жиі кез-
десетін әсірелеуді аралас дамыта өрістете жырлауды
Жамбыл да көп қолданған. Оның Құлманбетпен айты-
сында эпос сарындас дамыта шендестіру былайша тіз-
бектеліп өрілген:

Ел көшкенде қазынасын,
Алпыс нарға арттырған.
Асыл кілем жаптырған.
Жібектен арқан тарттырған.
Әлемді алып байлығы,
Әсемдігін арттырған.
Олай болса өктемдеп,
Алатауды бөктерлеп,
Бұдан да сырғып өтейін.
Қалай айтсаң олай айт,
Құлманбет саған төтейін.
Бұдан шығып аяндап,
Қастекке барып жетейін.

Мұндай аралас шалыс ұйқасқа құрылған дамыта жыр-
лау Жамбылдан басқа эпик жырауларда да болып кел-
ген.

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!
(Құлманбетпен айтысынан).

«Басшы әділ болмаса,
Жұртқа әділдік орнай ма?
Ел қорғайтын ұл туса,
Елді дұшпан торлай ма?
(Досмағанбет айтысынан).

Мұндай мысалдар толып жатыр. Жалпы аз сөзбен көп ойды білдіретін Жамбылдың осындай афоризмдері бүгінде ел арасына қанатын кең жайып кеткен.

Қара сөзінің өзі жырлап тұратын ақында үйлесімсіз ұйқас, ырғақсыз өлең болған емес. Оның жырлары өзінің оқушыларын маржандай тізілген егіз, шалыс, ауыспалы ұйқастарының көтеріңкі лебімен баурап алады. Осыны әділ байқаған ғалым Е. Ысмайылов: «...Жамбыл қазақтың ауыз әдебиетінде бұрыннан қалыптасқан, өзі көп қолданып келген өлең-жыр үлгісін лептілік, музыкалық әуезділік, ырғақ ойнақылығы, ұйқас байлықтары, дыбыс үндестігі жақтарынан ажарлап, түрлендіріп, көркемдеп, шығарманың мазмұнын өткірлеп отыруға қатты назар аударады» (2. 228), — деп жазды. Өзге ақын, жыраулар сияқты Жамбыл айтыстары да негізінен терме-жырға құрылған. Мәселен Бақтыбаймен танысуындағы мына бір шумаққа көңіл қояйық:

Бойда қайрат барында,
Ойдан өлең төгілсін.
Сыйласуды көргенде,
Жұрт көңілі егілсін.
Майкеммен айтысып,
Мәлім болған өзіңсін.
Абақ, Тарақ арасын,
Аралаған серімсің.
Алыс, жақын бәрін де,
Саралаған ерімсің.
Алдыңызда сөйлейін,
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса,
Оң батаңыз берілсін.
Ұнамаса өлеңім,
Онда менен жерірсін...

Бұл кәдімгі шалыс ұйқаспен түзілген терме-жыр. Осы шумақтың жоғарыдан төмен қарай: «төгілсін», «егілсін», «өзіңсін», «ерімсің», «көрінсін», «берілсін», «жерірсін» деген бір бунақты, бір әуенді, бір интонациялы сөздердің әсем тізілгенін көру қиын емес. Мұндай үйлесім, музыкалы ырғақтар тек Жамбыл тәрізді шебер ақынның қолынан ғана келсе керек. Шалыс ұйқас, термелі шумақтармен бірге, оның айтыстарында қатар жұп ұйқастар да аз емес. Мұндай шумақтарда ұйқас сөздер еселей қайталанып отырады. Ақынның Сарбаспен айтысында:

Жаулы жерде бақ берген,
Дұшпанға жетер жақ берген.
Тандайына сөз берген,
От ұшқынды көз берген,—

деген шумақ бар. Осындағы төрт тармақ та «берген» сөзімен аяқталған. Алдыңғы екі тармақта «бақ», «жақ» өзара ұйқаса, соңғысында «сөз», «көз» үйлескен. Айтыста осылайша егіз, шалыс, қатар ұйқас араласып, шумақтала береді. Бір жерінен оқыс кеткен ұйқассыз сөзді таба алмайсыз. Өзі жаза білмейтін сауатсыз ақын осыншама үйлесімді ұйқас, бейнелі сөздерді басына қалай сақтай берген деп таңғалмасқа амал жоқ. Мұның өзі де көп көргендіктен, мол тәжірибеден жинақталған бойға дарыған ерекше талант.

Кейде термелі шумақтар сұрай қайталауға ауысып отырады:

Ел намысын жоқтаған,
Батыр туған кім еді?
Халық сүйіп мақтаған,
Ардагер батыр кім еді?
(Сарбаспен айтысынан).

немесе:

Солай ма, бала, солай ма?
Зығырына Жамбылдың,
Тисең саған оңай ма?
(Досмағанбетпен айтысынан).

Ақын осылайша әріптесіне сұрау қойып, оның аяғын өзі шешіп береді. Бәрі де жарасымды, тығыз қиюласқан ұйқастар.

Термелі-жыр ұйқастардың басты шарты: қай жанрда болсын, тау-тас, өзен-су, ауыл-қала, адам аттарын, табиғат құбылысын т. б. теріп айту десек, осы ерекшелік Жамбыл айтыстарында да бар. Мәселен мынаған назар аударалық:

Дәу Сыпатай басында,
Андасы бар қасында.
Әлі төре жанында,
Қасқарауда Қарабай.
(Сарбаспен айтысынан).

Бұл шумақта батырлар есімі аталып отыр. Ал:

Арғы шетін айтайын:
Қызылжар мен Семейден.
Мына шетін айтайын:
Ташкент пенен Наманған,
Әндіжан мен Марғұлан, —

дейтін Құлманбетпен айтысында кездесетін шумақта қала аттары тізбектелген. Осылай тере жырланып кетеді. Осының бері әлігі айтып отырған терме-жыр яғни шұбыртпалы ұйқасқа бағынған шумақтар.

Жамбыл айтыстарының көбісі көтеріңкі, лепті интонациядан басталады. Атықанов Бөлтірікпен кездескенде:

Уа, Бөлтірік, Бөлтірік!
Сөз мәуітін келтіріп,—

деп оны кезек сөзге шақырған. Ал Шыбыл шалымен қағысқанда:

Ей, не дейсің Шыбылым!
Кеудеңде жоқ шыбының,—

деп термелей келіп, оны өткір сатирасымен өлтіре сынаған. Бұл жерде көтеріңкі, лепті интонация шумақтың бас жағында келіп тұр. Оның өлең тармақтарының соңында келетіні де болады. Шашубаймен айтысындағы:

Мақтансаң да батыр-ау,
Осы отырған халыққа-ай...
Жетісудың саңлағы
Тегіс отыр қасымда-ай,—

деген, Сарбаспен айтысындағы:

Жақсы емес пе шіркін-ау,
Жаман сөзден қайтқаның,—

дейтін тармақтарда көтеріңкі одағай сөздер шумақ аяғында келген. Ақынның Шыбыл шалына айтқан сын сөзі түгелдей: «Шыбылым», «Шыбының», «шығынын», «сынығың», «шылығың» деген метоним (алмастырып атау) ұйқаспен аяқталған. Бұл да — шеберліктің бір шарты.

Жамбыл айтыстарында ұйқастың барлық түрлері кездеседі дедік. Сарбас, Досмағанбетпен айтысы көбінесе 7—8 буыннан түзілген шұбыртпалы, термелі және аралас, ерікті ұйқастарға, ал 10—11 буыннан құралған Құлманбет, Шашубаймен айтыстары кара өлең, кейде кезекті шалыс ұйқастармен аяқталған. Осы айтыстарында 7—8 буынды және 10—11 буынды тармақ, шумақтар араласа ұйқасқан.

Досмағанбетпен айтысында шұбыртпалы ұйқас бар.

Мысалы:

Тарта сөйле тіліңді,
Танымайсың піріңді.
Танымасаң піріңді,
Айтайын сенің мініңді.
Әдеппенен сөйлегін,
Ғалым болсаң білімді...

Ал Айкүміспен айтысында қазақтың қара өлең ұйқасы көзге ұшырасады:

Ауылым жайлап отыр Ақсенгірді,
Көз сүзіп Сіздің жаққа еңсем құрды.
Қолыма бір ұстасам түсінерсің,
Томпайған төсінді өртенгірді.

Мұндағы алғашқы екі тармақ қара өлеңнің соңғы тармақтарға ұйқас үшін алынғаны анық. Оның Майкөтпен айтысындағы:

Үлкен саздың басында,
Кіші саздың қасында,
Сары екемнің асында,—

деп басталатын жолдардағы қатарынан келіп тұрған «басында», «қасында», «асында» деген сөздер толымды ұйқасқа жатады. Ал Құлманбетке қайырған жауабындағы:

Кімің бар Сыпатайдай төңіректе,
Арғымақ мінгізеді ат керекке.
Түгендеп бір жұмада бола алмайды,
Көсілтіп, қамшы басып көксерекке, —

дейтін жолдарда толымсыз ұйқастың белгілері бар.

Өлең-жырларын ауызша төгіп айтатын халық ақын-жыраулары шумақ, тармақтарды текшелеп, қаттап, әдейілеп ұйқас, ырғақ іздеп жатпайды. Аузына қандай сөз түседі, соны айтады. Осылай туған өлеңнің ырғақ, ұйқастары теп-тегіс үйлесіп шығуы — нағыз шебер ақындарға тән құбылыс. Ал бұл қасиет ең алдымен Жамбылдың бойынан көрінгені сөзсіз.

Қорыта айтқанда Жамбыл ХІХ ғасырдағы айтыс өнерін тақырып, қоғамдық озық ой-сана ғана емес, көркемдік шеберлік, тілдік өрнек жағынан да байытқан жүйрік ақындардың алдыңғы легінде болды деп айта аламыз.

¹ *Әуезов М.* Шығармаларының он екі томдық жинағы. Алматы, 1962. 11-т. 421-б.

- ² Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956.
- ³ Нұрмағамбетова О. Жамбыл — айтыс өнерінің шебері // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1975.
- ⁴ Жамбыл. Шығармаларының екі томдық жинағы. Алматы, 1982, 1-т.
- ⁵ Жамбыл. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946.
- ⁶ Сыздықова Р. Жамбыл поэзиясының тілі жайында; Жармұхамедов М. Жамбылдың айтыстағы дәстүрі // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1975; Хасенов М. Жамбыл поэзиясының тілі // Әдебиет және искусство. 1947. № 5.
- ⁷ Жыр алыбы. Алматы, 1971.
- ⁸ Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанрлары және стилі. Алматы, 1983.

3. ДАСТАНДАРЫ

XVIII ғасырдан бастап жыраулық өнердің бір қыры — эпикалық жырларды шығару, оны айтып тарату кең өріс алды десек, бұл ретте Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын т. б. еңбектері өлшеусіз зор. Жамбыл творчествосы туралы пікір білдірген ғалымдардың дені оның бойындағы байырғы жырауларға тән көп қасиеттерді аңғарғандықтарын айтады.

Н. С. Смирнова Жамбыл туралы: «Ол айтыс шебері ретінде болсын, суырып салма сыншы ақын ретінде болсын, үлкен дастандарды айтушы жырау ретінде болсын, революциядан бұрын жұртқа әбден танылған, атақ-даңқы тараған» (1. 27), — деп жазды. Осындай пікірлерді М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев, Р. Бердібаев еңбектерінен де кездестіруге болады (2. 45, 287, 192).

Жамбылдың эпикалық күш-қуаты туралы сөз болғанда алғаш тілге тиек ететіміз — кезінде ол жырлаған «Көрұғлы», «Мұңлық—Зарлық», «Қыз Жібек», «Ерназар—Бекет», «Манас», «Өтеген», «Сұраншы», «Тотының тоқсан тарауы», «Ертөстік», «Шора», т. б. көптеген дастандар. Сондай-ақ, Жамбыл репертуарында Фердоуси «Шаһнамасының» да өзіндік нұсқасы болғаны мәлім (3. 8). Егер аталған шығармалардың барлығы кезінде жазылып алынса, оны басқа ақын, жыршылар жырлаған дастандармен салыстыруға, олардан Жамбылға тән нұсқаны ажыратуға болар еді. Бірақ бұндай мүмкіндіктер «Көрұғлының үзіндісі», «Өтеген», «Сұраншы» нұсқаларына байланысты ғана туып отыр. Сондықтан қарт ақынның революцияға дейінгі дастандары жайында қолда бар материалдарға сүйене отырып ой өрбітеміз.

Жоғарыда айтқанымыздай, Жамбыл Жабаев кезінде батырлық, лиро-эпикалық жырларға ерекше ден қойып, оны халық арасында кең насихаттаған. Ол ХІХ ғасырдың сексенінші жылдарында Жүсіпбек Шайхисламовқа «Қыз Жібек», «Мұңлық—Зарлық», «Тотының тоқсан тарауы» дастандарын жырлап берген. Сондай-ақ, оның «Көрұғлы» дастанын кезінде он бес күн бойы жырлағаны әртүрлі естеліктерде, ақынның жинақтарындағы түсініктемелерде айтылып жүр. Бірақ осы ұлан-ғайыр жырдан қағазға түскені небәрі 2255 жол ғана (4. 164).

Х—ХІ ғасырлардан бері келе жатқан Көрұғлы туралы жырлар Орта Азия халықтарының ішінде түрікмен, өзбек, тәжік, қарақалпақ, қазақтарда, Кавказ аймағында азербайжан, армян, грузин, абхаз, құмықтарда сақталған. Қазіргі кезде оның көптеген оқиға желісі, композициялық құрылымы бір-бірінен өте алыстап кеткенімен, кейбір сюжеттік желілер әлі де бар халықта бірдей сақталып қалғанын байқауға болады. Москвадан шыққан «Героглы» кітабында: «Белгілі бір сюжеттік желілер мен мотивтердің ұқсастығына қарамастан, бұл эпостың ұлттық версиялары әр халықта тек қана бас кейіпкердің атының түрліше аталуымен ғана емес (Кер-оғлы, Гер-оғлы, Қор-оғлы, Гургули, Куруули, Кур-оғлы және т. б.), сонымен бірге сол халықтың саяси-экономикалық дамуының тарихындағы өзіндік оқиғалардың көркем шығармаға сіңісу көріністерімен де ерекшеленеді» (5. 5),— делінген.

Дастанның жұртшылық жүрегінде ұзақ сақталуына басты себеп: оның көркемдігі, оқиғасының тартымдылығы және идеясының халықшылдығы. Ортақ бір сюжетке ие болған «Көрұғлы» уақыт өткен сайын түрленіп, әр халықтың төл туындысына айналып кете берген. Ақын-жыршылар оған өз жанынан оқиғалар қосып, қаһармандарына өз елінің батыр ұлдарының атын беріп, келе-келе дастанды тарихи нақтылықтан алыстатып, сомдалған эпикалық дүниеге айналдырады.

Мысалы дастанның азербайжандық нұсқасы ХVІ ғасырдағы шаруалар көтерілісіне байланысты тарихи фактілерге негізделсе, армян және түрікмен нұсқаларында халықтың Аббас шахқа және Иран шахына қарсы күрестері көрініс тапқанын байқаймыз (5. 7).

«Көрұғлының» қазақ топырағында отыз үш нұсқасы бар. Олардағы негізгі оқиғалар — қызылбастармен жә-

не жоңғарлармен арадағы соғыстар. Ал барлығына ортақ негізгі идея — ел бірлігін сақтап, тәуелсіздігін қорғау.

Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» дастанының өзіндік ерекшелігін, көркемдік мәнін ашу үшін оны басқа да нұсқалармен салыстыра қараған жөн. Өнер сапарында талай өлкені аралап, көптеген адамдармен араласқан ақын басқаларға үйретумен қатар, өзі де олардан аз үйренбеген. Ол 1867—75 жылдар аралығында Әулиеата (қазіргі Жамбыл), Оңтүстік Қазақстанды аралап, Құлыншақ, Майлықожа, Нұралы секілді белгілі өнер иелерімен араласып, табысады. Осы сапарда өзі жырлап жүрген «Көрұғлының» Сыр бойындағы нұсқасын басқалардан естіп, дастанды бұдан кейінгі жерде творчестволықпен дамытқаны сөзсіз.

«Көрұғлы» дастанының тағы бір нұсқасы Жамбылға Құланаяң Құлманбет арқылы жетті. Кезінде жыр сайысына түсіп, бір-бірімен «бетің бар демей» айтысқан ақындар кейін достық қатынаста болып, қырғыз елін бірге аралаған. Жыр алыбы С. Бегалинге айтқан өзінің бір әңгімесінде: «Ақын деп «Көрұғлы сұлтанды» шығарған ақынды айт. Ел жүрегіне нәр беретін жырлар — осы... Менің сол жолғы олжам, Құлманбеттен «Көрұғлы сұлтанды» үйрендім. Бірақ бәрін жаттап алу қиын екен. Құлманбет бірнеше күнде аяқтай алмады. Мен осының бірнеше бөлімін-ақ ұқтым. Менің өрісімді кеңейткен ірі жырдың бірі осы «Көрұғлы сұлтан» болды», — деген (6.23). Сонымен Жамбылға жеткен «Көрұғлының» екі түрлі нұсқасы болғанын көреміз (Майлықожа — Құлманбет). Жырау жырлаған дастан желісінің Оңтүстік Қазақстан жыршылары Р. Мәзқожаев және Ә. Жүргенбаев нұсқаларымен және Е. Есенжолов, М. Көпеев жазып алған дастандармен де сюжеттік ұқсастығы бар. Жамбыл жыры туралы алғаш хабар «Қазақ әдебиеті» газетінде берілді. Бұл 1947 жылы Бедел Тұрсынбаев ақын шәкірттерінен жазып алған дастан туралы тұңғыш айтылған пікір еді (7). Кейін осы жыр ақынның толық шығармалар жинағына енді (8). Жамбыл дастанымен салыстыра сөз етейік деп отырған Р. Мәзқожаев нұсқасының да тамыры терең жатқанын жыршының:

Көрұғлыны мен алдым,
Нақыпұлы Бараттан...
Нақып жырау домбыра ап,
Аузынан өзі таратқан,—

деген жыр жолдарынан көреміз. Бұл ретте тағы бір айта кететін жәй, қандай да жыр болмасын оған әрбір жырау, жыршы өз қол таңбасын салатындығы. Соның нәтижесінде ол бір ақынның, жыршының емес, тұтас бір жыршылық мектептің қалыптастырған дүниесіне айналады. «Көрұғлының» Жамбылға жеткен екі нұсқасын да осы тұрғыдан қарау керек. Бұларға Жамбылдың композициялық, сюжеттік жағынан қосқан жаңалығы, олармен қабысатын тұстары дегенді тек әртүрлі нұсқалармен салыстыра отырып сөз етуге болады. Біріншіден Жамбыл, Р. Мәзқожаев, Е. Есенжолов нұсқаларына ортақ нәрсе: ол баланың көрде тууы, оны адамдардың ұстап алу сюжеті. Бар ұқсастық осы. Бұның өзі де шартты. Себебі Р. Мәзқожаев нұсқасында бала көрде туғанымен, оның ата-анасы туралы оқиға ежелгі Толыбай сыншы туралы аңызға негізделіп, тек әкесі Раушанбек деп беріледі. Жамбыл жырындағы Көрұғлының әкесі — Бозайхан ел билеуші, жауыздығымен аты шыққан қатал жан. Ал М. Көпеев пен Е. Есенжолов өз нұсқаларында бұл көріністі Толыбай туралы бір-екі жыр жолымен шектеп, Көрұғлының әкесі — Мұңлыбек жау қолынан өлді деп қысқа қайырған (16).

Жамбыл «Көрұғлы» дастанының алғашқы жолдарынан-ақ оған реалистік, халықтық рух бере жырлауға тырысқан. Жырды өзінің әдеттегі әдісі философиялық толғаумен бастайды да, жақсылық пен жамандық, мейірімділік, жауыздық туралы түйіндей келіп, тыңдаушысын үлкен оқиғаға дайындайды. Бұл Бозайханның қаталдығын, елге көрсетіп отырған зәбірін суреттеумен ұштасады. Оның қатыгездігінен жазықсыз Жазира өлім жазасына кесіледі. Бұл мотив Р. Мәзқожаев, Е. Есенжолов нұсқаларындағы Көрұғлының анасының аурудан өлетін оқиғадан ерекшеленіп тұр. Сондай-ақ Жамбыл дастанында басқаларда кездесетін Көрұғлының анасының түс көріп, өзінің өлетінін біліп отыратын оқиғасы да түсіп қалған. Бұндай ертегілік сарыны басым шешім жырауды қанағаттандырмаған, сондықтан оның орнына жаңа сюжет қосады. Ол тазша балаға байланысты желі. Тазша баланың Жазирамен бірге өлімге кесілуі, олардың моласының үстіне жеміс ағаштарының өсіп шығуы Жамбылдың кезінде «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырын да жақсы білгендігін және оны өз ой елегінен өткізіп «Көрұғлы» жырына пайдаланғандығын аңғартады. Мұны:

Жемісті көркем ағаштар,
Құлдардың өсіп басына.
Кете алмайды барған жан
Тамашалап қасына.
Ерекше шыққан екі ағаш,
Еңкейіп келіп қабысқан,
Бір-біріне асыла (8. 252),—

деген шумақтардан көреміз. Бұл жолдар кезінде бір түн айтылатын ұзақ желінің бізге жеткен сілем ізі болуы да мүмкін.

Кек алуға жаралған
Болмасын құлдың баласы.
Ол құл өсіп ер жетіп,
Ханды келіп тебірентсе... (8. 291),—

деген шумақ жыраудың бар дастанында халық батырын қарапайым халықтан іздейтін дәстүрінен ауытқымайтындығының тағы бір белгісі.

Жамбыл жырының екінші бір ерекшелігі Көрұғлы өмірінің алғашқы баспалдағын өзінше жырлауы. Бұнда ол баланың көрде жүріп тамақтануын, оны адамдардың ұстап алуын басқаша суреттейді. Бұл эпизод Р Мәзқожаев, М. Көпеев нұсқаларында өзгерген. Оларда баланың өлі анасының емшегінен сүт шығып, ол сонымен күн көреді. Ал Е. Есенжолов жазып алған дастанда бала кер биенің сүтін емеді. Жамбыл бұл эпизодты нақтылы өмірге жақындатып, оған қара ешкінің сүтін ішкізеді. Сондай-ақ ол баланы қолға түсіру сюжетін жырлауда да нанымсыз оқиғалардан бас тартқан. Мысалы басқа нұсқаларда осындай көрініс орын алса, Жамбыл жырлаған дастанда бала өзін ұстамақ болған Құлақасқа батырды жеңеді және жиырма бес жасар Дарданмен алысып, қолға әрең түседі. Яғни жырау оны ғажайып күштің көмегімен емес, қарапайым кемпірдің ұлы — Дарданның ептілігімен ұстаттырады. Осы эпизодтан және баланың халыққа жақындасуын суреттейтін көріністерден Жамбыл жырының реалистік рухы анық байқалады. Мұның бәрі нанымды, оқиға желісіне сіңіскен, бұрыннан дастанда бар сюжет деп қабылдайтын дәрежеде жырланған. Көрұғлының халыққа үйренуінің негізі еңбекте дегенді айтқан. Ал дастанның біз қарастырған басқа нұсқаларында бұл оқиғалардың барлығы адам күшінен тыс нәрселердің әсерінен іске асады.

Дәстүрлі жырлардағы қалыптасқан тіркестерді творчестволықпен өз дастандарында пайдалана білудің үлгі-

сін жырау кейіпкерлер образын сомдауда көрсете білген. Мысалы Бозайханның образын бергенде:

Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан (9. 269),—

деген, немесе:

Жауатын күндей тұлданып,
Қаны қашып сұрланып.
Қия шауып, құзды алып,
Оя шауып, мұзды алып (9. 269),—

деген дәстүрлі эпикалық тіркестерді алса, Гүлжазира бейнесін беруде:

Қыр мұрынды қиғаш қас,
Күміс кірпік, алтын шаш (9. 272),—

деген жолдарды пайдаланған.

Сондай-ақ Жамбыл өз дастанында дайын тіркес, шумақтарды ғана емес, ежелгі эпикалық композицияны да сәтті қабыстырған. «Қобланды», «Алпамыс» жырларындағы «балаң жоқ, қу бассың» деген эпикалық тұрақты деталь Бозайханға да айтылуы бұған дәлел. Бірақ бұл дәстүрлі сюжеттің әрі қарайғы жалғасын ақын тағы да басқаша өрбітеді. Егер аталған батырлық жырларда және т. б. эпостарда «балаң жоқ» дегеннен кейін бас кейіпкер бала сұрау, құдайға жалбарыну жолына түссе, «Көрұғлыдағы» Бозайханды Жамбыл нақты іске жетелейді. Ол өзіне әйел іздейді, осы жолда зорлық-зомбылық, қатыгездікке барады. Басқа нұсқаларда бұл сюжет жоқ. Ақын сөйтіп дастанды мифтік ұғымдардың элементтерінен тазартып, шынайы өмір оқиғасына жақындатады. Демек ол эпикалық дәстүрден қандай сюжет, қандай тіркес алмасын, оны бір мақсатқа, дастандарын көркем, реалистік шығармаға айналдыруға бағыттайтынын байқаймыз.

Жамбылды эпикалық жырау ретінде халыққа танытқан шығармасының бірі — «Өтеген батыр». Бұл дастанды оған дейін де жырлағандар аз болмаған. Бірақ олардың көбі бізге жетпей, тек Сүйінбай Аронұлының дастаны мен Жамбыл әркез жырлаған дастанның бірнеше нұсқасы ғана сақталған. Сондықтан да «Көрұғлы» секілді оның «Өтеген батырын» басқа бірнеше нұсқалармен салыстыра қарастыруға мүмкіндік жоқ. Бұл ретте сөз оның Сүйінбай дастанымен байланысы және нұсқалардың өзара ерекшеліктері туралы болмақ.

Жамбыл дастанының бірнеше нұсқасы болуының себебі не десек, оның төмендегідей сыры бар. Біріншіден жырды жазып алушылар оны басқа да адамдар қағазға түсіргенін білмеген. Екіншіден жырау шәкірттері де естерінде сақталғандарын түрліше жаңғыртып айтып беріп отырған. Тіпті кейбір зерттеушілер белгісіз автор жазып алған бір нұсқаны Т. Жароков қағазға түсірген деп жаңсақ көрсеткен.

Қандай жырға да алғаш негіз болған оқиға, кейін әсер еткен себептер, ол туып қалыптасқан кездің саяси-экономикалық жағдайы бар. Бұл жайды «Өтеген батыр» жыры да бастан кешірген. Өтеген Өтеғұлұлы 1699 жылы Шу өзені бойындағы Хан тауының оңтүстік шығысында жатқан Изенді деген жерде туып (қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданының жері), 1773 жылы Іле өзенінің бойында дүниеден қайтқан. Бұл халқымыздың тарихында «ақтабан шұбырынды» деген атпен белгілі жоңғар шапқыншылығының заманы еді. Жерін, елін сырт жаудан қорғаған қазақ батырларының бірі Өтеген болған (10.71). Қару-жарағын асынып, ел тәуелсіздігін қорғаған осы батырлар туралы бүгінгі күні «Қабанбай», «Бөгенбай» және т. б. тарихи жырлардың бізге жетуі халықтың соларға көрсеткен құрметі, орнатқан ескерткіші.

Өтеген де бүкіл халықтық маңызы бар Аңырақай шайқасы, Қалдан Цереннің 1741—1742 жылдардағы шапқыншылығына қарсы соғыстарға тікелей қатысқан. Сондай-ақ тарихи деректердің екінші бір ұшы Өтегеннің Абылай ханмен араздасып, халқына жер іздегені, батыр туыстарының Көкшетауға көшіп барып, қайта Іле бойына қоныс аударуы секілді фактілермен байланысып жатыр (14.152—153).

Өтеген өміріне байланысты бұл тарихи екі оқиға кейін дастанға да осылайша екі арна болып қосылған. Н. С. Смирнова: «Өтеген жайындағы тарихи жырлар мен дастандардың мазмұны жоңғарлармен соғысқа, «ақтабан шұбырынды» оқиғасына, одан кейін қазақтардың қол жинап, жоңғарларды талқандауына құрылған. Олар көбінесе ноғайлы дәуірі эпосының дәстүрлі сюжет желісін, құрылымын және стилін қайталап, батырдың әкесі туралы кіріспемен басталып, бала кезіндегі ерліктерімен және жастық шағындағы батырлығы, содан кейін батырдың кемелденуі (ер жету, тұлпар таңдап мінуі, жаумен жекпе-жегі) баяндалады» (11.153), — дейді.

Бұл жерде көңіл аударатын қызықты факт, Өтегенге байланысты аңыз-әңгіме, өлеңдердің эпикалық дүниеге айналу процесінің айқын көрінетіндігі. Мұнда ежелгі жырлардағы батырдың тууы, өсуі, тұлпар таңдап мінуі, жорыққа аттануы, еліне оралуы секілді композициялық тұтастық толық сақталған. Тек жетіспейтін бір жері — батырдың жар таңдауы. Аталған эпикалық тұтастық дастанның әрбір нұсқасында қандай дәрежеде көрініс берген деген мәселені кейінірек сөз ететіндіктен бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз.

«Өтеген батыр» дастанының екінші бір арнасы — XV—XVI ғасырларда, Әз Жәнібектің тұсында жер ұйығын іздеген Асанқайғы жөніндегі аңыздар. Халыққа жәйлі жер іздеген Өтеген туралы желіні ежелгі Асан ата оқиғасымен ұштастырып, Жамбылдың жаңа дастан тудыруы кездейсоқ емес. Себебі дастанның бұл нұсқасы туған кезде халық үшін қоныс, жәйлі мекен мәселесі бірінші кезекке шыққан еді. Патшаның отарлау саясаты негізінде қыспаққа түсе бастаған қазақ елінің сол кездегі бар мақсат-мүддесі құнарлы жерден айырылмауға, не жайлы қоныс табуға ғана тірелген-ді. Бұл арнаны тудырып, дамыта жырлаған Жамбыл бастаған ақындар болды. Себебі Сүйінбай дастанында жер іздеу мотиві мүлде жоқ.

Өтегенге арналған дастанның алғашқы жыр жолдарын шығарушы, әдеттегідей, батыр жорығына қатысқан жырау, ақындар еді. Бірақ бізге бұлардың ішінен тек Сүйінбайдың атасы — Күсеп ақынның аты ғана жетіп отыр. Кейінгі кездерде бұл дастанды Өтегеннің немересі — Бәйімбет Торпақұлы мен шөбересі — Тілеміс жырлағаны туралы С. Бегалин өз еңбегінде былай дейді: «XIX ғасырдың 90-шы жылдары Тілеміс Пішпек (қазіргі Фрунзе — А. Б.) қаласында қазақ, қырғыз бас қосқан жиында үлкен жыр жырлайды» (15.609). Сондай-ақ Н. С. Смирнова халық арасында Өтеген батыр туралы Майкөт ақын да жырлағанын айтады (11.151). Бұл аталған ақындар жырларымен қатар, халық арасында Өтегенге байланысты көптеген аңыз-әңгімелер болған. Мысалы «Өтегеннің тууы», «Өтегеннің батырлығы», «Өтегеннің қоныс іздеуі», «Өтегеннің Абылайдан ажырауы» және т. б. бас-аяғы жиырма екі аңыз. Бұлардың көпшілігі кейін дастанның сюжетіне желі болған.

«Өтеген батыр» дастанын тудырушы, жырлаушылардың ішінде Сүйінбай есімін ерекше атаған жөн. Ке-

зінде бұл жырды дарынды ақын шабыттана жырлап, оны өзінің шәкірттеріне де жалықпай үйретіп отырған. Жамбыл да Сүйінбай әсерімен эпикалық жырға деген алғашқы қадамын осыдан бастағанын үнемі айтып отырған (12.4). Оған кейінгі кезге дейін белгісіз болып келген Сүйінбайдың С. Садырбаев тапқан нұсқасы мен Жамбыл жырының бірінші нұсқасын салыстыра отырып нақты көз жеткізуге болады. Бұндағы бір қызықты факт, Жамбыл ұстазының дастанын көп өзгертпеген, тек оған Өтегеннің халыққа жәйлі жер іздеу сюжетін қосқан. Осыдан кейін дастан эпикалық элементтер тұтастығына ие болған дүниеге айналған.

Жалпы эпикалық жыр нұсқаларын сөз еткенде белгілі ғалым Б. Н. Путиловтың: «Фольклорлық шығарманың орындаушылары бар кезде нұсқалардың болуы заңды құбылыс. Біз қалыптасқан дәстүр бойынша «нұсқа» деген терминді қолданамыз, ал шындығында кез келген шығарманың әрбір жазып алынған сөзі өз алдына жеке өмір сүруге праволы және бір нұсқа екіншісімен тең дәрежедегі дүние» (13.193), — деген пікірін есте ұстаған жөн. Демек әр автордың шығармасын ғана емес, әр нұсқаны да жыршының төл туындысы, басқа нұсқалармен терезесі тең дүние деп қарау керек. Осылай саралағанда ғана Жамбыл дастанындағы тарихи оқиғалар, ақынның көзқарасы, дүние танымы, творчестволық өсуі дегендер айқын көрінеді.

«Өтеген батыр» дастанының бір нұсқасын Т. Жароков 1937 жылы жазып алып, алғаш рет жариялаған еді. Кейін осы нұсқа бірнеше рет орысшаға да аударылып басылды. Ақынның 1982 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағына осымен қатар, жыраудың жақын інісі, мектеп мұғалімі Рахметжан Жолашаров жазып алған екінші нұсқа да енді. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында «Өтеген батырдың» бұлардан басқа Жамбыл жырлаған тағы екі нұсқасы сақтаулы. Оның бірін ел арасынан жазып алған Белдел Тұрсынбаев-та, екіншісін хатқа түсірген адам белгісіз. Демек Жамбыл Жабаевтың «Өтеген батыр» дастанының төрт нұсқасы бар. Сол нұсқаларды өзара салыстыра қарағанда нені байқауға болар еді?

Жалпы көптеген нұсқасы сақталған жырдың алғаш жырланғаны қайсы деген мәселені кесіп-пішіп айту мүмкін емес. Сол секілді «Өтеген батыр» дастанының да алғашқы нұсқасы мынау деу қиын. Себебі қағазға түс-

кенге дейін дастанды Жамбыл сан жырлап, сан өзгертенін жоғарыда айттық. Бірақ бұл жерде өзгеріссіз қалған екінші бір факторды көрмей өтуге болмайды. Ол жыраулардың, акындардың бойындағы тұрақты эпикалық білік (эпическое знание). Белгілі фольклорист ғалым В. М. Гацактың бұл ретте: «Әрбір орындалған сайын жазылып алынған дүние бір шығарманың нұсқасы ғана емес, поэтикалық қордың кең түрде жарыққа шығуы. Атап айтсақ, дастанның жалпы поэтикалық ойы (бір текстің қағазға түскен ойынан әлдеқайда кең) орындаушының (певца) бойындағы жинақталған білім және басқа да творчестволық мүмкіндіктердің көрінісі. Орындаушы эпикалық қордың негізін сақтай отырып, жырды жеткізудің бір ғана жолын таңдайды. Ал шын мәнінде оның бойында бұндай эпикалық қорлар өте көп» (15.45), — деуі эпикалық жыр нұсқаларының темір қазығы, негізгі ойы барлық дастандарда да сақталатынын көрсетеді. Жамбыл өзінің ұстаздары мен тұрғыластарынан аңыз-әнгімелерден Өтеген туралы (сондай-ақ басқа дастандар туралы да осыны айтуға болады) жинақталған эпикалық білімін әр нұсқада пайдалана білді. Рас олардағы кейіпкерлердің аты, кейбір сюжеттер ұқсас болғанымен, әр дастанға қосымша өзіндік желі, оқиғалар қосылып, жеке шығармалар туған.

Жыр айту дәстүрі неғұрлым күшті болса, жыраулық (жыршылық) мектеп қалыптасқан болса, дастан сюжеті, композициясы, образдары, тілі соғұрлым тұрақты болады, көп өзгеріске түспейді. Бұл аталғандар эпикалық шығармалар тудыруда, менгеруде негізгі фактордың бірі екенін В. П. Аникин былай түсіндіреді: «Ауыз әдебиетінде дәстүр белгілі бір образдарды, сюжеттерді, стильді менгеру арқылы беріледі» (16.13). Жамбыл нұсқаларындағы өзгерістің көптігі оның дарынына, стилінің айкындығына және Сүйінбайдан соң Жетісу өлкесінде жыршылық дәстүрді лайықты жалғастырып, үлкен ақындық мектеп құрғандығына көз жеткізеді. Сондықтан да ол өзіне дейінгі жырланған дастандарды халыққа жеткізгенде ондағы кем-кетік, солғын образ, ширатылмаған сюжет, жымдаспаған композициялық құрылымдарды қайта қарап, жаңаша өңдеп отырған. Ал Жамбыл нұсқаларының тұрақтанып, көп өзгерістерге түспеуі кейінгі ақын-жыршылар оның дастанын толыққанды шығарма деп мойындағандықтан еді.

«Өтеген батыр» дастанының төрт нұсқасын сюжеттік

желісі, батыр туралы аңыз-әңгімелермен салыстыра отырып қарастырсақ, алғашқы жырланғаны Б. Тұрсынбаев жазып алған нұсқа деп шамалауға болатын секілді. Олай дейтін себебіміз, біріншіден оның әлі де аңыз, ки-ял-ғажайып сюжеттерден арыла қоймағандығы, екіншіден бұл нұсқада ежелгі эпостың дәстүріне жақындық бар. Атап айтқанда ондағы оқиға батырдың әкесінің өміріне байланысты желімен басталып, балалық, жастық шақтары туралы жыр жолдарымен толыға келіп, алғашқы ерлігі, тұлпар таңдауы секілді дәстүрлі жобамен дамиды.

Бұл — дәстүрлі композиция, жалпы эпикалық шығармаларға тән сюжет. Бірақ осы тұрақты фольклорлық элементтерді Жамбыл өзіндік тұрғыда жырлаған. Мысалы қаһармандық жырларымыз — «Алпамыс», «Қобыландыда» және т. б. ата-ананың перзент тілеу мотиві жері мен мал-мүлкінің иесіз қалатындығына негізделсе, Жамбылдың «Өтеген батырында» бүкіл халықтың перзент тілеуі өздерін шет ел басқыншыларынан құтқаратын батырды аңсауға құрылған. Бұдан кейінгі сюжет қайтадан дәстүрлі арнаға қайтып оралады. Мұнда да қыдыр ақсақал батырдың туатыны туралы аян береді. Бірақ бұл эпизодтың шешімі де тың, өзгеше. Яғни болашақ батыр текті адамнан емес, қарапайым халық өкілінің үйінде туады. Жамбыл бұл жерде де ел қорғар, ел намысын жыртар батырды қарапайым халық ортасынан іздейтін жолынан таймайтынын, өзінің бар шығармасында сол ортадан шыққан өкілді бірінші орынға қоятынын көрсетеді. Сондай-ақ бұл қосылған сюжеттік өзгеріс жыр туған кездің саяси-экономикалық жағдайынан да көрініс береді, яғни XVIII ғасырдың екінші жартысында алдыңғы аренаға қарапайым халық өкілі шыға бастағанын да байқаймыз.

Дастанның бұдан кейінгі желісі ежелгі эпикалық дәстүрге қайта ойысады. Өтегеннің туғанын естіп Қоқан ханы жорыққа жиналады, жастығына қарамай Өтеген оған қарсы аттанады. Тек көңіл аударатын мәселе, хан батырдың туғанын мыстан кемпірден емес, аңшы мергеннен естиді. Бұл жырауға шығыстан келген қиссалардың тигізген әсері болса керек. Ендігі жерде дастан жаңа арнамен, яғни кейінгі нұсқалардың барлығына дерлік негіз болған жер іздеу сюжетімен дамиды.

Тарихи деректерге қарасақ, Өтеген Өтеғұлұлының қоныс іздеп жер кезгендігі шындыққа саяды. Оған себеп

болған жәй, XVIII ғасырда Абылайдың өз батырының бірі Өтегеннің қонысын қытай боғдыхандарына беріп қоюы делініп жүр (12.152). Тарихи осы оқиғаны Жамбыл халық арасына кең тараған Асанқайғы туралы аңызбен ұштастырып, дастанға айналдырған. Оған себеп дастан жырланған кезде ата-қоныс мәселесі бүкіл халық алдында тұрған ең негізгі мәселе еді. Халықтың көзі, құлағы — жырау оны дәл көре білді. Батырдың балалық шағы, ат таңдауы және т. б. дәстүрлі желілер осы нұсқада ғана сақталған. Кейінгі нұсқаларда бұл жайлардың кездеспеуін түрліше жобалауға болады.

Дастанның бұдан кейінгі жерінің Р Жолашаров жазып алған нұсқамен ұқсастығы болғанымен, жыр өзгеше жырланған. Өтеген жер ұйықты іздеуге жүз құлынды бие, жүз түйе, қырық қыз алады. Бұл оқиға дастанның біраз жерінде жырланады. Содан кейін Өтеген жезтырнаққа кездесіп, онымен күш сынасады.

Жезтырнақпен соғысу кейінгі Р Жолашаров, Т. Жароков жазып алған нұсқаларда да бар, алайда екінші нұсқадағы соғыс сюжеті өзгеше. Бұндағы жезтырнақ қазақ ертегілеріндегі халықты қорқытып, күніне мал, қыз алып кетіп тұратын айдаһар образының орнына берілген. Сондай-ақ Өтегеннің кезек-кезек ағайынды бірнеше жезтырнақпен соғысуы, оларды жеңуі қазақ ертегілеріндегі жалғыз көзді дәулермен соғыс сюжетіне жақын. Бірақ бұнда да дастан шешімі басқаша. Ең ақырғы, ең күшті жезтырнақты жеңе алмай жаны қысылған Өтегенге өзі өлімнен құтқарған қыз келіп жәрдем береді.

Дастандағы мифологиялық жайлардың көптігі нұсқаның шығу тегінің әрі жатқанын көрсетумен қатар, оның әлі де қалыптасып болмағандығын көрсетеді. Мәселен якут халқының «Олонхо» жырындағы қабат-қабат мифтер оның архаикалық дәуір шығармасы екенін аңғартумен қатар, оны кейінгі кездерде классикалық дәрежеге жеткізетін жырау (олонхосут) болмағандығын да көрсетеді.

Дастанның осы нұсқасының тағы бір ерекшелігі — эпикалық тіркестердің молдығы. Мысалы:

Өтеген сауыт киінді,
Жауға қылыш үйірді;

немесе:

Жезтырнақпен шабысты,
Қылыш, найза салысты.
Ат үстінен тартысып,
Жерге түсіп алысты;

немесе:

Найзасын алды қолына,...
Жебелі найза төндіріп (4. 164), —

деген жолдар бұған айғақ.

«Өтеген батыр» дастанының композициялық құрылысы шебер құрылуы да айта кетерлік жәйт. Мысалы алғашқы нұсқалардағы кейбір эпикалық жырларда кездесетін қара сөз арқылы сюжет тұтастандыру кейінгі нұсқаларда жаңадан қосылған жыр жолдары арқылы шебер байланысып кеткен.

Атап айта кететін тағы бір жай — жырдың осы нұсқасы Жетісу өлкесіне орыс еңбекшілерінің алғаш қоныстана бастауынан, Ұлы жүз қазақтарының Россияға қосылу кезеңінен де хабар береді.

Бұл кез Қазақ ССР тарихында: «Ұлы жүз қазақтары мен Орта Азия халқының кейбір аудандарының халқы Жоңғарлардың қоқан-лоқысынан (XVIII ғасырдың 50-ші жылдарының аяғына дейін), Циндердің төндірген қауіпінен (XVIII ғасырдың аяғынан бастап) және жергілікті феодалдар мен Қоқан феодалдарының екі жақты қанауынан титықтағандықтан Россияға өз еркімен қосылуға ұмтылды», — деп суреттеледі (17.186—187).

Қоқан ханының шапқыншылығынан әбден ығыр болған Жетісу қазақтарын езгіден құтқаратын жол орыс халқымен достық дегенді Жамбыл «Өтеген батыр» дастанының аяқталу түйіні еткен. Жезтырнақпен соғыста жеңіске жеткенімен, халыққа жайлы қоныс таба алмай тұрған Өтегеннің көзіне бір ел түседі. Оны жырау былай етіп суреттейді:

Қазақша сөйлей білмейді,
Ел екен шебер өнерлі...
Ел үлгісін алса деп,
Өтеген қатты сүйсінді (4. 164).

Кейін Жамбылдың халықтар достығы туралы кеңінен толғаған жолдарына осы нұсқада айтылған мына бір ойлар негіз болған:

Сол заманнан бер қарай,
Орыс, қазақ елдері.

Араласып бірлесті,
Үйренісіп тілдесті.
Өнер, ғылым үйреніп,
Талаптылар күнде өсті (4. 164).

Халықтар достығына байланысты айтылатын осы бір жолдар өзге нұсқаларда жоқ. Оған себеп болған патшаның отарлау, қанау саясаты еді.

Бұл ретте Өтеген туралы аңыз-әңгімелерге шолу жасаған Н. С. Смирнова былай дейді: «Бос жатқан шет аймақтарға отаршылдарды мекендеткен патша өкметінің саясаты, шұрайлы жайылым жерлерді патшаға арқа сүйеген қазақ байларының иемденуі... халық арманын тезірек жүзеге асыру мүмкіндігін азайта берді» (11.112). Кейінгі нұсқаларда Жамбылдың патшаның отарлау саясатына деген көзқарасы айқын көрінеді.

Жамбыл Жабаев жырлаған екінші нұсқа М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы. Кім жазып алғаны анықталмаған осы нұсқаның ертерек жырланғандығын дәлелдейтін нәрсе, алғашқы дастанмен ұқсастығының көптігі және кейінгі шыққандармен (үшінші, төртінші нұсқаларымен де үндесіп жатқандығы. Бұл факт эпикалық шығарманың қалыптасу процесін нақты көрсетеді. Аталған нұсқаның құрамында Жамбылдың кезінде эпикалық дүниелер тудыруда қолданған тұрмыс-салт жырының үлгісі — айтыс та бар. Бұл ретте Е. Ысмайыловтың: «Ең алғашқы Жамбылдың айтыстары салт-әдет жырларына еліктеу ретінде жарыққа шыққан болса, ХІХ ғасырдың 80—90 жылдары бүкіл қазақ айтыстарына жаңалық түрінде, сүре айтыс болып, эпикалық жыр дәрежесіне көтерілді» (18.137), — деген пікірі ақынның эпикалық жырлары мен тұрмыс-салт жырларының арасындағы байланысты дәл басып айтқандық.

Сондай-ақ мұнда әлі де аңызға құрылған сюжеттердің көптігі, басқаларында жоқ «Мың бір түн» оқиғасының жүруі нұсқаның іздену, қалыптасу кезеңінде туғандығын көрсетеді. Бірінші нұсқадағы (Б. Тұрсынбаев жазып алған) Өтегеннің тууы, әке-шешесі туралы желілер екінші (жазып алған адамы белгісіз) дастанда түсіп қалып, ол бірден Өтегеннің жайлы қоныс іздеу оқиғасымен басталады. Ал кейінгі нұсқаларда бұл ақынның философиялық толғауы мен ата-бабасы туралы шежіреден соң берілген. Сондай-ақ айдаһарға кездесу, оған болысу оқиғасы да осы нұсқада алғаш қосылған. Бұдан кейінгі

эпизодтар өзгешелеу, яғни кейінгі нұсқаларға қосылған екінші айдаһарды әбжыланнан құтқару, жезтырнақтарды өлтіру сюжеті жоқ.

Өтеген ерлігін аша түсу мақсатымен жырау кейінгі Т. Жароков жазып алған нұсқадағы сюжеттер желісін қайталайды. Сөйтіп батырға қырық күндік шөлді кезгізеді, одан өтуде ол талай қиындықтармен күреседі. Сондай-ақ Р. Жолашаров жазып алған нұсқада сөз болатын қалың шеңгелді жарып өту оқиғасы да осы жерде бір-екі сөзбен қылаң беріп қалады. Дастан Өтегеннің әйелін қызғанып, баласы Тарпанды шауып тастай жаздайтын эпизодты суреттеумен ұзақ жырлана келіп, халықтың Жиделі Байсынға көшуге дайындалып жатқандығымен бітеді. Жырдың бұлай аяқталуы да оның кейінгі екі нұсқадан бұрын жырланғанын көрсетеді.

Ендігі сөз «Өтеген батыр» дастанының Р. Жолашаров жазып алған үшінші нұсқасы жайында. Оны алғаш рет 1982 жылы Ж. Жабаевтың екі томдық шығармалар жинағына фольклорист ғалымдар С. Садырбаев, К. Сейдахановтар енгізген. Бірақ осы жинақтың түсініктемесінде бұл нұсқа Т. Жароковтың жазып алғаны жарыққа шыққан соң жырланған деп айтылады (8.329). Бұған дәлел ретінде дастанның көркемдігі, кіріспесінің нақтылығы келтіріледі. Біздіңше бұл ерекшеліктердің сақталуының себебі онда емес, оны жырау шәкірттері жаттап, содан кейін қағазға түсірілгендігінде. Сондай-ақ кіріспенің нақтылығы оның әлі де болса тарихи жырлардан алыстамағанын көрсетеді. Ал Т. Жароков жазып алған нұсқадағы басқы толғаудың жалпылығы, оның эпикалық шығармаға үшінші нұсқаға қарағанда бір қадам жақын тұрғанын көрсетеді. Сондықтан да бұл нұсқа бірінші және екінші дастандардың тікелей жалғасы болып табылады.

Екінші нұсқаға қосылған «Мың бір түн» оқиғасы дастан композициясына, көркемдігіне онша қуат беріп тұрмағанын түсініп, Жамбыл Р. Жолашаровтың жазып алғанында оны алып тастап, орнына бұрынғы кейіпкерлерге байланысты жаңа желі қосқан. Атап айтсақ жезтырнақты аңыз-әңгімелердегі образда алып, оны Өтеген мен жолдастарына қыз түрінде кездестіреді.

Жырау үшінші нұсқада біріншідегі «Жылқыға жайсыз жер екен» деген жолдарға қайта оралады. Оның мұндай шешімге келуінің себебі де бар. Ол бастапқы нұсқада халық үшін туған жерден артық нәрсе жоқ еке-

нін түсінгенімен, сонда қалу үшін не істеу керектігін білмеді, одан шығатын жолды көре алмады. Октябрь революциясынан кейін ақын дүние танымы кеңейіп, ол енді дастанға жаңа арна қосады. Жырау екінші нұсқада Жиделі-Байсынға көшпек болып жатқан Өтегенді үшіншісінде армандаған қонысына алып келеді де, жаңа өмір жетістігін, бүгінгі халық байлығын толғап кетеді. Өтеген секілді батырға бір рудың мүддесін, арманын жоқтату, іздету тарлық ететінін түсінген ақын енді оның образын бүкіл халықтық мүддені іздеуші батыр дәрежесіне көтереді. Бұл фактілерден ертедегі рулық дәрежедегі жырлардың жалпы халықтық эпостарға айналу процесін көреміз.

Үшінші нұсқаның аяғындағы совет адамдарының еңбектегі ерліктерін жырлауды ежелгі батырлар ерлігін жаңа тұрғыда сөз ету, жаңғырта жырлау деп түсінсе де болады. Сондай-ақ жаңа желінің дастан композициясына қосылынқырамай тұрғанын да байқау қиын емес.

Ұлы Октябрь шуағы қарт жыраудың жүрегіне нәр беріп, шабытының жаңа қырларын ашқан кезеңіне тұспа-тұс келген үшінші нұсқа қайта жырланғанда өзгеріп, ширатыла түскен. Мұнда үстем тап өкілдерінің өткір сыналуы, тарихи оқиғаның ширатылуы, жаңа саясаттың көрініс табуы бұған айқын дәлел.

Т. Жароков жазып алған төртінші нұсқадағы кіріспе кең тынысты толғау үлгісінде көрінеді. Ал одан кейінгі жыр жолдарында әр оқиғаны тарата жырлауға тырысқандық байқалады, яғни нақтылықтан гөрі жалпылық басым. Мысалы Өтегеннің ататегі екінші нұсқада «Қасқараудан шыққан Өтеген» түрінде жырланса, Р Жолашаровтың жазып алғанында:

Қасқарау, Дулат елінде,
Сырымбет деген адамнан (8. 191),—

деп берілген. Ал Т. Жароковта:

Жетісу еді мәулеті,
Сырымбет еді әулеті,
Дулат еді руы (8. 162),—

деп жалпылыққа жетелейді.

Алғашқы нұсқалардағы орыс-қазақ халқының достық қатынасын кеңінен суреттейтін жыр жолдары кейінгілерде кеңейтілмеген. Бұған тағы да себеп дастанның соңғы нұсқасы жырланған кезде патша өкіметінің отар-

лау саясаты күшейіп, жергілікті әкімдер (хандар, байлар, билер) оның ауыз жаласқан сыбайласы болып, халықтың оларға деген ашу-ызасының зорая түскендігі еді. Осыған байланысты жырау негізгі кейіпкердің ойын былай береді:

Олар келіп халықты,
Көк өспейтін жерге айдады.
Су түспейтін жерге айдады.
Сағым ойнап, құм қайнап,
Үйлеспейтін жерге айдады (8. 191—192).

Еліне қайтқан Өтеген мен серіктеріне әртүрлі халықты кездестіру, олардың ауыр тұрмысын көрсету арқылы Жамбыл барлық жерде де езілген таптың хал-жағдайы бірдей екенін шебер жырлайды:

Ол кезде Ресей патшасы,
Еділге бұғау салғаны,
Сезілді езіп зарлатқан,
Салғаны елге найзаны (8. 164).

Бұл желі дастанның өн бойында қайталанып отырады. Басында жыраудың өз толғауымен, ортасында Өтегеннің Еділден ат басын бұруымен көрініс берсе, аяғында ақ сақалды қарттың аузымен айтылады. Әр кезеңнің негізгі оқиғасын бірінші кезекке шығара білу оның уақыт тынысын терең сезіне білгендігін де көрсетеді.

Кейінгі нұсқалардың тағы бір ерекшелігі — аңыздардың желісімен енген оқиғалардың түсіп қалып, орнына реалистік сюжеттердің қосылуы. Жырау мұндай өзгерістер жасағанда әрбір детальдың Өтеген образын аша түсуін қарастырған. Мысалы Р. Жолашаров жазып алған нұсқада: «Кіре бер, рұқсат сұрама» (8.200), — деп Өтегенді ақ сақалды қария үйге шақырса, Т. Жароковтың жазып алғанында:

Мықты болса білегін,
Түкті болса жүрегін,
Аттан түс те, үйге кір (8. 176),—

деп батырды сынау мағынасында берілген.

Тағы бір айтатын нәрсе — алғашқы (бірінші) нұсқадағы айтыс (сұрақ — жауап) түрінде берілген ақ сақалды қария мен Өтеген диалогы дастан құрамына авторлық баяндау арқылы кірістірілген. Мысалы белгісіз адам жазып алған екінші нұсқадағы:

Ер Өтеген сенбісің?
Қосын тартып жүріпсің.
Бей уақытта келіпсің.
Осынша жерге келгендей,
Не мәніспен жүріпсің (4. 164),—

деген сұрақ Р. Жолашаровтың жазып алғанында:

Ер Өтеген сенбісің?
Елімнің ері білікті,
Бейуақытта келіпсің,
Жер жаһанды кезгендей,
Не бәлеге іліктің? (8. 200),—

деп түрленсе, Т. Жароков хатқа түсіргенде:

Өтеген деген сенбісің?
Қамалды бұзған ермісің?
Мың күн жортып жол-жолай,
Тәуде безген күлжадай,
Жаһанды кезіп жүрмісің (8. 176),—

деп ширатыла түскен. Яғни диалогтан авторлық баяндауға бет бұрған. Жыр жолдарына одан әрі қарай көз жіберсек, бұл процесс тіпті нақтырақ байқалады.

Батырдың кең далада ақ отауға кездесуі, дана қартпен сөйлесуі халық поэзиясында бұрыннан келе жатқан сюжет. Жазып алған адамы белгісіз екінші, Р. Жолашаров жазған үшінші нұсқаларда бұл сюжет кеңірек жырланса, төртінші (Т. Жароков) дастанда не бәрі қырық төрт жолмен ғана беріледі. Сондай-ақ бұрынғылардағы жыраудың өз атынан берілетін көптеген философиялық толғаулар, ғибрат-терме жыр жолдары да өте ықшам, қысқа қайырылған. Алдыңғы айтылған қысқартулар ақынның саналы түрде іске асырған творчестволық ойы болса, мұндағы қысқарту оның ықтиярынан тыс, бөліп-бөліп жырлаудан, бір жырлағанын жазып алушы қағазға түсіруі үшін қайталап отырғандықтан болған.

Дастан нұсқаларын байыптай қарасақ, Жамбылдың көпті көріп, дүние танымы кеңіген сайын кейбір детальдарды нақтылай түскендігін байқаймыз. Мысалы Р. Жолашаровтың жазып алғанындағы «Қорқыттың түсіп жолына» (8.194) деп берілген жол кейін Т. Жароковтың нұсқасында:

Қобызындай Қорқыттың,
Безілдейді қалтырап (8. 168),—

деп өзгертілген. Сондай-ақ үшінші нұсқадағы «Қалын Қытай еліне» (8.193) деген жол төртіншіде «Жақында-

ды Пекинге» (8.193) болып өзгертілуі және осында Қытайдың халқы, оның шаруашылығы туралы жыр жолдарының қосылуы жоғарыда айтылғандарға нақты мысал.

Төртінші нұсқада да жырау эпикалық тұрақты композицияны пайдаланумен қатар, ежелгі фольклорлық образдарды да кеңінен дастанға енгізген. Мысалы:

Тұлпарының тұяғы,
Сар балшықтай сазды езіп (8. 166);

немесе:

Қылыштары жарқырап,
Ер тұрманы жалтылдап (8. 168);

немесе:

Сонда Өтеген сөйлейді.
Сөйлегенде бүй дейді (8. 200),—

деген жолдар осы ойымызды дәлелдей түседі.

Жалпы «Өтеген батыр» дастанының әр кезде жырланған нұсқаларын салыстыра қарағанда жыраудың бұл іске үлкен творчестволық жауапкершілікпен келгеніне тағы да көзіміз жете түседі. «Көрұғлы» дастанында дәстүрлі жырға өзіндік рең, реалистік бағыт беруге тырысқан Жамбыл «Өтеген батырда» тақырыпқа әр қырынан келіп, тарихи-экономикалық өзгерістерді шығармаға ұтымды қосып, игі ізденістерге барған.

«Көрұғлы», «Өтеген» дастандарын кезінде Жамбылдың ұстаздары жырлағанын білгенімізбен, олардан жеткен сюжеттік желіні оның қаншалықты өңдеп, дамытқанын тереңдеп айта алмаған едік. Ал «Сұраншы батыр» дастанына байланысты осы мәселені және ұстаз бен шәкірттің бөлек-бөлек толғауларының дастанға айналу процесі туралы нақтырақ айтуға мүмкіндік бар.

Ұстаз бен шәкірт, олардың шығармаларындағы ортақ мотивтер, өзіндік өрнектер дегенге кейінгі кезде еліміздің фольклорист ғалымдары ерекше көңіл аударып жүр (19.50). Бұл бізге де ой салатын мәселе. Себебі алысқа бармай-ақ Сүйінбай және басқа да осы төңірек ақын, жыршыларынан жеткен сарындар Жамбылдың өлең-жырларында ғана емес, ірі эпикалық шығармаларында да көптеп кездеседі. Мәселен «Сұраншы батыр» дастанын да одан бұрын оның ұстазы Сүйінбай Аронұлы жырлаған. Бірақ эпикалық жырдың туу, қалыптасу заңдылығын басынан кешірген дастанның өзі сақталмағанмен, оның алғашқы үзіктері, осы тақырыпқа шығарған көптеген өлені, ұзақ толғаулары бізге жетіп отыр.

Жамбыл жоғарыда талданған екі дастанында ескі

аныз-әңгімелерге, көмескі тартқан тарихи деректерге сүйенсе, «Сұраншы батырды» Сүйінбайдан жеткен нақты сюжеттік желі мен өзінің көзі көріп, құлағы естіген жайларға негіздеп жырлаған. Бұл ретте бірден бір дәл, өмірге жақын дерек Сүйінбайдың Сұраншы жорықтарына қатысқан жорық ақыны да болғандығы.

Жамбыл дастанына талдау жасамас бұрын Сұраншы өмір сүрген дәуір, оның тарихи-экономикалық ерекшелігі, сол кездегі саяси жағдай дегенді еске ала кетпесек, жырдың шығу тарихын түсіну бір жақты болары сөзсіз. Бұл Жетісу қазақтарын қалай да Ресейдің ықпалынан бөліп алуға тырысқан Қоқан ханының әскер басшылары өлкеге өз шабуылдарын күшейте түскен кез еді. 1847—1864 жылдар аралығында Сұраншы Ақынбеков басқарған топ орыс әскерімен бірігіп Қоқан ханының езгісінен халықты құтқару мақсатында талай кескілескен ұрыстар жүргізеді. Оның ішінде 1860 жылдың күзінде Ұзынағаш маңында болған ұрыс шешуші роль атқарғаны тарихи деректерден белгілі. Сондай-ақ Сұраншының өлкені зерттеуші орыс ғалымдарына, шекара күзетіндегі әскери бөлімдерге көмек көрсетуде істеген ерліктері де аз болмаған (20). Ол 1816 жылы қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қастек өзені бойында туған. Атақты Саурық батырдың інісі, 1865 жылы Қоқандықтармен соғыста Шымкент облысының Сайрам қаласының түбінде қаза тапқан (21.35, 51).

Сұраншының қысқа өмір тарихы осы. Сүйінбай да, Жамбыл да осыдан ел қорғау сюжетін бөліп алып, өз дастандарына арқау еткен. Бірақ бұл жырлар бір сәтте, бірден шыға қалмаған дүниелер. Ол эпикалық дәстүрге тән әдіспен дамып, алғаш жеке толғау, арнау, жоқтаудан түзілгені қас. Ал Сүйінбайдың батырға арнаған жоқтауы әдеби қауымға көптен белгілі.

Бұл заңды құбылыс. Себебі өмір бойы батырдың жорықтас серігі, жауынгерлерінің рухын көтеруші ақын болған Сүйінбай ғана оның өліміне жоқтау айтуға тиіс еді. Ал өмірде ежелгі Бұқар жырау үлгісімен ақынның Сұраншы ерлігін дәріптеп қана қоймай, оның кемшілігін бетіне басып отырған сәттері аз болмаған (22.14).

«Сұраншы батырды» алғаш Сүйінбай жырлап, одан Жамбыл үйренгені және оны дамыта, творчестволықпен жаңаша жырлағаны мақала, зерттеулерде үнемі айтылып келеді. Бірақ шәкірт ұстазынан не алды, дастанды

калайша өңдеді деген мәселе әлі нақтылы сөз болған емес.

Ж. Жабаевтың аузынан «Сұраншы батыр» дастанын 1938 жылы Қалмақан Әбдіқадыров жазып алды. Жырлаған сайын сан салалы болған көп нұсқадан бізге жеткені, қағазға түсіп, сақталғаны — жалғыз осы. Сондықтан да талдау тек осы нұсқа мен Сүйінбай жыр-толғауларын салыстыру және Жамбылдың Сарбаспен айтысында айтылған Сұраншы туралы толғауының дастанға айналу процесі төңірегінде болады.

Ұстаз жырын құлағына құйып өскен зерек Жамбыл оның дастан, толғауларын алғаш өзгеріссіз жырлағанын «Өтеген батыр» дастанын талдағанда көрген едік. Бірақ уақыт өткен сайын тарихи, саяси өзгерістердің әсерінен, халық тілегі мен сұранысына байланысты шығармаға қосалқы сюжеттер енгізгені анық. Сондықтан да енді ол қандай оқиғаларды өзгеріссіз, не аз ғана өзгеріспен өз дастанына қосты, қандай жаңа желілер тартты дегенге тоқталып өтейік.

Біріншіден, жырау адам, жер аттарын, негізгі оқиғажелісін көп өзгертпеген. Мысалы Сүйінбай толғауында:

Ей, Сұраншы, Саурык,
Қоқанның қолы мықты деп,
Жатырмысың жабығып?!
Тілеуқабылдың қос шалы,
Жылап келді басылып.
Дулат елі қалыпты,
Сарыкемерде шабылып (22. 1),—

делінсе, Жамбыл дастанында:

Тілеуқабыл, Қасқарау,
Сарыкемерде шабылды.
Шапқыншының аттары
Пұшпағынан сабылды...
Хабар бере барысқа
Қәрібоз бен Бәуке қарт,
Атты терге жүздіріп,
Қопара шауып із қылып,
Қос атпен шапты батырға (8. 234),—

деп берілген. Бұдан байқайтынымыз, толғауда қысқа қайырылған жыр жолдары дастанда ұзағырақ, кеңейтіңкіреп берілген. Сүйінбайдағы екі қарттың Жамбылда нақты кейіпкерге айналуы, оларға батырды іздету бұған айғақ. Осындай ұқсастықтар екі ақын шығармаларында өте көп.

Ал Сүйінбайдың Тезек төре алдында айтқан ұзақ толғауы мен Жамбыл дастанын салыстыра қарасақ, жоғарыдағыдай бір-екі жол ғана емес, тұтас жыр шумақтарының, көркем тіркестердің ұқсастығын және өлең жолдарының өзіндік түрлену, өзгерулерін де көреміз. Мысалы Сүйінбай толғауында:

Қоқанның ханы қағынды,
Байлаулы тұрған төбеттей,
Аласұрып шабынды.
Өзі-өзінен желігіп,
Қызыл қанды сағынды.
Әскерін ертіп соңынан,
Қоқаннан бері ағылды.
Сарыкемерге келгенде,
Тілеуқабыл шабылды.
Ат бауырынан тер ағып,
Сүбесінен сабылды (22. 16),—

делінсе, Жамбыл дастанында:

Құдияр хан қағынды,
Тағы да қанды сағынды.
Қордайдан асқан көп әскер,
Теріскейге ағылды,—

деп көп өзгеріске түспей берілген. Бұнда тек жыр жолдары орын ауысқан. Ал айтақ ой, кейіпкерлер іс-әрекеті өте ұқсас. Мұның өзі екі ақынның да тарихи оқиға желісінен онша алыс кетпеуге тырысқандарын байқатады.

Жамбыл сонымен бірге кейбір сюжеттік желілерді саналы түрде өзгертіп, творчестволықпен өңдеген. Айталық Сүйінбай толғауындағы:

Талауға түсті Майемер,
Жас акты көзден егіле.
Дулаттың бай мен мырзасы.
Ақтоғайдан ары өтіп,
Балқаштың қашты көліне (22. 16),—

деген жолдар Жамбыл дастанында:

Майемердің ауылы,
Іздегі тоғайдың
Түбегіне тығылды.
Дулатта батыр Сыпатай.
Жаудан қорқып сенделіп,
Сары бұлақтың басында,
Аңрағайдың тасына,
Түнде барып тығылды (8. 235),—

болып өзгертілген. Сүйінбай толғауындағы бай мен мырзаның орнына жаудан қашқан Сыпатай батыр деген өз-

герістің ену себебі мынада ғой дейміз. Бұл сюжеттік желі алғаш ақынның Сарбаспен айтысында пайда болған. Яғни Жамбыл өзі айтысып отырған ақынды жеңу үшін оның руының батыры Сыпатайдың ерлігін Сұраншыдан төмендете көрсетеді. Ал кейін дастанды қалыптастыру кезеңінде бұл желіні батырдың образын салмақтандыра түсу мақсатында әдейі өзгеріссіз берген.

Жамбыл жырлаған «Сұраншы батырдың» Сүйінбай толғауынан сюжеттік өзгерісінің бірі — Сұраншының Сайрам түбінде қаза болуын суреттейтін эпизод. Мұнда Жамбыл ұстазының толғауында біраз жырланған ұзақ желінің орнына аз ғана жолдармен батырдың Алатаудың етегіне жерленгенін айтып өтеді. Тарихи шындықты, батырдың соғыста қаза болғанын біле тұрып оны аман-есен еліне алып келу жыраудың ежелгі дәстүрден, халық батырын жеңіспен елге оралтатын мотивтен шыққысы келмегендігін көрсетеді.

«Сұраншы батыр» дастанының туу, қалыптасу кезеңдеріне көз жібергенде Жамбылдың айтыстарына соқпай кетуге болмайды. Себебі ол дастандарының алғашқы нұсқаларын айтыстарда толғап, қарсыласының мысын ерлік, елдік жырлармен басып отырған. Ал кейін айтыстарда туған толғауларды композициялық жағынан тұтастандырып, ірі-ірі дастандарға айналдырған. Соның бірі — оның Сарбаспен айтысы. Бұл жөнінде алдыңғы бөлімде кеңірек айтылғандықтан біз оған арнайы тоқталуды жөн көрмедік.

Жалпы халқымыздың үлкен жырауларына тән нәрсе эпикалық жырларды көп біліп, ондағы дайын тіркестерді өз шығармаларына кеңінен пайдалана білуі болса, бұл дәстүрді Жамбыл да берік сақтағанын «Өтеген батыр», «Көрұғлы» және «Сұраншы батыр» дастандарынан анық байқаймыз. Мысалы «Сұраншы батыр» дастанындағы көптеген өлең шумақтарының ежелгі эпикалық шығармаларымыздың жыр жолдарымен үндесіп жатқанына мына үзінділер көз жеткізеді:

Ақтұякка ер салды,
Азығына малта алды.
Атыма деп жем салды,
Сауыт киім сайланып,
Ырғай сапты найза алып,
Қорамсағын байланып,
Шымырқанып, шырқанды (8. 255);

немесе:

Күн төбеден ауғанда,
Бесіндікке барғанда,
Бұрқыраған шаң көрді.
Жұлдыздай атын ағызып,
Жарағы күнге шағылып,
Келе жатқан жан көрді (8. 256).

Бұлар қазақ эпостарында кең тараған батырлардың іс-қимылындағы жырлармен үндесіп жатқан жоқ па? Сондай-ақ жалпы дәстүрге тән:

Қабағына қар жауды,
Кірпігіне мұз қатты (8. 240),—

деген, немесе:

Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды (8. 243),—

секілді жыр тіркестері де дастанда молынан кездеседі. Жырау Сұраншының іс-әрекетіне эпикалық жырдағы батырдың тұлғасын береді, оның бойына ерекше даналықты, қапысыз қаһармандықты, білгірлік пен сабырлылықты жинақтайды.

«Сұраншы батыр» дастанын талдай отырып тағы бір байқайтынымыз, кейбір жыр жолдарының XVIII—XIX ғасырларда өмір сүрген ақын, жыраулар творчествосымен де үндесіп жатуы. Мысалы:

Сен — тышқансың, мен — мысық,
Барасың қайда кимелеп (8. 259),—

деген, немесе:

Мен, мен едім, мен едім,
Мен кімдерден кем едім.
Батыр болсаң — мен де сол,
Мен де өзіндей ер едім.
Терзесі тең едім (8. 259).

Бұл жолдар Бұхар, Махамбет шығармаларындағы сарынды айқын танытпай ма? Жамбылдың олармен үндестік табуына таңдануға да болмайды. Оның дәстүрлі жыр бұлағынан сусындағаны сөзсіз ғой. Бұл ретте ойымызды ғалым Р. Бердібаевтың: «Сұраншы батыр» жырында елдің құлағына қанықты, әрі сүйікті қаншама эпикалық әсерлеулер, сом сурет салыстырмалар, қайталама формулалар кездеседі. Жырды байырғы эпикалық дәстүрге жақындататын белгінің бірі көркемдік жинақтаудың ауыз әдебиетіне тән өзіндік өрнектері десе болады» (2. 192), — деген сөзімен түйіндесек, дәл болмақ.

Үш дастан, үш түрлі ерекшелік. Бұл үлкен жырау, дүлділ жүйріктің қолынан ғана келетін дүние. Жамбыл «Көрұғлыны» жырлағанда дәстүрлі эпикалық шығарма-

ны халықтың өзіне жаңа рухта қалай жеткізуге болатынын, «Өтеген батырында» дастанның туу, қалыптасу, аяқталу процесін көрсете отырып, әрбір дарын өзінің артық-кемін қаншалықты түзей білу керектігін, «Сұраншы батырында» ұстазға адалдықтың, оның мұрасын жалғастырудың үлгісін көрсете білген.

Бұл дастандардың Жамбылдың айрықша таланты арқасында бірнеше қайтара жырлануы, әрбір жырланған сайын ширай, көркемделе түсуі заңды құбылыс. Белгілі фольклорист В. Г. Чичеровтың «Эпос дегеніміз — дүние жүзілік өнер қазынасына әрбір ұлт қосар үлестің маңызды саласы» (22. 101) дегенін ескерсек, Жамбыл «Көрұғлы», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық шығармаларымен халқымыздың бай ауыз әдебиеті қорына қаншалықты үлес қосқанын айқын аңғарамыз.

- ¹ Смирнова Н. С. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1964. 1-т, екінші кітап.
- ² Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім. Алматы, 1982; Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы. Алматы, 1981. 5-т.; Бердібаев Р. Замана сазы. Алматы, 1985.
- ³ Фердоуси. Шайнама. М., 1973.
- ⁴ М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры.
- ⁵ Каррыев Б. А. Туркменский героический эпос // Гер — оғлы. М., 1983.
- ⁶ Бегалин С. Сахара сандуғаштары. Алматы, 1970.
- ⁷ Атшабаров Б. Жамбыл жырлаған «Көрұғлы» // Қазақ әдебиеті. 1974. 2 август.
- ⁸ Жабаев Ж. Шығармалар жинағы. Алматы, 1982. 1-т.
- ⁹ Көрұғлы. Алматы, 1983.
- ¹⁰ Омбының тарихи архиві. 1753. 688 қағаз.
- ¹¹ Смирнова Н. С. Өтеген батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979.
- ¹² Жабаев Ж. Шығармалар жинағы. Алматы, 1946.
- ¹³ Путилов Б. Н. Искусства блинного певца // Принципы текстологического изучения фольклора. М.—Л., 1966.
- ¹⁴ Садырбаев С. Дастанның нұсқалары // Қазақ әдебиеті. 1980 24 октябрь.
- ¹⁵ Гацук В. М. Эпический певец и его текст // Текстологическое изучение эпоса. М., 1971.
- ¹⁶ Аникин В. П. Теория фольклорной традиций и его значение для исторического исследования. М., 1980.
- ¹⁷ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1979.
- ¹⁸ Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956.
- ¹⁹ Сат С. М. Текст учителя и текст ученика // Фольклор: Поэтика и традиция. М., 1981.
- ²⁰ Гумарова М. Сұраншы батыр в версии Джамбула // Творчество Джамбула. Алма-Ата, 1956.
- ²¹ Ароңұлы С. Ақиық. Алматы, 1975.
- ²² Чичеров В. И. Школы сказителей Заонежья. М., 1982.

1. ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ

Жамбыл Жабаев — халыққа бостандық, еркіндік, теңдік әперген Ұлы Октябрь шапағатының арқасында қайта түлеп, қияға самғап, шабыттанған, жаңа заман жырын толғап, күйін шерткен, өз сөзімен айтсақ, «тарихтың домбырасын» тегеурінді ұстаған бірегей дарын. Ол «Менің бақытым» атты хикаясында: бар дауыспен жыр жырлауға жетпіс жыл талмай талпындым... Ақырында өмірімнің 72-жылында мен бақытты өмірге жеттім. Әлсіреп, азап көрген кезімде Ленин қолын созды... Мен нағыз күнді көрдім, таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым. Менің жаным да алма ағашындай гүлдеді, көзім жұлдыздай жайнап кеудемді шаттық кернеді, өлендерім көктемдегі Іле өзеніндей тасыды, мен жасардым», — деп шынайы сырларын ірікпей ортаға салады. Расында Жамбыл жалын атқан жастық дәурені қайта оралғандай күй кешеді. Сергек, елгезек, сезімтал қалыпқа түседі. Қиял құсы шартарапқа самғайды. Сөйтіп, жыр отын маздатады («Дүрілдетіп жер-жерде, өлең-жырды толғаймын»).

1922 жылы Ұлы Октябрь революциясының бес жылдық тойында айтылған «Ақын болдым он үште» деген толғауында ақындық мұрат-мақсаты («Өтірікті сүймедім, Дүние үшін күймедім»), поэзиялық шеберлік қуаты, сөз салмағы («Сөздің оғын кезесем, Алыстан атып жеткіздім. Дұшпанға арнап кезесем, Өңменінен өткіздім»), өнерпаздық бітімі мен келбеті («Көңгіш болдым өмірге, Мінезім — шылғи, қайыстай! Асылдан соққан ақ семсер, Келемін мен де қайыспай»), еркіндік, теңдік әперген заманның ұлылығы («Теңгеріп нашар кедейді, «Мен ұлықпын» демейді») асқақ шабытпен, терең

сезіммен жырланады. Ой-қиялды қозғайтын сұлу тізілген сөз меруерттері еркін төгіледі.

Ақынның тау суындай екпінді, қуатты жыр-толғаулары шаршы топтың алдында туған. Ол ақиқатқа, әділетке, ар-намысқа, азаматтыққа жүгініп, жақсылығын ала келген жаңа дәуірдің жаршысы бола білді.

1920 жылғы 26 августа РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Председателі В. И. Ленин Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Социалистік Совет Республикасын құру жөніндегі тарихи декретке қол қойды. Бұл оқиға оның шабытына жаңа серпін берді. 1924 жылы Алматы қаласында Қазақ АССР-інің құрылғанына төрт жыл толуына орай ұйымдастырылған салтанатты кешке Ж. Жабаев, К. Әзірбаев, Ә. Қарғабаев сынды ел өнерпаздары қатысады. Сонда К. Әзірбаев:

— Жәке, мынау өз қуанышың, көне сұңқарша саңқылдаған даусыңды естірт елге, — дейді.

Жамбыл жыр тиегін ағытады. Еркіндікке, теңдікке, азаттыққа қол жеткізген алтын заманның, жаңа қоғамның артықшылықтарын:

Халықтың енді, міне, жетілгені,
Құрыштың білінбейді кетілгені.
Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп, ірге қалап бекінгені*, —

деп кешегі көшпелі қазақтың отырықшы ел болғандығын ризалықпен жеткізеді.

Асылы ақын жанының сырлы дүниесі, жүрек қазынасы, уақыт пен кеңістікке қатынасы жырында анық танылады. Мысалы:

Жарқырап тұла бойды шаттық кернеп,
Ажарым шырайланды бетімдегі.
Ағытқан бар арынын арғымақтай,
Қиырдан қия шауып лепіргені.

Немесе:

Сондықтан, бабаң Жамбыл әнге шырқап,
Қырандай қос канаттың серпілгені, —

дегенінде дәуір лебі айқын сезіледі. Бұл жолдардағы патетикалық екпін, қиял-сезім серпілісі де айырықша жоғары.

* Өлең-жырлардан үзінділер Жамбыл Жабаевтың шығармалары жинағының екі томдығынан (Алматы, 1982) алынып отыр.

Жамбыл Жабаев жырларындағы Октябрь соншалықты кең мағынаға, тереңдікке, нұрлылыққа ие, сәуле-жарығы алабеттен поэзиялық сөзге, ұғымға көшті.

Шын өмір басталады Октябрьден,
Қайнайды күй-көмейі Октябрьмен,—

деп ел игілігі үшін, социалистік Отанның күш-қуаты үшін істелген нәрсенің бәрін Октябрь өркені, Октябрь жемісі екендігін терең толғаныспен баяндайды.

Тағы бір тұста:

Октябрь атты алтын күн,
Себелеп рахмет сәулесін,
Бұдан да жарық нұр берсін,—

деп шырқайды.

Жамбылдың жыр-толғауларының, хикая-дастандарының алтын желісі — Октябрь! Өйткені ол мұның ұлы құбылыс екенін, басқаға да, өзіне де қуатты рух, серпін беріп отырғанын айқын сезінді. Өзінің «Октябрь үшін» (1938) деген толғауында Октябрьдің арайлы таңы атқаннан кейінгі Қазақстан дидарын, тау мен даланың түрленіп құлпырғанын, «Құт ұйыған койнын» айқара ашып, берекесі кіргенін, алпыс ұлттың ынтымағы жарасқан тіршілігін көркем сипаттайды. Шынында Қазақ республикасының жұлдызы жарқырап, барлық азаматтардың тең праволылығы, тегін білім алу, еңбек ету міндеті, Отан қорғау парызы, әйел теңдігі, сөз, жиналыс, баспасөз, ұждан бостандығы баянды етілді. Мәдени-ағарту мекемелері ұйымдастырылды (ұлттық баспасөз, мектеп, театр, кітапхана, оқу үйлері). Денсаулық сақтау жүйесі, совет юстициясы құрылды. Ақын творчествосында Ұлы Октябрь революциясының арқасында қайта туған, жаңарып, жаңғырған советтік Отанның осындай алып бейнесі шынайы сипатталады.

Аспанда тұрған Ай Отан,
Көкте тұрған Күн Отан,
Күллі әлемді қуантқан,
Гүл жайнаған нұр Отан.
Көк көксеген тілектен,
Ірге салған шын Отан.
Эльбрустың тауындай,
Үздік шыққан ірі Отан.
Өмірімнің тауына,
Ел мен менің бағыма,
Күннен алған гауһарым—

Жамбыл бұрынғы жыр-толғауларында «халқым» деп көкірегі қарс айырылғанда қазақ жерінің тұрғындары және атамекенге деген сырларын ақтаратын. Енді замана рухын шапшаң қабылдағыш жыраудың ақындық бейнелеу жүйесінде, лексикалық қорында «Советтік Отан» және «Социалистік Республикам» деген ұғымдар пайда болады. Советтік Отан — социалистік революция Отаны. Социалистік республика — жұмысшы-шаруа мемлекеті, негізгі басшылық — еңбекші тап қолында дегені.

Отанды суреттеуде «Гүл бақша», «Бақыт бақшасы», «Бақшадай кең қоныс», «Ұлы бақша» секілді метафораларды тауып қолданады.

Қарт ақынның творчествосына барлау жасағанда қасиетті, ардақты Отанның образы айрықша сомдалғанын байқаймыз. Жырау туған Отанның бейнесін бақыт ордасына, алтын бесікке, асқарға біткен зәулім бәйтерекке, махаббаты өлшеусіз анаға балайды. Оның ойындағы Отан ұғымы мейлінше кең. Ол гүл, бәйшешекке тұнған көк орай шалғынды жасыл өлкесі, әнші құстарға толы орман-көлі, тау-тасы бар, түгін тартсаң майы шығатын құнарлы, құйқалы топырақты бір жерұйық, «шалқып жатқан ен дәулет, салтанат, шаттық сән-сәулет» дейтіндей алтын ошақ, гүлстан дерсің! Төмендегі жолдар соған көз жеткізе түседі:

Одағым десем ойыма,
Шалқыған шалқар көл түсер.
Көкжиегі бал-кұрак,
Көкорай шалғын жер түсер.
Сазға біткен өрім тал,
Бағында сансыз бұлбұлы,
Шырқап салған үн түсер.
...Көркі көгал нуындай,
Кіршіксіз көлдің қуындай,
Одақ боп түскен ел түсер.
(«Одақ»).

Мәдени-тарихи дәстүрлерге бай шынайы Отан образы «Ұлы көш» толғауында әрі қарай дамытыла түседі. Мұндағы жолдардан ақынның ұшқыр қиялына, рухани зердесіне, дүниетанымына, суреткерлік болмысына хас белгілерді, табиғи нышандарды көреміз. Ол Ұлы Октябрьдің аясында қайта туған қазақ елінің тамаша тағдырын көш бейнесінде алып, жарқын да сұлу сипаттайды:

Бүгін, міне, қарасам,
 Бір көш кетіп барады.
 Салтанатты, сәулетті,
 Гүлдей болып жанары,—
 Масаты кілем жамылған,
 Алтыннан қоңырау тағынған,
 Дабысы жерді жарады.
 Адамы гүлдей жайнаған,
 Қызыл жалау байлаған,
 Ел қуанған бір думан,
 Шырқатып әнге салады.
 Ұлы Одақ елімнің,
 Бұл көші алға жөнеген.
 Баратын жері бір жайлау —
 Елімді нұрға бөлеген,
 Коммунизм жайлауы,
 Рахаттың мәңгі дүниесі,
 Түнді таңға теңеген.

«Көшті» ақын «үй-ішін, дүние-мүлкін күш-көлігіне тиеп», төрт түлігін жер қайыстыра айдап, ұбақ-шұбақ жосыған керуендер тізбегі деген байырғы мағынасында емес, ерекше көркем сипатта жырлаған. Жыраудың ақыл-ой дүниесін, ақындық түйсік-қабілетін осындағы әр сөздің көркемдік қуаты толық айқындайды. Оның қолданысындағы сөйлемдер семантикалық күрделілікке көшкен. Бұл белгілер, нышандар толғаудың көркемдік бейнелілігін, эстетикалық мәнін күшейте түскен.

Ақынның фольклорлық дәстүрдің бейнелеу, мәнерлеу құралдарын сәтті пайдалануы оған жаңа сөз тоқып, тың ой айтқызыған. Алтын қоңырау тағып күмбірлеткен, жібектен тоқылған кілем жамылған сыңғырлаған көшті «дабысы жерді жарады» деп теңеу арқылы тарихта тұңғыш рет социализм құрған елдің образын бірден көз алдыға жайып салады. Әрі поэзиялық сұлулықты қозғалыссыз күйде емес, жанды сурет арқылы паш еткен. Жамбыл жаңа адам образын да қағыс қалдырмайды. Социалистік құрылыс елді де, ерді де қанағаттандырғанын терең сезінеді.

Ұлы көсеміміз Лениннің нұсқауымен социалистік дамудың сара жолына түскен елдің, Жамбыл сөзімен айтқанда, «Ұлы көштің негізгі бағыты коммунизм екені аян. Ғасырлар биігіне, сенімді болашаққа қадам басқан «Ұлы Одақтың» түпкі мақсат-мұраты «коммунизм жайлауы» деп түйіндеуі де үйлесімді. Бұл — қазақ поэзиясы тарихында бірінші айтылған образды сөз. Мұнда «жайлау» деген сөз-ұғымның, сөз-образдың құлпырып ажар-

ланған түрі, «жайлауы жарасты» деген мағыналары алынып отыр. Поэзиялық образ, ақындық тіл, эстетикалық сезім — бәрі-бәрі осында жібектей есіліп өрілген. Сүйікті Отанымыздың көрік-сымбаты Жамбылдың жыр-толғауларында гауһардай жарқырап келісім тапқан.

Сондай-ақ ақын қызыл гвардияшылардың қан майдандағы, ел қорғаудағы, әділет, бақыт, еркіндік жолындағы қаһармандық істерін маржандай тізіп, тамылжыта жырлайды («Қызыл әскерге»). Майдан даласында «Оттай ойнап жайнаған», «Қыран құстай құлшынған», ерлік әнін шырқатқан Қлим батырды, ер Чапайды, ардагер Аманкелдіні, мұзды мұхитты тіліп, қарс айырған папанишілерді ұрпаққа үлгі етеді. Алғыр-айтқыш ақын «Сұр жылан», «Жоғалт көзін», «Жауға — оқ», «Тынық Донның ұлдарына», «Біздің Отанның қырандары», «Жеңіс жыры» секілді өлең-жырларда, патриоттық толғауларда халықтың отаншылдық рухын дәріптейді.

Жамбыл творчествосында жауынгерлік, қаһармандық сарындар күшті сезіледі. Сол себепті де онда жауынгерлік лексиканы қолдану, батырлықты сипаттауда эпикалық дәстүрдегі өрнектер кең өріс алған. Алмас қылыш асынған, жанған шоқтай жігіттің жолбарысын бейнелеуде халық тілінің байлығын емін-еркін меңгерген. Ептілік пен ерлікті жырлағанда байырғы сөз кестелерін шебер құйылтады. Мәселен:

Қылышын қанға боята,
Найзасын тасқа қайрата,
Қыран құстай шүйілді
Жауын қойдай тоғытып,
Ор текедей орғытып.
(«Чапай»).

Ақынның ерлік туралы толғаулары аса қуатты, сөйлемдері де соншалықты лепті:

Дұшпанға азу басындар,
Қанын судай шашындар.
Дұшпанға семсер кайрандар,
Стай ойнап жайнандар!

(«Жеңіс жырын сайрандар»).

Ол тіпті сілімтік жауды «түнге үйренген жарқанат», «қорегі нәжіс құзғын», «улы тілді жылан» секілді адам түршігетін жағымсыз жыртқыштарға ұқсата сөйлейді.

Адамзат баласы ежелден бақытты, салтанатты дәуренді құмарта аңсады. Шындық пен әділетті шарқ ұрып

іздегелі де нелер ғасырлар өтті, небір замандар алмасты... Халық өзінің жүйрік ой-қиялымен, сана-сезімімен туған топырағын кеудесімен қорғаған, ел-жұртын жалынды жүрекпен, жан-тәнімен сүйген ер-ұлдарына ізгі арманын арқалатты. Ел үмітін ақтаған сондай асыл жанның бірі дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі В. И. Ленин болды. Халық оның ыстық бейнесін мәңгі жадында сақтауға тырысып келеді.

Қазақтың дәстүрлі поэзиясында адамзаттың ұлы ойшылын мәңгі өшпес жарық күнге, төбесі биік асқар тауға, тұяғы алтын тұлпарға, қанаты талмас сұңқарға, түбі терең, ағысы жойқын дарияға, теңдесі жоқ қайратты ерге, Шолпан жұлдызға ұқсата жырлайды. Сібір аймағында тұратын халықтардың поэзиясында ұлы көсем оң қолында күн сәулесі, сол қолында ай сәулесі ұялаған адамға теңеледі. СССР халықтарының фольклорында қасиетті адамды алтын шапақпен, күндізбен, жарық жұлдызбен, өшпес нұрмен, көктемгі жауқазынмен салыстырады (1, 22—32.).

В. И. Ленин ақыл-ойының ұшқырлығы, оның ұлылығы, алғырлығы мен тапқырлығы, көреген көсемдігі, ғұлама білімпаздығы мен революциялық ұлы істері, мағыналы өмірі мен ұстаздық өнегесі, адамшылық асыл қасиеттері үлкен өнерпаз Жамбыл Жабаевтың да жүрегің тебіrentіп, толқытты. «Нұр сипатты дананың» дидары, табиғи таза болмысы, сымбат көркі әйгілі жыраудың «Жиһанда жоқ теңіміз» жырында былайша мүсінделген:

Оның биік тұлғасы,
Жеткізбейді тауына;
Оның терең ақылы,
Түгісіз мұхит дария;
Оның сөзі жалынды,
Толқындай ұрған жарына;
Жазық маңдай, жарқын жүз,
Туды ол адам бағына,
Қыран кеуде, кең топшы,
Айбыны күшті жауынан,
Оның аты — Ленин.

Ал «Орындалған ант туралы жырында» асыл азаматтың нұр жүзі, кескіні соншалықты әсерлі берілген:

Көсемім көркем келбетің,
Арайлап атқан таңдайың.
Көзің шолпан жұлдыздай,
Жиһаннан биік маңдайың.

Жүрекке жылы, көзге ыстык,
Туған алтын айдайын.
Көз алдымда тұлған тұр,
Биік бір зенгір таудайын.

Жаңа дәуір жыршысы кеменгер бейнесін «Туған елім», «Ленин мавзолейінде», «Ленин» сияқты атақты жыр-толғауларында ажарлы тілмен, әсем ойларымен шебер сипаттады. Еңбекші халыққа жасаған жақсылығын, таудай еңбегін терең түсіндірді. Мысалға жүгінейік:

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан.
Езілгенге қол берген,
Заманның ері арыстан.

Жамбыл толғауының «Күнсіздерге күн болған» деген метафоралық сөйлемінде не сыр бар? «Күнсіздерге» сөзінің түбірі «күн» — жер жүзіне жарық, нұр, қызу тарататын планета, ғаламға ғаламат құдыретімен ықпал жасайтын тіршілік негізі. Ал образды, астарлы мағынасын айқындар болсақ, өмір, тіршілік дегенді білдіреді. Адамзат қоғамы тарихының, бастан кешкен дәуренінің саңқилы бел-белестері, қат-қабат өткел-асулары бар. Ақынның Октябрь революциясының жеңісіне дейін өмірдің шуағын, жарығын, жылуын аңсаған «ері — құл, қызы — күң» болған халықты «күнсіздер» деуі де соны жаңалық еді. Екіншіден бұл метафорада оның тілдік бейнелеу сөзінен гөрі, көркемдік ойлау санасы әлдеқайда қуатты, аумақты, серпінді. Әдемі, тапқыр, ұтымды салыстыру арқылы пролетариаттың ұлы көсемін «күнге» теңеуі де заңды. Өйткені ол жақсы өмірді сыйлаушы, еңбекшілердің бақыты еді.

Жарлы-жақыбайларды санатқа, сапқа қосқан «адамзаттың алыбы» екендігін Жамбыл суреткерлік сезімталдықпен әсерлі, көркем жеткізген:

Уа, данышпан, сабазым!
Езілгенді теңедің.
Зарыққанды жебедің,
«Жер жүзіне шам-шырақ
Орнатамын!» — деп едің.
Миллиондаған халықтың,
Сүйеніші едің, белі едің!

Ұлы дүбірдің қарсаңында жұмысшы табын революциялық қозғалысқа құлшындырып, жарқын идеяларды

дүниеге таратып, насихаттай білген, еңбекшілердің саяси белсенділігін арттыруды ең басты мақсат санаған жалынды күрескердің шебер ұйымдастырушылық, таңғажайып шешендік қабілеті ақын жырларының өзекті желісіне айналды.

Асылы көсем сөзі кесек, сом құймадай тұтас болғаны әмбеге аян. Оның есте сақтау, жадында ұстау қабілетінің күштілігі, таудай, дариядай білімі, білгірлігі, оқиғаны, құбылысты сан қырынан жіті бақылауы және оның себебін, дамуын қолға ұстағандай тануы, таразылауы, алабөтен алғырлығы, тыңдаушысын оралымды тілімен (жарқын мысалдар, ұтқыр тіркестер, ойнақы сөздер, мақал-мәтелдер), шымыр логикасымен, жөпелдемеде тұрған ұтымды ойларымен ұршықтай үйіріп алатындығы сан рет атап көрсетіледі (2, 252—251.). Жамбыл В. И. Лениннің осындай тамаша қасиеттерін шамырқанған шешендікпен өрнектеген:

Үнің кетпес құлақтан —
Ағыны күшті бұлақтан —
Тау суындай тасқыны,
Талкандап құзды құлатқан!
Өрісі кең өрлеген.
Түбі терең мұхиттан,
Ағыны жылдам сынаптан.
...Қара қылды қақ жарып,
Жылағанды жұбатқан.
...Балдан тәтті сөзіңнің,
Дәмін алған ұнатқан.
(«Ленин»).

Пролетариаттың ұлы көсемінің жарқын идеялары мен тамаша істері мәңгі-бақи өшпейтіндігі, социалистік қоғамды алға бастап, жаңарып, нұрланып отыратындығы жырау творчествосында ерекше екпінмен айтылады:

Өлген жоксың, тірісің,
Жүрегінде халықтың,
Нақ төрінде тарихтың,
Жарығында жарықтың.
Өмірдің де нұрысың,
Сен жерімнің гүлісің.
...Күннен де күшті қуатсың.
Жалыннан күшті бір отсың!
(«Орындалған ант туралы жыр»).

Адамзат тарихының асу-белестерінде, күрес пен жеңісте, уақыт пен кеңістікте Ленин рухы жасай бермекші («Сенің үлгі, өрнегің, Миллиондаған жүректе. Кең бақытқа талпынған, Санада, салтта, тілекте»).

Ақыл-ой мен парасат несінің образын жасауда «күн астында күй төккен», «ай астында жыр төккен» ұлы жыршы ұлттық әдебиеттегі кәнігі, байырғы образдарды, дәстүрлі поэзиялық лексикаларды негізге ала отырып, құбылта, құлпырта қолдануға мейлінше жетік. Жыр, толғауларындағы сөз-образ, сөз-ұғым Ленин бейнесін терең тануға зор септігін тигізеді.

Мысалы «жұлдыз» ұғымын алып, эстетикалық сипаттарына зейін қойып көрелікші. «Компартия — көсемім» жырында:

...Мәңгілік нұрлы Ленин жұлдыздығың,
Өмірді көрдің алда жүз жыл бұрын.
Мұхиттай ой тетігін жарқ еткіздің,
Секілді суда сұлу құндыздығың.

Бұл тұста ақын Лениннің асқан дарынды, біртуар санлақ, үздік жаратылған ойшыл екендігін жеткізу үшін «жұлдыздығың» деген сөзге жүгінеді.

Жүрегімнің түбінде жұлдыз едің,
Мәңгілік тақтым енді сені Ленин.
(«Қымбатты сый»).

...Сезімім, жан жұлдызым, сен үздігім.
(«Компартия — көсемім»).

Мұнда жыраудың жан дүниесі, рухани әлемі, ынта-зейіні Ленин қасиетін қастерлеп, мәңгі өшпес өнегесін ардақтап қадірлейтінін, құрметтейтінін ұқтырады. Осы жырдың келесі жолдарына қараңыз:

Саянда сенің халқың алға өрледі,
Маягі — ту, жұлдызы — коммунизм.

«Жұлдызы — коммунизм» деген метафорада Жамбыл социалистік Отанымыздың шырқау биікке, асудан-асуға өрлейтінін сипаттап отыр.

Ардақты алтын жұлдыз сенсің жырға,
Арналған өзіне сый жырым тыңда!

Бұл жерде жыр табиғатына ажар-көрік беретін, жан бітіретін, оны құлпыртып, құбылта түсетін контекстегі «жұлдыз» ұғымы: асылдықтың, сұлулықтың, пәктіктің, мәңгіліктің символы, заманның, уақыттың жақсарғандығының куәсіндей.

Ильичтің көз сүйсіндірер көркін, биіктігін, нар тұлғасын мынадай символикалық сөздер арқылы сипаттайды:

Халықтың данышпаны ұлы Ленин,
Асусыз асқар біткен алтын терек.
(«12 декабрь»).

Ақылдың сомдап соққан биік шыңы,
Ленин мен Компартия соған теңдес.
(«Қымбатты сый»).

Немесе:

Тарихтың ұлы алыбы,
Сен биіксің таудан да...
(«Орындалған ант туралы жыр»).

Кемеңгердің дүниені нұрландырғанын, ғаламға жарық күн, сәуле сыйлағанын айтқанда, шамшырақ, раушан, күн көзі секілді сөз образдармен нақтылы, әсерлі бейнелейді:

Лениндік заманда
Раушан жарық атты таң.
(«Гүлденді далам»).

«Раушан жарық таң» — сұлу, көрікті таң дегенді білдіреді, ал контексте жақсылығы мен қуанышы мол таң деген мағынада алынған. Тарихи сабақтастық тұрғысынан тексерсек, «көркі раушандай» деген теңеу қазақтың лиро-эпосында кездеседі:

Айсызда адастырмас шамшырақ...
Күдіксіз көтеріле соңына еред...

Дүниенің сөнбес шырағы.
Келбетін көрдім Лениннің.
(«Әлемді келдім аралап»).

Қараңғыны жарық қып.
Жарқырап жанған шамдайын.
(«Орындалған ант туралы жыр»).

«Шамшырақ», «Жарқырап жанған шамдайын», «Дүниенің сөнбес шырағы» — фольклорлық дәстүрдегі тектес, төркіндес образды, бейнелегіш сөздер. Бұл бейнелі сөздердің ой сапасы, шырайлылығы, мәні, қасиеті бөлекше сипатта. Мұның бәрі халықты бостандыққа жеткізген, оларға өнер, ғылым жолын ашқан Лениннің ұлылығын сипаттауға арналған.

Сөнбейді, ұлы Ленин жарық күнім,
Жалпыға жарқыратып төккен нұрын.
(«12 декабрь»).

Біріккен байтақ елдің жүрегінде,
Мәскеуде, күннің көзі Кремльде,
Мәңгі өлмес, нұры сөнбес Ленин жатыр,
Сәулесі жұртқа бірдей түн де, күн де,
(«Октябрьдің XX жылдығына»).

Бастаған сәуле-нұрға адамзатты,
Ленин қара түнде дабыл қақты.
(«Халықтар туыскандығы»).

Ақынның эстетикалық қабылдауы, нәзік түйсінуі, қиялға байлығы, сөз сұлулығына зеректігі (образ бен гармония жасауға шеберлігі) осынау суретті сөздерді, образ-ұғымдарды мейлінше кестелі, айшықты, жарасымды қолданғанынан көрінеді. «Жарық күн», «күн көзі» — көш бастаған көсемнің баламасы, жақсылық атаулының символы.

Жырау күн көсемнің болаттай беріктігін, «жүрегінің түгі бар» қайтпас қайсар, тайсалмайтын ер екендігін айту үшін жалпы халықтық образдар, ұғымдарға иек артады. Мысалы:

- а) Заманның ері — арыстан.
(«Ленин мавзолейінде»).
- ә) Ол қайтпайтын арыстан,
Дұшпанын саздай жанышқан.
(«Отан үшін»).

Халық поэзиясының алыбы «Ленин — сүйікті әкем» деген жырында замана перзентінің өзіне тән рухани болмыс-дүниесінің қасиеттерін, тереңдігі мен білімділігін, зерек зердесін мына бір бейнелі сөздермен береді:

- а) Ақыл-ойдың дариясы,
Даруы болған сабазым,
Ғасырлар тартқан шерімнің.
(«Әлемді келдім аралап»).

Осылайша ақын баршамызға ардақты Ильичті терең сезіммен, асқақ шабытпен жырлады. Өлең сөздің майталман жүйрігі ұлттық тілдің бояу-нақыштарын, ою-өрнектерін, поэзиялық қасиеттері жарқырап тұрған лексикасын, көркемдегіш, суреттегіш, бейнелегіш құралдарын, образдар жүйесін, сөз әуенін ақындық даралықпен игеру арқылы Ленин жолының мәңгілігін, баяндылығын, «күнсіздерге, езілгендерге» бақыт, бостандық әпергендігін, көсем идеяларының салтанат құрғандығын жүйріктікпен бейнелеп, суреттеп береді.

Қазақ мәдениеті тарихында 1936 жылдың алатын орны, мән-маңызы айрықша. Себебі сол жылдың 28 апрель күні халық өнерпаздарының республикалық слеті табыспен өтті. Ұлттық көркем творчествоның көрнекті қайраткерлері: суырып салма ақындар, әнші, композиторлар,

жыршы-жыраулар өнерін сарапқа салды. Үш күнге созылған жыр бәсекесінде Жамбыл Жабаевтың жұлдызы жарқырап шыға келді. Шаршы топта әйгілі «Туған елім» толғауымен бірге, «Қайта жасардым» деген жыр толғап, өнер сүйер қауымның құрмет-қошаметіне бөленді. Ақынның бұл шығармасында дәуір ұлылығы, өмір сұлулығы оның құштар, іңкәр, мөлдір сезімімен әдемі құйылған («Жалғанды жалпағынан басып өтіп, Жасарып, қайта туып, алдым бекіп!»).

Өзінің ақындық шабытын оятқан, алғырлық, зеректігін шындаған, сезім селін тасытқан, күйлі, қуатты, санлақ болмысын таныған Коммунистік партияға махаббаты өлшеусіз («Жеткенде сөнер оттың әлпетіне, Қиялға жол берген кім өрге өрлетіп?! Ол — қуат, күш туғызған партияның, Сол ерге армай-ашпай келдім жетіп»).

Сонымен Жамбыл төкпе ақындықтың белгілі өкілі ретінде 1936 жылдың 17—27 май күндерінде Отанымыздың астанасы — Москвада болатын қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің онкүндігіне жолдама алды.

Онкүндіктің бірінші күнінде Қазақ АССР Халық ағарту комиссары әрі мәдениет істері жөніндегі Басқармасының бастығы Темірбек Жүргеновтың «Поэты и импровизаторы Казахстана» деген мақаласы жарияланды (3). Ол онда орыс халқына қазақ өнерпаздарының болмысы мен табиғаты қандай екендігін түсіндіріп таныстырды, жеке таланттың тал бойында жыршылық пен ақындықтың, композиторлық пен әншіліктің жарасым табатындығын айтты.

Еліміздің үлкен театрының сахнасында өткен қазақ әдебиеті мен өнері онкүндігінің қорытынды концертінде Жамбыл Жабаев «Туған елім» толғауын орындады (оған ақын, әнші, композитор Тайжан Қалмағамбетов және басқалар да қатысты).

Осындай айтулы, салтанатты күндерде «Халықтың сәлемі», «Елімнен Мәскеу жеткенше», «Ленин мавзолейінде», «Дастархан жыры», «Әлемді келдім аралап», «Мәскеу туралы жыр» атты өлең-жырлары туды. Бұл туындылар тоқсандағы Жамбылдың ақындық шабытының нақты дәлелі, айғағы іспеттес. Жыр қоңырауын дабылдата соққан қарт жырау «жыршы домбырасын» қолына тегеурінді күшпен ұстап:

Отаным қандай кең байтақ,
Мәскеуім неткен тамаша!
Айналып шаттық, байлық, бак,

Көз тоймайды қараса.
Қартайдым қажып демес ем,
Жасасам тағы тоқсан жыл.
Көрініп тұрса Мавзолей,
Шақырса күнде Кремль,—

деп кең-байтақ Отанына үн қатты.

Москва қаласының тарихи көне ескерткіші—Кремль ансамблі, Қызыл алаңдағы («жер жүзінің шырағы») Ленин мавзолейі, «атын әлем жаттаған», «нұрдан жаралған» тұлға Лениннің өзі, Совет Одағына ғана емес, «жиһанға нұр астана» Москва, Кремль — ақын жырларының айшықты желілері.

Оның ең көрікті ойын мүлтіксіз, мөлдір тілмен айта білгеніне тағы бір мысал:

Мынау үлкен Мәскеуім
Терезеден көрінген —
Отаным алтын ошағы,
Думанға шаттық көмілген.
Жарқыраған жұлдызы,
Кремль мынау тұрғаны,
Рахмет нұры себілген.

Ақындық шеберлік-қабілеттің өзі творчестволық ой-сана, қанатты қиял мен тіл байлығының бір-бірімен орайлас үйлесу, қабысуы десек, Жамбылдың «күллі әлем көз тіккен» мәртебелі, мерейлі, нұрлы астананы «Москва, Кремль — төріміз», «Жүрегі Отанымның жарық жұлдыз», «Енбектің кені», «Ақылдың кені», «Бақыттың кені» деп сөз інжуін тізуі осының айғағы. Сәулетін, сән салтанатын суреттегендегі «Мраморлы метром, Алтын сарай бейне зор», «Шамы жұлдыз жарқырап, Асыл тасты әшекей, Оюлап тұр жан-жағын», «Күн сияқты Кремль» деген бейнелеулер әбден жарасымды. Ол: «Он сегіз мың ғаламда, Сендей сұлу қала жоқ» деп тамсана тебіренеді.

Москва сапарында туған «Елімнен Мәскеу жеткенше» туындысында ақын Ұлы Отанның лиро-эпикалық образын әр қырынан толықтыра түседі. «Көкорай шалғын жерімізді», «асқар тауларымызды», «айдын шалқар көлдерімізді», кең байтақ өлкемізді, дарқан байлығымызды сипаттап, жаңа дәуір әкелген жетістіктерді шырқау биікке өрлете мадақтайды. Ұшқыр ойлы ақын «оқтан жүйрік отарбамен» ұлы шаһарға бет түзеп келе жатқан жолда:

Қақ жарылып жол берді,
Сырқырап таудың сүйегі.

Гүлді дала, шалжар көл,
Қол бұлғады қуанып, —

деп лирикалық сезімін де қосады. Сонымен көкірегі өлеңге толған қарт ақын Москва образымен сабақтасыра, тұтас бірлікте кемеңгер Ленинді, Ұлы Отанымызды, Кремльді жырлап, олардың болмысына лайық айшықты, өрнекті сөз үлгілерін тудырып, образдар жүйесін байытты.

Халық поэзиясының алыбы жүрек қуанышын, ыстық лебізін «Орден алғанда» өлеңінде былайша өрнектеді:

Токсандағы Жамбылға,
Толқынданып сөз келді.
Көктемнің көгіндей,
Кәрі өмірім өзгерді.

Сол жылы СССР Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша Қазақстанның халық ақыны Жамбыл Жабаев Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Еңбекші халықты, социалистік Отанды, лениндік дәуірді төгілте, асқақтата жырлаған Жамбылдың ақындық қызметіне жетпіс жыл толуы кеңінен мерекеленуі елдің рухани өміріндегі елеулі оқиғаның бірі еді. Жамбыл юбилейіне орай жүргізілген жұмыстар алдын-ала баспасөз арқылы баяндалып отырды. СССР Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Москваның заводтарында, клубтарында және оқу орындарында баяндамалар жасалып, лекциялар оқылды. Ташкентте және басқа қалаларда әдеби кеш өткізілді. Алматыда Қазақстан Жазушылар одағының пленумы жұмыс істеді. 1938 жылдың 18 майында халық ақындарының республикалық слеті ашылып, оған алпысқа жуық әйгілі ақын-жыраулар, жыршы-орындаушылар қатысады. Олар: Доскей Әлімбаев, Нұрпейіс Байғанин, Шашубай Қошқарбаев, Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Қуат Терібаев, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев... Жазушы Мұхтар Әуезов «Жамбыл және қазақтың халық поэзиясы» деген тақырыпта сөз сөйледі (4).

Ақындар бас қосуына Украинадан Микола Бажан, Павло Тычина, Советтік Закавказьеден А. Аршаруни секілді көрнекті ақын-жазушылар қатысты (5). «Қазақстанская правда» газетінің (1938, 20 май) «Ұлы совет халқының алып жыршысы» деген бас мақаласы Жамбыл Жабаевқа арналды. Одақтық, республикалық баспасөзде ақын творчествосы кеңінен насихатталды.

Жамбыл Жабаевтың творчествосы туралы «Правда» газетінің 1938 жылғы 20 май күні шыққан санында былай делінген: «Қазақстанның даңқты ақынының теңсіз лиризмге толы, ұмытылмастай образдарға бай ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің жүрек соғысын сезеді, біздің дәуіріміздің аршынды қимылын аңғарады, ақындықпен сипатталып суреттелген өз өмірін, өзінің асыл ойын, қиял күйін көреді... Жамбылдың социалистік реализммен жырланған жалынды, қуатты өлеңдері мен шығармалары миллиондардың жүрегін тербейді, социализм жолындағы күреске шақырады, жеңіске жеткізеді».

Ұлы жыршының творчествосы — замана шежіресі іспеттес. Нақты айтқанда советтік өміріміздің көркем тарихы. Осының айғағы ретінде Қазақ ССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының қаулысында (Алматы, 1938 жылғы 19 май) былай деп көрсетілді: «3. СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы жанынан Қазақстанның халық ақындарының Жамбыл атындағы Әдебиет бөлімі ашылсын.

Ғылым академиясы филиалына ақындардың халықтық творчествосы жөніндегі материалдарды жинауға кірісу, бұл бөлімге Жамбыл жөніндегі материалдардың бәрін жинау ісі тапсырылсын» (6).

Жамбыл Жабаев ақындық творчествосының жетпіс бес жылдығына орай Ленин орденімен наградталды. Қарт бұлбұлды бұл мерекемен СССР Ғылым академиясының президенті В. Л. Комаров, жазушылар М. Шолохов, Тодор Павлов (Болгар жазушыларының атынан), сондай-ақ Украина, Белоруссия, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан т. б. туысқан республикалар жазушылары шын жүректен құттықтаулар жолдады (7).

«Халықтың ойын, сезімін» суреттеген «нағыз халықтық, терең сырлы, асыл», «мәнерлі, әсем» жырлар сыйлаған Жамбылды құттықтаған сөздер дүниенің шартарабынан келді (8).

Қарт жырау 1938 жылдың 30 ноябрь күні Отанымыздың жүрегін Москваға келді. Қазан вокзалында оны орыс жазушылары Л. Соболев, Вс. Иванов, П. Антокольский, М. Тарловский және С. Шипачев, қала жұртшылығы қарсы алды. Жыршының қасында аудармашысы П. Кузнецов та болды (9). Декабрьдің 2 күні Кремльде СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. И. Калинин Жамбыл Жабаевқа Ленин орденін тапсырды (10).

Міне, Ленин орденім,
Көкірегіме қададым,
Кұрдасымын ғасырдың,
Күмісі бар шашымның,
Бакыт берген еліме,
Нұр бітірген өніме,
Заманымның шындығын,
Халқыммен бірге жыр қылдым,—

деп толқып тебіренді ақын. Ол халқының тамаша тағдырын терең сипаттап, жыр тілімен көркем жеткізді. Тоқсаннан асқан қарттың «қиялы шалқып, сүйегі балқып» ақындығы күмбірлеп қайта тасыды.

Осындай айтулы күндерде яғни 1938 жылдың 8 декабрь күні Одақтар үйінің Колонналы залында Жамбыл Жабаевтың кеші өтті. Ақынның өмірі мен творчествосы туралы Леонид Соболев баяндама жасады. Ол ғасырға жуық өмір кешкен саңлақ өнерпаздың бұдан 76 жыл бұрын туған жырынан бастап бүгінгі таңдағы творчествосына дейін қамтып, келелі әңгіме қозғады. Өнер салтындағы кейбір ерекшеліктерді дөп басып айтты (11). Ақындар Ғ. Лахути (парсыша), С. Васильев, Н. Сидоренко (орысша), Қ. Маликов (қырғызша) жырауға арнаған өлеңдерін оқыды (12).

Жамбылдың өлең-жырлары, толғау-термелері, дастан-хикаялары замана рухымен, қоғамдық құбылыстармен, елдің саяси-экономикалық өмірімен тамырлас, сабақтас. Жаңа дәуірдің жалынды жыршысы отызыншы жылдарда жаңа шабытқа ие болып, кесек, ірі толғаулар, көркемдігі рухани дүниенді тазартатын шоқтықты, салмақты дастандар тудырды.

Уақыт лебі, заман шындығы жыршыны шырқау биікке көтерді. Ол 1938 жылдың 24 июнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды.

Мен Жамбыл ғасыр туған жүздегі қарт,
Сайлауға ұсыныпты ел — депутат.
Депутат — Ұлы Совет мүшелігі,
Қол жетпес ұлы міндет, орны қымбат, —

деп, немесе:

Сайлаушы халық алдында ант етемін!
Жамбылдың халық үшін қалған жасы,
Тынымсыз күні-түні етпек қызмет,
Жамбылдың кәрі жаны, домбырасы!,—

деп халық қалаулысы болғанын азаматтық, ақындық

жүрекпен терең ұғынады. «Мойнымда Алатаудай елдің ақысы» бар дейді де:

Халық өкілі Жамбыл қарт
Ырыс туын ұстадым.
Социалистік заңымның —
Күні атқан таңымның,
Қозғалысы қанымның,
Рахаты жанымның,
Соны маған сыйлаған,
Компартия көсемім, —

деп тұжырымдайды. Сөйтіп оның өмірі мен творчествосына өріс берген, шабыт берген заманға алғысы да, шашуы да ересен.

Ол өзін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынған сайлаушылармен бірнеше рет дидарласты. Сұхбаттасу үстінде «Жамбылдың халық үшін қалған жасы» деген жыры мен «Менің өмірім» атты дастан-хикаясын толғады.

Депутат Жамбыл Жабаев Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясын өлеңмен ашты. Бұл — 1938 жылдың 15 июлі еді. Көп жасаған, көкірегіне көл-көсір өмірлік тәжірибе, даналық мәйегін ұялатқан қарт былай деп тіл қатты:

О, жолдастар, жолдастар!
Асыл тастан шығады,
Ақыл жастан шығады,
Өрбіп өскен кіл жастар,
Токсан үште жасы бар,
Алатаудай шашы бар,
Өмірі — жас, жасы — қарт,
Жамбылменен құрдастар.
Жарлығымен халықтың,
Жамбыл қартың сөз бастар.

Ол бұл өлеңінде елдік пен ерлікті, береке мен бірлікті, адалдық пен әділдікті, достық пен бауырластықты жан тебіренерлік сезіммен мөлдірете жырлады.

«Сессияны ашардағы сөз» — жыраулық, жыршылық, өнерпаздық, азаматтық, қоғамдық міндеттерін мінсіз атқарған, бұлжытпай орындаған ақынның аузынан шыққан асыл лебізі.

1939 жылдың Жаңа жылын Жамбыл:

Домбыраны қолға алсам,
Ағылған күй мен жыр көрем.
Өміріме көз салсам,
Жайнаған жарқын нұр көрем.

Туған айға қарасам,
Теңеліп өсіп аласам,
Жанға жайлы жанары,
Жылжып бір келген жыр көрем,—

деп қуана қарсы алды. Сол жылы 23 апрельде республика мұғалімдерінің кеңесіне, 25 июльде Алматыда өткен озат малшылардың жиынына қатынасып, көне қоңыр домбырасымен көркем жырдың бұлағын тағы да ағытты.

Бұл жылы ақын Лениннің дүние салғанына 15 жыл толуына орай көсем өсиет-мұраттарының нақты іске асуына арнап, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының мерекесіне, Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партияның XVIII съезінің ашылу құрметіне, Қиыр Шығыс Қызыл Тулы майдан жауынгерлерінің Халкин-Гол маңында, жапон империалистеріне қатаң тойтарыс берген жеңісіне орай жыр шығарды. Және де 1939 жылғы 1 августа Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуына байланысты «Халық қазынасы» жырын айтты. Көрменің бас павильонында Октябрь революциясы, Советтік Конституция турасындағы Жамбылдың бір ауыз өлеңі жазылған. Өлеңде совет өнерінің гүлденгені айтылған (13).

1939 жылы ноябрьдің 10—12 күндері Алматы қаласында халық ақындарының республикалық IV слеті өтті. Оның президиумында Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Нұрлыбек Баймұратов, Нартай Бекежанов отырды. Жамбыл құттықтау сөзін:

Елдің ақын ұлдары,
Егей өңкей тілмары,
Ел-елден кеп қостың бас,
Ертіс, Жайық, Іле, Сыр,
Ұшан-теңіз сулары,
Каспий, Арал, көл Балқаш,—

деп бастап, Коммунистік партияға деген ыстық лебізін төмендегіше білдірді:

Ақындарды сайратып,
Шежіре жақ тіл берген,
Данышпаным партия.
Қалай қиял шалқымақ!
Қалай сүйек балқымас!

«Сөздің шырын қаймағы», тереңнен табылатын, қиыннан қиысатын «інжу жырлар» ұлы қамқоршымыз, сүйеніші-

міз, сүйіктіміз партияға арналсын деп үндеу тастады. Нұрпейіс Байғанин, Орынбай Тайманов, Қалқа Жапсарбаев, Нартай Бекежанов, Нұрлыбек Баймұратов сынды халық творчествосының көрнекті қайраткерлері де жыр толғап, ән шырқап, өнер көрсетті. Олардың ақындық шеберлігіне, шешендігіне халық риза болды. Осы жолы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша ауызша халық творчествосын өркендету ісіне қосқан үлестері үшін Доскей Әлімбаевқа, Нұрпейіс Байғанинге, Нұрлыбек Баймұратовқа, Нартай Бекежановқа Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері құрметті атағы берілді (14)

1940 жыл да ақын үшін табысты жыл болды. Кең құлаш жайған социалистік құрылыстың әрбір жаңа қадамы Жамбылдың шабыт отын лаулатты. Ақмола—Қарталы болат темір жол жүйесінің салынуына орай «Арқаның арқауы» атты жырын айтты. Оны «Арқауындай өмірдің, қанатындай елімнің» деп береке мен ырыстың, ырыздық пен несібенің бұлақ-көзіне балап сөйледі. Сол жылдың февраль айында совет жауынгерлерінің ерлік ісіне арнаған «Болат тонды батыр» өлеңі туды. «Отанымының батырларына, Ленин қаласының даңқты қорғаушыларына, фин халқын азат етушілерге, Ленинград соғыс округінің жауынгерлеріне және Қызыл Тулы Балтық Флотының қызыл флотшыларына осы жырымды арнаймын», — деді Жамбыл (15). Ақын 1940 жылы 10 март күні Қазақстан Коммунистік партиясының III съезіне қатысып, өлеңмен құттықтау айтты («Большевиктер тобына»). Сондай-ақ елгезек, сергек ақын Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның өз еркімен СССР құрамына енуіне, Түркістан — Сібір темір жолының он жылдығы салтанатына, Қазақ ССР-інің құрылғанына 20 жыл толуына байланысты да жүрек лебізін білдірді.

Жамбылдың жеке адамдарға арнап айтқан арнау жырларының өзі бір төбе. Мәселен Ғали Ормановқа арнау 1939 жылдың 9 ноябрінде ақындардың республикалық слетіне жүрерде ол жағасына иіс су сепкенде («Иісті майға»), құс атуға барып, құр қайтқандығы турасында («Кекілік ұшып дүр етті»), өзінің саулығын сұрағанда («Кәрілік»), «Жәке бүгін не туралы айтасыз» деп қолқалағанда («Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң»), 1940 жылы август айында Қазақстан Жазушылар одағының пленумына қатысып, залдың қақ төрінде ілулі тұрған Абайдың суретін көргенде шығарғандары

бар. Бұл арнауларын қаншалықты тез, шұғыл шығарса да оның сөздері соншалықты мағыналы, көркем, әсерлі. Сондай-ақ «Сақалым темір күрек борға малған» өлеңін 1941 жылдың февралінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясына қатысуға аттанар алдында айнадан өзін көргенде шығарған. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері Хабиб Ақтайұлы Барлыбаевқа (1898—1946) және емдеуші дәрігері Рақымбай Досымбековке айтқандарында да ақындық сөз орамдары, тапқырлықтар бар. Оның осы бір шағын шумақтарында эзіл-қалжың да, жеке басының сыр-сезімі, кәрілікке өкпе-назы да шертіледі.

* * *

Жамбыл творчествосының образдық, ассоциациялық жүйесіне тарихи-филологиялық талдау жүргізгенде, біріншіден ондағы дәстүрлі образ жүйесін яки тарихи-әдеби дәстүрді, екіншіден халық поэзиясының стиліне тән образ жүйесін, бейнелеу, мәнерлеу құралдарын, үшіншіден жыраудың индивидуальдық образдық дүниесін, стилистикалық сипаттарын, эстетикалық ерекшеліктерін толық ашуға болады.

Тұтастай алғанда ол ұлттық тілдің негізгі байлығын (фразеологиясын, идиоматикасын, перифразасын), тұрмысқа, еңбекке қатысты метафораларын, дәстүрлі жауынгерлік лексикасын, халық даналығының інжу-маржандарын асқан шеберлікпен тұтынған сөз зергері.

Жамбыл жыр-толғауларының айшықты, ажарлы, сиқырлы тілін мәдени-тарихи факторлардың аясында қарастырсақ қана, оның творчествосының ассоциациялық құрылымы, көркемдік әлемі жарқырап ашылады. «Жамбыл жыры сондықтан, Көктен күнді шалады, Күркіреп жерді жарады!» дегенінде ол сөз сұлулығын сезінетін ақындық қабілетін айтып отырған жоқ. Контексте замана ұлылығынан жаңғырып жаңарған, үдеп өскен өнерін, жарқыраған өмірін, ақындық қуат-күйін алға тартып отыр.

1. Жамбыл творчествосында фразеологиялық орамдарға зейін қояйық. Нұр тамшылау, нұр орану, нұр ойнау, жырдан жаңбыр жауғызу, айдай балқып, жыр ағызып толғану, бұлбұлдай төгілту, қыран құстай тояттау, желдей есіп, тау тебіренту, көмекейім көсілді, тулап тасу... Поэзиялық тектегі осы алуандас айшықты орамдар, біртұтас тізбектер ақындық күйге қатысты, негізгі себебін айтсақ, бақытты заман шарапатынан нәр алып, тірілген мағыналы сөздер.

2. **Метафоралық сөз тіркестері:** ой өзені, қиял желі, тарих белі, сөз миуасы, жыр жұлдыз, жыр шекері, жыр бұлағы, таң бұлбұлы, жыр-өзен, рахмет нұры, жарық дүние шырағы, сөздің гүлі, бақыт құсы, бақыт гүлі, ел гауһары, сөз данғылы, жыр шербет, өлең көлі, тағы басқалар.

3. **Эпитет сөздер.** «Алтын» сөзімен айтылған тіркестер: алтын ауа, алтын ғасыр, алтын заман, алтын ошақ, алтын заң, алтын бесік, алтын сәуле, алтын таң, алтын алап, алтын орда, алтын домбыра, алтын сөз, алтын жұлдыз, алтын сарай, алтын балық. Ақын кер замандағы қасірет-қайғысын айтқанда «сасық тұман», «улы зәр», «суық дем» деген метафоралық эпитеттерді тудырған. Бұлар «Менің өмірім» толғауынан алынды.

Салқар сахара төсінде мыңғырған төрт түлігіміз туралы тебіренгенде «алтын жалды арғымақ», «тау өркешті аруана», «жібек бұйда тайлак», «ай мүйізді сиыр» деген сияқты байырғы айқындау сөздерді құбылта, құлпырта қолданады.

«Ақ» сөзімен келетін анықталушы мүшелер: ақ самаурын, ақ домбыра, ақ семсер.

«Алмас» сөзімен сәуленетін құбылыстар мен заттар: алмас семсер, алмас қылыш, алмас тұлпар, алмас сөз.

«Асыл» эпитетінен шырайланған, шұғыла шашқан сөздер: асыл ер, асыл және с. с.

Жамбыл қолданысындағы эпитет сөздер жайдан-жай, құр бекерге алынбаған. Оның эмоционалды, эстетикалық және танымдық мәні ерекше. Ақынның тұтас творчествосына үнілсек мұндағы эпитет сөздерден тарихи оқиғалардың жаңғырығы естіледі, тарихи дәстүрлер мен халық мәдениетінің айқын іздері, мәдени, саяси байланыстардың із-бедерлері байқалады. Ғасырлар сырын, халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмысын, көзқарасын, тіпті қоғамның даму кезеңдерін, сондай-ақ эпос пен халық поэзиясы стилінің және халықтың өмір, дүние құбылыстарына даналық көзбен қарайтындығын анық, айқын аңғаруға болады. Ал эпитетті поэзиялық, суреттілік тұрғыдан тексерсек, сөз мағынасын дамытады, толықтырады, байытады. Образдық суреттілігін арттыруда септігі мол.

Шын мәнісінде эпитет сөздер ақынның өмірді, табиғатты терең білгеніне, жан-жақты зерттеуіне әрі алғырлық, жітілік, байқампаздық қабілетіне тәуелді.

4. Қаһармандық дастандардағы дәстүрлі өрнектерді (гиперболалық мағынасы басым) жыраудың батырлық-ерлік толғауларынан жолықтырамыз.

...Зұлпықарын сілтеген,
Сілтесе қылыш тас кескен,
Жеті қабат жерді өткен.
(«Клим батыр»).

Немесе:

Суыма оқ атқанның,
Селкідетті өр, сайларын;
Бұлтыма оқ атқанның,
Қол-аяғын байладым;
Айыма оқ атқанның,
Батырды ерлер айларын;
Күніме оқ атқанның,
Күл қылды ерлер жандарын.
(«Біздің Отанның қырандары»).

5. Жамбыл поэзиясының көркемдік жүйесінде теңеулердің эстетикалық мәні ерекше елеулі. Ақын жаратылыс құпиясын, табиғат сұлулығын, әлемдік гармонияны, болмысты образды теңеулер арқылы бейнелеп жеткізуге, эмоциямен суреттеуге тырысады. Бұл стильдік категорияның негізінде дүниені эстетикалық тұрғыдан қабылдау, соның сан қилы сырларына ортақтасу бар. Әрі дүние танымы, өмірге көзқарасы да осыдан көрінеді:

Көзінді салшы далама,
Түкті кілем түріндей;
Тауыма сұлу қарашы,
Қыздардың жиған жүгіндей;
Ауылыма қарашы,
Қырдың қызыл гүліндей;
Өзеніме қарашы,
Ағып жатқан гүрілдей;
Ән, күйімді тыңдашы,
Батырлықтың үніндей.
(«Шын жүректен»).

Ніл суындай ағыза,
Бал суындай тамыза...
Бабы келген тұлпардай,
Шабыты келген сұңқардай.
(«Октябрь үшін»).

Қырмызы, қызғалдақты даласын, сұңғақ та сымбатты тауын, өркені өскен өлкесін, қыз бұрым өзенін суреттегенде немесе Октябрьдің арқасында ақындық екпінді, серпінді күйге түсіп, өрлегенін жырлағанда ұлттық бол-

мыстың сипат-белгілерін барынша мол пайдаланады.
6. Шебер ақын сөзге жан бітіре сөйлеуге құштар. Сондықтан да гиперболаға жүгінеді. Мысалы:

Сырлары сыймайды,
Мүйізі бұлт ілгендей;
Емшегінен сүт шапшып,
Желіні жерге тигендей...
...Егіні піскен қаймақтай.
Бидайы піскен бармақтай.
(«Жеңіс жыры»).

Батылдықты, өжеттікті толғағанда жырау халық фольклорының эстетикалық жүйесіне жүгінеді. Мәселен:

Қылышы қара тас кесіп,
Найзасы айға бойлаған.
(«Болат тонды батыр»).

Қан тауынан оқ атса,
Жайықта жауға жеткізіп,
Жайықта тұрып оқ атса,
Кұрлықтағы дұшпанның,
Өңісінен өткізіп...
(«Біздің Киров»).

Жамбыл «Октябрь» деген өлеңінде:

Ел өмірі күнде той,
Ойқой, қызық заман ғой,
Сергіткен қарт кеудені, —

деп өзі айтқандай, шат-шадыман заманның, «жалпақ даласы гуілдеп, жалпы халқы күлімдеп», жер мен көк қуанышқа кенелгенде «қиял шалқып, сүйек балқып», «күй жосылып, сөзі үделеніп» ағылған ақындық шабыттың бейнелі жеткізуде сүйенетін негізгі көркемдік әдісі— гипербола.

Толқындай бұлтты сөгіп көзге ілмей,
Бұлқынып асау қиял құлаш сермеп.
Жорғалап желмаядай жер-су баспай,
Нөсерлеп төгіледі өлең селдеп.
Ақынның асқақ көңіл, қызыл тілі,
Самғайды сұңқардай боп ағып, көлбеп,
(«12 декабрь»).

7 Ж. Жабаев поэзиясының идеялық-эстетикалық және көркемдік ерекшеліктерін анықтайтын тағы бір саласы— перифразалық (перифрастикалық, парафразалық деп те айтылады) тізбектер. Бұлар жырау творчествосының күрескерлік рухын, романтикалық сипатын, эстетикалық

қасиеттерін күшейтетін әрі сөз эмблемасын жетілдіріп жақсартатын құбылыс. Замана шындығының, жаңа өмір салтанатының, революция жаңғырығының бұл поэзиялық құбылыстарға тікелей әсер-ықпалы айрықша.

Пролетарлық поэзия өкілдері қолданатын *Ту, қызыл, жол, жаз, көктем, капитан* тәрізді негізгі сөздерді Октябрь мен Ленинді жырлағанда, сондай-ақ ұлттық поэзияның топырағынан туған өзіндік жиһаз-жасауларын революция, еңбек, заман тақырыбына орай ұтымды пайдаланады. Олар мыналар: «тарихтың домбырасы», «коммунизм жайлауы», «раушан, жарық таң», «шын болаттан құйылған өмірдің балғасы», «мұхиттай шарықтағын, тасы, Жамбыл», «көк тәңірісі Кокинаки», «мұз тәңірісі Папанин», «елге тұтқа өрнегім», «майысып көлге біткен құрақтарым», «дүкенінде дәуірдің қайта соғылған семсер»...

Жырау классикалық поэзияның образ жүйесін құрайтын негізгі лексикаларды, атап айтқанда шолпан, жұлдыз, шынар, гауһар, меруерт, інжу, дүлдүл, бұлбұл, шамшырақ, дауылпаз, мұзбалақ, сұңқар, қыран, тоты құс, гүлбақ, жаннат, бүркіт, толқын, ай, күн, желмая, сауыр, бәйтерек, бәйшешек, тастүлек, тұлпар, жұпар, нұр, сәуле, мұхит, дария тәрізді сөз-ұғым, сөз-образдарды асқан зергерлікпен жайнатып жібереді.

8. Жамбыл творчествосының образдық-поэзиялық құрылымында **нақыл-ғибрат, бейнелі, ойлы, қанатты сөздер** қисапсыз да қыруар. Бұлардың ішінде а) философиялық-эстетикалық, моральдық-дидактикалық немесе б) азаматтық, қаһармандық рухқа, в) ақындық, шешендік өнерге, г) оқу-білімге, д) отан, халық, дәуірге қатысты өмір сынынан мүдірмей өткен мағыналы тұжырымға, салмақты қорытындыға арналғандары бар. Олардың тағлымдық, тәрбиелік мәні айрықша зор.

Бірінші топқа мысалдар:

Халық қарғысын алғанға,
Қара жерден орын жоқ.
Мың қарғаның тұяғы,
Бір тұйғынға өтпейді.
Тамам қарға жиылып,
Бір сұңқарға жетпейді.
Шамшырақ деген тас жатыр,
Теңіздің терең түбінде.
Май құйған шам сөнсе де,
Шамшырақ сөнбес өмірде.

Екінші топқа қатысты аталы сөздер:

Қайнап бұлақ шықпаса,
Таудың тасы құлай ма;
Батыр-батыр болмаса,
Болатпен белін қынай ма;
Жердің шелін сел жуар,
Елдің кегін ер қуар.
Дауыл тұрса бұлт қуар,
Жердегі жауды жұрт қуар.
Батырдан дұшпан ығады,
Халықпен жаны бір адам,
Қажымай қорғап намысты,
Қалайда жеңіп шығады.

Үшінші топқа жататын афоризмдер:

Жақсы сөз бейне шамшырақ,
Ақын деген бір бұлақ —
Көмірлер көзін ашпаса.
Жарға лайық елің бар,
Елге лайық ерің бар.
Өлеңім — балға, ән — кашау,
Жақсы сөзді ел жаттар,
Ел жаттар сөзде салмақ бар.
Аузымда жыр, қолымда оқ,
Жырым — досқа, жауға — оқ.
Тілім — шырын, жырым — жент.

Негізінде афористика ойды жинақтап, тереңдетіп, салмақты айтуға, барынша қысқа тұжырымға, өткір, мәнерлілікке, парасатты пайымға құрылады. Мұндай үлгілі сөздердің стилі жатық, авторы белгілі. Әлемдік әдебиетте афористиканың өзіндік тарихы бар. Нақыл сөздер көне заман ойшылдары Платон, Аристотель, Гераклиттен бастап туған халқымыздың әдеби-көркем мұраларында, әдебиет классиктерінің туындыларында ғана кездесіп қоймайды. Сондай-ақ осы заманғы талантты ақындардың творчествосында да эстетикалық, көркемдік қызмет атқарады. Аллитерациялық және ассонанстық дыбыстардың қайталануы сөз кестесіндегі сұлулықты, поэзиялық образды құбылта түсуге септігі зор:

Желпи соққан желдеймін,
Жол бермейтін белдеймін,
Жамбылды көне тындандар!
Жатқан байтақ жеріме,
Жасанған жаздай еліме,
Жеңімпаз кілең еріме,
Жастай жайнай сөйлеймін.
Жеңімпаздар съезін,
Жалындаған жырыммен,
Жер бетіне естірте,
Жаудың жанын шошыта...
(«Жеңімпаздар съезіне»).

Аллитерация тек тармақ басында ғана емес, өлең жолының кез келген тұстарында да жиі ұшырайды.

Жамбыл жырларының архитектурникасына барлау жасап, тексерсек, онда сөз, сөз тізбектері, тармақ, шумақ толғаудың ағынды, толқынды, тасқынды сипатына орай бірнеше мәрте қайталанып отырады. Нақтылап айтқанда бұл өлең мәнерлілігі, ой өрнектілігі, эмоциональдық өткірлік үшін қызмет етеді.

Айталық «Ұрпақтарым алдында атты» жырында:

Көңілімді, көзімді
Өмірімді, өзімді,
Отанымның сәулеті,
Шамшырақтай жандырған,—

деген шумақ үш рет қайталаанады. Жырдағы негізгі ой да осы. Өйткені ақындық қабілеті, қайрат-қажыры, қуаныш-бақыты сүйікті Отанның арқасы екендігін шегелеп айту үшін осы бір нәрлі ойға, тұжырымды түйінге құрылған жолдарды қайталау қажет те еді.

Образды, суретті ойды қайталап айту да өлең әсерін, әуезін еселей түседі. «Ұлы көш» толғауындағы:

Елімді нұрға бөлеген,
Коммунизм жайлауы,—

деген жолдар басқа бір тұстарда былайша айтылады:

Мәңгі бақыт жайлауы,—
Коммунизм көгіне.

Немесе:

Жеңіс пен шаттық сенің атыңды атап,
Тойыңа осы өлеңді тартады қарт,
Жырымның өр дауысты қыранысың,
Мен де шат, мендей және халқым да шат!
Жеңісің жеңістердің асқарындай,
Лениннің ілгері аяқ басқанындай.
Ұстаған ұрпағының туы сенсің,
Данышпан Компартия — аспанындай.

Ленин ісіне, Коммунистік партияға ілтипаты зор қарт жыраудың осылай сыр шертуі, ой толғауы, оны ақындық шеберлікпен мөлдірете жеткізуі, санаға, көкірекке құюы заңды да. Адамды зеріктірмейтін, жалықтырмайтын ойдан, сөзден шымыр тоқылған шумақтар табиғилығымен, шынайылығымен баурайды.

Жамбылдың халық, заман жайлы қанатты, нақыл сөздері төмендегідей болып келеді:

Замана жайы — терең сыр,
Замана жыры — бітпес жыр.
Жамбыл деген жай атым,
Халық менің шын атым!

9. Ақындық ойға ажар, әрекет, қозғалыс дарытатын, әуелетіп әкететін өлең әуезділігін, саздылығын, ырғақ әуенділігін де ол мықтап ескерген.

Поэзиялық образ, ақындық тіл, музыкалық бір-бірімен орайлы жарасым, синтетикалық тұтастық тауып, сыр мен сымбаты үндесіп, үйлескен. Мұның өзі, бір жағынан, импровизаторлық өнердің өзіндік талап тілегінен туады. Яғни поэзия мен музыка өнердің осы бір түрінде егіз құбылыс. Екіншіден ана тілінің көркемдік күшін сай-сүйегіне дейін сезінген ақындық даналығына саяды. Үшіншіден қазақ тілінің фонологиялық ерекшелігіне, табиғи келісіміне, дәлме-дәл үйлесетін сөздердің бай қорына тығыз байланысты.

Өлең әуезділігін күшейтетін амалдың бірі — ұйқас. Жамбылдың жыр-толғаулары ұйқасушы сөздерге бай. Бір сөзге бірнеше сөздер үндесе ұйқасады: жетілгені — кетілгені — бекінгені — өкінгені — кетірмеді — көпірдегі — бетіндегі — лепіргені — шетіндегі — серпілгені. Демек бір ұйқас тізбегінде он үйлесімді сөз кездеседі. Енді бірде он бір сөз ұйқасқанын көреміз: көпесі — өресі — көбесі — шегесі — белесі — жер осы — ел осы — кемесі — төбесі — иесі — денесі.

Бұлар ақын шабытын, тебіренісін, тегеурінін көрсетеді. Өлең әуезділігін арттыратын, ішкі қуатын еселей түсетін — көркемдік тәсіл. Сондай-ақ әр ұйқастың дауысты, дауыссыз дыбыстары сәйкесіп отырады. Себебі бұл да ақын шеберлігі мен тіл ерекшелігінен туындайды.

Үн-екпіні, қуат-серпіні, сөз саптасы жағынан ұқсас, тектес, мағыналас жолдар «Ленин» атты жырында бар:

Адамзаттың алыбы —
Еатыры сенсің Ленин!...
Бастаушысы тірегі,
Ақылы сенсің — Ленин!...
Миллионның жүрегі —
Жақыны сенсің — Ленин!...
Қуаты, күші, жігері —
Тірегі сенсің — Ленин!...
Өнегесі, үлгісі —
Жүрегі сенсің — Ленин!...
Асқан дана ақылды,
Ұстазым сенсің — Ленин!...

Әр түйдекті түйіп тастап отыратын қорытындыға, тұжырымға лайық осынау жолдар адамзат данышпанының жарқын образын жасайды. Әрі толғаудың архитектуронасына, ажарлы, әуезді айтылуына, ырғақ өрнегіне ширақтық үстейді.

Үлкен дарын иесі өлең сөйлемдердің мынадай конструкциясын да алға тартады.

Біріншісі:

Ол — жиһанның жүрегі,
Ол — жер мен көк тірегі!
(«Әлемде бір жұлдыз бар»).

Екіншісі:

Тілім — шырын, жырым — жент.
(«Болат тонды батыр»).

Бесігі — тау, анасы — ел.
(«Жиһанда жоқ теңіміз»).

Жинақтап айтқанда Жамбыл жыр-толғауларының эвфониялық, гармониялық, мелодиялық құрылысы, міне, осындай.

Жамбыл поэзиясының көркемдік жүйесін құрайтын негізгі желілердің бірі — өлең сөздің және ақынның бейнесі. Оның өнерпаз тұлғасы мен өлең сөздің табиғатын, құдыретті күшін, құпия-сырларын жан-жақты ашып беруінде, бейнелеп сипаттауында, ажарлап, айшықтап айтуында ақындық шеберлік, дүниетанымы тереңдігі, өмірлік тәжірибесі көрінеді. «Ол өзін, яғни ақын образын «шашасына шаң жұқпас саңлақ», «тоятын қиядан алатын құмай», «айдынның ақ шортанын жібермейтін қармақ» деп те суреттейді, ұзақ сонар жүйрікке, қорғасын соқаға, тұлпарға, сандуғашқа, тіпті «өлеңнің ұлы сүре данғылымын» деп үлкен магистральға балайды» (16).

«Ақын болдым он үште» деген толғауында жырау өз болмысын таныту үшін «Садақтайын сайланып, сөз өткірін ойланып, Ататын оқтай безендім», «Асылдан соққан ақ семсер», «Өлеңім топан суындай», «сымға тартқан күмістей», «бәйге атындай», «өткір сөзім қылыштай», «қырандаймын қалықтап», «ақ бөкендей желгенім» деген образды сөздерді, поэзиялық өрнектерді тауып қолданады. Бір тұста «Бүркіттей қанат қаққан қарлы аязда» («Компартия көсемім» деген өлеңінде) деп те сөйлейді. «Таудан соққан дауылдай, сорғалап күйған жауындай» («Октябрь үшін»), «Қазақтың тиеп

алған көп мақалын, Мен өзім көпті көрген ақ сақалмын» («Дәрігерлер съезіне») деп айтқандары тағы бар.

Поэзия — халықтың өмір тарихы, рухани мәдениеті, ұлттық санасы, этикасы, эстетикасы, философиясы. Сондықтан Жамбылдың ақындық творчествосы да осы мәселелерге қатысты екені даусыз.

Ол ұлттық тілдің этимологиялық, этнографиялық, танымдық сипаттарын, көркем құбылыстар қисынын жетік меңгеріп, зеректік, алғырлық танытты. Сол себепті де поэзия тілінің тарихы мен көркемдік заңдарын зерттеу барысында оның творчествосынан соны, тың мысалдар көптеп табылады. Демек Жамбыл творчествосы — ел, жер, халық тарихының айнасы, соның бір бөлінбес бөлшегі іспеттес. Ол — көпшпелі қазақ қоғамының, тарихи-революциялық және социалистік құрылыс дәуірінің нағыз куәгері. Ақын даусымен кешегі халық басынан өткен ғасырлар үні саңқылдап жетсе, екіншіден оның жырларынан сәулетті, бақытты болашаққа жол тартқан ұлы керуеннің сән-салтанатын, уақыт шындығын, дәуір келбетін көреміз.

Оның өлең-жырларында қаһармандық-революциялық рух, халықтық, отаншылдық, интернационалистік сипат басым.

- ¹ Сидоров Ю. Н. Образ В. И. Ленина в устно-поэтическом творчестве народов СССР // Советская этнография. 1970. № 2.
- ² Андреев А. А. Ленин, каким он был на трибуне // Об ораторском искусстве. М., 1958.
- ³ Правда. 1936. 17 мая.
- ⁴ Первый слет акынов Казахстана. Казахстанская правда, 1938. 18 мая.
- ⁵ На слете акынов. Казахстанская правда. 1938. 20 мая.
- ⁶ Социалистік Қазақстан. 1938. 21 май.
- ⁷ Әдебиет майданы. 1938. № 5.
- ⁸ Казахстанская правда. 1938. 23 мая.
- ⁹ Литературная газета. 1938. 1 декабря.
- ¹⁰ Литературная газета. 1938. 5 октября.
- ¹¹ Соболев Л. Джамбул Джабаев // Литературная газета. 1938. 10 декабря.
- ¹² На вечере Джамбула. Литературная газета. 1938, 10 декабря.
- ¹³ Социалистік Қазақстан. 1939. 1 декабрь.
- ¹⁴ Социалистік Қазақстан. 1939. 16 ноябрь.
- ¹⁵ Социалистік Қазақстан. 1940. 20 июль.
- ¹⁶ Сыздықова Р. Жамбыл поэзиясының тілі жайында // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1975.

2. ДАСТАНДАРЫ, ХИКАЯЛАРЫ

Көркем творчествоның қай саласында болсын эпикалық шығарма бірден туа қоймайды. Талант, дарын, 162

қабілет мүмкіндігі мол автордың өзі де оқиғаны, құбылысты әбден танып біліп, оның сыр сипатына, себеп-салдарына қанығып, мән-мағынасын ой елегінен өткізіп алмай күрделі шығармаға кіріспейді. Халық ақындарының творчествосынан да осыны аңғаруға болады. Сондай-ақ Жамбыл да творчестволық тәжірибесі жеткілікті болса да советтік дәуірге арнаған көлемді дастанын кейінірек шығарды. Әрине Октябрь әкелген қоғамдық құрылыстағы ұлы өзгерістерді, өмір жаңалықтарын көзбен көріп қанығуға уақыт қажет. Содан кейін ғана көңілге тоқып, ойға түйгенді көсіле жырлауға мүмкіндік туады. Оның үстіне ақынның Октябрь революциясынан бұрын айтып жүрген эпикалық жырлары: «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» т. б. жанры жағынан қаһармандық дастандар болатын. Енді лиро-эпикалық дастанға («Замана ағымы», «Туған елім») ауысуға тура келді. Себебі жеке батырдың ерлігін айтудан гөрі, дәл сол кезде дәуір сипатын, заман келбетін, уақыт тынысын жырлаудың зәрулігі айқын еді.

1927 жылы Октябрдің он жылдығы мерекесі қарсаңында Ұзынағашта кедейлерге жер бөліп беру мәселесіне арналған қосшылар одағының уездік жиыны шақырылды. Бұл еңбекші бұқараның көптен күткен күні еді. Міне енді бұрын қанаушы таптың өкілдері иемденіп келген шабындық, егіндік жерлер кедейлердің меншігіне беріліп отыр. Халықтың шаттығында шек жоқ. Қарт ақын да қуаныш құшағында. Осы бір салтанатты сәтте көпшіліктің тілегі бойынша көне домбырасын қолына алып, шаршы топтың алдына шыққан ол көңіліне түйген ойларын асқан шабытпен ұзақ жырлап берді.

Сөйтіп жаңа дәуірдің дастаны дүниеге келді. Алайда кезінде оны дыбыс лентасына немесе қағазға түсіріп алған ешкім болған жоқ. Бірақ дәл қанша уақыттан кейін екені белгісіз, сірә отызыншы жылдардың бас кезі болса керек, осы дастанды біреу Жамбылдың өз аузынан жазып алып, Қазақстан ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтына (1934 жылы ұйымдастырылған) тапсырған. Оны архивтен тауып алып, Жамбылдың өз қарауынан өткізіп, ақын шығармаларының 1940 жылы шыққан жинағына енгізген Е. С. Ысмайылов (1. 109—132). «Жамбылдың бұл жыры өте ұзақ екен, — деп жазды ол, — «Замана ағымы» сол ұзақ жырдың бір ғана саласы сияқты» (4. 59). Басқа бір дерек бойынша 1939 жылы автордың аузынан жазып алған Ғали Орманов

(2. 428). «Замана ағымы» деп аталған осы дастан Жамбыл шығармаларының кейінгі толық жинақтарында да (1946, 1955, 1982), орыс тілінде де (аударған П. Кузнецов) жарияланды (3).

Жамбыл дастанды «Сексен бірге жас келіп» деп бастайды.

Ақынның алдымен өзі туралы айтпақ ойы осы алғашқы жолдан-ақ аңғарылады. Бірақ ол қара басының мұнын немесе өмір тарихын баяндағалы отырған жоқ.

Мұнша жасқа келгенде,
Не көріп не білгеннен,
Бір ауыз сөз айтылмай,
Қалса — үлкен мін ақыңға, —

деп өзінің көп жасап, көпті көргенін, енді сол ұзақ өмірден көріп-біліп, ойға түйгендерін жұртшылыққа айтып беруді азаматтық, ақындық борышы санайды. «Сексен бірге жас келген, не заманды бас көрген, солар арқау жырыма». Демек оны толғандырып тұрған өз тағдыры емес, халық, замана тағдыры. Өйткені ол өзін халықтан, бұқарадан бөлектеп, оқшаулап көрген емес. Оның тағдыры қашанда туған халқымен бірге. «Замана жайы — терең сыр, замана жыры — бітпес жыр», — дейді ол. Оны айтып жеткізуге қысқа өлең-жыр емес, өрелі дастан керек.

Жамбыл жаңа заманның сипатын дұрыс түсінді. «Әйел, еркек бірдей боп, саналы жерден үлгі алды», «Толып жатқан көп ұлт, терезесі теңеліп», дейтіні де сондықтан. «Сендер де менің жолдасым, ақын бір толғап жырласын». Көпті аузына қаратып алғаннан кейін «Сонау сұмырай заманда» деп өткенге ой жүгіртіп, бұрынғыны еске алады. Ақын дүйім жұртты осылай «куәға» тарта, сендіре сөйлейді. Кер заманның сиқын түйдектеп, бірден айтпай, тізбектеп, таратып баяндайды. «Көше қонып, мал баққан, момын жүріп, жай жатқан» бейбіт халықтың мазасын алып, тынышын кетірген хан-сұлтан, бай-манаптар екенін ескертеді. Кейін Николай патшаның тұсында елге тағы да бір бүлік келді. Ол — сайлау еді. Алдау-арбау, пара-жала бұрынғыдан да көбейді. «Кигізем деп жейдені, төгемін деп теңгені» кедейлерді алдап болыс болғандар, сайланып алғасын кедейден «іргені аулақ салып», байдың қолшоқпары болып кетті. Ақын болыстың екіжүзділік психологиясын осылай суреттеп береді де байлардың озбырлық қылықтарын ба-

яндауға көшеді. Солардың ішінде әйел теңдігінің аяққа басылуын айырықша атап, ашына айтады. Ал молданың кулық-сұмдығы болыстан да, байдан да асып түседі. Малдан «зекет», астықтан «құшыр» алып, халықты «қан қақсатқаны» өз алдына, балаларды «оқытуы» да жан түршігерлік. Елдің қанын сорған бұлар ғана емес. Тағы бір жымпостың бірі — саудагер. Ол енді солардың сұмдықтарын әшкерелеуге кіріседі: «Бұл да жалшы жалдады, қайда барса кедейге, бір жарық күн қалмады». Қазақ ауылын осындай күйге ұшыратқан «ақ патша» орыс шаруаларына да оңай тиген жоқ, қандай ұлт болса да кедей табының тағдыры бір дегенді айтады ақын («Жақсы жерін тартып ап, крестьянды зарлатты»). Осыдан кейін:

Алтын, күміс ол жатты,
Корғасын, мыс мол жатты.
Бұдан бізге бұршік жоқ,
«Білімді» жұрт ап жатты, —

деп ел, жер ғана емес, кен байлықтың да талауға түскенін ескертеді. «Білімді жұрт» — шетелдік кәсіпқорлар («Қазынасын ақтарып, ағылшындар қол салды») «ақ патшаға» қосыла тонады.

Жамбылды өз ауылының, өз руының ғана тағдыры толғандырып отырған жоқ. Ол бүкіл Қазақстан жерінің, оны мекендеген қазақ, орыс және басқа да халықтардың басындағы тауқыметті қозғайды. Кең байтақ өлкенің шұрайлы аймақтарын санап айта келіп: «Ол жер түгел таланды», — деп қынжылады.

Ақын еңбекшілердің, әсіресе, қазақ шаруаларының Октябрь революциясынан бұрынғы өмір тіршілігін нағыз реалистік тұрғыда бейнелейді. Кедейліктің, правосыздықтың, ауыр тұрмыстың нақты көріністерін суреттеп ғана қоймай, оның себептерін ашады.

Көлемі 1040 жол ұзақ дастанның ақырғы тарауында ол халықтардың ғасырлар бойы асыл арманы жүзеге асқанын айтып, ойын қорытады: «Алды кедей теңдікті, үкіметке ие боп». Сол кедейлердің ішінде оның өзі де бар. Сондықтан да «Бар қазына: мал мен үй, байдікі емес — біздікі», «Жер мен суды қолға алып, жетісіп тұр енді елім» деп мақтанады. Алайда ақын көрген, білгенін баяндаушы ғана емес. Ол — күрескер, халықтың алдыңғы легінде жүретін авангарды, ұраншысы, жыршысы. Өзінің азаматтық, ақындық міндетін осылай тү-

сінген Жамбыл енді ауылдастарын жаңа тұрмыс құрып, жақсы өмір сүруге шақырады:

Ленин туын қолға алған,
Қалың қайрат қозғалған —
Жалшы кедей досым-ай!
Күн де туды сен үшін,
Ай да туды сен үшін,
Заң жасады ел үшін,
Серпіле түс, серпіле,
Бұрынғыдай жасымай!

Дастанның бұл соңғы жолдары дабылды ұрандай естіледі.

«Замана ағымы» лиро-эпикалық дастан үлгісінде шығарылған дедік. Мұнда дәстүрлі толғау, арнау жырларының стильдік, композициялық қалпы толық сақталған. Ақын өткен дәуір мен жаңа заман туралы көрген-білгенін, түйген-түсінгенін айтып беру үшін ойдан оқиға құрап жатпайды, өзін толғандырған жәйттерді еркін әңгімелейді («Айтатын бір сырым да, құлақ сал жұрт мұныма»). Тыңдаушыларын сенімге шақырады («Жамбыл ақын сөйлеген, сөзді бекер демендер»). Міне осыдан кейін тарих тізбегін, замана көшін алға тартады.

Дастанның бас қаһарманы — енбекші бұқара, қаралайым халық. Ол ауыл кедейі кейпінде беріледі. Сондықтан да ақын кедейді аузынан тастамайды. Кедей шаруа байдың есігінде «отымен кіріп, күлімен шығып» жүреді. Бірде оны «кім болса сол жетелеп, сайлау жерге төтелеп, сайлау шары өткенше» алдына салып айдап жүргенін көресін. Бірде болыс оған: «Жақсыға тіл тигіздің, ат, шапан бер айыпқа, кім деп жүрсің байыпта!», — деп ұрысады. Енді сол кедей диқанның тіршілігімен танысасыз. Ол байдың қос өгізін сұрап теңсерікке егін салады. Ала жаздай әйелі, бала-шағасымен тынбай енбектенеді. Бітік егін өсіреді. Бірақ кедейге үштің бірі де тимейді. «Күш-көлік те менікі, қырман түбі сенікі», — дейді оған бай. Кедей бағып, міне тұруға байдың тайын да сұрап ала алмайды. «Сорлы кедей момынның, бір айтқаны келмейді». Қыстың күні суықтан, қасқырдан малы шығынға ұшырап қалса, бай жалшысына ақы бермейді: «Саған ақы бермеймін, өлген жылқы сенікі». Ашжалаңаш малшы суыққа тоңып өледі: «Көме сал», — деп біреуге, бай бұйрықты береді. Әйелі, бала-шағасы байға келіп мұнын шағады. Бай оларды үйінен қуып шығады: «Мазаны алмай кетіңдер, жақын жүрме маңайдан».

«Замана ағымында» ақын осындай нақты көріністерді суреттей келе Октябрь революциясынан бұрынғы қазақ ауылының, ондағы әлеуметтік-саяси өмірдің, тұрмыс-тіршіліктің тұтас бейнесін жасайды. Жамбылдың шыншылдығы — дәуірдің өзгерістерін, елдің жай-күйін суреттеуінде ғана емес, тап қайшылығын көре білуінде, екі таптың арасындағы бітіспес күресті айқын сезінуінде. Сондықтан да ол кедейді момақан, жасық етіп көрсетпейді. Оның да зығырданы қайнайды, тілі шығады («Шығынды қой, тоқтат!»). Салықтан бас тартқаны үшін абақтыға қамалады. Ақырында күрестің мәніне түсінеді («Болсын деп ем тамақ тоқ, кем-тарларды сөйлеп ем...»). Бұл жерде кедейдің қара бастың қамын емес, көпшіліктің («Кемтарлардың») мүддесін қорғауын, саяси сана-сезімінің оянып қалғанын, күрессіз теңдік болмайтынына көзі жеткенін аңғартады.

Ақын қазақ әйелінің де тағдырын нақты суреттермен бейнелейді. Күндікте күн кешіп, жылау-сықтаумен өмірі өткен ол «Сені обалым жібермес», — дейді байға. Бұғаудан қашып құтылмақ болады. «Тентіреп жүріп өлермін, қорлыққа қайтіп көнермін», — деп кектенеді. Демек қазақ әйелі да тағдыр тәлкегіне, зорлық-зомбылыққа қарсы бас көтереді. Сөйтіп мұнда да езілген елдің үстем тапқа қарсы наразылығы көрінеді. Бір-біріне кереғар екі заманның куәсі болған қарт ақын қай-қайсын да әрдайым салыстыру арқылы парықтайды. Бұл тақырып пен идеяны ашуға, образдарды айқындай түсуге кілт іспетті қызмет етеді.

Сонымен дастандағы басты қаһарман — халықтың жиынтық образы ойдағыдай шыққан деуге болады.

Жамбылдың жарияланып жүрген шығармаларының ішінде алғаш рет Владимир Ильич Лениннің ардақты есімі аталатын туындысы да осы дастаны. Әрине ұлы көсем бейнесі халық поэзиясында совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ жырланып келе жатқаны белгілі (4). Бірақ олар дастан емес, арнау жырлар ғана болатын. Ендеше «Замана ағымы» — Жамбыл творчествосындағы ғана емес, бүкіл қазақ совет халық поэзиясындағы В. И. Ленин бейнесі жырланған алғашқы дастан.

Дастанның бірінші тарауында-ақ «Елге жарық күн туды» деп жаңа заманның орнағанын паш еткен ақын соңғы тарауда халықтың қамқоршысы кім екенін айтады:

Әперуге намысты,
Орнатуға ақ істі,
Қалың шаруа халыққа,
Маркс-Ленин болысты.

Октябрь революциясы «Жұрт жұмыла аттанды... бастады жұрт соғысты», «Езілгендер жиналып, жуандармен күресті» деген жолдармен беріледі. Осыдан кейін:

Қанаушыға қас болып,
«Ұлы Ленин бас болып,
Бай, патшаны құлатты», —

деп күреске кімнің басшылық еткенін және оның нәтижесін хабарлайды. Революцияның көсемі В. И. Ленин патшаны құлатып, көне заманды қиратты да жаңа дәуірді бастады: «Совет құрды — жаңа заң, бұл бір атқан бақыт таң».

Совет өкіметінің еңбекші халыққа берген игіліктерін тізіп айтқаннан кейін ақын осының бәрі де ұлы көсемнің шарапаты екенін баяндап, оның салған жолы мәңгі жасайтындығын ескертеді:

Жарлыны көпке теңгерген,
Жұмыскер мен кедейге,
Адаспастай жол берген,
Әділдікке бастаған.
Халық үшін еңбек қып,
Осы жолды өмірлік,
Ленин бізге тастаған.

Ақын халықтың қолы жеткен табыстарын айтумен бірге, ертеңгі күнге — жарқын болашаққа көз жібереді. «Жабыла оқу жан-жағым, ой жіберсем осыған» деп ұлы Ленин өсиетінің («Оқы, оқы және оқы») іске асқанын паш етеді, революция көсемдеріне зор сүйіспеншілігін білдірді:

Елестер сан белендер,
Соның бәрін ашқан да,
Қол жеткізген асқарға,
Маркс-Ленин кемеңгер.
Ақылменен жол тапқан,
Асып туған сол ерлер.

Дастанның «Ленин туын алған» жалшы кедейлерді «бұрынғыдай жасымай» серпіле түсуге шақырған көтеріңкі, жігерлі рухта аяқталатынын жоғарыда айттық. В. И. Ленин — табиғаттан тыс құдырет те, керемет те

емес, қарапайым адам, бірақ кемеңгер ақыл иесі, данышпан. Көсемді осылай таныған Жамбыл оны бұрынғы батырлардай «құдайдан тілеп алған» немесе ерекше жаралған жан етіп сипаттамайды, революциялық күрестің, ұлы істердің басы-қасында, бұқараның қалың ортасында жүрген жолбасшы, жетекші, қамқор адам етіп бейнелейді,

Демек ақын қоғам тарихындағы жеке адамның (қаһарманның) ролін дұрыс түсінген. Сондықтан көсем бейнесі дастанның идеясы мен мазмұнына табиғи түрде жарасым тапқан да лиро-эпикалық жырдың болмысында толымды образ болып шыққан.

Жамбыл жағдайға, құбылысқа көзқарасын, адамдарға ықылас-пейілін білдіріп отырады. Ол езілген еңбекшімен бірге мұнайып, бірге қуанады. Әрине ақын жан-жүрегімен тебіреніп, толғанбаса өмір ақиқатын айна-қатесіз, шынайы бейнелеп бере алмаған болар еді. Ақынның көңіл күйі, сезімі тыңдаушыға ауысып, айтып отырған сөзінің шындығы бойды шымырлатып, ой-пікірінің дәлдігі көкейге қона кетеді. Жамбылдың «мен», «біз» дегені жеке басы емес, қалың бұқара мағынасында ұғылады. Кейінірек шығарған «Жауға оқ» (1938) атты өлеңінде ақынның өзі: «Жамбыл деген жай атым, халық менің шын атым», — дейді. Сондықтан «Замана ағымынан» еңбекші халықтың, Ұлы Лениннің жарқын бейнелерімен қатар, ақынның да өз тұлғасы танылады. Себебі мұнда автор мен кедей тұтас бір лирикалық образ болып тұр. Жамбыл заманның, адамның тағдырын барлай шолып баяндағанда өзінің көп жасап, көпті көрген тәжірибетүйсігіне сүйенеді. Осы жерде В. Г. Белинскийдің: «Эпикалық поэманың негізгі шарттарының бірі — халықтық, ақын өзінің жеке басын оқиғадан ажыратпай тұрып, оқиғаға өз халқының көзімен қарайды» (5. 33) деген ұлағатты сөзі еске түседі. Қарт жырау сипаттап отырған құбылыстан өзін әсте оқшауламайды, заман ағымын өз халқының көзімен көріп, көптің көңіліндегі ойды айтады.

Дастанда мал баққан шаруа, егін салған диқан, күндікте күн кешкен әйел тағдыры арқылы халықтың жиынтық образы, езілген еңбекшінің қамқоры, жолбасшы көсемі ретінде В. И. Ленин образы және ақынның өз бейнесі біртұтас лирикалық әрі героикалық ұнамды образдар болып қалыптасса, енді оған қарама-қарсы ұнамсыз образдар тобы бар. Ілгергі хан, кейінгі «ақ патша» (Николай II) және олардың төңірегіндегі жандайшаптары,

қолшоқпарлары — бектер, болыстар, ұлықтар, байлар, молдалар, саудагерлер өздерінің іс-әрекеттерімен ұнамсыз типтер бейнесінде көрінеді. Олардың жағымсыз іс-әрекеті, мінез қылықтары арқылы сатиралық образы кескінделген. Көпшілігі реалистік және типтік образ дәрежесіне көтерілген. Ұлы көсемнің басшылығымен жүзеге асқан тарихи шындықты ақын: «Сөйткен байдың зорлығы, өз басына келіп тұр» деп қорытады.

Жамбыл үстем тап өкілдерінің, дін иелерінің құлқыниетін, қылық-мінезін бір ауыз сөзбен-ақ дәл тауып жеткізеді. Бай, манаптың бәрі де: «Елді талап бай болған, арамдықпен ой толған». Ал молдалар болса: «Алдап бала оқытқан, жұрттың көзін шоқытқан», болыстар да: «біріне-бірі шабынып, қара терге малынып» жүреді.

Ақын оларды сипаттауда салыстыру, теңеу тәрізді бейнелеу құралдарын орынды қолданады. Мысалы «Болыс деген бір тоқпақ, қаққан киіз қазықты». Бұл жерде «тоқпақ» зорлықтың, «киіз қазық» момындықтың символы. Сондай-ақ, «Таскенедей ел сорған, саба құрсақ бай жуан» деген жолдардағы «тас кене», «саба құрсақ» екеуі де дәл табылған теңеу және әлгі «тоқпақ» пен «киіз қазық» сияқты мал баққан көшпелі қазаққа белгілі, түсінікті, астарлы ұғымдар. Жамбыл оны орнын тауып, құбылтып қолдана білген. Тағы да:

Білек көріп бектерден,
Қалың қауым иленген,
Қамшы көріп билерден.

Осындағы «білек», «қамшы» жоғарыда атылған «тоқпақ» секілді жеке тұрғанда әрқайсысы бөлек затты білдіретіні белгілі.

Бір ғана сөздің («көріп») қосылуы арқылы мүлде басқа, астарлы мағынаға ауысқан. Бұлар, әрине, халық аузында айтылып жүрген идиомалық сөз тіркестері. Ақын соны қисынын тауып, шебер қиюластырып отыр. Ал «Қалың қауым иленген» деген жолдағы «иленген» деген шынында да ауызекі сөзде бейнелі мағынасында көп айтыла бермейді. Оның орнына «езілген, жаншылған» деген сөздер қолданылады. «Халықты басқан қаратау» деген жолдағы «қаратау» да бұл жерде ауыспалы, астарлы мағынаға ие. Мұндағы «қаратау» географиялық атау емес, «зіл қара тас», «ауыр қайғы» деген ұғымдарды білдіреді. «Қара» сын есімі халықтың эстетикалық ұғым-түсінігінде көбінесе басқа сөзбен қосарланып айтылғанда ұнамсыз бейнені немесе күйзеліс жағ-

дайды аңғартады. Жамбыл дастанның мазмұнына қарай сөз кестесін халық ұғымына лайықтап қолданады. Сондықтан оның тенеу, салыстырулары қарапайым, қысқа әрі көркем. Мысалы: «Тілдерінен бал тамған, жорға, жүйрік майталман» немесе «Сөзі бұлақ тасыған», «Сөздері жел-құйындай». Осындағы «балдай тәтті», «жорғандай жүйрік», «жел-құйындай ұшқыр», «бұлақтай тасыған» деген тенеулер дәстүрлі поэзияда жиі ұшырайтынын білеміз.

«Ай көре алмай аспаннан, күн көре алмай өмірден» деген жолдардағы «Ай» мен «Күнді» көре алмау тура мағынасында емес, халықтың ауыр тұрмысын бейнелеу үшін алынғаны түсінікті. Ал «Қол жеткендей бұлқа, өмірдің алып кілтін» деген жолдар адамзаттың асыл армандары жүзеге асқанын білдіретін бейнелі ұғымдар. Ақын бұл жерде «бұлт», «кілт» сөздеріне жаңа мағына беріп қолданған. Дәстүрлі халық поэзиясында «бұлт» бұлыңғыр, белгісіздікті («Күн бұлт, ай қараңғы тұманданған, өтерін дүниенің кім аңғарған»), «Кілт» құпия сырды («Кісідегінің кілті аспанда») аңғартса, Жамбыл бұл сөздерге өзгеше, жаңа мағына береді.

Халық тіліндегі қалыптасқан фразеологиялық тіркестерді тиісті жерінде орынды қолдану ақынның ойын жеткізуге пәрменді қызмет етеді. Мысалы кедейдің ахуалін суреттегенде: «Көктемгі жүні түспеген», «Көрінгенге көз сатты», «Мойнына су төгіліп», байлар мен болыстардың озбырлығын айтқанда: «Екі аяғын кедейдің бір етікке тығады», «Кедейді орға жығады», «Іргені салар аулаққа» деуі соны аңғартады. Астарлы мағына беретін бұл өлең жолдары дастанның көркемдік кестесін ажарлай түскен. Жаңа дәуірдің жарқын көрінісін беретін «Елге жарық күн туды, күн емес-ау нұр туды» немесе «Терезесі тенеліп» деген жолдар да ақын ойын айшықтап жеткізіп тұр. Сондай-ақ:

Биелері құлындап,
Сиырлары бұзаулап,
Түйелері қайыған,
Қойы болса қоздаған,—

деп келетін жолдардан да оның нені меңзеп отырғанын аңғару қиын емес. Мал баққан кедей шаруаның тіршілік қалпы да мал басының өсіміне байланысты. Сондықтан шаруаның тілегені болды, арманына жетті деген тұжырым бар мұнда.

Акын өлең өлшемін, ұйқасын, дәстүрлі жыр-толғау үлгісіне құрып, аракідік термелеп те айтады. Мұндай тұстарда айырықша шешендік танытады. Ұйқастардың аралас, шұбыртпалы түрлерімен қатар, егіз-қатар келетін түрлері де бар. Кейбір егіз жолдар қанатты сөзге сұранып тұрғандай әрі қысқа, әрі нұсқа, бірден көкірекке ұялап, көңілге жатталып қалады. Мысалы «Жасым болса жетіп тұр, мезгіл болса өтіп тұр», «Дулат пенен Сүйімбай, сөздері жел-құйындай», «Сөзі тапты жүйесін, малы тапты иесін», «Елді ұлы іске бастаған, ескі әдетті тастаған» сияқты жолдар ойлы да оралымды.

Жамбыл ана тілінің байлығын еркін пайдаланумен қатар, сол кездегі сөздік қорымызда бар, көне атауларды, басқа тілдерден ауысқан кірме сөздерді де ретіне қарай қолданып отырады. Бірақ бұлар мүлде аз. Араб-парсы тілдерінен ауысқан «мизам» (заң), «пұл» (ақша), «мелжем» (шенгел), орыс тілінен енген «завод», «крестьян», «батрак», «миллиончик» сөздері бірер тұста кездеседі. Қазақ ауылына жаңа заманмен бірге келген «кенес», «совет», «большевик» сөздерін де ол ықыласпен ауызға алады. Ал қожа-молдалар, олардың әрекеттері туралы айтылатын тұстарда дін-шариғатқа байланысты араб сөздерінің де жалпы жұртқа түсініктілері ғана (*аят, зікір, хатым*). алым-салық аттары (*зекет, құшыр*) айтылады. Мұндай орынды жерінде қолданылған кірме сөздер дастан тілін шұбарламайды, қайта ажарлап, көріктендіреді, байытады. Оларды басқа сөзбен алмастырып, қазақшалау сөздің толық мағынасын бермейді, эмоциялық қуатын әлсіретеді. Бұл жәйттар жыр алыбының сөзге, поэзия тіліне деген биік талғамының айғағы.

Оның тіл байлығы, сөздік қоры мол екені талас тудырмайтын ақиқат. Әрине қандай шығарманың болсын, тілін мазмұнынан ажыратып қарауға болмайтыны белгілі. Тіл байлығы мазмұн байлығын күшейтеді. «Замана ағымында» оқиға, құбылыс, жағдай көбінесе шиеленісті әрекет арқылы емес, авторлық баяндау түрінде беріледі дедік. Дастанның осындай өзіндік сюжет желісі ақынның айшықты тілімен өрнектелгендіктен де тартымды, әсерлі.

Автор үстем тап өкілдерінің іс-әрекетін, ниет-пиғылын көрсету арқылы психологиясын ашса, кедей шаруаның сырт пішін-портретін жасау жолымен оның аянышты ахуалын көзге елестетеді:

Жаман тоны үстінде,
Бір жақ бойы бөксе жоқ,
Етігінде өкше жоқ.
Жаңбыр өтіп, қар жауып,
Боран соғып, жел қағып,
Кеткен жалшы үсініп.

Сондай-ақ байдың тоқалының тұрпаты: «Жалаң аяқ, жалаң бас, нығында лыпы жоқ, дудардай боп қолан шаш». Міне мұндай портреттерден адамның сыртқы пішіні ғана емес, әлеуметтік жай-күйі де айқын аңғарылады.

Дастан негізінен авторлық баяндауға құрылғанмен, мұнда диалог та, монолог та бар. Байдың, болыстың, молданың аузынан шыққан сөздер өздерінің кім екенін көрсетсе, күйеуі малдың соңында жүріп боранда үсіп өлген жалшының әйелі мен байдың арасындағы диалог байдың тас жүрек мейрімсіздігіне тағы да көз жеткізеді. Байдың бесінші тоқалының монологы сол дәуірдегі қазақ әйелдерінің атынан үстем тап өкілдеріне, әділетсіз заманға айтылған айыптау сөз, қарғыс-үкім тәрізді естіледі. Оқиға желісін үнемі өз атынан баяндай бермей, кейіпкер сөзі арқылы да шиеленістіріп, дамытып отыру Жамбылдың ілгергі дастандарында да («Өтеген батыр», «Сұраншы батыр») кездеседі. Бұл творчестволық тәсілдің тиімділігін диалогқа құрылатын айтыс өнерінің шебері Жамбылдың жақсы білуі әбден қисынды.

Тыңдаушысын жалықтырмай, қайта қызықтыра түсу үшін ақын айтар ойын рет-ретімен жүйелеп, сабақтап, өрбітіп отырады. Бұл дастанның мынадай композициялық желісінде де мән-мақсат бар:

Жақсы да өтті дүниеден,
Жаман да өтті дүниеден.
Ой жіберсем соларға:
Дүниеде анық өлмегім,
Артта қалсын өрнегім...—

дегенде ақынның дүниеге материалистік көзқарасы танылады және оның алға қойған мақсаты да айқындалады. Жамбыл көрген-білгенін ішке бүкпей, көпшілікке айтып қалдыруды мақсат етеді. «Көз жіберсем өткенге» деп бұрынғыны, «Мына бүгін қарасам» деп қазіргіні айтады.

Үстем тап пен езілген еңбекшінің арасындағы тартыстың, қайшылықтың әбден асқынған шағын, әлеуметтік шиеленістің шарықтау шегін баяндаудан кейін келе-

тін «Әперуге намысты, орнатуға ақ істі» деген сөздер тыңдаушының құлағын елең еткізеді. Дастанның негізгі кейіпкері — кедейдің тағдыры немен бітті? Өмір тартысының нәтижесі не болды? Міне енді ақын соны айтады. Бұл — шығарманың шешімі.

«Осы менің оралып, Хиуадан келгенім» деп Жамбыл өткен-кеткенді шарлап, барлап, алыстан орағытып шолғандағы айтарым осы еді деген ойын білдіреді. Сөйтіп ақын совет өкіметінің алғашқы он жылында халықтың қолы жеткен әлеуметтік саяси, мәдени-тұрмыстық жетістіктерін осындай көлемді лиро-эпикалық дастан арқылы жинақтап баяндады.

Тақырыбы жағынан «Замана ағымы» типтес эпикалық жырлардың бірі — «Туған елім». Оны ақын 1936 жылдың 28 апрелінде Алматыда халық таланттарының республикалық екінші слетінде шығарып айтқан. Жырды алғаш рет қағазға түсіруші Әбділда Тәжібаев. Сол жылғы 1 май күні «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, 7 майда «Правда» газетінде (аударған П. Кузнецов) басылған бұл шығарма содан бері ақын жинақтарында жарияланып келеді.

Екі дастанның да сюжет желісінде, композициясында ұқсастық бар. Бұл, ең алдымен, тақырып, мазмұн жағынан және баяндау тәсілінен байқалады. Екеуінде де ақын өзі куәгер болған екі заманды салыстыра жырлап, өз тағдырын туған халқының тарихымен байланыста баяндайды. «Заман ағымында» XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Абылай ханның, XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қоқан хандығының және XIX ғасырдың екінші бөлігі мен XX ғасырдың бас кезіндегі патшалы Россияға қараған кезендердің жайы ретімен сөз болады. Ол заманды жырлаған ақындар да ауызға алынады («Бұхар жырау ол да өтті. Шернияз бен ұлы Абай, Дулат пенен Сүйінбай... өтті еңіреп олар да»). Халықтың басынан өткен саяси-әлеуметтік жағдайлар — теңсіздік, правосыздық, ұлт араздығы, жаугершілік, оның үстіне дін иелері мен саудагерлердің қысымы — бәрі де тізбектеліп суреттеледі. «Туған елімде» бұл жағдайлар қысқа түрде баяндалған. Бірақ оның есесіне халықтың революция қарсаңындағы ауыр халі айқынырақ, жаңа заман орнатудағы белсенді қимылы молырақ бейнеленген. Екі дастанда да Жамбыл тыңдаушыны өзімен бірге өткен дәуірді аралатып, жаңа заманға алып келеді. Ақынның мұндағы мақсаты — ұлы Лениннің,

Октябрь таңының, социалистік құрылыстың бар қадір-қасиетін тыңдаушыға мейлінше жете түсіндіру болса керек.

«Туған елім», — деп жазды белгілі фольклорист ғалым Н. С. Смирнова, — «Замана ағымы» сияқты толғау жанрынан бөлініп шыққан поэма. Толғауға қарағанда, мұнда ақынның көңіл күйі, толғанысы, өмірінің фактілері мен творчествосының елеулі сәттері барынша қамтылып, Жамбылдың лиро-эпикалық бейнесі жасалған» (6. 56). Е. С. Ысмайылов айтқандай: «Расында, бұл Жамбылдың 1934 жылдан бері кең ойланып, толғанып, кілтін іздеп келген жаңа өмірді шын мәнінде жаңаша жырлаймын деген зор творчестволық мақсаты жүзеге асқан аса бір күрделі дастаны еді» (7. 66). Осы екі шығарманың жанрын бірде поэма, дастан, бірде толғау деп әрқилы атап жүрген зерттеушілер де бар. Біз дастан деген тұжырымды қолдаймыз.

«Туған елім» көлемі шағын (174 жол) болғанымен, өзіндік сюжетке құрылған шығарма. Дастанның туу процесі былай: сөз кезегі Жамбылға берілгенде ол сахнаға шығып домбырасының құлақ күйін келтіре бастайды. Жиналған көпшілік оның өзі айтқандай: «Сөйле деп ойда барыңды, анталап қамап төніп тұр». Сол кезде ақын өзіне-өзі іштей: «Қайтарма жұрттың меселін, күшінді жинап бойыңа, біраз ғана кеңес құр» деп күбірлейді. Осындай нақты құбылыстан, толғаныстан басталған дастанның экспозициясы халықтың ұзақ тарихын қысқа да болса бедерлеп баяндауға ұласады. Қаныпезер қылықтарымен бірінен бірі асып түсетін хандар тізбегі көз алдынан өтеді. Автор олардың атын атап қана қоймай, істеген істерін, халыққа көрсеткен зәбір-жапасын санап айтып береді. Бірқатарын қимыл әрекет үстінде көрсетеді. Бай мен кедей болып таптық жікке бөлінетін қазақ ауылының да тіршілік тартысы қағас қалмайды.

Дастанның екінші бөлімінде Октябрь революциясы («Тажын жұлып патшаның, алтын тақтан құлатты») әкелген жаңа заман келбеті көп мағына беретін аз сөзбен, айшықты, ажарлы тенеулермен есте қаларлықтай әсерлі суреттелген. Мұнда толғаулардағыдай ақын атынан айтылатын жалаң дидактика жоқ, дастанға тән лиро-эпикалық желі бар.

Стиль бір қалыптан өзгермейтін қасаң нәрсе емес, қашанда диалектикалық даму процесінде болатын твор-

честволық құбылыс. Осы ерекшелікті Жамбылдың сөз болып отырған екі дастанынан да аңғаруға болады. Ақын екі дастанды да жас мөлшерін айтудан бастайды және оның желісіне өз өмірінің кезеңдерін де кірістіріп отырады. Осы жерде стиль — адам, оның өмірбаяны, тағдыр-болмысы, мінез-құлқы, ой-арманы, мақсат-мүддесі деген белгілі қағида еске түседі. Әрине Жамбыл сияқты асқан талантты ақынның өзіне тән творчестволық стилі болмауы мүмкін емес. Біз оның ұзақ ғұмырындағы стильдік эволюциясын сөз етпей-ақ, аталған екі дастанға байланысты мынадай ерекшеліктерді байқағанымызды айтпақпыз. Біріншіден шығармасына өзі жете білетін құбылыстарды арқау етеді. Ол — қазақ даласындағы саяси-қоғамдық құбылыстың, әлеуметтік тұрмыстың көріністері, елдің және өзінің басынан кешкен өмір өткелдері. Екіншіден қандай жағдайды, кімді, нені суреттесе де оны өзінің көңіл күйі, өз сезім-түйсігі арқылы береді. Үшіншіден тұрмыстағы кереғар болмыстарды, өмірде анық көрініп тұрған қайшылықтарды антитеза (шендестіру) тәсілімен салыстырып парықтайды. Төртіншіден оқиғаны, құбылысты кезегімен тізбектей айтып, дамытып отырады. Сөз түйінін еңбекші халықтың ізгі мақсатқа, баянды бақытқа жетуімен бітіреді. Бесіншіден ана тілінің сөздік қорын толық, еркін пайдаланумен бірге, архаизм, неологизм және шеттен енген сөздерді де қисынды қолданады. Алтыншы дәстүрлі ауыз әдебиетіндегі бейнелі сөз оралымдарын қаз қалпында алып, түрлендіріп те отырады. Өз тарапынан да ұтымды идиомалық тіркестер, қанатты сөздер, нақыл мәнді шумақтар, сәтті троп түрлерін (метафора, кейіптеу, пернелеу, астарлау, т. б.) жасай біледі. Әсіресе мысқыл, сатираға шебер.

Типологиялық жағынан екі дастанның ұқсастығы да стиль бірлігінен туады. Қайсысын оқысақ та авторының бір кісі екенін айтпай-ақ танимыз. Деседе «Туған елімнің» өзіндік сипаты бар. Мұнда баяндаудан гөрі, суреттеу басым. Бірер мысал келтірейік:

Болыс шықты зіркілдеп,
Мырза, старшин атанып,
Ауылнай шықты дінкілдеп.
Шен таққан би шіреніп,
Қайнады қазан бүлкілдеп.
Қонса байдың аулына,
Отырды бай ақ үйде,
Алдындағы керсеңде,
Сары қымыз кілкілдеп...

Жамбылдан бұрын Абай әжуалап жазған («Күлем-байға», «Мәз болады болысың») «шолақ белсендінің» кердең кейпі көз алдыға келеді. Абайдың да, Жамбылдың да айтып отырғаны сол баяғы «шынжыр балақ, шұбар төс», ұсқыны бір ұнамсыз типтер. Ал еңбекші бұқараның көрген күні олардай емес, көңілсіз жұпыны:

Кедей байқұс баласы,
Жалаңаш шекпен етінде,
Секпілі бар бетінде,
Қу қарнының қамы үшін,
Аталып малай жүреді,
Бай малының шетінде.
Шілдеде аптап астында,
Қыста боран ішінде.
Жас баласы қозыда,
Катыны жүр от жағып,
Бәйбішенің еркінде.

Ескі ауылдың өміріндегі осындай кереғар көріністі суреттегенде ақынның бүйрегі кімге бұрып отырғаны белгілі. Ол екі таптың өкілін келісімге, ынтымаққа шақырмайды, қайта кедейді байға өшіктіре түседі. Әдетте қартайған кісі өзінің жастық, жігіттік шағын аңсайтын болса, Жамбыл: «Сол бір өткен заманның несін арман етейін», — дейді.

Жамбыл «алпыс бестен асқанда, жетпіске қадам басқанда» заманның күрт өзгергенін көреді. Әрине революциялық идеядан хабары жоқ ақын мұны күнбұрын анық білмесе де, «асқанға-тосқан» барын ұққаны анық. Революциядан бұрын шығарған «Әділдік керек халыққа» деген толғауында: «Түн қараңғы дүниенің, ататұғын таңы бар» дегенде алдан үміт күткені, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсында («Патша өмірі тарылды», «Зілді бұйрық», «Халық кегі», т. б.) езілген еңбекші бұқараны үстем таптың озбырлығына қарсы тұруға шақырғаны белгілі. Дегенмен Октябрьдің жеңісі Жамбыл үшін өзі айтқандай: «Өмірі есітіп, білмеген оқиға еді. Ұлы революцияның жетекшісін қалың бұқара қолдады. «Көрсетті Ленин қайратты — құлдан, күннен қол құрап, асырды ерім айбатты», «Қазақ та атты жаратты, жаппай шауып жан-жаққа, Ленин есімін таратты». Бір кезде «ойдықырды аралап, жалғыз атты сабалап» жүретін Жамбыл енді «Өлеңін қойдай тоғытқан, тыңдаушысын ұйытқан» айтулы ақын болды. Қандай контраст! Қарт ақынның өмір өзгерісін өз басының тағдыры, хал-күйі арқылы

суреттеуі сенімді де ұтымды. Мұнда да автордың лирикалық тұлғасы халық бейнесімен тұтасып, қомақтанып тұр.

Екі дастанның аралығында (1927—1936) қарыштап алға басқан көп ұлтты социалистік елімізде, оның ішінде Советтік Қазақстанда орасан зор өзгерістер болды. Октябрьдің онжылдығы Қазақстанда ауылды отырықшыландыру, жер бөлісінің аяқталу кезеңіне тура келсе, отызыншы жылдардың ортасы СССР-да социализм нышандары айқындала бастаған шағы еді. Ел өміріндегі осы елеулі уақыттардың сәулесі ақынның көңіл күйі, жан сезімі арқылы өрнектеледі. Сондықтан ол:

Жүзге жасым жеткенше,
Өлеңнен ұрық себейін.
Тартынбайын шегініп,
Домбырамды жебейін,—

деп оптимистік рухпен шаттана толқи жырлайды. Осы дастанның «Лениндей басшым іңкәрім» деп басталатын соңғы бөлімінде И. В. Сталинді мадақтауға арналған шумақтар бар. Бұл жеке басқа табынушылықтың әсерінен Жамбылдың да тыс қалмағанын көрсетеді.

Дәстүрлі халық поэзиясында лиро-эпикалық дастан көбінесе ғашықтық (романтикалық) жыр түрінде болатыны мәлім. Жеке қаһарманды немесе бір оқиғаны суреттемей, халықтың ұзақ тарихына шолу жасап, саяси-философиялық тұжырым айту кейбір толғауларда болмаса, ұзақ желілі дастандарда кездеспейді. Бұл — қазақ совет халық поэзиясына Жамбыл арқылы келген лиро-эпикалық дастанның жаңа түрі. Белгілі бір уақыт мөлшеріндегі нақты құбылыстарды қамтитындықтан бұл тарихи жырға да жақындайды. Себебі мұнда автордың өзі (тарихи тұлға) лирикалық кейіпкер ретінде көрінеді. Өмір шындығын өзінің немесе елдің басынан кешкен жағдайларға байланысты білдіреді. Сөйтіп, халықтың да, уақыттың да нақты реалистік бейнесін жинақтап жасайды.

Осындай тарихи-қоғамдық мәндегі лиро-эпикалық шығарманы Жамбылдан бұрын жазғандардың бірі Сәкен Сейфуллин еді. Оның «Советстан» поэмасы «Экспресс» жинағында 1926 жылы жарияланды. Поэманың жаңа дәуірдің сипатын публицистикалық баяндауға құрған творчестволық тәсілі болмаса, Жамбыл дастанына ұқсастығы аз. Ал Илияс Жансүгіровтың әйгілі «Дала», Иса Байзақовтың «Ұлы құрылыс» дастандары

«Замана ағымынан» кейін жазылды. Сонымен «Туған елім» халық поэзиясында лиро-эпикалық дастан жанрын біржола қалыптастырды десек, артық айтқандық емес. Қырқыншы жылдарда осы тақылеттес шолу дастандар молая түсті (Нұрпейіс Байғанин — «Заманым», Төлеу Көбдіков — «Қазақстан», Үмбетәлі Кәрібаев — «Өмір толғауы», т. б.).

Жасынан батырлар жырын жаттап өскен, өзі шығарып та айтқан Жамбылдың советтік дәуірде жеке қаһарманға арнаған бірден-бір эпикалық жыры — «Ворошилов туралы дастан». Ақынның Москвадағы онкүндікке барғанда (1936) Қызыл Армияның даңқты қолбасшысы, СССР Қорғаныс халық комиссары Климент Ефремович Ворошиловпен кездесіп, «Клим батыр» атты арнау өлең шығарғаны мәлім. Дастан содан бір жылдан астам уақыт өткеннен кейін жарияланды («Социалистік Қазақстан», 1937, 3 сентябрь). Демек қарт жырау Москвадан келгелі әйгілі қолбасшы бейнесін эпикалық көлемде жырлауды ойлап, іштей толғанып жүргені байқалады.

Шығыста империалистік Жапонияның, Батыста фашистік Германия мен Италияның басқыншылық әрекеттерінен халықаралық жағдайдың шиеленісе түскен кезі еді. Совет үкіметі қатерге душар болған елдердің мүддесін жақтаумен бірге, өзі де қорғаныс қуатын арттыруға мәжбүр болды. Мұндай жағдай бүкіл совет адамдары сияқты Жамбылды да қатты алаңдатты. Интернационалдық, халықтар достығы тақырыбына «Қызыл әскерге», «Испандық туысқандарға», «Қытай халқына» тәрізді белгілі арнау жырларын шығарды. Осыған байланысты болса керек, дастанның алғашқы жолдарынан ақ беймаза уақыттың тынысы білінеді: «Тағы да өлім желі өрт боп есті, тағдырды қорғасын мен болат шешті». Бірден мән-жайды нақтылап баяндайды: «Абиссиния тауында ажал ойнап, Испан ұлы ыстық қан белден кешті».

Италия әскерлерінің Абиссинияға (Эфиопияға) басып кіргенін, Германия мен Италия фашистерінің Испаниядағы бүлігін осылай айта келіп, ақын «Манчжүрді қара тұман түнек басты, Қытайға жалмауыз жау араласты» деп жапон империалистерінің ылаңын да ескертті. Бұл, әрине, бейбітшілік сүйгіш халықтардың ашу-ызасын туғызды. Жамбыл оны табиғат құбылысы арқылы кейіптеу түрінде береді: «Дала түршіккендей», «тау үріккендей» болады, «көл шайқалады», «бұлақ шуыл-

дайды». Сондықтан ол «Мен де бүгін шығарам дауысымды ашы» деп қатулана түседі.

Жамбыл негізгі қаһарман туралы айтудан бұрын агрессияны әдейі еске салып отыр. Себебі алдымен тыңдаушы назарын халықаралық империализмнің басқыншылық әрекетіне аударып алу қажт. Содан кейін дастан тақырыбының идеялық мәні де арта түспек.

К. Е. Ворошиловтың революциялық қызметін айтудың алдында ол «Бір толғап түйінді жыр тастар шағын» деп өзін-өзі қайрап алады. Бұл халық ақындарының көбіне тән үйреншікті машық. Мысалы: «Қуаныш билеп жүректі, жыр төгетін шағымыз» (Нұрпейіс), «Тартынбай сөйле қызыл тіл, еркіндіктің күйін шерт» (Орынбай), «Әнге бас, Кенен ақын, ал домбыра, көкейден ақтарылған сөзді құра» (Кенен), т. б. Жамбыл одан кейін Қазақстан мен Украина халықтарының тағдырластығын еске салады: «Баяғыда қор болып өтсе қазақ, зорлықтан украин да зар илеген». Бейнелеп айтқанда халықтардың шерлі күйі «домбыра мен бандураның үнінде қалды» дейді ол. Ақын мұнда өз қаһарманының Украина жерінде туып өскендігін ескеріп, екі халықтың өткен тағдырын салыстырып отыр. Олардың арман-тілегі, мақсат-мүддесі бір, «Сондықтан да ардақты бізге Клим, қашан да сен біздікісің, біз де сендік». Жамбыл осы етене туыстықты дәлелдеу арқылы халықтар достығы идеясын алға тартады.

Дәстүрлі эпостық жырларда бас қаһарманның балалық шағын баяндауға едәуір орын берілетіні белгілі. Бірақ Жамбыл өзі жырлаған Өтегенді де, Сұраншыны да балғын балалық шағынан емес, азамат болып «ақ беренге оқ салып, арғымаққа ер салып» жауға аттанған шағынан бастап суреттейді. Бұл дастан желісін шұбалаңқылықтан арылтып, ширата түседі. «Ворошилов туралы дастанда» да солай: «Клим өсті, ер жетті, жігіт болды» деген бір ғана тармақ бар. Содан кейін-ақ қаһарман тап күресіне араласады. Донбасс шахтерлерін қарулы күреске үгіттейді. Ақын да екі халықтың тағдырын салыстырады. Исатай бастап, хан ордасын қамаған қазақ шаруаларының көтерілісін көзге елестетеді.

Жамбыл бас қаһарманның революциялық қызметін бірер тарихи эпизодтар арқылы қысқа баяндайды. Оның жер айдалуын, одан қашып шығып Бакуге келуін, астыртын партиялық жұмыстарын тілге тиек етеді. «Бакуды өзім барып көргенім жоқ, қанықпын, көрмесем де

естимін көп», — дей тұра, «Сықылды қара меруерт біздің Ембі» деп оның маңызын, ерекшелігін дұрыс аңғарады. Міне сол жерде ержүрек революционер қажырлы ісімен көзге түседі. Бұқараны патша өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шақырады. «Лениндей қолбасшысы бар болған соң, қалады қай еңбекші Климге ермей» деп ұлы көсемнің жетекшілік ролін паш етеді. Бас қаһарманның барлық қызметін тәптіштеп жатуды мақсат етпеген ақын «Бір таңға әрбір ісі ертеке болар» деп қысқа түйеді.

Революция жеңді. Жаңа заман орнады («Жарқ етіп Октябрьдің күні шықты»). Бірақ күрес әлі біткен жоқ. Ол өлең жолдарында былай өрнектеледі:

Қараңыз бай, жуанның ендігі ісін,
Жан-жақтан құрастырып қалған күшін,
Қаптады топ-топ болып тағы құзғын,
Бакытын жұрттың тартып алмақ үшін.

Бұл да тарихи шындық. Ақын Октябрь революциясынан кейін (1918—1920) болған шетелдік интервенциямен азамат соғысын еске түсіріп отыр. Ворошилов жас совет өкіметін ішкі-сыртқы жаулардан қорғап қалуға белсене қатысты. Луганскіде (қазіргі Ворошиловград), Харьковте социалистік отрядтарды басқарды.

Азамат соғысы кезінде Царицынді (қазіргі Волгоград) қорғау аса маңызды оқиға болғаны мәлім. К. Е. Ворошилов Царицын әскерлер тобының командашысы ретінде айрықша көзге түсті. Ақын бұл фактіні де елеусіз қалдырмайды. «Жалдама жауыз Қолчак шығыс жақтан, Деникин иттерімен оң жақ шеттен» тиісіп, қауіп төндіргенде: «Қарсы алды, сескенген жоқ. Царицынның басына Қлим батыр өзі барды». Қолбасшысының шеберлігі, ерлігі, көсем нұсқауларын жүзеге асырудағы табандылығы суреттелгеннен кейін бұл жауынгерлік операцияның аяқталуы былай түйінделген:

Көсемнің Қлим ердей тас түлегі,
Хабар берді: «Келген жау қашты», — деді.
Қолбасшы сабырлы ой, салқын қанмен,
Қолын ап күлімсіреп: «Жақсы», — деді.

Қарапайым да нанымды әрі әсерлі сурет. Коммунистік партия тәрбиелеген, еңбекші халықтан шыққан кішіпейіл басшыға тән осы қасиетті ақын тап басып, тауып айтқан және орынды келтірген.

Қандай тарихи шығарманы алсақ та автордың қиялынан туған суреттерді, құбылыстарды, оқиғаларды кездестіруге болады. Ондай жәйт «Ворошилов туралы дастанда» да бар. Бірақ Жамбыл мұнда шындықтан алшақ кетпейді.

Мәскеуде Бірінші Май мейрамында,
Өтетін үлкен тойда бізде жылда.
Жол түсіп Жамбыл сонда бірге болды,
Қызығын мен айтайын, жұртым тыңда.

Әрине ақынның Москвада болғаны да, К. Е. Ворошиловпен кездескені де рас. Ол Қызыл алаңды көрді, Ленин мавзолейінде болды. Армияның күш-қуатын жинақтап тұтас көрсетуді мақсат еткендіктен көргенін көз алдына елестетіп мерекелік әскери парадтан репортаж іспетті баяндайды. Көктемнің шуақты күнінде өтетін халықаралық ынтымақ күнін мерекелеуге терезесі тең туысқан сан ұлт өкілдері («Ішінде өзбек, қазақ, қырғыз, украин, грузин мен татар, тәжік»...) Қызыл алаңға жиналады. Алдымен қару-жарақ асынған қалың қол, атты жаяу әскер сап түзеп өтеді.

Будан соң танкі шығар темір тұлпар,
Кез келсе қалың жауын күл ғып ұнтар.
Аспанда ұшқан құстай тізбектелер,
Қаптаған самолеттер — болат сұңқар.

Бұл шумақта жанды сурет, жарқын көрініс бар. Ақын қару-жарақтардың түр-түрін де сүйсіне суреттейді («Тамаша таң қаласың тұрсаң қарап»). Кілең сәйгүлік мінген атты әскерді көз алдына елестетеді («Секіртіп бір мезгілде арғымағын, шығады Клим батыр жанған жалын»). Ол парадты қабылдағаннан кейін Мавзолей мінберіне көтеріліп, сөз сөйлейді. Сүйікті маршалдың сөзі кең байтақ Отанның алыс түкпірлеріне дейін («Оның сөзі естілер барлық жаққа») тарайды. «Болат наркомның» не туралы айтқаны да өлең жолына түскен. «Міндетін ел қорғаудың қолмен санап», Қызыл Армияның қандай жауға болса да соққы беруге әзір екенін мәлімдейді. Ақын парад көрінісін суреттеу арқылы Совет Қарулы Күштерінің алып қуатын көрсетіп қана қоймай, бас қаһарманның бейнесін де биіктете түскен.

Дастанның соңында эпилог қызметін атқарып тұрған алты шумақ түйін бар. Мұнда тағы да қырағылық («Сырттан жау жағалап жүр жемтік іздеп»), патрио-

тизм («Ел үшін, Мәскеу үшін, Отан үшін»), халықтар достығы («Бір туда бас қосады түрлі тұстан») жыр болады, оған ақын халық атынан жауап береді: «Мезгесең мезгілінде басты қосып, аламыз келген жаудың жолын тосып» немесе «Мезгесең жауға қарсы келгенде кез, қуамыз, қаусатамыз ашқанша көз!»

Ел қорғау тақырыбы Жамбылдың революциядан бұрынғы творчествосынан да едәуір орын алатыны мәлім. Ол жырлаған батырлық дастандарды айтпағанда, Құлманбетпен, Сарбаспен айтыстарында да ел қорғаны болған ерлерді мадақтады. Сондай-ақ 1916 жылғы оқиғаға байланысты шығарған өлеңдерінде де азаттық үшін күрес сарыны бар. Ал советтік дәуірдегі творчествосында Отан қорғау тақырыбы 1936 жылы Москваға барғанда айтқан өлеңдерінде айқынырақ көзге түседі. Демек халық қаһарманын, ел қорғау идеясын жырлау Жамбылдың өмір бойғы мақсат мүддесі болғаны анық.

«Ворошилов туралы дастан»—советтік Отанды қорғау тақырыбын игеруде Жамбылдың сатылап жеткен творчестволық табысы. Оған дейін қазақтың халық поэзиясында Қызыл Армияның қолбасшыларына арналған эпикалық шығарма болған емес. Сондықтан бұл дастан Жамбылдың ғана емес, бүкіл қазақ ақындары творчествосының өз кезеңіндегі үлкен белесі. Жаңашыл ақын совет дәуірі туғызған қаһарманды бұрынғы батырларға ұқсастырып сипаттауға болмайтынын түсініп, өзінше тың мазмұнда жырлады. Өтеген батырды «Қасара біткен мандайдан, жан еді қос мүйізді» деп суреттейтіні, оны айдаһармен алыстырып, жезтырнақпен тілдестіретіні мәлім. Сұраншыны да айрықша қайратты адам («Сұраншыға көп емес үш күн, үш түн соғысқан») етіп бейнелеген. Бұл, әрине, дәстүрлі қаһармандық, тарихи жырлардың кейіпкерлеріне сай құбылыс. Қазіргі заманғы жаңа қаһарманның тұлғасын жасауда Жамбыл бұл үйреншікті тәсілді әдейі мансұқ етіп, кейіпкерлердің өзін де, іс-әрекетін де ешбір әсірелеусіз, өмірдегі шындық аясында көрсетеді.

Дастанға творчестволық эзирлік үстінде Жамбыл бас қаһарманның өмірбаянымен, революциялық қызметімен танысқаны анық. Содан өзіне қажеттісін алып жырлаған. Мұндағы фактілердің бәрі де деректі түрде баяндалған. Айталық:

Жерлерден қарлы боран жолды басқан,
Аязды шақырлаған түтеп аспан,

Жасқанбай зұлым патша зорлығынан,
Талқан ғып тас бұғауды Қлим қашқан,—

деген шумақ Қ. Е. Ворошиловтың 1907 жылдың декабрь айында Ақ теңіздің жағасында айдауда жүргенде қатаң күзеттен қашып құтылған фактісін еске түсіреді.

Бас қаһарманның алуан ерлік оқиғаларға толы өмірінен Донбасс пен Бакудегі революциялық істерін ғана таңдап алғанда ақын оның орыс, украин, азербайжан ұлттарының арасында болғанын көрсетуді, сол арқылы халықтар достығы идеясын жеткізе жырлауды мақсат еткен сияқты. Қ. Е. Ворошиловтың, дастанда сипатталғандай, Аманкелдіні рухтандыруы, қазақ халқының оны өз перзентіндей сүйі де осы идеядан туындайды. Донбасс еңбекшілерінің ауыр тұрмысын қазақ кедейлерінің азапты өмірімен салыстыру («Мұнда — бай, онда — сорды помещиктер, күн қайда қарсы тұрып, оған тіктер»), орыс пролетариатының патшаға қарсы көтерілісін айтқанда, туған халқының тарихын еске алу («Сондай кекті жырласам есіме алам, хан Жәңгірге аттанған қалың елді») — мұның бәрі де халықтардың тағдырластық, сабақтастық болмысын аңғартады. Орыстың белгілі сказителі Марфа Семеновна Крюкова (1876—1956) Жамбылдан сәл кейінірек шығарған аңыз-жырында («Клим де Свет Ефремович») Ворошиловтың Ақтеңізде айдауда жүрген шағын сөз етеді (9. 61). Автор сол аймақтың (Архангельск облысы, Приморск ауданы, Нижняя Зимняя Золотица деревнясы) байырғы тұрғыны болғандықтан өзіне қажетті фактіні таңдап алған десек, Жамбыл да қаһарманның өмірінен айтпақ ойын жеткізуге ынғайлы деген эпизодтарды екшегені байқалады.

Жамбыл Ворошиловты қалың жауға жеке шапқан көзсіз батыр немесе бір өзі топқа әл бермеген қара күштің иесі етіп көрсетпейді. Ол халықты ұйымдастырушы («Қалың топ Донбастағы соңына ерді»), қол бастаушы («Партияның солдаты, әскер басы), В. И. Лениннің шәкірті («Үйреткен Ленин өзі жас қыраны»), коммунист («Лениндік партияның адал ұлы») ретінде сипатталады. Батылдығы, қайсарлығы («Клим ер еш қорқыныш сезген емес, өлем деп зор мақсаттан безген емес») алғырлығы, ақылдылығы («Қолбасшы, алғыр қыран, терең ақыл») жырланады. Қайда жүрсе де ұлы көсемнің аталық қамқорлығын мол сезіп отырады. В. И. Ленин оған тәрбиеші ұстаз («Өсірген маршал етіп, сөзі нақыл»),

ақылшы дос («Бірге істеп Ленинменен болып жақын»), жетекші, басшы («Ленин тапсырды оған зор майданды») ролінде бейнеленеді. Осындай қарым-қатынастарды суреттеу нәтижесінде Ворошилов пен Лениннің достығы нанымды болып шыққан («Бір болды көсемменен ауыр күнде, қашан да тәні бөлек, жаны бірге»).

Ворошилов бұқарадан дараланып, жеке жүрген қаһарман емес. Ол барлық күш-жігерін халық қамына жұмсайды («Тап үшін бар қайратын жүрді жұмсап»), сондықтан халық сүйіспеншілігіне бөленеді. Оған деген ел құрметі дастанның өн бойынан айқын сезіледі. «Қазақтың малшылары мыңнан тандап, өсіред көп жүйрікті Қлимге арнап» деген жолдардан да осыны аңғаруға болады. Міне бұл—бұрынғы батырларға мүлде ұқсамайтын жаңа қаһарманның типі.

Ұлы Лениннің, жұмысшы табының, Қызыл Армияның даңқты істерін жырлау, оған қарама-қарсы қанаушы тап өкілдері—патшаның, полицияның, сондай-ақ шетел интервенттерінің зұлымдық іс-әрекетін көрсету ақынның ілгеріде сөз болған лиро-эпикалық дастандарында да бар еді. Мұнда да ұнамсыз бейнелердің әрекеттері едәуір баяндалған.

Жамбыл қоғамдық өмірдегі жағдайды, болмысты, оқиғаны, адам психологиясын, көңіл күйін табиғат көріністері арқылы беру тәсілін де ұтымды қолданады. Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңындағы халықаралық жағдайдың шиеленісін, халықты алаңдатқан тынышсыздықты «Піскен егін бас шайқап сыбырласты..., Орман тоғай оянып дуылдасты», немесе «Айдын көл, қалың қамыс қоға басқан, шайқалад естілгендей суық сыбыс» деген кейіптеу арқылы береді. Ақын бас қаһарманның жастық шағын айтқанда: «Ол өсті жауқазындай сусыз шөлде, тұрақсыз ебелектей дауыл, желде»,—деп түйеді. Осыдан батырдың қандай қатал, қиын жағдайда өсіп, шыңдалғанын аңғаруға болады. «Ашының көрдік талай дәмін алып» деген астарлы сөздің де мағынасы айқын. Дастанның соңғы жолы: «Одақтың он бір елі қатар түзеп, шығарып бір женнен қол, бір жерден сөз» деп аяқталады. Мұнда ақын сол кездегі он бір одақтас республиканың (қазір он бес) яғни бүкіл совет халқының туысқандық ынтымағын, мызғымас бірлігін айтып отырғаны айқын.

Дастанның композициясы шымыр. Оқиғаның шарықтау шегі, сюжеттік дамудың биік сатысы—алаңда бол-

ған мерекелік әскери парад. Бұл дастанның басында айтылған шетел агрессорларының арандату әрекеттеріне лайықты жауап ретінде сәтті шешім болып шыққан. Осыдан кейін ақынның: «Егер жау қарсыласса бізді көздеп... Әскерім тік тұрады, күзетім сақ!», — деген берік тұжырымы айбарлы ұрандай естіледі.

«Жамбылдың бұл поэмасында жазба әдебиеттің әсері айқын», — (б. 58) деп жазған Н. С. Смирнованың пікіріне толық қосылуға болады. Еске салатын бір жәйт, бұл шығарма ақынның бұрынғы жинақтарында «Ворошилов туралы поэма» деген тақырыппен жарияланып келді де, соңғы басылымда (Екі томдық шығармалар жинағы. 1982) «поэма» орнына «дастан» алынды. Жалпы халық ақындарының эпикалық шығармаларын осылай атаудың дұрыстығы жөнінде бұрын да сөз болған (б. 189—190).

Шығарма батыр туралы жыр болуына қарамастан, сюжетінде қиялдан туған аңыз жоқ. Фольклорда кездесетін адам образын жасаудағы әсірелеу орнына әдебиеттегі шыншылдық, нақтылық принципі алынған, тарихи деректілік сақталған. Композициялық бітімі (экспозиция мен қорытынды, лирикалық шегініс), идеялық тұтастығымен жазба шығарманың құрылысына жақындайды. Ақын жеке батырдың жауынгерлік жорықтарын, ерлік қимылдарын қызықтап кетпей, оның ұйымдастыру, басшылық қызметін қатар алып суреттейді. Сюжетіндегі тартыс-конфликт территориялық мүддеден емес, таптық қайшылықтан туады, сондықтан да халықтық сипат алады. Күрес Октябрь революциясының жемісін, социалистік Отанды қорғауға ұласып, советтік патриотизм идеясын ұлы мақсат етіп алға қояды. Дастан тілі жағынан да жазба поэзияға жақын. Мұнда архаикалық, фольклорлық тенеулер, тіркестер мүлде аз, қалыптасқан ұйқастар, тармақтар, формулдық үлгілер кездеспейді. Қайта «Тағдырды қорғасын мен болат шешті», «Не жеңу, не жеңілу таптық егес», «Соғатын іс пен жүрек бір барабар» деген жолдардан уақыт ерекшелігін, дәуір болмысын аңғартатын жаңа сөз иірімдерін, тың сөйлем оралымдарын көреміз. Демек дастан өзінің бүкіл бітім-болмысымен Жамбыл творчествосының тағы бір жаңа қырын ашатын шығарма.

Жамбылдың жаңашылдығын танытатын туындыларының бірі — «Менің өмірім». Бұл — өмірбаяндық дастан. Жамбылдың ұстазы Сүйінбайдың да «Ақын боп

жиырмада желдей болдым» деп басталатын өмірбаяндық өлеңі бар. Жас мөлшері, өмір өткелдері туралы жырлар XVII ғасырдың жырауларынан бастап, осы заманның ақындарына дейін үрдіс болып келе жатқан дәстүр. Әдетте адамның жасы туралы өлеңдердің көлемі ұзақ болмайды. Мысалы Жамбылдың «Қайта келген жастық», «Қайта жасардым» деген өлеңдері осындай. Жас туралы өлеңдер мазмұны, түрі (жыр, қара өлең) жағынан да әралуан болып келеді. Тегі жасқа байланысты шолу өлеңдерді көбінесе «асарын асап, жасарын жасаған», көпті көрген көне ақсақал ақын шығаратын сияқты. Ол өз өмірінің әрбір кезеңін, белгілі белестерін, мүшел жасын атап, балалық, жастық, жігіттік шақтарын еске түсіреді. Өткен өміріне өкініш немесе мақтаныш білдіреді. Қартайған кездегі дәрменсіздік халіне налиды. Олар жастарының ұлғаюын әлеуметтік-қоғамдық жағдайлармен байланыстырмай, табиғи заңдылық шеңберінде, өмірдің бұлжымас шарты, дағдылық қалпы тұрғысында баяндайды. Адамның қызықты да бақытты шағы — жігіттік дәурен, тоқырау тұсы жастың ұлғайған кезі деп түсінеді де, кәрілікті сынайды, кінәні соған аударады (10). Осындай мазмұндағы стереотип желі көп өлеңдерге тән. Бұл адамның творчестволық қабілетін тек қана жас мөлшеріне тәуелді етіп түсіндіреді. Шын мәнінде жас қартайса да көңіл қартаймайды, адамның бақыты жас мөлшеріне ғана қатысты емес. Бұған көз жеткізу үшін Жамбылдың өз өмірі мен творчествосына назар аударсақ та жеткілікті. Осы ретте «Менің өмірім» шығармасын алып қарайық. Бұл — жыр мен қарасөз аралас дастан. Оның «Менің бақытым» (1938), «Өмірдің тууы» (1940) деген әңгіме-сұхбаттарын айтпағанда, өзге дастандарының ешбірінде қарасөзбен баяндау кездеспейді. Ал «Менің өмірімде» онбір буынды қара өлеңмен де, 7—8 буынды жырмен де толғап, аракідік қарасөзбен де айтып отырады (Мұндай тәсілдің дәстүрлі эпикалық жырларда бола беретіні белгілі). Ақын мұнда өзінің ұзақ өмірінен, көрген-білгенінен көбірек мағлұмат беруді көздеп, ойын сығымдап жеткізуге жырдың осы түрін ыңғайлы көрген болса керек.

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым сонан...

Ол өзі туралы осылай бастайды. Қашан, қайда туғанын, атының қалай қойылғанын бір ауыз өлеңмен-ақ айтып жеткізеді. Боранды күн, үрейлі ел акын туған азапты заманның кейпін аңғартқандай. «Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем, жұтынып суық ауа шыққан үні» деген жолдар алғашқы ойды еселеп, қыстың күні көш-жөнекей дүниеге келген жас сәбидің қатал тағдырын білуге ынтықтыра түседі. «Мен емес, суық демді ел де алыпты», — деп өз тағдырын халықпен байланысты баяндайды.

Ақындардың көпшілігі жас туралы өлеңдерінде 15—20 жастағы кезді «Жарға ойнаған лақтай» немесе «Ағып жатқан бұлақтай» деп қам-қаперсіз, ойын-күлкі, қызық қуған бал дәуренге меңзейді. Жамбылдың балалық шағы олай емес:

Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.
«Райттап», тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп.

Демек ол ерте есейіп, еңбекке араласқан. Он бесте қолына домбыра алып оңашада сыр шертсе, он алтыда өрісін кеңейтіп, «Топ десе он жетімде тартынбадым» дейді. Бірақ оның жастық шағы домбыра тартып, жыр айтумен, сауық-сайран құрумен ғана өтпейді:

Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа —
Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.

Жамбыл кәмелетке жетіп, ат жалын тартып мінгеннен кейін өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік сырын ұғына бастады. Екі жаққа алаңдамай, екі жарылмай, біржола халық жағына шығады: «Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым, келгенде жеме-жемге, елде қалдым». Үдере көшкен елмен бірге ол да кең сахараны кезеді. «Әкем Жабайдың ат пен танаға жүгін артып, көшкен елдің артынан еріп отыратын күйі болып еді» дейді ол. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның Оңтүстігі — Сыр бойы мен Жетісу Қоқан хандығының қол астында болғаны тарихтан мәлім. Жамбыл «Қоқан ханы Құдыярдың елге тиген ылаңы аз болмаған еді», — деп соны айтады. Кейін орыс әскерлері Қоқан хандығын ығыстырады. 1860 жылы Ұзынағаш түбінде

Қоқан ханының 20 мың әскері талқандалды. 1864 жылы Әулиеата, 1865 жылы Ташкент Россия патшасының қол астына өтті (11. 528). Бұл тарихи фактілер Жамбылдың «Мен жиырмаға жеткенде патша қазақты түгел қаратып алды» деген сөзінің шындығына көз жеткізеді. Патшаның тұсында халықтың «Бұрынғы зары тамшы болса, — дарияға айналды, бұрынғы зары екім болса, — дауылға айналды», — дейді Жамбыл. Өзі жақсы білетін осы кездегі Жетісу әкімдерінің бірқатарын атап, қазақтар ғана емес, ұйғыр кедейлері де патша мен оның жергілікті әкімдерінен қорлық көргенін айтады:

Он екі айдың біреуі арай болды,
Елдің бірі бай, мыны малай болды.
Көлдей аққан көз жасты көремісін,
Бай, манап озбырлығың қалай болды?

Бұған бай, манаптардың, әрине, айтар уәжі жоқ. Оны ақынның өзі де біліп отыр. Бай «Итаршы боп кедейге нағып тұрсың!» деп Жамбылдың өзіне соқтығады. Байдың зорлық-зомбылығына шыдамаған бір кедейдің биге келіп шағынғанда алған жауабы: «Жуындысын ішсең де күн көресің». Міне ақын осындай диалогтармен үстем тап өкілдерінің ішкі пиғылын, ой-ниетін, психологиясын аша түседі.

Жасы жиырмадан асқан Жамбыл «Өленге берілген төрт-бес жылым мені талай жерге сүйреді» деп өзі айтқандай, Жетісуды түгел аралап, қырғыз еліне де барды. Мұндағы жағдай да мәз емес екен. Қырғыздың белгілі манабы Шәбден төреге жолығып, кедей кепшіктің мұнын шағады. «Ел басқару қарынның қамы ма да еді... Елден туып ер болсаң елге қара!», — дейді. Төренің қошеметшілерінің бірі: «Мақтағалы келдің бе, даттағалы келдің бе?», — деп әкірендегенде Жамбылдың: «Екеуі де емес — елдің мүддесін жоқтағалы келдім», — дегені мәлім.

Ақын жиырма беске шыққанда патшаның қысымы бұрынғыдан да күшейе түскенін көреді:

Жас отызға келгенде,
Даланың түрі өзгерді,
Өзгергенін көз көрді...
Араны ашты бай, манап,
Үдете түсті езгенді.

Отыз беске келгенінде Албанның атақты ақыны Құлманбетпен айтысады. Бірақ жеңгенін айтып мақтанбай-

ды. «Күшті ақынмен алыстым» деп ғана ескертеді.

Қырықтың қырын бір басып,
Елудің шықтым беліне.
Өлең менен жырымның,
Сүнгідім шалқар көліне.

Жасы ұлғайған сайын ақындық өнері айқындала түскен Жамбыл ел билеушілерден алыстап («Ел сүймеген адамның, жоламай кеттім шеніне»), еңбекші бұқараға жақындай түседі:

Алпыстан жас асқанда,
Өрлей түсті өнерім.
Орыс, өзбек, ұйғырдың,
Санадым бәрін — өз елім.

Ақынның сатылап өсіп, элеуметтік саяси көзқарасының жетіле бастауын осыдан аңғаруға болады. Оның интернационалдық сезім түсінігі сол кездің өзінде-ақ қалыптасқан, ол халықты ұлтқа, руға бөлмейді, бай, кедей деп ғана бөледі. Жасынан көкірекке ұялаған бұл сезім кейін таптық көзқарасқа ұласады. Оны біз қарт-жыраудың бұрынғы дастандарынан аңғарғанбыз. Содан кейін: «Алпыстың келдім бесіне: елдің күйі көп түсті, қартайған сайын есіме», — дейді ақын. Егер осыны Жетес бидің: (XVIII ғ.) «Алпысқа келдім — алты тарау жолға түстім. Қайсысын тандарымды білмедім» деп айтқан немесе Сүйінбайдың: (XIX ғ.) «Елу асып алпысқа келгеннен соң, салынды суға кеткен сендей болдым» деген пікірлерімен салыстырсақ, Жамбылдың дүниеге көзқарасы олардан мүлде өзгеше екенін байқаймыз.

1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында Жамбылдың жасы жетпіске жақындап қалған еді. Ол: «Ел құлағын тұндырды, сол кездегі бір соғыс» деп әділетсіз соғыстың ылаңын, шалғайдағы қазақ даласына жеткен зардабын айтты. 1916 жылғы оқиғаға байланысты халық мүддесін жақтаған ақын мұнда да ел күйзелісін тебірене жырлады. Осы тұста халықтың патшаға қатты ашынғанын, оған өнер адамдарының да үн қатқанын ескертеді:

Әнші, жыршы, ақыннан,
Елдің досы жақыннан.
Шашылды да зәрлі жыр,
Көпшілікке таралды.

Мұның ақыры немен тынғанын Жамбыл былай баяндайды: «Алматыға барлық ақын-жырауларды жинап алып,

түрі түрмеге қамалғандай бір жиналыс ашты». Одан арғы оқиға өлеңмен өрнектелген:

Ағыны, әнші, күйші қыруар жан,
Аймағын Жетісудың жинап алған.
Сабаннан төсек, ерден жастық етіп,
Жатарға жай салғызды ат қорадан.
Сорпасы қапустаның ыстығына,
Сөткеге — бес кісіге бір кара нан
Қырық тиын күндігіне ақша беріп,
Нан пұлын алып тұрды ұстап сонан.

Міне ел билеуші «игі жақсылардың» халық таланттарын жинап алғанда көрсеткен «құрметі» осындай. Олардың сондағы көздеген мақсаты не? «Үгіт айт, патшаны мақта деді». Халыққа өздерінің үгіті өтпегеннен кейін «аузы уәлі» адамдарға сөз салып отырғанын Жамбыл жақсы түсінеді. Бірақ «шолақ саясат» іске аспайды. Ардың ақыны арзанға сатылмайды. «Ол айтты, тіл кескендей үндемедім», — дейді ақын. Сөйтіп ол азуы алты қарыс әкімдермен бетпе-бет келгенде де ықпайды, қайта өшіге түседі.

Жамбылдың қасында көп болып, өмірін де, творчествосын да едәуір зерттеген Әбділда Тәжібаев былай деп жазды: «Жетісу қазағының қозғалысын бастаған Бекболат батырдың қолына Жамбылдың жақын туыстары да қосылды. Қарт ақын алғашқы боз қасқа сойып, баталасқан халық жиынына қатысып, қайсарлыққа, ерлікке шақыратын ұзақ жыр айтқан (бұл жыры да сақталмаған). Сол үшін бастығы Жамбыл 9 ақын біраз уақыт қамалып та шыққан. Осы абақтыға қамалған кезін Жамбыл «Менің өмірім» деген жырында жақсы суреттейді» (8. 350—351).

Патша өкіметінің қысымы күшейген сайын халықтың да оған деген өшпенділігі арта түседі: «Ұстаған қанды тырнақ елді қысты, кім болмақ ызаланса елден күшті». Ақыры «көп қорқытады, терең батырады», халық ызасы қаһарлы кекке, дауылды толқынға айналды. «Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда, Николай ұрған доптай тақтан ұшты», — дейді ол. Ақын өзінің Октябрь революциясынан бұрынғы ұзақ өмірін осылай тұжырымдайды.

Бұл жерде Жамбыл өзінің жасын әншейін санама-лап отырған жоқ, уақыт өткен сайын ел өмірінде болып жатқан әлеуметтік-саяси өзгерістерді, ақырында оның патшаны тақтан тайдыруға алып келген заңды нәтиже-

сін түсіндіру үшін айтып отыр. Уақыттың халық мүддесіне қызмет ететінін, даму процесінің нәтижесін дәлелдей түсуді мақсат еткен ақын осындай творчестволық баяндау әдісін тиімді қолданған.

Өмірбаяндық дастанның соңында қарт жырау мынадай бір эпизодты әңгімелейді. 1921 жылы Ұзынағашта болған кедейлердің жиналысында «большевик» атын жамылған «белсенділер» ұлт араздығын қоздырып, жанжал шығаруға тырысады. Жамбыл оған қарсы тұрып, орыстардың бай-кулактары болмаса, кедей-шаруаларын айыптау әділетсіздік екенін айтады. Жалған белсенділер ақынды жиналыстан қуып шығады. Ол досы Степанның үйіне келіп, болған жағдайды баяндайды. Әлгі «белсенділердің» жасырынып жүрген жат элементтер екенін кейін түсінеді. «Осыдан 17 жыл бұрын көңіліме түйткіл болған істің түйіні енді шешілді», — дейді ол. Бұл эпизод Жамбылдың бойына сіңген гуманистік, интернационалдық қасиетті тағы да дәлелдей түседі.

Дастан оқиғасы осымен аяқталады. Ақын өзінің және туған халқының бұрынғы өміріне тоқталады да, совет дәуірінің сипатын «Жарқырап бостандықтан сәуле түсті, жабырқаған халықтың көңілі өсті» деген жолдармен әрі қысқа, әрі мәнді етіп береді. Ол енді жаңа заманда жасаған жарқын өмірін баяндап жатпайды. Себебі оның советтік дәуірдегі тағдыры көпшілікке, өзінің ауылдастарына әуелден таныс. Ақынның жаңа өмірді жырлаған шығармалары ауызша да, баспасөз арқылы да халыққа кеңінен таралған. Міне енді оны жерлестері құрметтеп республиканың басшы өкімет орны — Жоғарғы Советтің депутаттығына кандидат етіп ұсынып отыр. «Жорға мінген жолдасынан, көп жасаған құрдасынан айрылар» демекші, тоқсаннан асқан қарт ақынның қатар-құрбы, замандастарының сиреп қалғаны белгілі. Кейінгілері, әсіресе, жастар өткен заманның сырын жақсы біле бермейді. Өзінің ілгергі өміріне кеңірек тоқталғанда автор осыны ескерген болса керек.

Қайсыбір ақындардың өзі туралы айтқан өлеңдерінде артық мақтан нышаны сезіліп қалады. Жамбылда ондай әдет жоқ, қайта мейлінше кішіпейілділік танытады. Мысалы ол талай тойда оза шауып, жүлде алғанын, атақты ақындармен айтысып жеңгенін, әпербақан әкімдерді «ит терісін басына қаптап» сынаған сәттерін аузына да алмайды. Алайда өмірбаяндық шығармадан от ауызды, орақ тілді ақынның адуын тұлғасы айқын елес береді.

Дастанның көркемдік қасиетін сөз еткенде алдымен бейнелеу тәсілдерінің молдығы көзге түседі. Автор өмір-тіршіліктің сипатын, адамның тұрмыс күйін, тағдырын бұрынғы дастандарындағыдай табиғат құбылысымен шендестіріп тұспалдап беруге шебер-ақ. «Қақаған қар аралас соғып боран, ел үрей, — көк найзалы жау торыған» деген екі жолдың мағынасы жымдасып бірін-бірі толықтырып тұр. Сондай-ақ «Даланың бір жағы от, бір жағы мұз, қарыған алдын жалын, арқасын сыз» дегенде дала ел-халық бейнесінде болса, от пен мұз оның алды-артын қоршаған бұлтартпас бұғау, құтқармас құрсауды еске салады.

Бой бермес ел өмірі асау шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері.
Бірде от, бірде суды көктей кешіп,
Талпынып тілегіне басты ілгері.

«Шер», «Шері» — шығыс қисса-дастандарынан ауысқан сөз, араб-парсы тілінде арыстан деген мағынаны білдіреді. Халық ұғымындағы арыстан — жойқын күштің иесі, қасиетті, киелі аң. Ақын «асау шеріні» Сәкен Сейфуллин жазған «Асау тұлпар» тәрізді қуатты күш бейнесінде айтып отыр. Ол «тоқсан жерден құрсауласа да» бой бермейді. Қиындықтан (от пен судан) қаймықпай игі мақсатына (бостандыққа) жету жолында алға ұмтылады. Демек қоғамның дамуына ешнәрсе бөгет болмақ емес. Ақын осы ойды бір шумақ өлеңге сиғызып айтқан.

Жамбыл бұрынғы заманды уын шашқан жыланға, аранын ашқан айдаһарға теңейді. Патшаның қылығын шаяндай шағып, бүйідей бүрді деп бейнелейді.

«Алпыс қасқыр аналы,
Жетпіс қасқыр балалы,
Ниеттері бәрінің —
Жиылып келіп қой қырмақ,—

деген сөзді ел «жұмбақ» деп айтып жүруші еді. Алпыс аналы қасқыр да, жетпіс балалы қасқыр да адам еді — хан, бек, датқа, билер болатын», — дейді ол. Ақын бұл жерде ауыз әдебиетіндегі, әсіресе, ертегілердегі кейіптеу, астарлау, пернелеу тәрізді құбылту тәсілдерін пайдаланып, айтар ойын орнықтыра түскен. Сондай-ақ «Бауырдай бөліп-бөліп отқа салған» немесе «Қуырған құм күйдіріп жүгерідей» деген тармақтарда, бір жағы-

нан, ескі ауылдың тіршілігін, екінші жағынан, астарлы бейнелеу арқылы елдің берекесін алған әкімдердің озбырлығын еске салады. Өлең шумақтарының ішінде көпшілікке мәлім тіркестердің («Шымбайына батқандай», «Көлдей аққан көз жасы», «...елдің тұзын ақтағаның»), мақал-мәтел, қанатты сөздердің («Асқақтаған адамда тоба болмас, ел қарғаған адамда мола болмас», «Қақсам қазық, сындырсам шиім болған», «Жығылғаның үстіне жұдырықтап») орынды қолданылуы да дастанның көркемдік бітімін ажарлай түседі.

Жамбыл құбылысты астарлай суреттегенде оған кейде кекесін келемеж, мысқыл, әжуа қосып, мейлінше әсірелеп жеткізеді:

Ылай судың ішінде,
Көр наһандай қағысты...
Жер ошақтың басында,
Ит пенен ит жолығып,
Аузына май жағысты...
Жылан ба, әлде немеңе,
Зәрлі тілді, улы азу,
Аш бүйірден жабысты.

Бұлар кімдер? Жүретін жері — лай судың іші, жер ошақтың басы, істейтін ісі — біреумен соқтығысу немесе ауыз жаласу, аш бүйірден қадалып, зәрін шашу... Ақын ауыл әкімдерінің сатиралық бейнесін жасағанда осылайша құбыжық етіп көрсетеді. Ол қандай құбылысты, жағдайды, кімді, нені салыстырып айтса да қалың бұқараның өзіне етене таныс көріністерді тілге тиек етеді. Мысалы патшаның 1916 жылғы июнь жарлығының ылаңын суреттегенде: «Күнде айдады тоғытып, көлге айдаған қойдай ғып» деп ер-азаматтарды еріксіз майдан жұмыстарына алуды айтса, «Аралдағы қояндай, ел топанға қамалды» деп халықтың тұйыққа тірелген ауыр жағдайын меңзейді. Сондай-ақ: «Арық ел алабұта тұрған ықтап» деген өлең жолында да жанды сурет, астарлы мағына бар. Ақын өзінің айтпақ ойын бейнелеп жеткізу үшін ықтасынға септігі жоқ аласа шөп алабұта арқылы панасыз елдің аянышты халін көзге елестетеді.

Дастанда өлеңмен аралас айтылатын қарасөздің мәні ерекше. Бұл — Жамбылдың өлеңге қиналғандығынан емес, басқа бір себебі болғандықтан еді. Қайта «ақынға қарасөзден өлең оңай». Мұның өзі ілгеріде ескерткеніміздей, депутаттыққа кандидаттың сайлаушылар алдында айтатын ресми сөзі болғандықтан аракідік әңгі-

мелеу (ақынға солай өтініш жасалған болуы да мүмкін) тәсілі еніп кетіп отырған. Алайда Жамбылдың қарасөздері де — жай хабарлау, түсіндіру, баяндау емес, өлеңге бергісіз өрнекті, жырға бергісіз жинақы, мәнерлі сөз («Кедейдің көргені қоқай, кигені шоқай болды. Өзі байдың малын бақты, қатыны отын жақты. Оған рахым етпеді, басынан жаманшылық кетпеді, шекпені тізесіне жетпеді»). Мұнда поэзияға тән ұйқас та, көркемдік те бар. Бейнелі сөз тіркестері де жеткілікті. Мысалға жүгінейік: «Кедейленген ел басы байдың көгеніне байланды. Ел билеген болыс, би үш жылда бір сайланды. Ел қамын жеген батырлар Сібірге жер айдалды». Бұл сөйлемдер де жыр жолындай жымдасып тұр. Мағына жағынан алсақ, аз сөзбен көп жағдайды ұғындырғанын көреміз. Сөйлемдерінің буын саны әртүрлі болғанымен, ырғағы, ұйқасы бар шешен сөз, ақ өлең деуге болады. Ал патша байларға не берді? («Көлшігіне су құйып шарықтатты, сабын шайнағандай аузы көпірген» деген астарлы кекесін байдың бүкіл болмысын, рухани табиғатын танытып тұр.

Қандай ақын болса да толғанған ойын үнемі өлеңмен жеткізе бермейді, жай сөзбен әңгімелеп те айтады. Жамбыл да сондай. Оның өткір қалжың, әдемі әзіл, тапқыр әңгіме, қызықты хикаялары кезінде қағазға түспеген, көпшілігі ұмытылған, кейбіреуі ел аузында сақталған. Ақынның жинақтарында жарияланып жүрген екі әңгіме-сұхбаты бар. Соның бірі — «Менің бақытым».

Жамбылдың 1937 жылдың декабрь айында грузия әдебиетінің классигі Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастаны жарыққа шыққанына 750 жыл толған мерекесіне қатысу үшін Тбилисиге барғаны белгілі. Тбилисиден Гори қаласына келе жатқанда шет елдің бір жазушысы Жамбылды сөзге тартады. Онын: «Құрдастарыңыз аз қалғанына бақыттысыз ғой», — деген сөзіне бұл: «Сіз қателесесіз. Менің бақыттылығым қайта құрдастарымның көптігінде», — деп жауап береді. Ақынның сөзінде логика бар. Ол совет адамдары (әрине, өзі де) Октябрь революциясынан бері қарай ғана нағыз өмір сүре бастады дегенді білдірген еді.

Бұл қарт жыраудың революциядан бұрынғы өмірін еске түсіруге себеп болған кілт тәрізді штрих. Осыдан кейін ол өзінің дастандары мен кейбір толғауларында

ғыдай бұрынғы заманды, өткен күндерді, бастан кешкендерін айта бастайды. Бірақ әдеттегідей қарапайым, жай сөзбен емес, ишарамен тұспалдап, астарлап айтады. Мысалы өзінің бұрынғы өмірін «шыңырау» деп алады. Оның төбесін бұлт басып, тұман қаптап, күннің көзін көрсетпейді. Ақын шыңыраудан шығып, күнді көргісі келеді, талпынады, шыға алмайды. Молда, болыс, старшин, губернатор, бай, чиновниктер кедергі болады. Әбден әлсіреп біткен кезде Ленин қолын созып, шыңыраудан шығарып алады... Ақын күннің көзін көріп, алма ағашындай гүлдейді, өлеңі көктемгі Іле суындай тасиды.

Ұнамды кейіпкердің шыңыраудан (зынданнан) немесе бұғаудан босатылуы, күннің қара бұлт пен қою тұманды жарып шығуы фольклорда заңды құбылыс ретінде көрінетіні белгілі. Жамбыл осы халықтық ұғымды пайдаланған. «Міне, менің өткен күндерім мен қазіргі бақытты, қуанышты өмірімнің бастамасы осы кішкене тенеудің ішінде тұр», — дейді ол.

Қарт жырау тағы да бір оқиғаны есіне алады. Бірде айтыстырған ақыны Жамбылдан жеңіліп қалған соң қатты ашуланады да оған тамақ бергізбей қояды. Мұны естіген Жамбыл: «Ішкен тамағына қарап айтатын ақыннан ешнәрсе шықпайды», — дейді.

Әңгімесінің соңында бүгінгі бақытты өміріне тоқталып, оның бір ғана эпизодын еске алады: «Мұнан екі жыл бұрын Москвада Кремльдің сарайында болдым... Онда Одағымыздың ақсақалы Михаил Иванович Калининнің қолынан мен ұлы награда — Отанымыздың қасиетті орденін алдым». Асылы Жамбыл өзінің ойын баяндап айтудан гөрі, дәйекті дәлелмен, нақты оқиғамен тусіндіруді ұнатады. Ренішін де, қуанышын да белгілі бір сәттегі құбылысқа байланыстырып айтады. Мұндай жәйттерді басқа шығармаларынан да байқауға болады. Бұдан біз жеке фактілерден жалпы қорытындыға келу (силлогизм) Жамбылдың творчестволық ой-тұжырымының негізгі кілті екенін аңғарамыз.

«Мен әлі атқа мықты отырамын», — дейді ақын. Осы факті арқылы тоқсан үштегі қарт өзінің күш-қуаты қайтпаған сау-саламаттығын және бақыттылығын паш еткендей. «Отанымның барлық ақындарына менің беретін кеңесім — біздің бақытымыз бен гүлденуіміздің жауапшысы Коммунистік партияға ең таңдаулы өлеңдерінді арна дегенді айтамын». Өзінің творчестволық мұраты да, ісі де осы болған Жамбылдың бұл сөзі — жа-

лаң үгіт емес, талап-тілек, ақыл-аманат, өсиет-өнеге де. Жамбыл әңгімесін сергек сезім, берік сенім рухында: «Отанымды барлық жаулардан қай минутта болса да өлеңмен және мылтықпен қорғауға менің даусым мен қолым әлі де қуатты», — деп түйеді. Бұл патриот ақынның дер кезінде әрі орынды, ағынан жарылып айтқан жауынгерлік анты сияқты болды.

Оның тағы бір хикаясы — «Өмірдің тууы». 1940 жылдың көктемінде Жамбыл Москваға төртінші рет барады. «Москва» мейманханасында оған сәлем беруге ішінде әртүрлі ұлттың өкілдері бар бір топ адам келеді. Қонақтар даңқты қарияның әңгімесіне құштар. Тоқсанның төртеуінен асқан адам не туралы айтпақ? Алдымен ол Москва туралы әсерін әңгімелейді. Мейманхананың терезесінен тысқа қарағанда (жоғары этаждардың біріне орналасқан болса керек) асқар Алатаудың шыңында тұрғандай сезінгенін, көңілі тасып, қиялы шарықтап кеткенін айтады. Екі заманды көрген абыз ақын бүгінгіні ойлағанда өткенді еске алмай отыра алмайды. «Менің күшім қолымда емес, домбырамда еді, домбырамның күші жырымда еді, жырдың күші шындықта еді», — дейді ол. Тағы да өткен өмірінен бір эпизодты есіне алады... Бірде той иесі байлығын айтып мақтанады. Сол кезде Жамбыл жиналған жұрттың алдында жыр тиегін ағытып, «болосной правительдің» абыройын айрандай төгеді. Жырының мазмұны мынадай: тойынған торғай аңдар мен құстарды қонаққа шақырады. Торғай кеудесін керіп, ашулансам аюды да асап қоямын деп мақтанады. Оны тындап отырған аю ызадан жарылып кете жаздайды. Бірақ аш болғандықтан үндемей, тамақты соға береді...

Сөзінің астарын түсініп қалған болыс ашуланып ақынды тоқтатып тастайды. Жамбылдың бұл жыры қағазға түспеген, жинақтарында жоқ. Айтуына қарағанда уытты да өткір шыққаны күмәнсіз.

Енді заман басқа. Ақын шексіз қамқорлық құшағында. Ол қартайса да қалжырап отырған жоқ. Денсаулығы жақсы. Туған аймақты аралап, көркейген ауылды, өріс толы малды, егінжайды, бау-бақшаны көріп тұрады. «Осы байлықтың бәрін халыққа берген Ленин» дейді ол.

Ақын Москвада омырауына Алтын Жұлдыз таққан талай батырларды көреді. Мұндай қаһармандар тұрғанда елімізге тиген жау тірі кетпейді деп ойлайды.

Қызыл Армия Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны азат етті. Ленин қаласына оқ атқан ақ финдерге тойтарыс берді. Осыны айтқанда көмейге келіп қалған өлеңді тоқтата алмайды:

Батырлары халықтың,
Қан майданнан таймаған.
Жауға атылған оқтары,
Найзағайдай ойнаған.
Ердің көрдім ерлігін,
Елдің көрдім бірлігін,
Ту астында таймаған!

Бұрынғы құлазыған қу далада темір жол салынды, қала орнады, шөлге арықтар қазылып, су келді, егін, бау-бақша жайқалды. Зәулім сарайлар, театрлар, мектептер, магазиндер — бәрінің де иесі халық. Жамбыл осындай ойды таратып айтқаннан кейін тағы да жырға тізгін береді:

Мәскеуіме мен келіп,
Өмірдің көрдім ұшпағын.
Жаркыраған жырымды,
Кремльге нұсқадым.
Шаттық жырды тыңдасын,
Лениндік ЦК штабым.
Ол біздерді мәпелеп,
Жеңіске ылғый жетелеп,
Сағат сайын, күн сайын,
Ауылыма нұр сеуіп,
Жолдайды өшпес нұсқауын.

Тағы да советтік Конституция, халықтар достығы, бақытты өмір тілге оралады. Ақын осы жаңа дәуірді жырлай бермек. «Мен әңгімені қазақ тілінде айтып отырмын, — дейді ол, — бірақ, менің сөзімді менің ұлдарым түсінеді». Жамбыл өзінің жырлары ұлы орыс халқының тілі арқылы бүкіл әлемге тарайтынын біледі. «Лениннің даңқы ғасырлар бойы мәңгі өмір сүреді!» деп аяқтайды ол шағын әңгімесін.

Қарт жыраудың СССР Жазушылар одағының В. В. Маяковскийді еске түсіруге арналған пленумына (1940 ж. 14 апрель) Қазақстан жазушыларының делегациясын бастап барған осы сапары оның Москвамен соңғы дидарласуы болды. Тайыр Жароков бұл жолы да қасында болып, осы хикаяны жазып алды. Бұл ақын шығармаларының жинақтарында (орыс тілінде де) жарық көрді.

Жамбылдың совет дәуіріндегі дастандары мен хикаяларына тән ортақ жәйттің бірі — бәрінің де тарихи шын-

дықтан туындап, идеялық жағынан актуалды болып шығуы және бәріне де өзінің лирикалық кейіпкер ретінде қатысуы. Мемуарлық әдебиет — көркем творчествода баяғыдан бар үрдіс болғанымен, қазақ совет халық поэзиясына Жамбыл әкелген жаңалық. Кейіннен одан өнеге алған халық ақындары да болды (Т. Көбдіков, К. Әзірбаев т. б.).

Ал Қызыл Армияның қолбасшылары туралы сол кездің өзінде Нұрпейіс Байғаниннің (1860—1945) «Комиссар Пожарский» (1938), Өтеп Оңғарбаевтың (1899—1946) «Фрунзе батыр» (1937) дейтін дастандар шығарғаны белгілі. Бұларға Жамбыл творчевосының әсері болғаны анық.

Сонымен бұрын дәстүрлі батырлар жыры мен айтыс өнеріне, арнау өлеңдер мен толғау жырларға әбден машықтанып алған Жамбыл сексеннен асқанда өз творчевосына ғана емес, қазақ совет халық поэзиясына жаңа жанр әкеліп қосты. Бұл лиро-эпикалық дастан жанры еді.

¹ Жамбыл. Шығармалары. Алматы, 1940.

² Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982. 2-т.

³ Джамбул Джабаев. Избранные произведения. Алма-Ата, 1946, 1958.

⁴ Ленин деп халық жырлайды // Өлеңдер. Алматы, 1969.

⁵ Белинский В. Г. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1943. Бірінші кітап.

⁶ Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1975.

⁷ Ысмайылов Е. Ақындық өмір. Алматы, 1965.

⁸ Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы, 1960.

⁹ Новины М. С. Крюковой. М., 1939.

¹⁰ Жас шама. Өлеңдер. (Құрастырған К. Сейдеханов). Алматы, 1984.

¹¹ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1982. 9-т.

1. ТОЛҒАУЛАРЫ

Совет халқының қалыпты өмір-тіршілігін күрт өзгерткен қатал да қауырт кезең туды. 1941 жылдың 22 июні жексенбі еді. Күн сәскеге таянғанда кенет радио көңілді музыканы кілт үзіп, Москвадан үкімет хабарын берді: өткен түнде неміс фашист жендеттері тұтқиылдан елімізге басып кірді. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы басталды. Ел тыныштығын бұзған бұл өрескел жағдай совет адамдарының ашу-ызасын туғызды. Кек кернеген отандастарымыз басқыншы жауға тойтарыс беріп, оларды жер бетінен аластауға бел байлады.

Иә әрбір совет адамы соғыс жағдайына байланысты өзінің алдында тұрған міндетті айқын ұғынды. Отан қорғау тақырыбын үнемі жырлап келе жатқан Жамбыл да фашизмді айыптап («Кекті ашу», 1936), «Фашистің ит екені, айтындаршы бекер ме?!» деген болатын. Енді бірде «Соғысты біз сүйеміз ел жылатқан, ол ісі қан құмардың қарғыс атқан» деп көптің ойын білдірді («Қызыл әскерге», 1937) Осы өлеңінен оның өзінің азаматтық, ақындық борышын да терең түсінгенін көреміз:

Сен жауға аттанғанда қайраттанып,
Қолына қарт Жамбыл да домбыра алып,
Шабады сендерменен бірге ерлерім,
Шалкытып ерлік әнін майдан жарып!

Ақынның одан кейін де жазған «Отан үшін майданға барады Жамбыл жырымен» (1939), «Өлеңім — оқ қолымда, мен де жаудан шегінбем» (1940) дейтін жыр жолдары көпке мәлім. Сондай-ақ ол «Маяковскийге» (1940) атты арнауында: «Жыр тербетсін ел жанын, жыр жайратсын ел жауын!» деп түйеді. Жамбылдың

өлең-жырға қойып отырған мұндай талабы сол кезеңнің мүддесіне дәл келеді. Ол поэзияның әлеуметтік рухани күшін қашанда жоғары бағалаған. Сондықтан соғыс жылдарында қамал бұзар қаһарлы жырын қардай боратты. Академик-жазушы А. Н. Толстой былай деп жазды: «Бүгін совет поэзиясының атақты ақсақалы тоқсан бес жастағы Жамбыл қайтадан жас жігіттей атқа қонды. Ол жігерлі де сергек, бар даусымен шырқап Отан соғысының ерлерін жырға қосып отыр. Бұл Жамбылдың қайта жасаруы — қайта туған халық поэзиясының қайта жандануының белгісі» (1). Творчестволық сипаты жағынан қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясы қайталанбас құбылыс десек, Жамбыл бұл тұста да көш басында көрінді.

Қарт жырау осындай сын сағатта халыққа қалай айтуды білді. Оның тарихи кезеңде ел-жұртты елең еткізген алғашқы сөзі толғаудан басталды. Басқаша болуы да мүмкін емес еді.

Өйткені толғау — автордың ой толғанысын, философиялық түйінді пікірін, уақытқа, заманға, оқиғаға көзқарасын өзінің ішкі монологу арқылы білдіретін арнау сөзі. Өнер атаулының ішінде қалың бұқараға бірден ұғылып, жылдам жететіні, шапшаң әсер етіп, тез нәтиже беретіні поэзия десек, осыны жақсы түсінетін ақын халықтың мүддесін сезіне отырып, оны өзінің творчестволық ой-талғамынан өткізеді де, тыңдаушысына жеткізіп отырады. Мұндайда ақын мен халықтың ой-пікірі бір жерден шығады. Өзінің көкейтесті аңсарын айтқан соң көпшілік оны қашанда құрметтеп, қадірлейді, күрескер, қайраткер деп біледі. Міне осындай ақын ғана халық қамы үшін толғанады, тебіренеді.

Ұлы Отан соғысы кезінде халық ақындары ел басына төнген қатерді өзгеден ерек сезініп, совет адамдарын жеңіске жұмылдырушы Коммунистік партияның ұраншысы, дабылшысы, үгітшісі болуды өздеріне ардақты борыш санады. Жамбылдың да қаһармандық толғаулары, жауынгерлік-ерлік жырлары осы мақсаттан туды.

Өзі ғұмырнамалық жырында айтқандай: «Ел үрей, көк найзалы жау торыған» жаугершілік заманда дүниеге келген ақын өмірінің ақырғы кезеңі де сұрапыл жылдарға дөп келді.

Белгілі ғалым Е. С. Ысмайылов мәлімдегендей: «Соғыс басталғанда Жамбыл ауруханада жатыр еді. Дәрігерлердің кеңесімен оған соғыс хабарын естіртпеу-

ге ұйғарылған. Бірақ өзін күтуші қызметкерлердің бірінен фашистік Германиямен арада соғыс басталған хабарды, Отанға төнген қауіп жайын естіп, дәрігер мен жазушылардың айтуына да қарамай, ертеңіне ауруханадан шығып, ауылына қайтты. Өзін тың бір қайрат билегендей, ауруынан кенет серігіп, тынайып кеткендей, ол әуелінде ауруханаға екі жағынан екі адамға сүйеніп жүріп келіп кірсе, енді кетерінде аяғын ширақ, нық басып, ешкімге де сүйенбестен өзі жүріп барып машинасына отырды» (2. 109—110).

Алматыдағы орталық ауруханадан (Шевченко көшесі, 59) Қарақастектегі ауылына (қаладан 70 км) жеткенше де, үйіне келгесін де әбден ойланып-толғанған ақын 24 июнь күні Ұлы Отан соғысына арналған тұңғыш жырын шығарды. «Ата жаумен айқастық» деп аталатын осы толғаудың қалай туғанын Ғали Орманов былай айтады: «Қарт ақын ерттеулі тұрған күрең жорғасына міне салып, ауылын бір аралап шықты. Қайта оралғанда байқасақ, қарттың сырт бітімі бір түрлі шұқшиып, өңі де қоңырайып, түтеп кетіпті. Күрең атын жорғалатқан күйі үйге келіп түскен соң отырар-отырмастан Тайыр екеуімізге:

— Бірің құлақ, бірің көзсіңдер маған. Жазғыш болсаңдар келіндер, кәне!, — деп бұйыра сөйледі. — Ата жаумен айқастық деген міне, осы» (3.176)

Бұл толғау 26 июньде «Социалистік Қазақстан» («Екі дүние айқасты» деген тақырыппен), 5 июльде «Правда» (аударған П. Кузнецов) газеттерінде жарияланды.

Соғыс хабарын естіген әрбір совет адамының ызалы жүрегі «Аттан!» деп соққанда тоқсан бестегі қарт жыраудың қаһарлы даусы оған қуатты үн болып қосылды. Ол толғауының басында «Бақ, ырысқа кенеліп, рахатқа бөленіп» тыныш жатқан бейбіт елге кенеттен «аласұрып, лепіріп» келіп соқтыққан «сұры суық бір дыбыстың» құлағына шалынғанын айтып алады да, бұл «дыбысы екен жаулардың, адамға қас аңдардың, іздеп келген қанды ұрыс» деп түйеді. Түн жамылып, тұтқиылдан басып кірген дұшпанды: «Тұрпатына қарасам, дүниені обардай, обыр-жеміт қомағай, қан аңсаған қара құс» деп кескіндейді. Оны өзінің қылық-әрекеттерімен әшкелейді:

Европаның жан-жағын,
Қармап қанды қармағын,

Шеңгелінен қан ағып,
Қай сұмдыққа бармадың!?
Толмағандай жемсауың,
Алғың келіп жер шарын,
Қанды ізінмен шарладың...

Қатерлі қаскөйдің бейбіт елге өзі келіп ұрынған есуастығын қатаң айыптаған ақын «Құтырғаның емес пе, бізге ауызды салғаның!» деп ескертеді. Қарт жырау қаһарына мінеді («Ашуменен аралас жыр да келді көмейге»), тебірене толғанып, төңірегін шолады («Қаһар қаулап денемде, көз жібердім мен елге»). Сонда ол «Жау тиді деп саспастан, аяқтарын нық басқан» айбынды халықтың «құйған құрыш тәрізді» айбатты тұлғасын көреді. Отанның жүрегі Москвада «бақытты елге бел болып, батырларға дем беріп» отырған Компартия штабын ойға алады. «Сен шақырсаң партиям, әмірің ортақ маған да!» деп өзінің де Отанды қорғауға әзір екенін мәлімдейді. Әрине Жамбылдың қаруы — қаһарлы жыры. Ол жалынды жырдың да жауға оқ болып атылатын жауынгерлік қасиетін бағалай біледі:

Төгіп жырдың нөсерін,
Домбырамды алам да,
Айналам — жас нөкерім,
Мен де барам — қалам ба!

Мұнда ол өзімен бірге өзгелерді де майданның алғы шебіне шақырып тұрғандай. Халықтың жауға қарсы жаппай аттанатынына («Қорғауға елді кім шықпас»), арыс дұшпанның ажалға тап болатынына («Адырға шығар деген бар, асыққан аң ажалға») оның сенімі берік.

Жамбыл соғыстың саяси сипатын жақсы түсінді. Мұны күні өткен капиталистік қоғам мен келешегі мол социалистік қоғамның арасындағы қақтығыс деп білді («Кәрі дүние килікті, жайнаған біздің заманға»). Нәтижесін де кесіп айтты («Қаусаған кәрі дүниеден, енді тамтық қалар ма?»). Жаудың оңайлықпен берілмейтінін де ескертті («Олар фашист — сұр жылан, уын шашқан адамға»). Сондықтан: «Денеге уын дарытпай, жаныштап басын жыланның, салайық халқым табанға!», — деп шақырды. Осы ұранды сөзді айту үшін ақын алдымен соғыстың қалай басталғанын, жаудың кім екенін, оның мақсатын ұғындыру арқылы толғаудың идеялық-композициялық тұтастығын шебер қиюластырған.

«Ата жаумен айқастық» — мазмұны, рухы жағынан

соғыстың алғашқы күндері шыққан әйгілі өлең-жырларымен үндес. Әсіресе В. Лебедев-Кумачтың дабыл жаршысындай асқақ та айбынды «Священная война» деп аталатын («Известия». 24 июнь, 1941 ж.) өлеңінің: «Аттан, кең байтақ Отаным, аттан қан майданға! Фашистің шығар талқанын, ордасын ойранда!», — деген жолдары Жамбыл толғауының ой өзегімен, сарын-сазымен етене қабысып жатыр.

Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі И. В. Сталин 3 июльде радио арқылы совет халқына арнап сөз сөйледі. Бұл Жамбылға да үлкен әсер етті. Ертеңіне өз колхозында болған митінгіде ақын «Өмір мен өлім белдесті» деген толғауын айтты. Астыртын әзірленіп, мол күш жинап, тосыннан тиген жау тегеурінді қарсылықтарға кездескеніне қарамастан едәуір жерлерді басып алып қойған еді. Осындай қатерлі сәтте Жамбыл өз басындағы сезімді «Төбірендім қатты мандағы, күшімді жинап қайдағы, қаздаңдай басты аяғым!» деп білдірді. Осыдан кейін «жалмауыз жаудың пішінін» суреттейді. Олардың басқыншылық әрекеттерін: «Аямас күшін-амалын, боратып жатыр оқтарын, жаудырып жатыр доптарын, бұзам деп Отан қамалын» деген жолдармен баяндайды.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ совет жауынгерлері жанқиярлық ерлігімен әлемді таңдандырады. Бұл өлеңде былай өрнектелді:

Өтінде оқты боранның,
Халық үшін жанын пидә етіп,
Аспан, жерді гулетіп,
Пәршелеп жаудың легін,
Талқандап танкі түйдегін,
Тойтарған ерлер жау алдын.

Ендігі міндет барлық күш-жігерді майданға жұмылдыру екенін анық аңғарған ақын: «Қаһарман батыр соларға, қуатты тірек боларға, түгел шық өрен-жараным!» деп жар салды. Бұрынғы ерлік дастандарында, ел қорғауға арналған өлең-жырларында жеке батырларды, жасақты қол, жауынгер топты ғана майданға шақырған ол бұл жолы Отан соғысының сипатын айқын танып, ақсақалдық сөзін жалпы халайыққа арнады:

Жырымды жұртым енді есті:
Өлім мен өмір белдесті!
Не керек жанды аяуын —
Бұл жолдан қалған малың мал!

Бұл жолдан қалған жаның жан!
Не дейін айтып аяғын!

Халықтың басына қатер төнген сын сағатта абыз ақынның осылай толғанбауы мүмкін емес еді. Оның «Бұл жолдан қалған малың мал, бұл жолдан қалған жаның жан!» деуі орынды-ақ. Қарт жырау дабыл қағып шақырып ғана қоймайды, тыл еңбеккерлерінің намысын тұтатып, жігерін қайрай түседі («Қайраты құрыш халық ек, қамалды талай алып ек»), оған тілек-талап қояды («Қан кешкен сонау майданда, айбынды Қызыл Армия — орында түгел талабын!»). Ақын негізгі ойды бірден айтпай, оған сатылап келгендіктен соңғы сөздің мән-мағынасы, үгіттік қуат-күші арта түскен. Уытты, әсерлі, дер кезінде айтылған айбынды сөз!

Жамбыл толғауларының ішінде, біздің ойымызша, «Ленинградтық өренім» туралы кеңірек әңгімелеудің жөні бар. 1941 жылдың күзінде фашистер Ленин қаласына қауіп төндірді. 20 августа Солтүстік Батыс бағыттағы командованиенің бас қолбасшысы К. Е. Ворошилов пен Соғыс советінің мүшесі А. А. Ждановтың қала еңбекшілерін дұшпанға үзілді-кесілді тойтарыс беруге шақырған үндеуі жарияланды. Қаланы қаһармандықпен қорғаушыларға бүкіл совет халқы тілек қосты, жер-жерде митингілер өтіп, еңбекшілер атынан ленинградтықтарға хат қабылданды. Ол хаттарда «Біз сіздермен біргеміз, қандай көмек болса да аямаймыз, жауға күйрете соққы беріңдер!» деген туысқандық лебіз бар еді. Осындай митингінің бірі 1941 жылдың 4-ші сентябрь күні Алматыда өтті. Оған Жамбыл да қатысып, президиумда отырды әрі сонда ол белгілі толғауын айтты. Белгілі деген себебіміз, бұл толғауды ол осыдан бірер күн бұрын шығарып, хатқа түсірткен болатын.

Тайыр Жароков былай деді: «Біз Жамбылмен соғыстың барысы туралы, Ленинградқа қауіп төнгені жайында екі күндей әңгімелестік, бірақ ақынға бұл туралы өлең шығару керек деген тілек қойғамыз жоқ. Қарт ақын бір кезде шабыттанып, творчестволық сезім құшағына бөленді. Қолына домбырасын ұсындым. Қалам-қағазым дайын еді. Мұндайда Жамбыл жазылғанды өзіне оқып беруді талап ететін. «Бұлай емес» деп қайтадан түзеп айтатын, сосын тағы оқитын, тағы түзейтін. Біз түс кезінен кешке дейін осылай отырдық. Жамбылдың өзі де өлеңіне сүйсінгендік рай танытты. Ол бұған өз басынан кешкен көп сезімді сіңірді. Біз өзі-

міздің неге келгенімізді, Москвадан Жамбылдың Ленинград туралы шығарған өлеңін сұратқан телеграмма алғанымызды кейіннен айттық. Әрине Жамбыл бұған қарсылық білдірген жоқ. Оның бұл тілскке риза екендігі сезіліп тұр... Сөйтіп ақынның өлең шығаруы үшін уақыт, шабыт, әзірлік керек болды. Кім біледі, егер біз телеграммадан бастасақ мұндай өлең туар ма еді, әлде тумас па еді! Сірә мұндай өлең туа қоймас» (4. 115).

Осындай үлкен толғаныстан, шалқар шабыттан туған жыр да сәтті шықты. Ол республикалық газеттерде, М. Тарловскийдің аударуымен «Правда» газетінде (5 сентябрь, 1941) жарияланды. Ақын өлеңді Ленинградтың өзін суреттеуден, оның қадір-қасиетін мақтаныш тұтудан бастайды. Енді сол қалаға жау шеңгелін салғаны оның жанына қатты батады:

Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі.
Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат,
Болуға жаудың ермегі.
Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!

Қазақстаннан да қалың қол көмекке жіберілді дегенді өлеңмен жеткізген ол Ленинградтың ерлік дәстүрін, революция бесігі болғанын, Лениннің өзі жаңа дүниені сол жерден бастап орнатқанын еске түсіреді. Отызыншы жылдары жалынды большевик С. М. Киров Ленинградтан Қазақстанға келіп, үлкен қолғабыс көрсеткен болатын. Ленинградтықтар Қазақстанға шаруашылық, мәдени жағынан шексіз қамқорлық жасап келді. Қазақ жастарының бірсыпырасы сонда оқып білім алды. Сол сүйікті қалаға жау төнгенде біз қалай қарап отырмақпыз!.. Жамбыл осы мазмұнда орнықты ойларды айтып келеді де, кенет қаланың қазіргі халін көз алдына елестетеді. Әрине Жамбыл Ленинградта болған емес. Бірақ ол жайында естігені, көңілге түйгені көп. Сондықтан қаланы көрген кісідей суреттейді:

Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,

Шомылдырып кемерін,
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...

Ақын осындай керемет қаланың қазіргі халін көз алдына елестетеді. Сол арқылы тындаушыны да, оқырманды да ашындыра түседі.

Октар тиіп, өрт шалып,
Дүние мүлік шашылған.
Қанішер жау жүр шауып,
Арандары ашылған.

«Ажалына асыққан обырлар Ленин шаһарына тұмсығын батыра алмайды», — дейді ол. Себебі оның қамалына оқ дарымайды. Бұл қиын күндерде бүкіл совет халқы, оның ішінде Қазақстан еңбекшілері де ленинградтықтармен бірге. Ақын осыдан кейін қалаға жіберіліп жатқан көмекті тізіп айтады. Жырдың әрбір шумағының соңғы жолдары ленинградтықтарды қажырлы қайратқа шақырған сөздермен түйіледі. Оның әр сөзі аталық мейірімге толы.

Құс ұйқылы көнемін,
Қайтіп ұйқы көремін,
Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім.
Қаласындағы Лениннің,
Сайып қыран өренім!

Совет Одағының Телеграф агенттігі (ТАСС) толғаудың орыс тіліндегі аудармасын «Қазақ ССР-ның халық ақыны Жамбыл Жабаевтың Ленин қаласы еңбекшілеріне сәлемі!» деген тақырыппен арнайы плакат етіп шығарды. Ақынның суреті басылып, үлкен әріптермен терілген толғау қаланың көшелерінде дуалға, тақтаға жапсырылып қойылды.

Қоршаудағы Ленинградта болған жауынгер жазушы Николай Семенович Тихонов сол кездерді еске түсіріп, былай деп жазды:

«Түнгі үрейлі дүрлігістен ұйықтай алмаған, қабағы қатыңқы қалың топтың арасында тұрмын. Солдаттар мен офицерлер, көк комбинезон киіп, противогаз асыңған қыздар бірінен соң бірі лек-легімен келіп жатыр— бәрі де Жамбыл жырын оқып тұр, өмірінің қиын-қыстау, қысылтаң шағында жақын адамынан келіп жеткен сәлем хаттай ынтыға оқиды.

Еш адам ләм-мим деп үн қатқан жоқ, тым-тырыс, бірақ мен кейбіреулерінің бір рет оқып шығып, енді асу-асу бел асып, көп бөгеттен көктей өтіп, адам айтқысыз сонау қиыр шалғайдан келіп жеткен әрі қарапайым, әрі жан тебіренерлік сол бір сөздерді жадында жаттап алу үшін қайта-қайта оқып жатқанын байқап қалдым.

Сол күні күні бойы әскери тапсырмамен қай араға барсам да, қаланың барлық көшелерінде ілініп, радио арқылы Ленинградтың әрбір үйінде сампылдап жатқан сол жырға ой сезімім шарқ ұрып, орала берді. Радио оны майданға да жеткізді. Ол Ленинградтың тағдырын шешіп жатқан алғы шепке, оқоптарға да жетті» (3. 79).

Осы толғаудың әсері жөнінде Всеволод Вишневскийдің мына сөзін де еске түсіре кетейік: «Бұл сәлемді көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайды... Біз күшімізді еселей түсіп ұрысқа аттандық» (6). Сондай-ақ Ленинградты қорғаушылардың бірі, көрнекті ақын Александр Прокофьевтің де Жамбыл жырына байланысты осы мазмұндас тебірене айтқан сөзі бар (7 38—39)

Ақынның шабытты толғауы барлық майдандағы қазақ жауынгерлерінен хаттар тасқынын күшейтті. Олар өздерінің алғысын айтып, ақын аманатын орындауға серт берісті. Жамбылға хат жазған солдаттардың ішінде басқа ұлт өкілдері де аз емес. Бұл материалдар ақынның мемориалдық музейінде сақтаулы.

Жамбыл толғауларының бәрінде де қазақ халқының басынан кешкен бұрынғы қилы замандарға шолу жасап, оны Октябрь әперген «бағы — бостан» дәуірмен парқытайды. Сөйтіп, халықты советтік Отанды қорғауға шақырады. Екі дәуірдің куәсі, көпті көрген көне көз жыраудың аталы сөзі әкенің балаға айтқан өсиет-тапсырмасындай салмақты, бұйрық-аманатындай қарлы.

Толғаудың екі нұсқасы бар. Алғашқысын жоғарыда айтылғандай Тайыр Жароков жазып алған. Соңғысын бірер күннен кейін Ғали Орманов қағазға түсірген. Екеуі де жинақтарында жарияланған. Бұл жөнінде Н. Д. Оңдасынов (Қазақ ССР Министрлер Советінің сол кездегі председателі) былай дейді: «Ақындар Ә. Тәжібаев пен Ғ Орманов үшеуіміз ертелетіп Жамбылдың ауылына келдік. Қарт жырау бізді қуана қарсы алды. Біз оған неге келгенімізді, Ленинградтың тарихын түсіндіріп жатырмыз. Сол жолы Жәкең өзінің елге әйгілі «Ленин-

градтық өрендерім» деп аталатын жырын жырлады» (8).

Бірден аңғарылатын жәйт, ақын ойынан да, сөзінен де жаңылмай, алғашқы айтқан желісін едәуір сақтайды. Бірақ ешбір тармақ та, шумақ та қайталанбайды. Қайта сөзді ықшамдап, ширата түскені аңғарылады. Мысалы Ленинград қаласын көзге елестетін алғашқы шумақ бірінші нұсқада 22 тармақ, екінші нұсқада 14 тармақ. Жалпы соңғы нұсқаның көлемі алғашқыдан 33 тармақ аз. Бұдан кейінгі нұсқаның мазмұнына да, көркемдігіне де нұқсан келіп тұрған жоқ. Қандай ақын болса да қайталап жырлаған сайын өз туындысын жетілдіре түсетіні белгілі ғой. Ғ. Орманов жазып алған кейінгі нұсқаның көркемдік сипаты осыны растайды.

«Ленинградтық өрендерім» сол кезде Москвада жарық көрген әдеби-көркем жинақта («Великий город Ленина». 1942) жарияланды, кейіннен көп тілге аударылып басылды. Бұл толғау Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ халық поэзиясының ғана емес, бүкіл совет поэзиясының таңдаулы туындыларының бірі болып қалды.

1942 жылдың көктемінде қоршаудағы ленинградтықтарға арнап азық-түлік жинау айлығы өткізілді. Қазақстандықтардың Нева бойындағы қалаға жіберген өнімі 1428 тонна болды (9.101). Жамбылдың «Сыйлық» деген толғауы осыған арналды. «Сөйлейтін жер келгенде, жұртым кезек бергенде, мен бөгеліп қалдым ба?!» Иә, оның толастаған шағы жоқ. Ақын ешқашан енжар болған емес. «Ауыр азап атқарған» еңбекші елді, «сол азаптан құтқарған» Ленинді, «сол есіммен аталған» қаланы еске түсіріп, «Қалаға сонау қарашы, алысып қыстай жауымен, қаймығып титтей ықпаған», — дейді ол. Осыдан кейін қаһарман қаланың бейнесін мадақтап, суыққа да, аштыққа да төзіп, қажыр-қайрат көрсеткен ерлерді мақтан етеді. «Соларға сый — ет пен май, ұн мен күріш, қант пен шай, жолдаймыз сан тоннасын» деп сөз түйеді.

Жамбылдың Ленинградты қорғаушыларға арнаған толғаулары қала тұрғындарына да, бүкіл совет халқына да патриоттық жігер бергенін былай қойғанда, ақынға Нева бойынан да, майдандардан да көптеген алғыс хаттар келгенін айту ләзім. 1943 жылдың январь айында «Ленинское племя» газетінің (Ленинград) тілшісі Жамбылға арнайы келіп, қала жұртшылығының сәле-

мін тапсырды. «Ленинград жастарына» толғауы сонда айтылды:

Ақсақалды Жамбылға,
Мейман келді алыстан.
Қаласынан Лениннің,
Қялың жаумен алысқан.
Жау қоршауын бұзды деп,
Талай айлар қарысқан!

1943 жылғы 12—18 январь аралығында Ленинград пен Волхов майдандарының әскерлері Балтық флотының көмегімен Ленинград құрсауын бұзып өткен болатын. «Қоршауда қалған қаланы тоғыз жүз күн бойы қорғау— замандастарымызды таңдандырып, сүйсіндірген және қаулап өсіп келе жатқан ұрпақтардың есінде мәңгі сақталатын ерлік пен қаһармандықтың аңыз боларлық дастаны» деп жазды КПСС Орталық Комитеті өзінің құттықтауында (10. 354). Жамбылды шабыттандырған осы қуанышты оқиға еді. «Қуат құйып сол маған, жырым сонда ағылды» деген ол. Қаланы қорғап қалған ленинградтықтардың қажырлы қайратына сүйсінген ақын журналистердің еңбегін де бағалай біледі.

Тұрпаттарың елестер,
Түнерген түн ішінде,
Қалам ұстап толғанған,
Қалың ойдың үстінде.
Қаламдарың құйған сөз.
Күш бергендей кісіге.

В. И. Ленин «машинадан қол сілтеп, халқына үндеп қаланың» жеңіске шақырып тұр деп ақын ұлы көсемнің ескерткішін тірі адам бейнесінде сүреттейді. Майданның қолбасшыларын жастарға өнеге етеді. Елдің жаудан тазаратынына сенімі зор ақын («Жеңіс жақын көремін, сенім кәміл кеудемде») оны бейнелеп айтады: «Жасыл ойнап, жауды айдар, жерден тұманды ашқандай». Газет тілшісі арқылы жауынгерлерге сәлемін жолдап: «Сендер салған ұранға, Жамбыл да үнін қосқандай» деп өзінің Ленинградқа, оның қаһарман тұрғындарына, ержүрек қорғаушыларға жыр арнауудағы ізгі мақсатын білдіреді.

Сентябрьдің аяқ кезінде екінші дүние жүзілік соғыстағы ең қырғын ұрыстардың бірі — Москва түбіндегі шайқас басталды. Жамбылдың «Москва менің қамалым» және «Москваға» деген толғаулары осы тұста туды. Отанымыздың астанасына төнген қатерді ақын

каптаған қара бұлтқа теңейді. Табиғатта тұтасқан бұлтты ыдыратып қуатын не? Ол — нөсер, найзағай. Қаһарлы халықтың қайрат-күші де сондай. «Жел аңқылдап күн шықса, қара бұлт көшіп кетпес пе?». Осындай салыстырумен басталған толғау пернелеуге ауысады. «Балықшының қармағы, нән балықты қаппас па?». Бұдан шығатын қорытынды: «Бісқырынған жылан да, шағуға шапса адамға... Қылышпен басын шаппас па?» немесе «Халықтың қас дұшпаны, халықтан ажал таппас па!». Ақын Москва түбінде қатты сокқыға ұшыраған жауды да кейіптеу тәсілімен суреттейді («Қораға тиген қасқырдай, қанды тілі салақтап, құрулы біздің қақпанға, көрдік түсіп жатқанын»).

Толғаудың келесі бөлімінде Москваны дүние жүзіндегі бірден бір социалистік мемлекеттің астанасы ретінде мадақтап, өзінің ұлы көсем рухына тағзым ете берганын еске алады. Ленин идеясының өміршеңдік қуатын дәріптейді. Москваны қорғаушыларға бүкіл совет халқы, оның ішінде Қазақстан еңбекшілері де көмегін аямайды деп сендіреді.

Жамбыл өзінің астанада болған көңілді күндерін «Москваға» деген толғауында да тебірене еске түсіріп, оған талай рет «жырды, сөзді арнағам», — дейді. Әрине Москва ақын творчествосында елеулі орын алатыны ақиқат. Бірақ ол астананы бұрынғыдай гүл құшағында емес, жау қоршауында сипаттайды. Сондықтан оған «Москва менің қамалым», «Қуатты құрыш Москва», «Жаулардың айқын ажалы» деген анықтама береді. Ақын астана тұрғындарын және оны қорғаушы совет жауынгерлерін «Москвам» деген бір сөздің ауқымына сиғызып, «Тастүлектей тобыңмен, қорғасындай оғыңмен, дұшпаныңды талқанда» дейді. «Москва» деген атауды бірнеше рет қайталау арқылы айтар ойын тереңдете, күшейте түседі:

Өртеп жауды жалындай,
Шалғымен шауып шабындай,
Шауып қират, Москва!
Қара басын қылышқа,
Қағып қират, Москва!
...Жау женетін тәсілді,
Тауып қират, Москва!

Халықтың, совет жауынгерлерінің күші лениндік партияның басшылығында деген ойды ақын әрдайым еске салып отырады. «Компартия сенімді, бастаған, бас-

тайды елімді» деп халық пен партияның мызғымас бірлігін жырлайды. Осындай ынтымақ, бірліктің нәтижесінде Москваны бүкіл совет елі болып қорғайды. Сібірден де, Қазақстаннан да астананы қорғауға («Полктарын бұрқантып, құрыш болат құрсантып») барып жатқан көмек аз емес. Жаудың да, қыстың да қысқанына қарамастан («Қар жауып, мұз қатса да, боран борап жатса да») Москва жеңілмейді. Осы ойды жыр жолдарымен өрнектеген ақын өзінің творчестволық шабыт күйінен де сыр шертеді. Таң алдында атқа қонып, қыр басына шыққан ол төңірегіне көз тастап толғанады. Даланың самал желі құлағына сыбырлағандай болады.

«Аттан түсіп, тынығып,
Көтер елді жырменен!»
Деген үнді құлағым,
Шалады жырлап бер деген.
...Домбыраның қос шегін,
Он саусағым қаққандай.
Жыр да келед сорғалап,
Кеудемдегі кернеген.

Ақынның Москваны қорғауға шақырып, дабыл қаққан дауылды жыры осылай туады.

Жамбыл сол жылғы 7 ноябрьдің қарсанында айтулы күнді атап өту мақсатымен «Екі он екі жыл өтті» деп басталатын жырын шығарды. Октябрьге арнаған бұрынғы толғауларынан мұның мазмұны да, тақырыбы да өзгеше — «Аттан, батыр ұрпағым!» деп аталды. Жирма төрт жылдан бері «Жаудырған жанға нәубетті» Октябрь шұғыласының қасиетін мадақтай келіп, «Май айында биылғы, мұнан да өсіп мерейім, болып еді елім келбетті» дейді. Оны кезінде «Көктем менен Май даңқы» деген өлеңінде де («Социалистік Қазақстан». 1 май, 1941.) зор шабытпен жырлап берген болатын. Енді «Жазғыдан өмір өзгерді, өзгергенін көз көрді». Бірақ бұл біздің қасиетті дәстүрімізді өзгерте алмайды. «Ок жаңбырдай жауса да, Октябрьдің мейрамын, біз сұстана тойлаймыз». Кәрі жүрек сезгендей-ақ, жау іргесіне төніп тұрған астанамыз Москваның өзінде де Ұлы Октябрь социалистік революциясының 24 жылдығы атап өтілді. 6 ноябрьде «Маяковский алаңы» метро станциясының жер астындағы залында Москва советінің партия және қоғамдық ұйымдармен бірлескен салтанатты мәжілісі, 7 ноябрьде Қызыл алаңда дәстүрлі әскери парад болды. Жауынгерлер парадтан тура майданға аттанды.

Шығыс халықтарының көбіне тән жылға ат қою үрдісі қазақтарда да бар екені мәлім. «Айтылған халық ішінде, кейбір сөздер есімде» дегенде Жамбыл осыны еске алады да, жылдың жайсыздығын (1941 «жылан» жылы болатын) «бұл жыл биыл қатты жыл, атақты майдан атты жыл» деп ескертеді. Жылдың жүгі ауыр болса да «Төбесінен фашистің, оқ жаудырып бар күшпен» жеңіске жетуге үндейді.

Жамбыл көп толғауларында өзі туралы да айтып, өзінің көңіл күйін білдіріп отырады. Мұнда да солай («Мұнан бұрын жыр айтқам, қаласына Лениннің, Москва үшін жыр тапқам, жүрегі болған елімнің»). Шынында да оның Ленинград пен Москваға арнаған жыр-толғаулары аз емес. Бұл жерде оларды еске алудың мәні бар. Қазір жағдай мүлде басқа. Басқыншы жау екі ұлы қаламыздың іргесіне жақындаған кезде «Түн ұйқымды төрт бөліп, жата алмаймын оянбай» деуі қамқор қарттың қапысыз шыны. Ой-сезімін жырымен білдірмесе, көңілі көншімейді: «Халқым үшін жырымды, шығармасам үнімді, тұрады мейірім қана алмай». Ақын бұрынғы толғауларындағыдай социалистік революцияның халыққа әперген бостандық, теңдік, бақыт, байлығын санап айтып жатпайды. Октябрьдің жемісі — советтік Отанды қорғау қажеттігін басты тақырып етіп алады. Уақыт талабын түсінген ол артық сөзді араластырмай, толғау желісін «Жауға аттан!» деген негізгі ұран төңірегінде құрады.

1942 жылдың жазында неміс фашистері Отанымыздың аса шұрайлы өлкелерінің бірі — Кавказға қауіп төндірді. Жаудың жоспары Кавказ арқылы Қаспийге де, Еділге де қанды шеңгелін салу еді. Оған тойтарыс беруге барлық күшті жұмылдыру қажет болды. Осы кезде Жамбыл: «Түнжыраған күн туды, жау қолқаға ұмтылды» деп басталатын «Отан әмірі» атты толғауын шығарды. Бұл кезде Қырым мен Кубань, Солтүстік Кавказдың құнарлы аймақ, курортты аудандары жау қолында болатын. «Аяматын не қалды, аяулынды жау алды!» деп ашынды оған. Өндірісі өркенді, шаруашылығы шалқыған, тарихи ескерткіштері мол мейлінше бай берекелі өлке туралы былай дейді:

Қарыс жерің — қанындай,
Темір жолың — тамырдай.
Заводтар мен фабриктер,
Жеріміздің жанындай.

Еңбекпенен көгерген,
Құтты қоныс көк орай,
Еліміздің бағындай.
Ата-баба мұрасы,
Көздің қара ағындай.
Соларды жау шапқанда,
Лауламас кім жалындай!

Ақын ескертеді: «Жау бір сүйем жер алса, есін жимақ, күшеймек», талап етеді: «Шегінгенің — өлгенің, ерлер енді соны ойла!», кектенеді: Сай сүйегің сырқырар, кеудеде кек бұрқырар», жігерлендіреді: «Қатарың болса құрыштай, қаһарың болса қылыштай», жеңіске үндейді: «Аянбаған жауды алар». Қорқақты масқаралап («Көлеңкеден қорғалар, құрдай болып жорғалар, көзден жасы сорғалар»), батырды мадақтайды: «Арын жауға сатпаған, ана сүтін ақтаған, балаларын сүйер шал».

Сентябрь айында Сталинград эпопеясы басталды. Бұл қаһармандық оқиғаға Жамбыл «Алынбас қамал» атты толғауын арнады. Мұнда ол алдымен ақындық жырдың сыры неде — соны мәлімдейді:

Тыныштық күнде сөйлесем,
Төгілген тілден шекер-бал.
Қатерлі күнде тебіренсем,
Сөзімде менің қаһар бар.

Бұл жолдардың мағынасы айқын, мәні зор. Ақын мұнда өз творчествосының сипатын бір ғана шумаққа сиғызып айта алған. Осыдан кейін ол қатерлі күнде неге тебіренетінін былай түсіндіреді: «Түндерде тыныш жата алман, құлағым түріп хабарға, Сталинград шаһардан». Ақын қаланың тарихына ой жүгіртіп, азамат соғысы кезінде Царицынның қалай қорғалғанын еске түсіреді. Бұл туралы «Ворошилов туралы дастанында» (1937) айтқаны белгілі. Енді сол қаланы жауға бермеу және дұшпанды одан аластау қажет. Бұл жерде ақын: «Қаһардың селі қаптасын, Еділдің тасқын шағындай» деп табиғат құбылысын орынды жерінде еске алады да «Қазақтың батыр ұлдары... сендерді көріп тұр бәрі» деп жерлестеріне сенім артады. Соңында тағы да өзі туралы айтады. Алғадай Сталинградты қорғаушылардың бірі екенін мақтан етеді: «Жібердім сонда баламды, Сталинград қаланды, қорғас деп жүрек — жанындай!»

Октябрь революциясының жиырма бес жылдығына

шығарылған толғау «Большевиктік шындық туралы» деп аталады. Шығарма желісі ақынның естелігіне құрылған. Ол өзінің ауылы Майтөбеде М. В. Фурмановпен қалай кездескенін, оған «Шындық қайда, білсең айт?» деп сұрақ қойғанын әңгімелеуден бастайды. Фурманов «Большевиктер бастаса, халық оны қоштаса» шындыққа, жеңіске қол жететінін түсіндіреді. Кейін ақын бостандыққа ие болып, бақытқа кенеледі. Жиырма бес жыл бойы шаттық жырын сайрайды. «Шалынды бір күн құлаққа, гүрс еткен мылтық дауысы». Бұл — соғыс! «Сол күні жинап елімді, буындар, — дедім, — белінді!» Осыдан кейін соғыстың барысы («Басталғалы бұл майдан, мінеки болды жыл жарым»), халықтың қажырлы күресі («қан кешіп жүр тізеден»), оған ақынның үлесі («Батыр қыз, батыр ұлыма, қосылды барып жырларым») баяндалады. «Айтарым менің ел-жұртқа» деп ой-пікірін жинақтап береді. Мұнда «Өмір мен өлім белдесті» толғауындағы белгілі тармақтармен үндес келетін: «Фашистермен күресте — малды, жанды аяма! Аяғанмен мал-жанды, қанқұмар фашист қоя ма?» деген қаһарлы да қатал үндеу-ұран бар.

1943 жыл біздің әскерлеріміздің майдандағы ірі жеңістерімен басталды. Қавказ бен Украинада, Орталық Россия мен Кубаньда бірсыпыра маңызды мекендер жаудан тазартылды. 2 февральда Сталинград қоршаудан толық азат етілді. Жауынгерлердің де, халықтың да рухы көтеріле түсті. Жамбыл жырларының да сарыны майдангерлерге деген ризалық, мақтаныш сезіміне толды. «Ер сүйікті еліне, ел намысын қорғаған» деп басталатын толғауы «Қамал бұзған қаһарман» деп аталды. Бұл Қызыл Армия мен Соғыс — Теңіз Флоты күніне арналған еді. Коммунистік партияның халық пен Армияға данышпандық басшылығын дәріптей келіп, тылдың майданға көмегін айтумен бірге, ақын бұрынды-соңды естіген-білгенін есіне алып, ой толғайды. Қайсы халықта болса да ата-ананың балаға айтар тілегі бір екенін ескертеді. Орыстар: «Чапаевтай ер болса, жасқануды білмеген», қазақтар: «Махамбеттей батыр бол, қарсы шапқан Жәңгірге», грузиндер: «Тынба жауды жапырмай, жолбарыс тон батырдай», түрікпен мен әзербайжан: «Көрұғлыдай батыр бол, жаудан қайтпа» деген сияқты бата-тілек айтады. Соларды «Кеше естіген құлағым, бүгін көрдім елімнен» деп қуанады ақын. Өзінің де аманаты орындалғанына сүйсінеді:

Жар салғамын ерлерге:
— Кетпе Кавказ, Еділден,
Күт береке өңірден!
Берме Сталинградты,
Қанша терің төгілген!
Жұмса барлық қуатты,
Батырларым, — дедім мен.

Бабалардың ерлік дәстүрін сақтап қаһармандық көрсеткен жауынгерлерге сүйсінеді: «Күллі әлемге болды аңыз, Сталинградта жеңгенін!» Жеңістің маңызын «Ризамын ерлерім, жауға намыс бермедің!» деген асқақ сезімді сөздермен көтере түседі. Совет Армиясы «шеру тартып батысқа» фашистердің бұғауындағы қалаларды, елдерді азат етуге бет алған кезеңнің рухын мынадай жолдармен береді: «Батыс жаққа бара бер, басқан зілден серпілсін, қасиетті жерлерің!», «Батысқа ұмтыл ерлерім, жерді түгел ашуға!». Толғаудың сонындағы: «Мен де жырмен қосылдым, жүзге ұласқан жасымда» деген жолдар ақсақал жыраудың шынайы отаншылдық сезімінен туған айбынды лебізі. Ілгергі толғауларында қаптай шапқан қара ниет жаудың бетін қайтару, оған тойтарыс беру мақсаты алға қойылса, мұнда Отан жерін және Батыстағы көрші елдерді басқыншылардан босату, сөйтіп «қалбалақтап қашқан жауды» біржола құрту тілегі айтылады. Ақын ойының уақытпен үндестігі осыдан-ақ байқалады.

1943 жылдың январь айында Воронеж қаласын қорғаушылардың хатына жауап ретінде шығарылған бұл толғауда көп ұлтты совет жауынгерлерінің интернационалдық рухы ой өзегі етіп алынған. «Қылауы құсап асылдың, қыруар елден тоғыстың» деп кең байтақ Отанның әр жерінен келіп бас қосқан әр ұлт өкілдерін айтады. Олар орыстың «керіліп жатқан кең даласын, құнарлы қонысын» жаудан азат етпек («Қанындай қорып сол жерді, батырлар, жаумен соғыстың»). Воронеж батырларын «Құрыштан құйған камалдай... қаһарман ұлы намыстың» деп бейнелейді. «Дауылға, селге бүлк етпес, жартасша шыдап, қарыстың» деген метафора арқылы «аянбай жаумен алысқан, атадан туған адал ұлдың» ерлігін айшықтап, ажарлап суреттейді. Жауынгерлік ісқимылдың бірінен бірін асырып дамыта көрсету арқылы оның нысаналы нәтижеге жеткенін мақтанышпен түйіндейді: «Мұқатты жауды біздің ел, жеңбегі солай ақ істің!»

Жамбыл Жаңа жыл, Бірінші Май, Октябрь мерекелері кезінде де көңіл сырын, ой түйінін шабытты жырларымен жеткізіп отырды. Солардың бірі — «Жау ажалы жақын» (1943) толғауы. «Жайқалады көк майса, шөлі қанса жаңбырға. Партияның үндеуі, күш құяды Жамбылға». Ақын сөзін осылай бастап, табиғаттың құдыретті нәрі мен партияның қуатты ұранын баламалау арқылы мезгілдің болмысы мен рухын дәл бейнелей білген. «Партияның ұраны көкте ойнаған жасылдай» — мұнда табиғат құбылысын қалай сәтті шендестірген десеңізші. «Жер айыққан қырсықтан, күле карап күн шыққан» — бұл да әсерлі. Ақын орыс халқының жетекші ролін жоғары бағалайды. «Батыл, қайсар халқым бар, үлгі үйренген орыстан» деп оның қаһармандық өнегесін алға тартады. «Сүйе білмеген жек көре білмейді» (М. Горький) демекші, Жамбыл толғауларында Отанға деген сүйіспеншілік пен фашистерге өшпенділік қатар уағыздалады. Мұны ол жалаң декларация түрінде емес, факті-құбылыс ретінде баяндайды. Мысалы жаңағы толғауында фашистердің зұлымдығын: «Мұраларды қиратқан, балаларды шулатқан» деп тағы да бір қырынан көрсетеді. Жауға кегін жібермейтін совет халқының қуатты күшін суреттегенде де бұрынғы ойларын жаңа мағынамен береді: «Серті осылай бұл елдің — бір өлімге мың өлім!»

Тағы да осы толғауында «Ел мен майдан — екі ара, бір жүрекпен қозғалсын» деп айтқанындай Жамбыл тыл өміріне — республика еңбеккерлерінің майдан үшін, жеңіс үшін еткен қажырлы еңбегіне де қызыға көңіл қойып, жіті қадағалап отырды. 1943 жылдың апрель айында қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде үздік табыстарға жеткені үшін Қазақстанға СССР Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы берілді. Бұл республика еңбекшілерінің майдан үшін, Жеңіс үшін жұмсалған қажырлы еңбегінің лайықты бағасы болды. Осы қуаныш үстінде Жамбыл «Ту астында берген ант» деген толғауын шығарды. Ақын «етегін төсек, жеңін жастық» етіп далада түнейтін, күндіз-түні тыным таппайтын малшы бейнетіне жасынан қанық. «Ел тарихын үйренгем, ертегіші малшыдан», — дейді ол. Мал өсіру қашанда оңай болған емес. Сондықтан малшылардың ерлікке тең ерен еңбегіне сүйсінеді («Сол қуат боп кәріге, көкірегім толқыған»).

Малшы еңбегінің қиын да ең мерейлі сәті — төл алу,

оны аяқтандырып, қатарға қосу науқаны табиғаттың да жасарып жайнай түсетін көрікті шағы — көктемге тура келеді. Малды ауылдың, шүйгін жайлаудың осы бір керемет көрінісін ұлы Абайдан бастап (тіпті одан бұрында) шаттана жырлаған шабытты ақын аз ба? Соның бірі Жамбыл:

Жылкы жатыр өрісте,
Кұлындар жүр құндыздай.
Көзіне ыстық, келісті —
Кұнан тайлар жұлдыздай.
Сиырлар жүр манқиып,
Желіндері жер сызған,
Бүйірлері томпыып,
Бұзау емген уыздан, —

деп суреттейді де, қыр қызығының өзіне тән сән-салтанатын сипаттайды, дарқан дала музыкасына дабылды жырын қосады.

Әдеттегі толғауда ақын көрген-білгенін, естіген-ұққанын жинақтап, соған байланысты өзінің қорытынды пікірін, ой түйінін айтады. Ал мынадай көріністі, эпизодты суреттеу кездесе бермейді. Бұл ерекшелік автордың көңіл-күйіне байланысты туса керек. Тақырып бұрынғыдай майдан жауынгерлеріне емес, тыл еңбеккерлеріне арналған. Ақын да ызаланған, кектенген күйде емес, жадыраған жайдары қалпында. Себебі майданда совет жауынгерлері алға басуда, тылда жерлестері табысқа жетіп, абыройға бөленуде. Жамбылдың: «Соны көріп білдім де, ән шырқадым, жыр қозғап» деуі осындай жағдайды аңғартқандай. Бірақ ол майданды естен шығармайды:

Жүз жасаған кәрің ем,
Жұқа тартқан қаужиып.
Кепескенде бәріңмен —
Тәғы менен ал бұйрық.

Ақынның қайталап айтар бұйрық-тапсырмасы («Ерге көмек берейік, кек алғанша бұ жаудан») — уақыт ұраны, Отан аманаты. «Осы болсын антымыз, тойларыңда ту алған!» деп түйеді малшы қауымға арнаған салмақты сөзін.

Жамбылдың тыл еңбеккерлеріне арнаған тағы бір толғауы — «Темір тұлпар мінген қыз». Қай заманда болмасын «Ел басына күн туса, ер аттанған өлімге» дейді ақын. Олар, әрине, өлуге емес, «жауын жеңіп келуге» аттанады. «Сондай күндер сын болған, елдегі қыз,

келінге». Демек ер азамат майданға кеткенде ауылда қалған әйелдердің міндеті арта түспек. «Мен соларды көп көргем» деп әйелдердің «ие болып мал-жанға» шаруашылықты игерумен қатар, «Ерге қайрат дем беріп, елге медеу бел болып, ерден зият атанған» кездерін еске алады. Оның бұл жағдайды еске түсіріп отырған себебі: «Туды тағы сондай күн». Осыдан кейін майдандағы ерлердің «Екпіні сел қаптаған» жойқын қимылын суреттейді. «Аман болса мұндай ер, жеңілер ме туған ел» деп түйеді.

Майдандағы жеңіс тылдың көмегіне байланысты екенін айта отырып ақын «Майдан қамы дегенде үйдегі асын татпаған, болысам деп ерлерге, титтей дамыл таппаған» қыз-келіншектердің қажырлы еңбегін дәріптеп, сүйсіне жырлайды.

Темір тұлпар мінген қыз,
Жапан қырды төңкерген.
Жерді егінмен көмкерген.
Елді азыққа тоқ еткен,
Цушпанға ажал оқ еткен...
Қыздарына болысқан,
Үйдегі ана, жас балам,
Жұрт қайраты тоғысқан,
Шал да қарап жатпаған...
Бейне майдан бұл бір іс,
Кең даланы қаптаған.

Міне осындай тылдағы қызу еңбек майданы, бір мақсатқа жұмылған жас пен кәрінің қауырт қимылы ақын жанын тебірентеді. «Темір тұлпар» тракторды «ерттеп мінген» қыздың ерен еңбегін «оқты қардай боратып, танктерін бұрқантқан жауынгердің ерлігіне салыстыруында мән бар. Екеуінің де тағдыры ортақ: «Ертең жауды жеңгенде... құлын-тайдай бірге өсіп, қызық дәурен сүр, — десіп, сүйер сонда ата-анаң!» Сондықтан «Темір тұлпар мінген қыз» да жеңісті жеделдетуге өз үлесін қосуға құштар. Ақын осы мақсат бірлігін жырлаған.

1943 жылы Алматыда өткен республикалық ақындар айтысын ашарда бұл өнердің игі дәстүрі, ел тағдырының шешуші кезеңіндегі өнерпаздар сөзінің атқарар қызметі жайында толғады. «Ақындарға арнау» деп аталатын осы толғауында ол біресе «Алатаудан, арқадан ақындарым келіпсің, тілдерінен бал тамған, жақындарым келіпсің», — деп тебіренсе, енді бірде «Жүрген жері жыр-думан, сендер елге көріксің», — деп әріптес-

терін көтермелейді. Өзінің де «елең қағып өленге» делебесі қозғанын айтады. «Мұндай дүбір жарыста, кім қызбайды намысқа! Көтермекші боп келдім, ақындарым, қарышта!», — деп ұрандайды.

Өзінің толғау-жырларында жауынгерді шабуылға, жеңіске, еңбеккерді қажырлы іске, табысқа шақырған Жамбыл енді ізбасарларын өнер сайысына жігерлендіреді:

Жүйрік-жүйрік болар ма,
Шаршы төске сермемей?
Қыран-қыран болар ма,
Тас кияға өрлемей?!
Жорға-жорға болар ма,
Төрт аяғы тайпалмай?!
Батыр-батыр болар ма,
Қалың жауды қайтармай?!

Халық ұғымындағы ұнамды бейнелердің (жүйрік пен жорға, қыран мен батыр) қай-қайсы да сыннан өтпей абырой-атаққа ілінбеген. Ақын да сондай сыннан өтуге тиіс. Ол сын — ақындар айтысы. Жамбыл айтқандай: «Ақын-ақын болар ма, арқа қызып ән салмай?! Жиналған көп халайық, сөзіне ұйып тамсанбай!» Демек ақындардың жоғарғы мектебі — айтыс. Бұл бұрыннан келе жатқан үрдіс. «Ұзын жолдан біз өткен, өренге көп тәлім бар» дей келіп, өзінің ұстаздары мен тұтастарын атайды Олар: Сүйінбай мен Қатаған («Қара өленді матаған»), Кеншімбай мен Орынбай («Өлең сөздің қорындай»), Құл, Құлманбет, Құлыншак, Майкөт, Сарбас, Қуандық («Бұлдырайды туға ұсап, көңілімізді құмар ғып»), Шөже мен Кемпірбай («Өлең-жырдың жұртындай»). Мақсат — солардың дәстүрін дамыту. «Жырға лайық елің бар, елге лайық ерің бар» деген ақын туған елдің ең дәулетін айтып алады да: «Осыларды толғайтын, ақындарым, жөнің бар» деп түйеді. Сонымен бірге «Жауды қуған жөңкілтіп, батырларға қараңдар!» дейді. Ондағысы солардың ерлігін мадақтандар, қаһарман заманды, қажырлы адамды жырландар, дүниеде не болғанын кейінгі ұрпаққа айтып қалдырыңдар деген өсиеті. Бұдан Жамбылдың «ақын жыры — дәуір шежіресі» деп ұғатыны тағы да айқын көрінеді.

Айтысқа келген ақындардың ішінде Жамбылдың өзі жақсы білетін өкшелес әріптестері, саңлақ шәкірттері де бар. Ата жырау сөзін соларға арнайды. Орынбай мен Шашубайды, Нартай мен Кененді, Нұрлыбек пен Мая-

сарды, Қуат пен Жақсыбайды атап айтады да «Өлең-жырды дүрілдет, жарқылдатып жасылдай» деген талап қояды.

Сөздерінің күшінен,
Жау жүрегі түршіксін!
Жырларынды естіген,
Дос құмардан бір шықсын!

Енді бұл шумақты ақынның дәл осындай бір сәтте айтқан мына сөздерімен салыстырып қарайық:

Уа, Нүрпейіс қайдасың?
Уа, Орынбай, шырқа сен.
Қалқа, Нартай, Нұрлыбек,
Жырларынды нөсерлет,
Ақтарыңдар арнасын!

Екі шумақтан екі кезеңнің тынысы сезіледі. Алғашқысында өлең-жырды селдей қаптатып, найзағайдай жарқылдатудың қажеттігі соғыс уақытының талабынан туғаны көрініп тұр. Екінші үзіндіден (1939 жылғы ақындар айтысын ашардағы сөз) ондай қатаң дабыл, қатқыл үн байқалмайды.

Өлең-жырдың атқарар қызметі туралы Жамбылдың ілгеріден қалыптасқан пікірі бар. Оның: «Жыр деген біреуге оқ, біреуге бал, дәл тиген ақ берендей жұлдырып айт!» («Ұсынамын», 1937), «Досқа — күй, дұшпаныма өлеңім — оқ» («Қайта келген жастық», 1939), «Аузымда — жыр, қолымда — оқ, жырым — досқа, жауға — оқ» («Қаны бір бауырларымызға», 1939), «Жыр тербетсін ел жанын, жыр жайратсын ел жауын» («Маяковский», 1940) тәрізді өлең жолдарынан осыны аңғаруға болады. Ал соғыс кезінде жырдың мұндай қасиеті еселеп арта түскенін ескерсек, Жамбылдың ақындарға оны айырықша ескертуінде үлкен мән бар. Сонымен бірге бұл толғауында оның өз өнеріне, поэзияға деген эстетикалық талғамы, идеялық көзқарасы бұрынғыдан да айқын танылады.

Философиялық, дидактикалық, патриоттық ой түйіндеуге құрылатын толғауларды ақын кез келген жағдайда шығара бермейді. Ол ел тағдырындағы елеулі кезеңдерде ғана туады (11). Біз білетін Сыпыра жыраудан (XIV ғасыр) бері қарай қайсы ақынның толғауын алсақ та бәрі де ел өміріндегі қиын кезеңдерде шығарылғанын көреміз. Жамбыл толғаулары да сондай, майдан мен тылдағы елеулі оқиғаларға арналған.

Жамбыл ішкі монологтың ақыны болғандықтан өз атынан сөйлейді. Оның «мені» лирикалық кейіпкер — ақылшы қария, көпті көрген көненің өзі. Ол тарихты шолып, басынан кешкенді, көріп-білгенді есіне түсіріп, жүйелеп айтады да нақты құбылыстардан жалпы қорытындыға келеді. Негізгі мақсатқа бірден көшпей, суыртпақтап, сабақтап айтады. Өсиеттен үгітке, үгіттен тілекталапқа ауысады. Жауынгерге алғыс, жауға карғыс айтады. Дәстүрлі толғаулардың көпшілігі мадақтау (тирада, қасида) рухында шығарылатындықтан оларда ұнамсыз бейне кездесе бермейді. Ал Жамбыл толғауларының тақырып-мазмұны, идея-мақсаты әділетсіз соғыстың табиғатын ашу болғандықтан, мұнда майдан қаһармандарымен қатар, фашист басқыншылардың бейнесі де көрініс береді. Жауынгерлік-жорықты, ерлік-патриотизмді арқау еткен бұл шығармалар эпикалық қаһармандық толғауға жатады. Алайда олардың қай-қайсында болсын лирикалық, философиялық, шешендік толғау элементтері жоқ емес. Ақын тындаушысын көз алдына елестетіп, онымен сырласып отырғандай күй кешеді. Құбылысқа, жағдайға баға беріп, соған байланысты өзінің жан сезімін, ой-пікірін білдіріп ақтарыла сөйлейді. Сондықтан да сөзі жүректерге ұялап, рухани күшке айналады.

Бәрі де жыр өлшемінен шығарылғандықтан және жалпы тақырыбы да бір (Отан соғысы) болғандықтан Жамбылдың бұл кездегі толғауларын өлең, жыр-термелерінен алабөтен ажыратып алу қиын. Толғаудан термеге тән тізбектер кездессе, жырдан толғаудың кейбір сипаттарын табуға болады. Шартты түрде десек те мазмұн сарынына, философиялық ой толғамына қарап бірқатар шығармаларды толғау деп таныдық.

Жамбылдың толғаулары ылғый шұбыртпалы ұйқас, кейде шалыс ұйқас түрінде ұшырасқанымен, шумақтары көп тармақты болып келеді. Сондықтан оларды белгілі бір тармақ санымен шектелетін шумақтар емес, көп тармақты түйдектер деуге болады. Жоғарыда сөз болған толғаулардың бәрі де бірнеше түйдек жырдан құрылған. Алайда Жамбылдың бір ұйқаспен бітетін, яғни бір ғана түйдекпен бітетін толғаулары да бар. Мысалы отыз екі тармақтан тұратын «Воронеж батырларына» бір ұйқаспен шығарылған. Осындай ұйқас тұтастығы дыбыс үндестігін, ырғақ үйлесімін күшейтіп, толғаудың сөздерін әсерлендіре, көркемдігін әрлендіре түскен.

Акын толғауларының тілі, поэтикалық бейнелеу шеберлігі оның творчестволық құдыретін танытатын елеулі құбылыс. Мысалы Жамбыл қысқа сөйлемге үлкен ұғым сиғыза біледі. 1. Тіпті толғаулардың «Ата жаумен аяқастық», «Өмір мен өлім белдесті», «Аттан батыр ұрпағым», «Қамал бұзған қаһарман» тәрізді тақырыптарының өзі қанатты сөздей жинақы, шымыр, әсерлі; 2. Ізгілік пен жауыздық, достық пен дұшпандық, батырлық пен қорқақтық тәрізді адамға тән кереғар қасиеттерді суреттегенде жай салыстыру ғана емес, шендетіру, кейіптеу тәсілдерін де кеңінен қолданады. Айталық «Қаусаған кәрі дүниенің» жайнаған жаңа заманға соқтығып, тамтығы қалмайтынын ескертуі; 3. Белгілі бейнелі тіркестерді, мақал-мәтелдерді ұтымды пайдаланады: «Бақ келді деп таспа, жау келді деп саспа» («Жау келді деп саспастан, аяқтарын нық басқан»), «Қорлық өмірден, ерлік өлім артық» («Елді жауға бергеннен, өлген артық одан да», «Ел деп анық ансаса, ерге тәйір өлім не»); 4. Идиомалық тіркестер, бейнелі сөздер жасайды: «Сен шақырсаң партиям, әмірің ортақ маған да», «Бұл жолдан қалған малың — мал, бұл жолдан қалған жаның — жан», «Асу бермес тау да жоқ, жеңілмейтін жау да жоқ», «Қарыс жерің — қанындай, темір жолың — тамырдай», «Қатарың болса құрыштай, қаһарың болса қылыштай», «Жұрт аузында бір-ақ сөз, жоқ қыламыз жауды тез»; 5. Дәстүрлі жырлардағы бұрыннан қалыптасқан типтік немесе даралық образды ұғымдарға жаңа мағына береді: «Толмағандай жемсауың, алғың келіп жер шарың», «Жан-жағынан елімнің, ағытылған от арба», «Дүбіріндей тұлпардың, бұл жыл жауды жұлқар күн»; 6. Өзінің үйреншікті әрі сүйікті тақырыбы ерлікті жырлағанда байырғы теңеу, эпитет, метафораларды құбылтып, түрлендіріп қолданады: «Қауырғандай қуаты, аспан мен жер арасын», «Полктарын бұрқантып, құрыш болат құрсантып», «Қамалына оқ дарымас, ол бір құрыш асыл тас»; 7. Батыр, қаһарман, қыран, тұлпар немесе қорқақ, қорқау, жалмауыз, қасқыр, жылан тәрізді атаулар мен бейнелі ұғымдарды кең мағынада қомақтандыру, ұлғайту тұрғысында пайдаланады; 8. Майдандағы шайқасты суреттегенде де белгілі тіркестерді дайын күйінде алмай, соғыстың сипатына қарай өзгертіп отырады: «Сусып фашист сұмырай, еліме шапты алақтап», «Боратып жатыр оқтарын, жаудырып жатыр доптарын», «Қанды сапты сапысын, жендетіне

серменті», «Пәршелеп жаудың легін, талқандап танкі түйдегін»; 9. Ой-пікір, тұжырымдарын астарлап, пернелеп айтады: «Жылан басы жаншылар, жау түнегі аршылар», «Ажалына асыққан, обырларды жұтар жер», «Ажалға келген алыстан, қасқырдай іші қабысқан», «Тоқтамақ емес тасқын сел, таптамақ емес тау үстін»; 10. Ойдың мәнін күшейту үшін сөзді қайталап еселеп, пернелеп айта біледі: «Жел аңқылдап күн шықса, қара бұлт көшіп кетпес пе? Қастасқан жаудың түбіне, қаһарлы халық жетпес пе?!» немесе «Батыр-батыр болар ма, қалың жауды қайтармай, ақын-ақын болар ма, арқа қызып ән салмай?!»

Жамбыл өзінің тамаша толғауларында В. И. Лениннің, Коммунистік партияның, қаһарман халықтың, жеңімпаз Армияның жарқын образын жасауға бар творчестволық қабілетін жұмсап, Отан соғысының ерлік эпопеясына елеулі үлес қосты.

¹ Толстой А. Н. Четверть века советской литературы. (Доклад на юбилейной сессии АН СССР 18 ноября 1942 г.) // Литература и искусство. 1942. 26 дек.

² Ысмайылов Е. С. Ақындық өмір. Алматы, 1965.

³ Жыр алыбы. Алматы, 1971.

⁴ Творчество Джамбула. Сборник. Алма-Ата, 1956.

⁵ Тихонов Н. С. Двойная радуга. М., 1964.

⁶ Правда. 1944. 4 июля.

⁷ Жамбыл. Шығармалары. Алматы, 1946.

⁸ Қазақ әдебиеті. 1986. 28 февраль.

⁹ Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1984.

¹⁰ Совет Одағының Ұлы Отан соғысы. Алматы, 1972.

¹¹ Абылкасимов Б. Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. Алма-Ата, 1984.

2. ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ

Жамбылдың соғыс кезіндегі өлең-жырлары, негізінен, совет жауынгерлерінің майдандағы ерлігін мадақтауға, оларды басқыншы жауға мейірімсіз болуға, сөйтіп, Отан үшін, Жеңіс үшін жан аямай күресуге үндейді.

...Бір оқ атса, мың оқ ат!
Тебесінен жау құлат!
Ақсын қаны сорғалап,
Өз қанына бөгелсін.
Қанға бөксін құркұлақ,
Тұяғымен танкінің,
Күле айналдыр мылжалап.
Егізде жауға рақым жоқ!
Жау жазасы жалғыз оқ!,—

деп Солтүстік Кавказ тауларына, Дон бойына, Еділ жағалауына ентелеп еніп, өрлеп келе жатқан қанқұйлы жендеттерді жайпап тастау керектігін жырлайды қарт ақын.

1941 жылдың ноябрінде генерал-майор И. В. Панфилов басқарған 316-дивизияға сегізінші гвардия дивизиясы деген атақ берілгенін радиодан естігенде «Совет гвардеецтеріне» атты өлеңін шығарды.

Күрсаңандай күш қуат,
«Гвардия» деген ат,
Берілікті ерлерге —
Қан майданда таймаған,—

деп жауынгерлердің үлкен абыройға ие болғандарына жүрегі жарыла қуанады. «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін, Октябрь жемістерін қорғап қалайық!» деген ұранмен фашист қандыбалақтарына қарсы күреске шыққан Қызыл Армияның айбынды жауынгерлерінің қаһармандығын тебіреніп, толғанып айтады. СССР халықтарының достығы мен туысқандығының мызғымас бірлігін, советтік патриотизмді асқақ пафоспен шабыттана жырлады. Өйткені панфиловшылар дивизиясында 36 ұлттың өкілі бар еді. Барлығы тастай түйіліп ұлтрақтай жер үшін, тостағандай төбе үшін жан аямай күресті. Олар «ынтымақ-оқ өтпес сауыт» екендігін дәлелдеді.

1942 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1 январьдағы санында Жамбылдың «Жаңа жылдың кезеңі» атты жыры жарияланды. Сонда:

Қия шауып фашисті,
Қирататын күн туды!
...Көк пен жерде жаңғыртып,
Оқ ататын күн туды!
...Зұлымның күшін қайтарып,
Жоғалтатын күн туды!,—

деп жаңа жылғы айбынды міндетті айрықша атап көрсетті. Соғыстың басталғанын естігенде, Бас қолбасшының үндеу сөзін тыңдағанда, Октябрь мерекесін тойлағанда (1941 жылғы), Ленинград, Москва қалаларына қауіп төнгенде, т. б. оқиғалар кезінде Жамбылдың үні кең-байтақ Отанымыздың түкпір-түкпіріне тарап жатты. Ол бәріне де үлгіріп отырды.

Жырым күйлі пернеден,
Немерем, балам, шөберем,
Тағы да бір тындасын,—

деп айбынды совет жауынгерлеріне үн қатты. Халықтың құрышынан қаруың болаттай берік құйылған, болмыс-бітімің, жаратылысың ата-бабаңа тартқан дей келіп:

Ол — таңы мәңгі тарихтың,
Қиратқан халық дұшпанын.
Ол — майырымас құрышы,
Қамалды болат сауыттың.
Көктен келген дұшпанға,
Қара жерді қаптырған.
Судан келген дұшпанның,
Кемесін суға ақтырған.
Жерден келген дұшпанға,
Ақ қарда ажал таптырған.
Ер туған біздің жауынгер,
Ұрпағы батыр алыптың!,—

деп бітіреді. Бұл жолдар жауынгерлерді жеңіске жігерлендірмей қойған жоқ. Ер-азаматтар жорыққа аттанып кеткенде елде қалған қыз-келіншектер қарап қалмағаны белгілі. Ақын олардың ересен істерін де ұшқыр жырының қанатына ілестіріп, жалпақ елге тындатқызды.

Гуманистік пафос Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдары тұсындағы творчествосының басты сипаты болып табылады. Ол — әрбір өлеңдері мен толғауларына тән құбылыс. Ендеше бұл ерекшелік «Сыйлық» өлеңінен де табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие беруде Жамбылдың арнау өлең-жырларының идеялық-эстетикалық мәні ескеріліп, ол Ленинградтың 250 жылдық мерекесінде юбилейлік медальмен наградталды. Қазақ радиосы 1942 жылғы 31 октябрьде «Ленин қаласының даңқты қорғаушыларына Қазақстаннан сәлем» деген арнайы хабар да ұйымдастырған еді. Сонда микрофон алдына шыққан Жамбыл батырлық, ерлік жырын толғап, академик Қаныш Сәтбаев та жауынгерлерді жігерлендіретін сөздер айтты.

Қарт ақын нендей құбылысты жырласа да ерлік, батырлық тақырыбына соқпай өтпейді. Туған халқының міндет-сынына төзетін, ар-намысына кіршік келтірмейтін нағыз ұлды беріле жырлаған.

1943 жылы көктем айларында Қызыл Армия неміс басқыншыларына қарсы күресті кеңінен өрістете отырып, жаңа жеңістерге қолы жетті. Қуанышты оқиғаларға құлақ түріп отыратын елгезек ақын «Той күні таяу» жырын шығарды.

Қаһарман Қызыл Армия,
Қамалын бұзып дұшпанның.
Ғаламға қылып жария,
Жапырып жауды жар салған!,—

деп оның тегеурінді, серпінді қуатына, мұқалмас қайратына кәміл сенді, Отан үшін күрестің қасиетті де қастерлі, ардақты іс екенін барынша мағыналы, мәнді сөздермен жеткізіп айта білді. Сұрапыл дауыл күндеріндегі Қызыл Армияның жорықтарын қадағалап, бағалап отыратындығын айтып:

Дегенмен қатты майдан бар,
Ышқынар әлі айдаһар,—

деп те ескертті. Командирлер мен офицерлер, саяси қызметкерлер мен жауынгерлер, интеллигенция қауымы мен жұмысшылар, майдан газеттерінің тілшілері, т. б. Жамбылмен тікелей байланыста болды. Мұны ақын «Қызыл Жұлдыз» газетіне арнаған өлеңінде айқын аңғартады:

Халықпен жаны бір адам
Қажымай қорғап намысты.
Қалайда жеңіп шығады.

Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының XXV жылдығына орай «Сәлем саған, комсомол» жырын айтты. Партияның сенімді қолғанаты комсомолдың «көк болатты киініп», «тастүлектей түйіліп» дұшпанның отын сөндіріп, туған топырақтан жөнкілте қуғанын, сөйтіп, жас қайратын танытқанын, «құл-бұғаудан ағытқанын» айта келіп:

Байтақ Отан бесігің,
Бақытқа ашқан есігің.
Бұл Отанның барында,
Балам, артық несібің!,—

дегенде жас өреннің бақыт, байлығы туған Отаны екендігін ұрпақ зердесіне терең ұялатады.

Қысқасы жырау майдан мен тылдың ұлы дәнекері, алтын көпірі, жалғастырушысы болды. Ол асыл жырын тобықтан қан кешкен жауынгерлерге арнады, оларды халқының батырлық жырларының рухында тәрбиелеуге үндеді. Ел атынан, халық атынан, Коммунистік партияның атынан кесек, мағыналы сөздер айтты. Мұндай сөздерді асқан көркемдік қуатқа орап-бөлеп сөйледі.

Өңкей өрім балалар,
Қолымыздан өсірген!
Ар азығын алғандар,
Ананың ақ төсінен!—

деп олардың текті жерден, алтын ұядан тәрбиеленіп шыққандығы туралы лебізін «жүз жасаған жүректен» білдірді. Ары қарай:

Қан майдан боп жатқанда,
Қарлығар ма көмейім!
Жүз жасаған жүректен,
Жырларымды төгейін,—

дейді. Сөйтіп, өз міндетін де терең түсініп, ұлы мұраттар тұрғысынан ойлар өрбітеді. Жамбылдың «Жүз жасаған жүректен» жыры Н. құрамасы жауынгерлерінің хатына берген жауабы еді. Ол «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 30 майдағы санында жарияланды.

«Қырман басында» өлеңін соғыстың алғашқы күндерінде орақшылар ортасында айтқан екен. Ол колхозшылар мен жұмысшылардың арасында жиі болған. «Жәкең 97 жасына дейін салт атқа мініп жүрді. 1942 жылы салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты», — деп жазады Сәбит Мұқанов. Шау тартқан шағында ел басына түскен қайғы-мұңды терең сезінген ақын ыстық сезіммен былай дейді:

Тоссағға келдім демеймін,
Түрініп етек-жеңімді,
Ғорғауға шығам елімді.
Жыр жырласа көмейім,
Жігітше жазам белімді,
Халқыммен бірге мен-дағы,
Түбітше түтіп жауларды,
Жібермен намыс-кегімді.

Қиын шақта қоршаудағы Ленинград қаласына Совет Одағының түкпір-түкпірінен жүздеген хаттар мен телеграммалар барса, қарт ақын Ленинградты қорғаушыларға ыстық сезімге, жылы лебізге құрылған өлең-жырларын жолдады.

1943 жылы 20 мартта майдандағы Н. қазақ құрамасының жауынгерлері «Атамыз Жамбыл ақынға» деген өлеңмен жазылған хатын жолдады. Онда мынадай жүрек сөздері бар.

«Қажырлы әкеміз, Жамбыл! Сіздің «Балама хат»

деген өлеңіңіз Шығыстың таң алдындағы майда желіндей желпіп бізге жетті. Біздің жігерімізді тасытты. Біз бәріміз де, осы хатты жазып отырғандар, батыр достарымыз туралы сіздің тәтті жырларыңызды тағы да оқымыз деген үміттеміз», — деп бастап өлең сөзге көшкен. Хат жазушылар қаһарман ерлердің фашист қанішерлерімен қызыл оқтың тілімен, ұшқыр оттың сөзімен сөйлесіп жүргенін тебірене баяндаған. Ел жүгін нарға, аманатын ерге артады емес пе! Елдің ісі ердің мойнында ғой. Жүректі батыр Бұрышевтің, жігіттің өткір болаты Баймурзиннің, егесте есесін жібермейтін Ерназаровтың батырлық істерін маржандай тізіп айтқан. Ең соңында Жамбылдың майдандағы ерлікті өз жырының алтын өзегіне айналдырғанын еске ала отырып:

Толып жатыр осындай,
Қаһарман батыр жігіттер,
Өзіңнің шешен тіліңмен,
Бұлбұлдай тәтті үніңмен,
Ұлдарыңды кемеңгер,
Әлемге айқын жырлап бер,—

деген тілек білдірген. Хатқа жиырма бес адам қол қойған. Оның ішінде Әзілхан Нұршайықов, Қасым Шәріпов, Ыбырайым Сүлейменов, Сақтаған Бәйішев және тағы басқалар бар.

Сондай-ақ Сталинградты қорғаушы бірнеше жүз қазақ жауынгерлері мен командирлері де Қазақстанның халық ақыны Жамбылға хат жазған. «Қазақ халқы, — деді олар өздерінің хатында — орыс халқымен бірге Сталинградты қорғауға аттанды. Сталинградты қорғай отырып, мұнымен бірге Алматыны, қазақ халқының намысы мен тіршілігін қорғаудамыз. Өздеріміздің семьяларымызды, балаларымызды қорғаудамыз. Орыс халқының басқа халыққа қандай көмек көрсеткенін әрбір қазақ ұмытпайды. Орыс халқының жәрдемі арқасында біздің республика гүлденген, мәдениетті бай елге айналады. Туған жеріміз Алатау қандай қымбат болса, Волга бойы сондай қымбат. Қазақстанның кең даласы қандай қымбат болса, Дон мен Украинаның даласы да бізге сондай қымбат. Бәріміздің жолымыз бір — жауға қарсы алға ұмтылу!» (Майдандағы армия. 1942 жыл, 17 ноябрь).

Тағы бір хатта Старая Русса, Новгород қалаларының түбінде болған кескілескен ұрыстарда басым түскен қазақ жігіттерінің батырлық, қаһармандық істері айтыл-

ған. «Сондықтан да жүрегіміздегі шынымызды, әрі сырымызды қазақ халқының ақсақалы — алып жырау Сізге айтуды азаматтық борышымыз деп санаймыз», — деп Солтүстік Батыс майданының жауынгерлері ағынан ақтарылған. «Біз ауылдан аттанғанда ана сүтін ақтауға ант еткен едік. Сол ант жүрегімізге бекем орнаған. Осы ант бізді үнемі алға, жеңіске бастайды. Сын сағатта берілген осы ант — жауға атылған оқ! Досқа берген айнымас серт, қарт ата!», — деп тебірене сөйлейді.

Сондай-ақ майдан төрінен келген көптеген хаттарда Қызыл Армия жауынгерлері ақынның үміт-сенімін орындағанын, қанды шайқастарда жалынды жырының бойға қуат дарытатындығын айтады, ал ерлікпен қаза тапсақ, Жамбылдай ақын поэзиялық ескерткіш орнатады ғой деп үміт ететіндігін сездіреді. Әлбетте осындай хаттардың әсері, шарапат-ғибраты ел мен ерге мол болмақ. Елге сергектік, ерге жітілік дариды. Соғыс тұсында осындай тәжірибенің мән-маңызы айрықша болған.

Ұлы Отан соғысы күндерінде Жамбылға жазылған хаттар тарих беттерінің парағы іспеттес. Отты жылдар шежіресін шертеді. Бірі ақын жырларының күш-қуатынан рухтанып, қанағаттанғанын айтса, екіншісі отандасымен отқа түсетінін, жауды күйрете жеңуге ант беретінін сөз етеді. Тағы ерлік істерін тізіп есеп береді, сүйінші сұрайды, яғни қайрат-жігер беретін өлең жіберуді өтінеді. Бұл жылдары Жамбылдың жеке өмірінде де елеулі әрі қайғылы оқиға болды. Ол — ұлы Алғадайдың қазасы еді.

Жүзді алқымдап қалған қарт жырау 1942 жылдың жазында үлкен ұлы Алғадайды майданға шығарып салды. Сонда:

Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам.
Ақсақалым желбіреп,
Артыңнан қарап мен қалам...,—

деп мәртебелі болуын тілей отыра:

Алғадайым арлы еді,
Ата сөзін сыйлаған,—

деп инабаттылығы мен ізеттілігін құрметпен айтса:

Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам!,—

дегенінде артында елін бар, елінді, жерінді адал жаныңмен, ұят-арыңмен қорға деп тілек білдіргендігі аңғарылады. «Ел мен ерге сын туған кезде, уақыт тудырған зобалаңда өмірдің жалтыр мұзында тайғанап кетпе, табанды, қажырлы бол» деп ақыл сөздерді санасына құяды.

Алғадай алғыр, қырағы қызыләскер атанып, ата-бабасының батырлық дәстүрін сәтті жалғастырады. Оның ерлік істерін құрама бастығы ерекше сезіммен тебіреніп, Жамбылға хат жолдайды. Ақын бұған шаттанып, хатты жастығының астына қойып сақтайды. «Өзге балаларым бір төбе, Алғадайым бір төбе» деп отырады екен ол.

Алғадайдың өзі 1942 жылдың октябрінде әкесіне хат жазып, гвардеец атанғанын айтады. Жасаған ерліктерін жазады.

Оған Жамбыл былай деп тіл қатады.

Хатынды, ботам, оқыдым,
Халінді білдім сапардан.
Қуанып саған отырмын,
Гвардеец атанған.
Сұрғышы, Саурық секілді,
Болыпсың балам қаһарман,—

деп батырлығына ризашылық білдіреді де, «Шегінбе жаудан, жанды сал! Айныма антыңнан!», — деп ұлын қайрай түседі. Бұл ойын әрі сабақтап:

Аянба, балам, аянба!
Бәлекет сонда аршылар.
Алғадай, ылғи алда бол,
Аянған адам болмақ қор,—

деп шегелей түседі.

Алғадай хатында: «Біздің басшы жолдастарымыз Сізге қаратып Ардақты атамыз деп хат жазды. Хатымызды ала отырып, сол хатқа жауды жаныштайтын сөз жазып, кешіктірмей жауап қайтарыңыз. Сіздің өлеңіңіздің бізге көп жәрдемі тиеді екен...», — дейді. Бұған қарт ақын:

Даусың жарқын санқылдар,
Мәртебең асып артылар,
Айбатың асар дұшпаннан,
Жауыздың күшін жапырар.
...Бәйгеге бәрін тігемін,
Сендерге арнап осы жол.
Достарына сәлем айт,
Жауларыңды жеңіп қайт,—

деген тілекпен жыр сәлемін жолдайды. Дауылды күнде дабыл қаққан жас берендер мұны шын жүрекпен қабылдап, жауларына тау бүркітше түйіледі.

1943 жылы Ташкентте өткен Орта Азия халықтары өкілдерінің антифашистік митингісінде Сәбит Мұқанов: «Тоқсан жеті жастағы үш орденді ақын Жамбылдың өлеңдері Кавказ тауларында, Сталинград даласында, Брянск ормандарында, Карелья батпақтарында, Балтық теңізі мен Қара теңіз толқындарында естілуде», — деп мәлімдеді. Шынында қарт жырау:

Алғадай, дедім, аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай.
Жырымды жеткіз ерлерге,
Майданға қаққан дабылдай.
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай!—

деп тарихи жағдайдағы поэзияның орнын, өзінің азаматтық, ақындық міндетін терең түсінген.

Оның ұлы Алғадай 1943 жылдың 22 февралінде Днепропетровск облысының Синельниково станциясы қасындағы шайқаста ерлікпен қаза тапты. Осыған орай жетінші гвардиялық Қызыл тулы атты әскер дивизиясы командованиесінің 1943 жылдың 2 апрель күні жазылған хаты келді.

Онда былай делінген:

ҚЫМБАТТЫ ЖАМБЫЛ АТА!

Жетінші гвардиялық Қызыл тулы атты әскер дивизиясының командованиесі туған Отанымыз үшін болған қанды шайқаста Сіздің ұлыңыз Алғадай батырлық, ерлік қимыл жасап, қаза тапқанын қайғырып хабарлайды.

Үстіміздегі жылдың 22 февралінде Синельниково қаласының маңында болған қиян кескі ұрыста ол үш қарулас серігімен неміс танкілері мен автоматшыларына қарсы шықты. Зұлымдар нөпір күшпен соқтықты, қайткенде де бұлардың позициясын әлсіретуге жанталасты. Жаудың басымдығына қарамастан ержүрек жауынгерлер қайсарлықтың нағыз үлгісін көрсетті. Алғадай серіктестерінің екеуі опат болды, ал өзі басынан жаралы болса да сұмпайы гитлершілерді талқандауды тоқтатпады. Ақырында неміс снарядының жарықшағы оның да балғын, балауса өмірін ерте үзді. Сіздің ұлыңыз Отан алдындағы қасиетті парызын ақтады. Шын мәнісіндегі гвардеец батыр ақтық демі таусылғанша қатыгез жаумен айқасып, ұлы халқымыздың абыройы мен бостандығы үшін жас өмірін құрбан етті. Алғадай көрсеткен ерлігі, қайсарлығы және өжеттігі үшін «Қызыл Ту» орденіне ұсынылды.

Жамбылов Алғадай жалынды патриот, үздік жауынгер, қазақ халқының ардақты ұлы ретінде біздің есімізде мәңгі-бақи сақталады.

Сізбен бірге орны толмас, өкініші естен кетпес ауыр қазаға күйзелеміз, ізетпен еске алып, масаттанамыз. Ауыр қасірет үстінде оның батырлығы мен әскери борышына деген қастерлі де терең сезімі Сізге жұбаныш, медет болсын!

Жетінші гвардиялық Қызыл тулы атты әскер дивизиясының командирі, гвардия полковнигі

Васильев.

Саяси бөлім командирінің орынбасары, гвардия полковнигі

Мозжечков.

Саяси бөлімнің бастығы, гвардия полковнигі

Батурин.

1943 жылғы 2 апрель (1. 19—20).

Бұл ретте Украин ССР-і. Днепропетровск облысы, Синельниково қаласындағы 3 орта мектептің «Қызыл ізшілері» Ленинград қалалық партия комитетінің өтінші бойынша 1987 жылы Жамбылдың баласы Алғадайдың моласын бауырластар зиратынан тапқанын айту керек. Бұл Подольск қаласындағы архивтік айғақтармен тексерілді (2).

Бұл қайғылы хабарды Жамбылға естірту үшін Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті комиссия құрды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Әбдісәмет Қазақбаев комиссия жетекшісі болды да, құрамына М. Әуезов, К. Сәтбаев, С. Мұқанов, Ғ Мүсірепов, А. Тоқмағамбетов және Т. Жароков енді.

Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаевтың кеңесі бойынша халық ақындары Кенен Әзірбаев пен Саяділ Керімбеков та шақырылған. Сонда Кенен Әзірбаев былай деп естіртті:

— Ау, Жәке, көпті көрген батырымсың,
Қайғырып Алғадайға жатырмысың.
Пендеге бұл жалғанда өлім рас,
Тағдырдың сөгесіз бе қылған ісін.
Кім күшті бұл дүниеде адам күшті,
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.
Миуалы бақ ішінде дарағы едің,
Бір жемісің жел соғып жерге түсті.

1940—1945 жылдары Жамбылдың әдеби хатшысы болған Ғали Орманов 1943 жылы артистермен бірге майданға барған-ды. «Сөнер күндей тартсам да, соларды мен тосамын» деп жырау майдан ерлеріне Ғали Орманов арқылы жалынды сәлем айтқан екен. Ал Ғали осы сапардан оралғанда ол:

Түнеугүні кеткеннен
Ғали жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін,
Жол-жөнекей көрдің бе?,—

деп сұрайды. Расында ұлының қайғысы оның жанына қатты батады. Көңілі жабырқап күйзеледі. Бірде К. Әзірбаев пен Ғ Ормановқа «Алатау мен Сарыарқаны тінтсем де саңлағымды таппаймын» деп мұңын шертеді. Толғайды да сарнайды, сарнайды да зарлайды. Ерлерше өлген, қыршын кеткен Алғадайын есіне алып, жүрегінің қанымен жыр моншақтарын тізіп, сай-сүйекті сырқыратарлық жоқтау сөздерді айтып отырған да қойған. Көкірегі қарс айрылып зар жылаған шақта бір:

Сарғайып атқан таң ба екен,
Сары аяқ болған бар ма екен.
Сарғайып қана шақырсам,
Алғадайым келердей күн бар ма екен!,—

депті. 1943 жылдың 18 августінде майданнан оралған Совет Одағының Батыры, гвардия майоры Мәлік Ғабдуллин 23 август күні Жамбылға барып сәлемдесті. Батырмен бірге орыс балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Самуил Яковлевич Маршак, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Төлеген Тәжібаев, жазушы Сәбит Мұқанов барды.

Жамбыл Мәліктен майдандағы жігіттердің қаһармандық істерінен әңгіме шертуді өтінеді. Батыр Жәкен білетін генерал Панфиловтың, Бауыржан Момышұлы мен Төлеген Тоқтаровтың көрсеткен ерліктерін баяндайды. Бұл күні қарт ақын үдей соққан дауылдай, лапылдап жанған жалындай, тегеурінді мұхит толқындарындай тебіреністі бір күйге түскен. Түтеген оққа, аяусыз дұшпанға қарсы тұрған қас батырларды, елдің көзін ашқан айтулы, ардақты ұлдарды, ән мен жырдың қазанын қайнатқан сал-серілерді төгілте жырлады.

Жамбыл Панфилов атындағы 9-гвардиялық дивизияның жауынгері Төлеген Тоқтаровтың өзінің автоматымен 115 фашисті қырғанын, оның «өмірді сүйсең, ол үшін жан аямай күресе біл» дегенін, ерекше ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапқанын естіген сәтте:

Қазақтан шыққан жас ұлан,
Жалындады, жайнады.
Алтайдан ұшқан ол қыран,

Тұяғын өткір қайрады.
Болат еді-ау тұяғы,
Өткір еді қияғы.
Жауды алыстан болжайтын,
Қорғиш еді қырағы,—

деген сөздерін емірене, іш-бауыры елжіреп айтты.

Қарт жырау 1941—1945 жылдарда көркемөнер қайраткерлерімен, оқымыстылармен, халық ішінен суырылып шыққан айтулы ақындармен, әйгілі батырлармен жүздесті, оларға жыр арнап, сыр-сезімін бөлісті. Жамбылдың үйінде СССР Ғылым академиясының вице-президенті И. П. Бардин, әйгілі ғалымдар Е. Д. Брицке және И. Н. Мещанинов, жазушылар Ольга Форш, М. Зощенко, күйші Дина Нұрпейісова, кино қайраткерлері С. Эйзенштейн, Г. Рошаль, Ф. Эрмлер қонақта болды. Олар Жамбылмен шын ықыласты ниетпен сұхбаттасты. Мәжілісте Дина қазақ күйлерін аса көркем, шебер ойнап, ұлы орыс халқының тамаша өкілдерін риза етті. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Нұрлыбек Баймұратов жиналғандарға арнап жыр айтты.

Халық өміріндегі айтулы, кесек оқиғаларды философиялық, эстетикалық тұрғыдан бағалап, тарихпен үндесіп сабақтасатын көркем поэзиялық құбылыстар, Отан атынан айтылған сөз монументальдық сипатқа, айбындылыққа, ұлылыққа, орасан зор қуатқа ие болатынын Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы творчествосы тамаша дәлелдеді.

Бұл тұстағы Жамбыл стилінде ерлік, батырлық жасалған жылдардың өр даусы, өшпес ізі, жаңғырығы бар. Оның жырларында Қызыл Армия жауынгерлерінің ер тұлғасы барынша болмыс-бітімімен жарқын бейнеленген. Олардың бейнесін толық, терең, жан-жақты ашуда ақын тілінің оралымы, өресі мен өрісі еркін жеткен. «Жақсы сөз бейне шамшырақ» деп өзі айтқандай, дәуір дауылпаздары мен қаһармандарын болмысына лайық асқақ пафоспен төгіле жырлады.

Қарт жырау революцияға дейінгі поэзиясында сауыт киген батырлар мен болат тұяқ тұлпарларды көсіле сипаттап, көркем сөздің небір шұрайлысы мен шырайлысын көптеп тапқан еді. Бұл ақындық табыстар, асыл сөздер Ұлы Отан соғысы жылдарында одан әрі көбейіп, өркен жайып, кәдеге асты.

Жамбыл Жабаевтың сөз құймасын жіктеп, саралау жеңіл емес. Отан, халық атынан айтылған сөздердің

синтездік сипатын, мағынасы мен мәнін, көркемдік қасиеттерін тани қою аса қиын шаруа. Жыраудың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлең-жырларына барлау жасағанда айрықша өзгешеленетін Отан, Халық, Партия, Ер, Ұрпақ секілді қастерлі ұғымдарға негізделетін сөздерді табамыз. Оның творчествосының темір қазығы, алтын дінгегі — осылар. Ол алтын бесіктей аяулы Отанды, сәулетті елді «Тарихтың мәңгі таңына», «Қамалды болат сауыттың» майырылмас құрышына балайды.

«Оқ пен өрттің тұманы дүниені бүркеген» шақта майдан төрінде арыстандай долданып аршындай басып, «алғалап» ұран салған ерлерді сипаттағанда жырау тіл майын ағызады. Ол фольклорлық стилистиканың бояу-өрнектерін кеңінен қолданып отырады. Мәселен:

Көк найзалар үйрген,
Мұздай темір киінген.
Алдына дабыл өңгерген,
Артына сауыт бөктерген,
Шеру тартып қол барсын!
(«Сыйлық»).

Мұздай темір құрсанған,
Алыптарға ұсаған.
Аспаһанды толғаған.
(«Жаңа жыл сәлемі»).

Көк болатты киіндің,
Жауар күндей түйілдің,
Найзағайдай жарқылдап,
Тастүлектей шүйілдің.
(«Сәлем саған, комсомол»).

Ол осындай маржандай тізілген тілімен (сұлулығымен, байлығымен, мағыналылығымен) халық творчествосын жаңа бір биікке шықатты. Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы творчествосы оның жоғары ақындық мәдениетінің жарқын мысалы. Ақынның жауынгерлік, ерлік толғаулары публицистикалық-қаһармандық сарында, шешендік үлгіде жазылды.

Жамбыл толғауларының әрбір сөзі экспрессивті мәнге ие. Олар семсердей өткір, найзағайдай қаһарлы, қылыштай қайраулы, сәуледей жарық. Оның жырын халықтың ұрпақтан ұрпаққа, заманнан заманға сап таза күйінде жеткен алтын тізбектерінің (халықтық-фразеологиялық) айнасы деуге болады. Жамбыл фразеологиясы заттар мен құбылыстардың поэзиялық сипаттамасын, мінездемесін дәл береді. Мәселен: қардан кебін кигізу, оққа көзін ойғызу, өтінде оқты боранның, кек бұрқырар,

құрыш қатар, қылыш қаһар, дауылда ұшқан кептерше, көз ұшында бұлдырау, жауар күндей түнеріп, жосадай қанға боялу, тағы басқалар.

Қастерлі, қасиетті, киелі ұғымдарды терең түсіндіру, оны жас ұрпақтың зердесіне ұялату, сана сезімге мықтап құю, халықтың замандар бойы тірнектеп жинаған асыл қазынасы — мәдениетін сүйе білуге құлшындыру, ата-мекенін келешек ұрпақтарға мирас етіп, ажар көркімен, сәулет-сәнімен қалдыру әрі бөтен көзден, жат қолынан қорғау рухында тәрбиелеу — әрбір суреткердің де ұлы міндеті. Жамбыл Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ақындық қызметінде бұл міндетті абыроймен атқарып, қалтқысыз орындады дей аламыз. Соның айғағы ретінде бір ғана шумақ өлеңін айтсақ та жеткілікті:

Қан кешіп жүр тізеден,
Батыр қыз, батыр ұлдарым!
Батыр қыз, батыр ұлыма,
Қосылды барып жырларым!

Ана тіліміздің інжу-маржанын төгіп айтқан шын жомарт, шынайы дарын «ұрпақ» ұғымының өзін («Заманымның өрнегі», «Өмірімнің жұлдызы», «Көзімнің нұры», «Жасаулы жас қарағай», «Сәулетің сәнім, айбарым», «Өрім», «Өрен») құбылтып, түрлендіріп отырады.

Ақын жау образын да оның өзіне лайық сөздермен кескіңдеп дәл береді.

Дүниені обардай
Обыр-жетім қомағай,
Қан аңсаған қара құс,—

деп аузынан от бүріккен қас дұшпанды өлтіре әшкерелейді. Тағы бір тұста «Адамға уын шашқан, айыр басты сұр жыланға» теңеп түйрейді. Фашистік Германияны «мерез ордасы», қанішерлерді «құбыжық түсті арам», «сусыны қанға қанбайтын» қаныпезер, «қораға тиген қасқырдай» қасақы, «жеті басты жалмауыздай» қанқұйлы деп ащы тілмен сөгеді. Ұлы ақын терең идеялы, асқан патриотизмге толы жыр толғауларында «жау» сөзінің неше алуан синонимдес, мәндес, мағыналастарын қолданды. Мысалы: малғұн, айдаһар, жауыз, қанішер, жыртқыш, қандыбалақ, зымиян, доңыз т. б. Бұлар, бір жағынан, Жамбыл творчествосының әсерлілік, эстетикалық, көркемдік қуатын еселей түссе, екінші жағынан, совет жауынгерлерінің қайырымсыз дұшпанға де-

ген өшпенділігін тудырып, ұлы егесте аянбай шайқасуға шақырады.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақтың халық поэзиясында көркем тілдің небір асыл үлгілері (сұлу өрнек-айшықтары), синонимиялық жарқын мысалдары өте мол. «Соғыс» сөзінің майдан, шайқас, жорық, жортуыл, егес, ерегес, от кешу, қан кешу, зілзала, ұрыс, ұлы дауыл, алапат, апат, дүрбелең, қантөгіс, жойқын, қырғын сияқты мәндес баламаларын кездестіреміз. Ал Жамбыл бұлардың «Ұлы ашу», «сұры суық бір дыбыс» деген түрлерін де тауып қолданған.

Нағыз ақынның өмір бойы мұрат тұтатыны да, шарқ ұрып іздейтіні де қуатты ойдан шыққан қымбат сөз. Майданда жауынгерлердің рухани дүниесін жаңғыртып, ой-санасын, сезім әлемін тебірену үшін, ардақты да аяулы Отанды жан-тәнімен қорғауға жігерлендіру үшін, «жанын сергітіп самғату» үшін де асыл сөз керек болған. Соғыс күндерінде Жамбыл өз творчествосында сан алуан тағлымы мол, халықтық тәжірибеге құрылған, өнеге-тәрбиесі өзгеше нақыл сөздерді шебер тоқыған. Мысалы:

Білімді мынды жығады,
Батырдан дұшпан ығады!
Халықпен жаны бір адам,
Қажымай қорғап намысты,
Қалайда жеңіп шығады!
(«Қызыл Жұлдыз» газетінен).

«Көздің ағы мен қарасындай» деп өзі айтқандай, Москва, Ленин қаласы туралы толғағанда ақын көркем кестелеудің небір үздік үлгілерін ұсынады. «Москва — жүрек тербеген, ойды, миды билеген» дегенде оның алтын күмбездей көз тартар сұлулығын, құдіретін айтса, «Қамалым, қорған, құрышым» сияқты көркем метафоралар Москваның болаттай беріктігі мен мықтылығын бейнелеп береді. Тағы бір тұста оны жарық сәуле мен шұғылаға теңеп, образды сөйлесе, «жай тасындай ойнаған», «арыстандай айбатты» деп қаһарман қаланы қорғаушылардың тегеурінді күресін де мәнерлеп жеткізеді. Тіпті айрықша сұрыптап, екшеп, таңдай білетін ақында мың сан сөздердің бірегейін тапқыр қолданушылық бар. Москваға деген жүрек сезімін, ізет, ілтипатын поэзиялық, көркемдік мағынаға ие «мерейім, нұрым» деген сөздермен береді. Ол жауынгерлерге «сендер үшін өлең-жыр шығарып жатырмын» деп жай баяндамайды, сезімге шабар образдық тәсілдерге жүгінеді. «Көк қорғасын,

238

ақ болат, елмен бірге әзірлеп, сендер үшін баптадым» деп салыстыру, ұқсату арқылы ойын ажарлап айтады.

Жамбыл аяулы ұлы — Алғадай ерлікпен қаза тапқанда зарлана айтқан жоқтау жырларының бірінде жаралы жанын, қаяу түскен көнілін, сезім-сағынышын жеткізу үшін табиғат, жаратылыс көріністеріне көңіл аудара:

Сарғайып атқан таң ба екен,
Сары аяқ болған бар ма екен...

немесе:

Бозарып атқан таң ба екен,
Бозар аяқ болған бар ма екен,
Мінген атың кер ме екен,
Кекілден акқан тер ме екен,—

деп салыстыра суреттейді. Ұқсас құбылыс суреттерге орайластыра, үйлестіре, салыстыра психологиялық параллелизм түрінде жырлайды. Мұның үстіне бұл алынған жолдардың әсерлілігі, экспрессивтілігі, өрнектілігі өлең тіркестерінің синтаксистік құрылысы жағынан біртектестігінде. Бұған тағы да бірер мысал келтіруге болады:

Бәйтерек, қайын, емендер,
Бас имек пе құрайға?
Тұйғынға жүрген төбенде,
Жарбаңдап ұшқан төменде,
Жапалақ бөгет болар ма?
Жүректі күшті берен ер,
Халықтың қамы дегендер,
Басқаға бодан болған ба?
(«Дидары жаздың жарқырап»).

Ер бұрканып аттанса,
Құрулы шеп бұйым ба?
Күш топаны қаптаса,
Жауды жену қиын ба?
(«Қарағандыға хат»).

Ақын ер тұлғасын сомдағанда өлең жолдары табиғи түрде параллелизмге құрылады. Сан алуан құбылыстар ақыл-ой таразысы арқылы салыстырылып, толғаудың көркемдік қуаты ер образын мүсіндеуге жұмсалады. Ол соғысқа аттанған ер-азаматтарға жаумен шайқаста ерлікпен көзге түсіп, аман-сау туған жерге оралындар, тап сол Жеңіс күнінде тойбастарды өзім айтамын деуші еді. Айтқанындай 99 жастағы қарт ақын Ұлы Жеңістің мейрамын зор қуаныш-шаттықпен қарсы алды.

1945 жылдың 9 май күнінде оның үйіне жақын ақын ізбасарлары — Саяділ, Әбдіғалилар келеді. Оларды Жә-

кең Жеңіс күнімен құттықтап, «Жау жеңілді» деген жыр-ын айтқан. Жамбылдың республика еңбекшілерін Жеңіс күнімен құттықтаған хаты «Социалистік Қазақстан» газетінің 13 май күнгі санында жарияланды.

* * *

Қорыта айтқанда, Жамбылдың ақындық өнер жолындағы асқаралы асуы, биік белесі болған Ұлы Отан соғысы жылдары оның жырларында бар бедер-бейнесімен, ғажап болмысымен жарқырап көрінді.

Ақын творчествосында совет халқының батырлық, ерлік дәстүрі, тамаша асыл қасиеттері, Қызыл Армия жауынгерлерінің табандылығы, төзімділігі, Отан сүйгіштігі, қырағылығы нақты көрініс тапты. Халықтар достығы, ұлттық сезім дүниесі, интернационалдық дәстүрі шынайы да жарқын түрде бейнеленді. Сондықтан да Жамбыл творчасы — Ұлы Отан соғысының поэзиялық докумені, шежіресі саналады, ол халқымыздың рухани байлығына қосылған елеулі үлес те.

¹ Муканов С. Поэт — патриот // Джамбул. Песни об отечественной войне. Алма-Ата, 1944 г.

² Естаев Е. Ата тілегі орындалды // Қазақстан мұғалімі. 1988, 1 январь.

Қоғамнан тыс адам жоқ, олай болса жеке дарын иелерінің тағдыры қоғамдық даму сатыларына тікелей байланысты. Қажырлы қоғам қайраткерлерін тудыратын да, олардың өзіндік, даралық болмысын қалыптастыратын да уақыт, заман талабы. Жеке дарындар өз бойындағы табиғи қабілет-мүмкіндіктері әбден жетілген кезде қоғамдық дамуға өзінің елеулі үлесін қоса алады. Сөйтіп, қоғам мен адам арасындағы диалектикалық байланыс әлеуметтік ой-санаға қозғау салады. Сондықтан да дара тұлғалардың тарихи, мәдени өміріміздегі алатын орнын әділ бағалаудың ғылымдық, тәрбиелік мәні бар.

Жазу-сызудың әлі пайда болмай тұрған кезінің өзінде-ақ халық аңшылықтан мол олжа түсіріп оралған мергеннің, жаудың бетін қайырып, елін қорғаған ержүрек батырының ерлігін, ел арасының дауын шешіп, береке-бітім жасаған ақылгөйі мен шешендерінің, жүрек қылын шерткен әнші, күйші, ақын-жырауларының өнерін аңыз-әңгімеге айналдырып, ауыздан ауызға таратқан. Бұл халықтың өзінің елден ерек ұл-қыздарына деген ықылас-пейілі ғана емес, кейінгілерге мирас еткен асыл идеалдары, өмірлік мұраттары да. Осы игі дәстүр қазіргі дәуірде де жалғасын тауып келе жатыр. Совет жазушылары мен қыл қалам шеберлері, мүсіншілері, музыка, кино-театр мамандары еліміздің аяулы ұл-қыздарының жарқын бейнесін өнердің бар саласында көрсетіп келеді. Сондай құрметке ие болған ірі тұлғалардың бірі — қазақтың ұлы ақыны, асқан жыршысы Жамбыл Жабаев.

Дүние жүзі және СССР халықтары әдебиетінің арғы-бергі тарихында аса дарынды сөз өнері иелерінің өмір

жолы туралы тарихи-деректік және көркем-биографиялық шығармалар елеулі орын алатыны мәлім. Қазақстандағы соның ең үздік үлгісі ретінде дүние жүзіне кең тараған М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын атау лазым. Жазушы ұлы классик ақын Абай арқылы ХІХ ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік болмысын жан-жақты ашып бере алды.

Өмірден қыршын кетсе де қазақ әдебиетінде елеулі орны бар Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы Д. Әбілев «Ақын арманы», күрескер ақын Махамбет Өтемісұлы жөнінде Ә. Әлімжанов «Махамбеттің жебесі», Базар жырау жайында А. Тоқмағамбетов «Жыр күмбезі», әйгілі композитор әрі әнші Ақан сері Қорамсаұлы туралы С. Жүнісов «Ақан сері», З. Ақышев «Жаяу Мұса», Ә. Әбішев «Мәди» романдарын жазды. Осындай шығармалар поэзия саласында да аз емес. Әсіресе І. Жансүгіровтің «Кұлагер», Қ. Аманжоловтың «Абдолла», Ә. Тәжібаевтың «Ақын», Қ. Бекхожиннің «Аппақнаме», М. Әлімбаевтың «Естай—Қорлан» поэмаларының биік көркемдік сапасы айрықша сөз етуге тұрады.

Ақан сері, Абдолла, Жамбыл сияқты халық ұлдарының жеке-даралық қасиеттері әлеуметтік орта, қоғамдық жағдаймен байланысты берілгендіктен де олардың азаматтық болмысы ақындық қасиетімен диалектикалық бірлікте алынған. Осы бейнелерді сомдаудағы табыстарымыз қаншалықты, оның қашан, қалай және қандай шарттармен жүзеге асып отырғаны — әрі қызық, әрі творчестволық мәселе. Біздің ендігі әңгімеміз екі дәуірде (ХІХ ғасырдың екінші, ХХ ғасырдың бірінші жартысы) өмір сүріп, екі қоғамдық құрылыстың шындығын өз көзімен көріп, жырлаған, суырып салма ақын әрі жыршы, қоғам қайраткері Жамбылдың әдебиеттегі бейнесінің жасалу жолдары жақында болмақ.

* * *

Өмірде шын болған жеке дарындар жайында тарихи-деректі және көркем-биографиялық шығарма жазудың өзіндік шарттары бар. Әдеби көркем жанрлардың ортақ сипаттары бұл тақырыпқа да жат еместігін мойындай отырып, нақты кейіпкердің өз басынан кешкен тарихи шындықтарды қаншалықты дәл және жазушының ойдан қосар «шындықтарымен» (вымысел) арақатынастары қандай деген творчестволық мәселелер де әр кезде назарда тұруға тиіс.

Тіпті жеке адам өмірінің хронологиясын қаншалықты есепке алу да, архивтік деректер мен ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерді «ойнату» да үлкен шеберлікті қажет етеді. Тарихи кейіпкерлердің ішінде, әсіресе, өнер иелерінің бейнесін жасауда психологиялық шарттардың да орны өзгеше. Осы және басқа да творчестволық мәселелер тұрғысынан келгенде аңғарғанымыз, ақын туралы көркем шығармалар оның ерте кездегі айтысқа түскен кезінен басталады екен. Содан кейін арнау өлеңдер, толғаулар поэмаларға жалғасады, естеліктер, деректі очерк-әңгімелер киносценарийлер мен повесть, романдарға жол тартады. Тағы бір айта кетер жәйт — Жамбыл бейнесі тек туған әдебиетімізде емес, туысқан халықтар әдебиетінде, әсіресе, орыс совет әдебиетінде едәуір көрініс алғаны.

Жыр алыбының аты алғашында ел арасында ауызша тарағаны, XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісу елінің өрен жүйрігі Сүйінбай ақыннан өлеңмен бата алғаны белгілі. Оның ақындық-жыршылық жолға бірыңғай ден қойып, оны өнер деп танығаны осы кезден басталады. Одан кейін Жамбыл қазақтың әйгілі жүйріктері Құланаян Құлманбет, Досмағанбет, Сарыбастармен айтысқан. Айтыста сөз сайысына түскен жүйріктер кейде бір-бірінің бағасын әділ танып, мақтап айтса, енді бірде тұқыртып, кейді тіпті іске алғысыздай етіп тастайтындай кездері де болады. Мұны өзінің мысы басуы, әріптесінің меселін қайтарып, жасытып алу үшін әдейі істейді. Былайынша айтқанда психологиялық «шабуылға» шығады. Айтыс үстінде ақындар өз бағасын өздері көтеріп жататыны да осыған байланысты. Мұндайда субъективтік баға басым десек те, жалпы алғанда ақын бейнесінің ашылуына мүмкіндік мол.

Жамбыл бейнесінің бір көрінісі осы айтыс үстінде танылды. Ақын замана туралы жырлай отырып өзі туралы да сыр шерткен. Оның көл-көсір жырларынан өз өміріне қатысты деректерді де молынан табамыз.

Ақынның Айкүміспен айтысы бозбала күнінде өткен. Жанрдың дәстүрі бойынша бір-бірінің бойынан кемшілік табуға тырысып, әдейі кемсіте сөйлейтін әдет мұнда да кездеседі. Жұғыса сөйлеген Жамбылға Айкүміс «әдепті үйренбепсің, Жамбыл, жастай», «Жамбыл-ау, күйінесің неге сонша?» дегенді айтып, ақырында «әдепті мінездерің жүрсін ойда» деп аяқтайды.

Ал 1890 жылдары Шыбыл шалы:

Екейде елу баксы, сексен акын,
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын.
Кобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қаққандай кешке жақын.
Сен бе едің, Жамбыл акын, соның бірі,
Домбыра қолындағы дию-пері,—

деп жыр төккен.

Бөлтірік акын:

Өр мінезді бұл Жамбыл,
Жұртқа жаман атайды»,—

десе, Досмағанбет:

Дабысты жүйрік Жамбылым,
Алпысқа жасың келгенде,
Төгілген тасып дариядай,
Басылып қалған Жамбылым,—

дейді. Жамбыл да өз ақындығының қуатын жақсы түсінеді. Досмағанбетке:

Солайма, бала, солай ма!
Зығырына Жамбылдың,
Тисең, саған оңай ма!
Қуырамын енді мен,
Ақындықтың апшысын.
Өлеңім асау теңіздей,
Өрге қарай шапшысын,
Толқындай сөзді сапырып,
Арыстандай ақырып,
Шығайын енді айтысқа,
Нажағайдай сөзімді,
Жарқыратсам алдында... —

деп жыр нөпірін ағызады.

Оған атышулы Майкөттің бата беруі, Құлманбеттің «біреуді Жамбыл деген ел мақтайды» деуі де оның тамаша ақындық, жыршылық өнеріне берілген баға еді.

Жылдар өткеннен кейін ол Жетісу өлкесіндегі ақындардың атасына айналды. Дүбірлі жиын, бас қосуларға арнайы шақырылған ақындар атасы дәстүрлі айтыстарға өзі түспегенмен, кейбір сайыстарда төрелік айтып төрде отырған. Өзгелер оның алдында ізет жасап, ол жөніндегі түйген ойларын айтып, бағасын берген. Мұндайда Жамбылға арналып айтылған өлең-жырлар аз болмаса керек-ті, бірақ олардың көбі ауызша үлгіге жататындықтан естігеннің құлағында кете берген. Осы дәстүр совет дәуірінде де арқауын үзбей, сақталып ке-

леді. Сондай арнау өлеңдердің, әсіресе, мол көріне бастаған кезі 30-шы жылдардың екінші жартысы. Өйткені бұрын Жетісу мен Қырғыз еліне мәшһүр ақын бұл кезде республикамызға, тіпті бүкіл елімізге кеңінен танылған еді.

Жыр алыбының көзі тірісіндегі және одан кейінгі түрлі юбилейлері кезінде еліміздің, сондай-ақ шетелдердің өнер қайраткерлері оған өлеңдерін арнады, әңгіме, очерктер жазды, құттықтау хаттар, телеграммалар жолдап жатты. Міне осының бәрі қарт ақынның бейнесін сомдауға өзіндік үлес қосты.

Қазақ совет әдебиетінде Жамбылға өлең, толғауларын арнаған мол топ импровизаторлық дәстүрді берік ұстаған замандас шәкірттері болса, сонымен бірге жазба әдебиет өкілдері де белсенді қызмет атқарды. Қарт бейнесі алдымен туған әдебиетінде жасалды десек, сонда олар оның бойынан нені көре білді, нені бағалады және соларын қандай бояу-нақыштармен жеткізе алды деген сұрақ өз-өзінен туады.

Жамбылдың жақын шәкірттерінің бірі, әнші-ақын, композитор Кенен Әзірбаев 1938 жылы:

Қарт ата, қадірлі ата, дүлдүл ата,
Сайраған бағымызда бұлбұл ата.
Бір ғасыр, неше дәуір басыңыздан,
Еткізіп көрдің талай үлгіні, ата,—

деп біраздан бері көрмеген ұстазына сағынышын білдіре жырлады.

Онымен тұздас, дәмдес болғандардың біразы бірге жүрген-тұрған кездердегі көрген, сезген, білген жайларын еске алып, содан сындарлы ой түйеді. Мәселен Өмірбек Қабылов «Қазақтың жыр күмбезі — Жамбыл ата» деп бағалаған.

Жамбылды отыз жаста көрген едім,
Ізетпен оған сәлем берген едім,—

деп Үмбетәлінің үйіне бір келгенде соңына еріп жүргенін, қарт ақыннан бата алғанын айтады. Жамбылды тәрбиеші, ұстазымыз деп түсінген ол:

Оған мен өмірімше қарыздармын,
Тәлімді маған берген тәрбие үшін,—

деп ризалығын танытады. Қуат Терібаев «Алып ақын» деген толғауында оның жырларын сарқылмас бұлаққа

теңейді. Фольклорлық үлгідегі «суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін» бейнелер мәңгіліктің символы болса, осындай оттан ыстық қызуды ол Жамбылдың жырынан табатынын айтады.

Жамбылдың өзі ғана емес, бүкіл айналасы: ұстазы, шәкірттері әр кезде ақындар назарынан тыс қалған емес. Тағы да сол Қуат Терібаев:

Шапырашты Сүйінбай,
Ақындықтың туындай.
Шәкірті оның Жамбыл ед,
Сөйлесе сөзі ұнамды,
Сары алтынның буындай.
Жәкеннің жүйрік шәкірті —
Үмбетәлі о да өтті,
Егескеннен жығылмай, —

деп толғаған.

Замандас, шәкірт ақындардың ықыласын Жамбыл нендей қасиеттерімен баурап алды дегенде, ең алдымен, оның теңдесі жоқ ақындық-жыршылық өнерінің халықтық мазмұны көркем түріне сай келетіндігін айтқан жөн. Екіншіден шығыс халықтарында үлкенді сыйлау, оған деген ілтипат, құрмет айрықша болған ежелгі дәстүрі тағы бар. Жамбыл үлкен дарын иесі болуының үстіне, совет дәуіріндегі импровизатор ақын-жыршылардың ішіндегі жасы үлкен ақсақалы еді. Сондықтан да ол біржағы ел қамын ойлаған ертедегі абыздай көрінді. Мұның бәрі бір-біріне кедергі жасаған жоқ, қайта Жамбылдың беделін асырып, оны құрмет құшағына бөлей түсті.

Қарт Жамбылда сөздің бай қазынасы бар. Әр сөзінде жауға оқ, досқа қуат беретін сикырлы күдірет бар. Сондықтан да оның жырлары барлық халықтар тілінде ел, жер таңдамай дүние жүзін шарлап кетті. «Алып ақын», «Дүлдүл», «Жүз жасаған», «Бір ғасырдың құрдасы...» деген тіркестер мен ұғымдар оның сөз зергерлігіне байланыстырыла алынатыны анық.

Жамбылдың ізбасарлары ұстазының кешегісі мен бүгінгісіне бірдей көз жібереді. Оның жүріп өткен жолы арқылы замана туралы сыр шертеді. Жеке дарындардың тағдырын қоғамдық, әлеуметтік болмыстармен тығыз байланыста қараудың бір кепілі осында жатыр. Мысалы Жамбыл ізбасарларының бірі — Нұрпейіс Байғанин «Ақын шабыты» деген өлеңінде Ұлы Октябрь революциясына дейін-ақ шөгіп қалған қарт ақын дарынының көзін қайта ашқан жаңа дәуір, советтік заман болғанын,

халық таланттарына қамқорлық жасаған Коммунистік партия екенін баса айтады. Осы идеяны Құлжабай Төлеуов те өзінше қайталап, «жетпіске келіп жер таянып» қалғанда Ұлы Октябрь таңы атып, бағы жанғанын еске алады.

Жамбылдың ұлы Алғадай майданда қаза тауып, соған көңіл білдіре барғанда «Миуалы Отанның дарағы едің» дегенді Кенен Әзірбаев айтты. Дараққа айналған ұлы тұлға Отан бейнесінің аясында алынған. Мұның өзі Жамбылдың қоғамдық өміріміздегі тарихи орны мен ролінің қаншалықты биік тұрғанына айғақ.

1972 жылғы Жамбылдың туғанына 125 жыл толған мерекесіне арналған республикалық айтыста Қалихан Алтынбаев:

Айтыстың жолын салған бабам Жамбыл,
Түсіп жүр бізге соның көлеңкесі,—

деп ойын түйсе, Мұса Асайынов: «Көтерген Жамбыл ата туды ұстадым», — дейді. 1980 және 1984 жылдары өткен республикалық ақындар айтыстарында да Жамбылдың аты аталмай қалған жоқ. Жыр — Жамбылға, ал Жамбыл — жырға айналып кеткенінің айғағы, міне, осы болса керек.

Жамбыл бейнесін жасауда ақындар әр алуан теңеу, метафораларды қолдана білді. Соның бірі — **тау**. Тау халық поэзиясында асқақтықтың, ұлылықтың нышаны. Осы дәстүрлі бейнені оның шәкірттері де қайталайды. «Асқар тау» — биік, заңғар деген жалпылама теңеу болса, Жамбылды нақты Алатауға теңейді. Өйткені қарт ақынның кіндік қаны тамған да, жамбасы жерге тиген жері де Іле Алатауының алабы. Кенен Әзірбаев Жамбылға ақыл, күшің Алатаудан асқан еді дей келіп «Жаңғыртып Алатауды кете бердің», «Аруағы Алатаудай қайран Жәкем» деген жолдарды жиі қолданады. Сол сияқты *дарақ*, *бәйтерек*, *мұхит* та теңеу, метафораларға жиі айналған.

Импровизатор ақындардың арнау жырлары негізінен дәстүрлі фольклорлық үлгіде танылады. Жамбылдың өзін, жырын сөз еткенде көбіне көп дәстүрлі тілдік бояу-нақыштарды еркін пайдаланып отырғанын аңғарамыз. Ара-арасында жаңа өрнектерді де танытады. Бірақ бұл жырлардың қай-қайсысының болсын, айтайын деген ойы, мазмұны бүтіндей жаңа. Оларда әлдекімді мақтап, марапаттап, олжа түсіргісі келген пендешілік

мінез жоқ, еліне еңбек еткен шын жүйріктің өнерін мүмкін-қадырынша дәл, әділ бағалау, оның халықтық мәнін қастерлеу бар. Түптеп келгенде Жамбыл бейнесі арқылы халықты, халық бейнесі арқылы бүгінгі жаңа заманның жетістіктерін жырлауға ұласады. Жеке адам мен қоғам арасындағы байланысты көрсетудің бір тәсілі осылай келді.

Жамбыл бейнесі ауыз әдебиетінде ғана жасалып қойған жоқ, оған жазба ақындарымыз да лирикалық, эпикалық шығармалар арнады. Арнау өлеңдерінің көбі импровизатор ақындармен тақырып, идея, көркем бейнелеу тілі жағынан іштей байланысып та жатты. Мысалы Ж. Сыздықов қарт ақынға:

Бақытты заман жыршысы,
Сайраған сәнді сарайда,—
(«Жамбылға»).

десе, Ғ Орманов ақын құдіретін табиғаттың дүлей күшінен кем көрмейді:

Күркіреп көкте бұлттың көкірегі,
Өтсе де, желпіндіріп желді лебі,
Жалт етіп нажағайы қалар сөніп,
Секілді дүниеде жоқ дерегі...
Болып ең сен де нөсер, Жамбыл ақын,
Даусыңа жалпақ дала жаңғыратын.
Күркіреп құйып-құйып жөнелсең де,
Жалтылдап нажағайдай жатыр артын.
(«Жамбыл ақынға ескерткіш»).

Табиғат нажағайы жалт етіп жоқ болса, нөсерлеткен Жамбыл нажағайы өлең-жыры ғой. Бұл ізсіз кеткен жоқ, өшкен жоқ. Қайта нажағайша жарқылдап, жылуы мен қызуын еліне беріп тұр. Ғали бұдан Жамбыл жырының мәңгілігін көргендей.

Т. Жароков «Жамбылға» деген өлеңінде қарт ақынның бейнесін ашарлық теңеулерді бір шумаққа үйіп-төгіп береді. Оның айтуынша Жамбыл жыры — суда жүзген аққу поэзия, Жамбыл — жарқыраған жарық жұлдыз, ақ басты Алатау Ол жартастай мықты. Жамбыл — партияның, Лениннің, жаңа заман, жаңа ауылдың жыршысы. Ақын жасының егделігіне рухының жастығы қарсы қойылады. Сондықтан да ол «Жас қыранша бәлік самғайды». Ал Д. Әбілев қарт ақын жырының мәңгілігін айта келіп, оның жырын зәмзәмнің суындай деп бағалайды.

Жамбыл «ұлы ұстаз», «ақындар атасы», «ХХ ғасырдың Гомері», «бұлбұл ақын» дегенді жазба әдебиет өкілдері де аз айтқан жоқ. Оның көзі тірісінде жазылған арнауларда ақынға әлі де ұзақ ғұмыр, жырының мәңгі жасауына, бар тілдерде сайрауына көп тілек айтылды. Жамбылдың халықпен үндестігін айрықша бағалап, оның нағыз халық ақыны, Компартияның белсенді жыршысы болғанын да баса айтады. Тіпті қарт жыраудың қазасына арналған жоқтау өлеңдерде де оның жырының мәңгілігі, оптимистік идеясы айқын көрінген. Жазба ақындардың оған арналған лирикасында фольклорлық бейнелеулердің жиі ұшырасуының екі себебі бар. Біріншіден ақындарымыз фольклорлық байлықты жоғалтпай орынды жерде қажетке жаратуды парыз санаса, екіншіден Жамбыл импровизатор ақын, жыршы болғандықтан, оның бар болмысын жан-жақты ашу үшін сол дәстүрге саналы түрде барды.

Дегенмен импровизатор өнер иелеріне қарағанда осы күнгі ақындар шығармаларында әдебиет шарттары басым түсе беретіні заңды. Айтарлық ой, идея бір десек те, эпитет, тенеулерінде, метафоралық бейнелеулерінде оқыстан жасалған тың өрнектер мол кездеседі.

* * *

Жамбыл бейнесі әдебиетте өлең-жыр, лирикалық арнау саласында ғана емес, эпикалық кең құлашты шығармаларда да көрінді. Мұны М. Әуезов, Қ. Аманжолов, Т. Молдағалиев, Ә. Тәжібаев творчествосынан көреміз.

Прозада Жамбыл бейнесі бірер штрихпен Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» (төртінші кітап) эпопеясында жалт етіп бір көрінсе де ойлы, парасатты ақынның болмысы анық танылады. Алматы қаласында Абайдың ауырып жатқан баласы Әбіштің (Әбдірахман) көңілін сұрай келген егде кісінің әуелі «...ауыр, қалың қара бөрік киген орта бойлы, жауырынды, мол буырыл сақалды...» деп сыртқы мүсіні беріледі. Кейін «кішілеу, өткір қой көзді, қызыл күрең жүзді Жамбыл» деп портреті бейнеленеді. Жетісу қазағы Дәттің аузымен:

«Мынау менің жолдасым. Атын естулерің бар шығар. Біздің арысы — Қырғыз, Жетісу, берісі — Алматы, Қапалымызға аты мәлім ақынымыз — Жамбыл деген даңғылың осы болады!» деп таныстырады.

Жазушы Жамбылға екінші біреудің көзімен ғана қарап қоймай, оның айналадағы құбылысқа көзқарасын,

ойын өзінің аузымен айтқызады. Бұл ретте ақынның диалогы Жетісу елінің сөз саптасын жақсы таныта білген. Аты жарыстан озып келген Мағашқа:

— «Табанынан жарылған жануар-ай!, — екі қолын жұдырығын түйе созып көрсетіп, — Айызымызды қандырды-ау! Алматының төресі мен қарасы, шоңы мен шорасы сүйсінгеннен таңдай қақты! Шұлғып қалды ғой мүлдем. Атама, әкем, тегі әмісе жолың болғай-ақ та. Жақсы ағаның баласы екенсің. Атаң да жақсы, атың да жақсы болсын десем, дегендей екенсің Мағыш мырза!», — дейді.

Осы сөзінен оның ұшқыр ойлы, тілді кісі екені сезілгендей.

Әбіштің көңілін сұрай келген Жамбыл Абайдың өзін, балаларын қалай оқытқанын сұрастыра келіп, бір жас та болса үлкен, замандас ақын ағасы Абайдың өлеңдерін сүйсіне тыңдап «біз естімеген сөз екен», қазақ баласының аузына түспеген сөз екен» деп сүйсіне, тамсана, таңдай қағып отырады. Ақын адам шынайы асыл сөз қадірін айрықша түсініп, ерекше бағалайды. Ақырында:

— «Қасиет қайда, қазына қайда десем, Абайда екен ғой, мүлдем тегі! Атам заманнан бері «Қабан ақын айтты, Құланаян Құлманбет, Дулат, Мәйкөт, Шапырашты Сүйінбай күйіндай соқты — даңғыл шапты дегеніміздің бәрі мына жерде екен ғой. Абай дария болғанда, былайғы жүрген бәріміз жар-шұқанақ екенбіз ғой тәйір, шіркін. Бірді күлдіріп, бірді жұлдырып айтады десек те, табатынды таппаппыз да! Елге пана, еске дана ақыл да, өнер де, өнеге де бір өзінде тұрмай ма! Құштар еттің, құмар еттің, Мағашым. Сенің жақсы әкең, менің жақсы ағам болсын, ұқтың ба, жетсін осым! Дуайдай дуай сәлем осы болсын», — дейді (1. 201).

Өз заманының көкейтесті арманын жүрегінің қанымен, тілінің зарымен айта білген Абай күрсінісі Жамбылға барынша жақын, соншалықты түсінікті еді. Жазушы осы бір жақындықты импровизатор ақынның аузымен осылайша түйдектете, төгілте ақтартады.

Ұлықтары былай тұрсын, ауылдың атқа мінер көкірегі соқыр надандары Абайдың сыртынан ғайбат сөз айттып, сорақы озбыр мінездер танытып жатқанда, көкірегі ояу Жамбыл оның бағасын өзгеше биік береді. Осынысымен де жыр алыбы озық ойлы, алғыр да әділ, ілгерішіл жан екенін танытқандай. Сөйтіп осы бір қысқа ғана

штрихта жазушы Жамбыл бейнесінің бір қырын жалт еткізіп ашып тастайды.

Қ. Аманжоловтың «Жамбыл тойына», Т. Молдағалиевтің «Жамбыл-жыр» поэмасы суырып салма ақын жырының құдіретін лирикалық жоспарда көрсетеді.

Жамбылдың жаны жаңбырдай,
Оқ болып бірде атылды.
Андықан жанға алдырмай,
Қорғайды бірде батырды...

Т. Молдағалиевтің жаны деп отырғаны шартты ұғым, ол — қарт ақынның ерлікке, кекке толы жыры. Жамбылдың жан сыры, ішкі монологы жастығын еске алып, кедейлігінен сүйген қызына қолы жетпегенін, бүгінгі кәрілігін, қартайған шағында майданда опат болған Алғадайын еске алған тұстарда ашылады. Енді оның батар күнін ойлап, туған елмен қоштасқандай күйін де сезінеміз.

Қоймай-қоймай шығардың,
Алатаудың басына.
Гүлдерінді суардың,
Көзден аққан жасыма.
Он үшімде оятып,
Ой салған да сен едің.
Отызымда ойнатып,
Қарсы алған да сен едің.
Жамбыл, Жамбыл, Жамбыл, — деп,
Жар салған да сен едің...—

дейді оның ішкі ойы. Жамбыл барынша шыншыл, өмірдегі құбылыстардың бір-бірімен байланыстылығын, оның өзіндік даму жолы барын, заңы барын терең түсінген дана қарт, сондықтан да өмірден түнілмей бар үмітін болашаққа артқан, жастарға сенген оптимист.

Ара-арасында шегініс жасап, Т. Молдағалиевтің өзі де қарт жырау туралы сыр шертеді. Кеше ғана аты әлемді шарлаған ұлы тұлғаның көз жұмған кездегі болмысын ол:

Сайрап-сайрап тына қалған бұлбұл ма,
Шауып-шауып тұра қалған дүлдүл ме?
Жүрген жерін шуағымен жылытып,
Бұлт астына кіріп кеткен бір нұр ма?!,—

деп береді. Т. Молдағалиевтің лирикалық әуенде жазған бұл поэмасында Жамбыл жырының құдірет күші, оның биік тұлғасы, жеке адам мен халық байланысы сәтті көрініс тапқан.

Дархан дарынға арналған эпикалық шығармалардың ішіндегі идеялық-көркемдік сапасы жағынан айрықша биік тұрғаны — Ә. Тәжібаевтың «Ақын» поэмасы. Кең көлемде жоспарланған бұл туындының «Жас дәурен», «Жарапазан» тараулары ертеде жазылып, оның әр жылдардағы жинақтарына еніп келді. Жетпісінші жылдары бұл поэманың «Сүйінбайдың домбырасы», «Ас үстінде», «Қош, сәулем!» деп аталатын тараулары жаңадан жазылды. Әбділда ақын шығармаларының бұрынғы басылымдарындағы «Ақын» поэмасына «Кірісу» деп аталатын шағын талдау берілген-ді. Онда Жамбыл туралы поэма жазуға кірісер алдындағы ақынның жауапкершілікті сезініп, жүрегі толқыған жайы білдірілген. Шығармалар жинағының бес томдығына (2. 215) енген «Ақын» поэмасының толық нұсқасында автор «Кірісуді» қажетсіз деп тапса керек. Поэма бірден «Жарапазан» тарауынан басталады. Ә. Тәжібаев та Жамбылдың бүкіл өмір жолын көрсетуді көздемейді, поэманың сюжетін оның ақындық болмысын танытатын жас кезіндегі екі оқиғаға ғана құрған. Соның бірі — бала ақын Жамбылдың Сүйінбайға бата сұрап, жарапазан айта келуі, ақырында ұстаз ақынның оған домбырасын сыйлауы болса, екіншісі — Сүйінбайдың асында кездескен Ақмарал сұлудың шақыруымен қырғыз еліне барып қайтуы, бай жерге ұзатылғалы отырған Ақмаралға қолы жетпей, меселі қайтып еліне оралуы. Міне осы екі оқиға үстінде жас Жамбылдың ақындыққа деген құмарлығы танылып қана қоймайды, оның азаматтық болмысы анық бой көрсетеді.

Жамбылдың қашан, қандай жағдайда туғанын Ә. Тәжібаев өзі баяндамайды. Сүйінбай қарт жас шәкіртке халық өмірінің бір аянышты, сүргінді кезін баяндай отырып еске салады. Енді бірде Сүйінбай Айбала қыздың ерлігін баяндайды, бұл да кер заманның бір зобалаңы еді. Қайсар қыз тағдырына қарсы күресіп, сүймеген жат адамға барып қор болғанша, табиғат құшағына енгенін артық көріп, жартастан суға құлайды. Бұл Абай жырындағы «етімді шал сипаған құрт жесін деп, жар тастан қыз құлапты терең суға» дегеннің нақты көрінісі немесе С. Мұқановтың Сұлушашының тағдыры десе де болғандай. Мұндай оқиға жөнінде ел аузында аңыз-жыр да көп сақталған. Ә. Тәжібаев бұл сюжетті енді Сүйінбай арқылы дамытады.

Бұрыннан белгілі деректер не үшін керек еді? Сүйін-

байға өмірде болатын зорлық, әділетсіздіктерге жас шәкіртінің көзін жеткізу қажет болды. Поэма авторы осы әңгімелердің тұсындағы жас Жамбылдың ой толқынысы мен жан тебіреністерін барынша нанымды береді:

Балаға баяндаса бәрін жырау,
Болады естілгендей сынсу, жылау.
Елестеп кара бұйрат қаптаған бұлт,
Тұрғандай тұншыққаннан күрсініп тау.
Жамбылдың толып жасқа екі көзі,
Жыраудың барады өтіп айтқан сөзі...

Халық ішінен шыққан жас дарынға ел азабы осылай әсер етеді. Айбаланың тағдырына да бала Жамбыл қаты толқып тебіренген. Ақырында Сүйінбай:

Ешкімге бата сұрап барма, балам,
Я сатып, я қорқытып алма, балам.
Жігітті онай олжа көгертпейді,
Қиыннан қиналсаң да қалма, балам.
Ақындық батырлықпен бір туысқан,
Жарамас жауға шаппай, жайға шапқал,—

деп сөзін аяқтайды. Ақындықтың шарты — осы. Сөз өнерінің сыналар тұсы ең алдымен күрес болмақ қой.

Ақын сөзі — алмас қылыш. Оны қалай жұмсай білу әрбір өнер иесінің өмірге, қоғамға деген көзқарасына, идеялық мақсатына тікелей қатысты.

Сүйінбайдай дана қарттың әңгімесі, айтқан өсиеті жас Жамбылдың дүниетанымын, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға себепші болғанына осы оқиға дәлел. Әрине ұстаз ақынның жыры — тәрбие құралының бір шарты. Сонымен бірге оның жеке басының болмыс бітімі, мінезі, әрекеті де жас талапкерге үлгі.

Сүйінбай әділетсіздікті, өтірік, жалған айтуды кешпейді. Ол — жасында елді дірілдеткен Тезек төреден қаймықпай ұрлығын бетіне басып айта алған өжет, қайсар ақын. Ол өнерді творчество деп түсінген, жаттанды сөзді жаратпайды. Творчество әділетке қызмет істеуі тиіс, әділетті қорғау үшін ақын батыр мінезді болуы қажет. Ақындық пен батырлықты егіз санайтыны да сондықтан.

Сол Сүйінбай әбден қартайып, төсек тартып жатқанда да баяғы мінезінен танбайды:

Жұртыммен ақырғы рет тілдестірмей,
Ақында алмай жүрген өшің бар ма?

Сен тәңірі болсан, мен де Сүйінбаймын,
Сөзімді силамасаң, сиынбаймын!

Тәңіріне осылай тіл қатқан ақынның қайсарлығын тану қиын емес, жас Жамбылдың табиғатында да туа бітті осындай қайсарлық өжеттік бар. Оған да бірден-бір ықпал, әсер еткен Сүйінбай. Болғалы тұрған дарынның ақындық тегеуіріні Сүйінбайдың үйінің сыртынан келіп айтқан жарапазаннан-ақ танылған-ды. Ұстазының өнеріне баға бере келіп ол:

Қараса сонда қыран баласына,
Түсемін сөздің майдан таласына.
Көгермей қыршынымнан қиылсам да,
Жырыммен жармасармын жағасына.
Ішінде қалың топтың қарқындатып,
Өленді ақ семсердей жарқылдатып,
Ұстаның күшпен иген теміріндей,
Алармын ақ батасын әнмен тартып,—

деп бітіреді. Осы үзіндіде көкірегіне жыр ұялаған жастың өзіне сенімі, қайтпас қайсар мінезі көрінген. Қарт жырау мен ақын бала мінездеріндегі осы ұқсастық олардың жақындасуына себепкер болды. Мұндай ірілік танытпаған ақын халық арын арлап, сөзін сөйлей де алмас еді, әділдік үшін күресе де алмас еді.

От ауызды, орақ тілді ақынның шыншылдығы және оны батыл айта алатын күрт мінезі, әсіресе, осы тұста мол ашылған. Ұстазы Сүйінбайдың «ақындықпен батырлық бір туысқан» немесе «жарамас-жауға шаппай, жайға шапқан» деген өсиетін көңіліне түйіп, жүрегімен сезінген Жамбыл тек осылай сілтейді. Елді қанап күн кешкен манаптың да, оның айналасындағылардың да бетпердесін аямай жыртады. Бұл — Жамбыл мінезіне сай құбылыс.

Ә. Тәжібаев өз кейіпкерін үлкен әлеуметтік күрестің ортасына салмайды. Онда Жамбылдың тарихи өміріне қайша келген болар еді. Бірақ оның замана туралы терең толғап, әлеуметтік теңсіздіктің сырын түсінуі, оны жырымен елдің көкірегіне жеткізе білуінің өзі ақын-жыршының гуманистік образын реалистік үлгіде толық ашып беріп отыр.

Сонымен Ә. Тәжібаевтың «Ақын» поэмасында Жамбылдың азаматтық болмысы мен ақындық өресі бір-бірімен іштей байлаңысты, реалистік әдіспен берілгенін көреміз. Бұл поэма өзінің идеялық-көркемдік тұрғысымен

С. Сейфуллиннің «Көкшетау», І Жансүгіровтың «Күйші», «Құлагер» поэмаларының биік деңгейіндегі шығарма.

* * *

Жамбыл бейнесі қазақ әдебиетінде ғана емес, туысқан халықтар, әсіресе орыс әдебиетінде недәуір көрініс тапты. Кезінде дәстүрлі арнау өлең-жырларды Жамбыл аз жазған жоқ болатын-ды. Соның ішінде шетелдік өнер қайраткерлеріне арнаулары бір төбе. Бұл арнауларында ақын олардың адамзат мәдениетіне қосқан өзіндік үлестерін танып, азаматтық болмыстарын бағалады. Осы бір игі дәстүрді еліміздің қаламгерлері де аттап өткен жоқ. Жамбылға арналған лирикалық өлеңдер, әңгіме, очерк, романдар жарық көре бастады. Мұның өзі түптеп келгенде бір тудың астында одақ құрып отырған СССР халықтары арасындағы достық, интернационалдық идеяның жарқын бір көрінісіне айналған құбылыс еді.

СССР халықтары жазушылары Жамбыл қазақтың төкпе ақын-импровизаторы екенін айта отыра, оны ең алдымен советтік ақын-жыршы деп түсінді. Мұнда үлкен символдық астар жатыр. Советтік деген сөз әр ұлтқа да бірдей ортақ деген мағынаны береді. Осы мағынада орыс жазушылары Жамбылды өз жыршымыз деп, оның шығармаларын орыс тіліне аударып, бірнеше рет бастырып шығарды. Орыс тілі арқылы ол СССР-дың және дүние жүзі халықтары тілдерінде сөйлей бастады.

Байтақ елімізге Жамбыл несімен қымбат, белгілі қаламгерлер қарт жыраудың қай қасиетін көріп, біліп бағалады деген сауалға бір сөзбен жауап қайыру қиын. Орыстың көрнекті жазушысы А. Толстой: «Жамбылдың құдіреті қазақтың сандаған ұрпағының біздің заманда жүзеге асқан арманы мен үмітіне байланысты, ол осыдан қуат алады», — деп жазды (3).

Жамбыл — ең алдымен, ұлттық ақын, ұлт мақтанышы. Сонымен бірге ол — гуманист, интернационалист. Ең бастысы — халықтар достығының тамаша жыршысы. Ал осындай ерен қасиеттер тоқсанға келіп отырған қарт ақын-жыраудың бойынан табылғанына қайран қалмасқа болмас еді. Оның жасы егде тартқанымен, ойы, мұраты соншалықты жас, бүгінгі күннің талабымен мақсаттас. Осы озық идеяның импровизация өнері арқылы жүзеге асуы да еліміздің жазушыларына көненің тозбай жеткен көзіндей көрінді. Дүние жүзінің көптеген халықтары

импровизаторлық өнерден әлдеқашан айрылып қалғандықтан оларға бұл экзотика сияқты еді. Ал қазақ халқы теңдесі жоқ тамаша өнерді жазба әдебиетімен қатар сақтап, дамытып келеді. Мұның себебі, бір жағынан, халықтың қоғамдық экономикалық даму жолына, екінші жағынан, фольклорлық дәстүрдің тегеурінді күшіне байланысты еді.

Мұны орыс, тағы басқа халықтар өкілдері мәдени, әдеби дамудың кемшілігінен деп түсінген жоқ. Өйткені қазақтың жазба әдебиеті сол кезде-ақ өз тарихы бар өскелең әдебиеттер қатарында болатын-ды. Сонымен Жамбыл өкілі болып саналатын ауыз әдебиетінің импровизаторлық дәстүрінің бізде сақталуы ғажайып құбылыстай қабылданды. Н. Тихонов, М. Шолохов, В. Лебедев-Кумач, К. Симонов т. б. орыс жазушыларының Жамбылға берген бағаларынан осыны анық көреміз.

Қарт жыраудың кәрілікке мойын бұрмай жыр нөпірін ағызғаны шынында таң қаларлық жағдай еді. Сондықтан да орыс ақындарының өлеңдерінде Жамбыл десе егделік бейнесі елестейді, «древний» (көне), «седой» (ақ басты) деген сөздер лексикондарында жиі ұшырасады. Олар оның егделігін, тіпті көнелігін үлкен құрметпен атаумен бірге, рухани көңілдің жастығын да айрықша бағалайды. Ақын жырлары тақырыбының актуальдылығын, сөздерінің бояу-нақыштарының әсерлілігін, рухының пәрменділігін көре білді. Сондықтан да орыстың белгілі ақыны Лебедев-Кумачтың: «Ты духом молод, хоть и сад, и песня льется молодая. » деуі соның кешілі (4)

Жамбыл жыры совет әдебиетіне кең, жазық даланың тынысын, сол даланың тұнық ауасын алып келді. А. Кешоков; «Жазушылардың туындылары өз биіктігін танытса, Жамбыл туындылары шексіз советтік Отанымыздың қай бұрышынан қарасаң да көрінетін биік шың», — деп жазды.

Жамбыл бейнесін жасаған әр ұлт ақындары, ең алдымен, қазақ фольклоры және өз ұлттық дәстүріндегі бейнелеу құралдарын қатар пайдаланып отырғанын көреміз.

Тәжіктің үлкен ақыны Гасем Лахути 1936 жылы «Бағбан» деген өлеңінде бүкіл Отанымызды миуалы баққа балап, сол бақтың жыршысы деп Жамбылды атады. Жамбыл бағбан бейнесінде көрінді.

Шығыс поэзиясында гүлбағы мен бұлбұл құс бейне-

лері әдетте бір-бірімен байланыста алынып отыратын дәстүрі бар. Осы дәстүрлі бейнелеуді тәжік ақыны совет дәуірінің жыршысы Жамбылға пайдаланып отыр. Жамбыл жыршы — бұлбұл. «Бұлбұл» бұл жерде әлеуметтік мән алады. «Жыршы — бұлбұл» немесе «бұлбұл — жыршы» сияқты метафоралық тіркесті басқа халық өкілдері де жиі қолданады. Мысалы орыс ақыны Л. Пеньковский «Жамбыл» атты өлеңінде «әсем әнді бұлбұл Жамбыл» (Сладкаголосоый соловей Джамбул) десе, беларус ақыны Янка Купала «Қазақ даласының бұлбұлы» (Казахских степей соловей. . .), қырғыз ақыны Қалық Ақиев «Жамбылға» өлеңінде «жыршы — бұлбұл» деп атады.

Армян ақыны А. Геворк Жамбылды «дана ақын», «шебер қарт ақын» деп, енді бірде оның жырының құдіретін «киелі» деп санайды. «Дана», «көреген», «батыр», «шебер», «құдіретті», «киелі» деген теңеу, метафоралар басқа арнауларда да көп кездеседі.

Карелия ақыны И. Кутасов Жамбылды гуманист деп білсе, азербайжан ашугі Аван «дана, данышпан» деп, өзіне ұстаз санайды. Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігін орыс ақын-жазушылары әрқашанда жоғары бағалап келеді. Ақын домбырасы — жыр жорығындағы серігі. Осы домбыра майданда садаққа айналды. Қарт Жамбыл да батыл жауынгердің ролінде көрінеді. С. Маршак оған «жауынгер», «батыр», «партизан» деген бейнелеулерді қолданды. Сонымен бірге орыс жазушылары оны көне грек елінің әйгілі ақыны, «Илиада», «Одиссей» жырларының авторы саналған Гомермен де қатар қойды. М. Матусовский «Память Джамбула» деген өлеңінде «XX ғасыр Гомерісің» деп жазды.

Көп кешікпей орыс прозасында да ақын бейнесі жасала бастайды. Бұл ретте алдымен Павел Кузнецовтың аталуы орынды. Оның «Бақытын тапқан адам» атты тарихи романы 1950 жылы орыс тілінде, 1959 жылы қазақ тілінде аударылып басылды. 1953 жылы осы шығармасы үшін ол республикалық Жамбыл атындағы сыйлыққа ие болды.

Қазақстанда туып өскен, қызмет істеген, елдің әдет-ғұрып, салт-санасы, тарихын жақсы білетін ақын-журналист жыр алыбы туралы прозалық шығарма жазуға көп дайындықпен келді. Қарт ақын-жыршының революциядан бұрынғы өлең-толғау, дастандарын аудару үстінде ол Жамбылдың ата-бабасы өмір сүрген тарихи жағдайларға бойлай еніп еді. Мұнысы зая кеткен жоқ. «Ба-

қытын тапқан адам» романы, ең алдымен, халықтың тарихи өміріне арналған шығарма. Бір кедей семьяның үш ұрпағының тағдыры арқылы жазушы өткен ғасырдағы еңбекші қауымның арманы мен мұратын, қайғысы мен қасіретін көрсетуге тырысқан.

Роман оқиғасы XIX ғасырдың орта тұсынан басталады. Бұл тарихи кезеңде Қазақстан Россияға түгелдей қараған. Бірақ Орта Азияда ру аралық тартыспен қатар, Қоқан хандығының шабуылы дүркін-дүркін қазақ ауылдарының берекесін алып тұрды. Әсіресе Жетісу қазақтары мұндай талаушылықтың не бір сорақылықтарын көрген жайы бар.

Сонымен бірге бұл дәуірде революциялық демократиялық жолды таңдаған Россиядан озық ойдың сыздықтап ене бастағаны да байқалады. Осы алуандас саяси, әлеуметтік мәселелер жас Жамбылдың өмірге деген көзқарасының қалыптасуына толық мүмкіндік тудырған. Жазушы әрбір оқиғаның, тартыстың себептерін реалистік үлгіде шыншылдықпен береді. Сөйтіп әлеуметтік тартыстар бірте-бірте шығып, осы тартыс үстінде басты кейіпкерлердің характерлері ашыла түседі.

Романда қазақ пен орыс халықтарының, оның ішінде кедей-кепшіктердің достығының арғы түп-қазығы, себебі айқын көрініс тапқан. Олардың ортақ тағдыры — таптық мұраттары біріне бірін жақындастыра түспесе, алыстатпайды. Мұнымен қатар, жазушы ұлттық қарым-қатынастарды да орынды көрсеткен. Ұлтаралық қақтығыс, ала-көзділік орыс, қазақ халықтарының тар мағынадағы өзімшілдігінен не болмаса астамдықтан тумағанын, ел билеушілерінің өз мүдделері үшін әдейі ортаға от тастап отыратын жайын жазушы недәуір шеберлікпен бейнелеген. Халықтардың ұлт араздығын қоздыратын себептен олардың біріне бірін жақындастыра түсетін себеп, әрине, әлдеқайда күшті. Сондықтан да гуманистік, интернационалдық идеяны көрсету романның өзекті мәселелерінің бірі ретінде алынғаны байқалады.

Ыстыбай — ақылды, қайратты жігіт, өз руы ғана емес, исі қазаққа жол көрсетсем деген көсемдігі бар. Шындық, әділдік деген не? Оған қалай жетуге болады? Өмір талқысы оған әлеуметтік теңсіздіктің себебі қайда жатқанын танытқандай. Сондықтан да ол кедейдің сойлып соғып, елін ақсүйектерге қарсы күреске бастағысы келеді. Ел ішіндегі бұрқ еткен кедей-кепшіктің ыза-кегін ол жақсы түсінді, соған басшылық еткен де болды. Бірақ

ірі қимыл жасауға әлеуметтік жағдай әлі пісіп жеткен жоқ еді. Дегенмен Ыстыбай халық күшіне сенді, үмітін үзбеді.

Әрине Ыстыбай кейде фольклорлық бейнеге ұқсап та кетеді. Өйткені оның өмір сүрген дәуірі соған біртабан жақын да еді. Бұл ілгергі буын. Одан кейін әлеуметтік сахнаға Жабай шығады. Жабай романда қайшылықты бейне ретінде алынған. Әуелі ол Алшынбай сұлтанның сенімді қолшоқпары болса, кейін өзі іс-әрекеттерін сын сарабына салып, ойланып, толғана бастайды. Жазықсыздан жазықсыз көрші рулардың елін шауып, қатын-баласын зарлатқанда, осы зорлықты кім үшін істеп жүргеніне бірте-бірте оның көзі жеткендей болады. Сұлтанның мұраты үшін бейкүнә елді шауыпты. Жазушы ел ішіндегі осындай әрекетті тудырып отырған бай-сұлтандардың баю үшін жасалған зорлығы, үстемдігі екенін ашады, Жабайдың жүрегі соны сезіп, ақылы саналы ойға жетелейді. Ақырында ол бір кезде өзі есігінде жүрген байға қарсы тұрып, қазақтарға күн көрсетпеген Қоқандықтармен шайқасқа шығады. Әйтсе де Жабай кейін Алшынбаймен қайта тіл табысты, оның алдауына түсті. Бұл кезде одан жұрт бой тартып қалған. Кешегі қол бастаған ерге ел енді сенбейді, ермейді. Ол өзінің жұрттан қол үзіп, жалғыз қалған жайын тағы да сезінді. Ақырында өмір талқысы оның ең дұрыс жолды таңдауына әкелді. Үстем таптан біржола қол үзіп, еңбекші халықпен бірге болу керектігін түбегейлі ұқты, солай істеді, сөйтіп қазақ, орыс кедей шаруаларының сойылын соғатын дәрежеге жетті.

Ыстыбай мен Жабай қатысқан оқиғалар арқылы жазушы XIX ғасырдағы Жетісу елінің әлеуметтік өмірінің біраз көріністерін беруге тырысты. Болашақ гуманист, реалист, сыншыл ақын творчествосына осы қоғамдық, әлеуметтік жағдайдың бірден-бір әсері тигені сөзсіз... Мұны жазушы реалистік бағдарда дұрыс шеше алған.

Ақындық дарын — табиғи құбылыс. Бірақ оның бүршік жарып, гүлденуінде әлеуметтік жағдай мен мәдени дәстүрдің орны өзгеше болатыны белгілі. Әлеуметтік жағдай оның көзқарасын қалыптастырса, дәстүр шеберлігін шындауға көмектеседі. Жазушы бұл мәселені де шет қалдырмаған. Жамбыл өскен ортада фольклордың бай үлгілері бар: ертегі, жыр, дастан айту, тұрмыс-салт жырларының әр алуан түрлерін ол жастай естіп өсті. Мысалы нағашысы Қанаданның жер ұйықты іздеген

Асанқайғы туралы аңыз жас баланың жүрегін баурап халыққа бақыт іздеу керектігінің ұрығын себеді. Фольклорлық шығармадан Жамбыл әділдік пен зұлымдықты бітіспес күресінің сырын ұққандай болды. Болашақ ақынның сарқылмас бір мектебі осы халықтың ұлан-ғайыр ауыз әдебиеті болғанын романнан жақсы сезінеміз.

Шығармада Жамбылдың балалық шағы мен бозбала кезі бейнеленген. Оның рухани жан дүниесінің толқыныстарына жазушы айрықша мән берген. Бала есейген сайын оның дүниетанымы да кеңейіп, әрі күрделене түседі. Оның бұғанасы бекіп, дұрыс жолды таңдауына анасы Ұлданның ролі де аз болмаған. Әкесі Жабай Жамбылдың домбыра ұстауына қарсылық көрсетсе, ақылды, мейірімді, кейде жасқаншақтау көрінетін Ұлдан баласының өнер жолын қууына қол ұшын береді.

От басындық драма да шешуші роль атқарған. Жабай әу баста баласының әйгілі барымташы, Баймағамбет сияқты ат құлағында ойнайтын шабандоз, бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін тартып алатын пысықай, «ер» жігіт болып өсуін қалағанды-ды. Бедел, абыройды осыдан тапқысы келген. Ал Ұлдан болса, оған мүлде қарсы.

Романда халықтар достығы идеясы Қанадан мен Феодор арқылы көрініс табады. Есқожа би мен Боқтыкөт молда ұлт араздығын қоздырып, орыс пен қазақ арасына от тастап отырса, Қанадан мен Феодор қазақ-орыс кедейлерінің жақындасуына, қайғы мен қасіретін бірге бөлісуге шақырады. Мұны бала Жамбыл да сезінбейді емес. Оның өзі мен досы Қосайға орыс балаларының жылы ықыласы, достық құшағы ақынның болашақта достық идеясының туын көтерушілердің бірі болатындығына мегзейді.

Алғашында өмір құбылыстарының қыр-сырын толық танып болмаған ол есейе келе бәрін де өз жүрегіннің елегінен өткізіп ой қорытқан азамат ретінде қалыптаса бастайды. Соған орай оның ұстанған бағыты бірте-бірте айқындала береді. Реалист ақын бай-сұлтанға жағынып, оңай олжа табайын демейді, бетке тура айтатынды шығарды. Әлеуметтік қайшылықты ол осылай ерте сезінеді де еңбекші елдің сөзін сөйлеп, билеуші топтың бетпердесін аяусыз сыпыра бастайды. Сол үшін де халық Жамбылды айырықша сүйді, сол үшін де оны билеуші тап қуғынға сала бастады. Бірақ Жамбылдың қолында тат баспайтын қару бар, ол — ақындығы. Одан, әсіресе, үс-

тем тап өкілдері қатты сескенді. Олар бірде жалтақтаса, енді бірде оған күш те көрсеткісі келді. Жамбылдың ақындық өнерді таңдауы өмір жолының да оңай болма-сының кепіліне айналды. Соның бір көрінісі Қадырбай байдың аулындағы тойда жыр жырлауы еді. Байдың жа-ғымпаздары жас ақынды күлкі еткісі келіп, Қадырбай-дың малын қорыған иті өлгенін, енді соны мақтап жыр шығаруын сұрайды. Жамбыл адал еңбек етіп мал қоры-ған итті мақтап, қайыры жоқ байды мазақ етіп өлең ай-тады. Міне оның осы тапқырлығы, өткір тілі, шыншыл-дығы халыққа ұнағанымен, билеуші топқа жақпайды. Ақын басына төнген қауіптен қашып, әрең құтылады. Оның тартыс, күрес жолы осылай басталған.

Жазушы халықтар достығы идеясын таптық тұрғы-дан беруге бейім, XIX ғасырдың орта тұсында ашыққан орыс шаруалары орталық Россиядан Орта Азия, Қазақ-стан жеріне ауды. Міне Қанадан мен Жамбыл осыларға кездесіп, жоқшылықтың тақсіретін тартқан босқын елге жаныашырлықпен қарайды. Орыс переселені Феодормен танысып, достасқанда орыс-қазақ демей, аштыққа ұшы-раған кедей шаруаның мұңы, қасіреті бірдей ортақ еке-ніне көзі жетеді. Осы орайда орыстың озық ойшылдары-мен танысып, достасқан Шоқан Уәлиханов туралы жар-қын беттер де қосылған. Бұдан біз достық идеясымен қатар, таптық теңсіздік идеясының да бой көрсете баста-ғанын байқаймыз. Бұл қазақ даласының ертең дүр сіл-кіндіретін революциялық идеяның таң шапағы десе де болғандай.

Еңбекші халыққа (оның ұлтына қарамастан) теңдік, бақыт әкелу үшін алдымен оларды надандықтан арылту керектігін ұққан Шоқан ағартушылық идеяны ұстады. Жазушы Шоқан бейнесі арқылы ұлттық мінездің интер-националдық сипатын ашады.

Тарихи-биографиялық көркем шығармаға ойдан қос-ылған кейіпкер, оқиғалар кіруі керек пе? Кіре қалса, ол қаншалықты заңды деген мәселе әдебиеттану ғылымы-ның теориясында сөз болып келе жатқаны белгілі. Тәжі-рибе нені көрсетеді? Тарихи адам арқылы жазушы за-мана ауқымын кең көлемде жан-жақты ашуды мұрат етіп қойған жағдайда оның ойдан қосуының артықтығы жоқ. Ол шығармада өмір шындығының қырларын кеңі-рек толғауға, оқиғаны өрбітуге т. б. көркемдік-идеялық шарттарды жүзеге асыруға қызмет етеді. Бірақ ойдан

қосылған жайлар еш уақытта тарихи шындық болмысына қайшы келмеуі тиіс. Кейіпкер тарихи кісі болғандықтан да тарихилық (историзм) сақталуы қажет. Осы тұрғыдан келгенде Жамбылдың өмірбаянына байланысты деректерді П. Кузнецов көркем әдебиет шарттарына бағындырып, ұтымды «ойната» білген. Сонымен бірге халық өлеңдерін, аңыз-әңгімелерін, Жамбылдың өз жырын, архивтік материалдарды да орын-орнымен пайдаланып отырады. Мұның өзі негізгі кейіпкер бейнесінің ұлттық сипатын танытуда белгілі роль атқарғаны сөзсіз. Қорыта айтқанда Жамбылдың ақындық бейнесінің қалыптаса бастаған кезі бұл романда негізінен сәтті көрініс тапқан. Жазушы Жамбылдың жыршылық, күйшілік ерекшелігін ескеріп, оны романда тартымды бейнелеген.

Қарт жыраудың кейінгі дәуірлердегі өмір жолдары да шытырман оқиғаларға толы болған. Ақындығының кемеліне келген шағы — Ұлы Октябрь революциясы, совет дәуірі және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тіршілік-тынысы да эпопеяға жүк боларлықтай еді.

Алайда жыр алыбының бұл кезеңдегі өмірі жекелеген очерк, әңгімелерде, естеліктерде болмаса, үлкен эпикалық жоспарда көрінген жоқ. Дегенмен оның советтік дәуірдегі бейнесі прозаның шағын жанрында сәтті көрініс тапқанын айту қажет. Орыстың белгілі ақыны әрі сыншы-публицисі Н. Тихонов «Ақындар атасы» естелік әңгімесінде қарт жыраудың характерін ашатын ұтымды бір ғана сәтті алып, оның болмысына тән ерекше сипаттарды жарқ еткізіп аша білген. Автордың өзі айтқандай, бұл әңгімелерде еркін баяндау болғанымен, ойдан қосылған ештеңе де жоқ. Бұл жерде қиялдау жоқ, өмірдегі шын болған кездесулер мен оқиғаларды ой елегінен өткізіп беру ғана бар.

Н. Тихонов Жамбыл портретіне кейін тағы да бір айналып соқты. Мұнда ол қарт ақынның Ұлы Отан соғысы жылдары жау қоршауында қалған Ленинград қаласының ержүрек ұл-қыздарына арналған «Ленинградтық өрендерім» толғауымен кездескенін жазды. Мұнда орыстың үлкен ақыны жырауды жүзбе-жүз көрмей, кездеспей-ақ, оның жүрегінің жалынымен жазған толғауының күдірет-күшін сезінуі арқылы көркем портретін жасай білді. Қілтін таба білсе, көркем бейнелеудің айла-амалы, мүмкіндігі мол екен. Орыс тілінің үлкен ойды, әсем су-

ретті қысқа да нақты, әсерлі жеткізе білетін қуатын жазушы осы шығармасында тағы да таныта алды. «Жүректі бірден баурап алатын өлең жолдары ірі әріптермен терілген екен. Бала күннен таныс көшеде ойламаған жерден күтпеген досың үн қатқандай. . . Жамбыл жыры желімделген жерге халық мол жиналып, дауыстай оқиды. Бейне бір өмірдің ең бір қауіпті, шырғалаң кезінде ең жанашыр жақыннан келген, сезімді билеген хабарды оқығандай тебіренеді». Бұл ленинградтықтардың да, сонымен бірге жазушының да өз сезімі еді.

Н. Тихоновтың естелік-әңгімелерінде тек Жамбыл ғана емес, дағыстан ашугі Сүлейман Стальский, азербайжан — Самед Бургун, грузин — Шаншиашвили, авар — Ғамзат Цадаса да басты кейіпкер ретінде көрінеді. Бұлардың қай-қайсысы туралы естелікте де өнер адамдарының өзіндік мінезі, ұлттық өнердің интернационалдық мазмұны, достық, патриоттық рухы арқауын үзбей үнемі жүріп отырды.

Жамбыл — нағыз гуманист, интернационалист ақын, социалистік құрылыстың жалынды жыршысы. Міне оның осындай қасиетін еліміздегі барлық ұлттар ақындары өз тілдерінде айта білді. Өзбек Міртемір тіпті өлеңінің атын да «Интернационалист ақын» деп қойған. Ноғай Али — Талиб Қасымов өзінің «Қазақ ақыны Жамбыл, аншы Айгал және оның сұңқары туралы ертегі» деп аталатын жырында Жамбыл бейнесін жасауға белгілі бір үлес қосқан. Жырда эпикалық-ертегілік баяндау сарыны басым, ақын қиялының қанатты серпіліс арқылы қою сюжетті, оқиғалы, мәнді образ сомдалған.

Жүйрік тұлпардың жолында өзендер мен көлдер, сұңқардың алдын тау кес-кестеп тосқауыл жасауы мүмкін, ал жырға еш кедергі жоқ. Жыр жүректен шығып жүрекке ұялайды, дала, орман, теңіздер арқылы бір елден екінші елге жетеді. . . Қанатты жырдың екпініне ешқандай күс та ілесе алмайды.

Жамбыл бұл ертегіде нағыз халықтың жүрегін баураған жыршы ретінде бейнеленеді. Сонымен ақын-жазушыларымыз Жамбыл бейнесі арқылы замана сырын, достық, интернационалдық, отан сүйгіштік қасиеттерді, туған партияға, ұлы көсеміміз Ленинге деген шексіз махаббатты жырлаушы жарқын тұлғаны шынайы кескіндеп берді. Сол арқылы біздің заманымызда сөз өнеріне деген айрықша қамқорлық жасалғанын, халық

пен жеке адамдар арасындағы диалектикалық байланыстан туған идеяларды, ірі мұраттарды көре білді.

30-жылдары бүкіл совет елінің барлық салада қауырт шапшаң өсуі, ұлт мәдениеті мен әдебиетінің гүлдене өрлеуі дүние жүзі мәдени жұртшылығының назарын аударды. Бұл тарихи процестің, прогрестің табиғатын, сыры мен сипатын, себебі мен салдарын танып-білуге ынта күшейді.

Совет дәуірінде қайта жасарған Жамбылдың өлеңдері ел-елге тарады. Ақынның өмір тарихы мен творчествосы Одақ көлемінде ғана мәлім болып қоймай, оның аты байтақ әлемді шарлап кетті. Қазақ ақын-жазушыларының ішінде бірінші болып Жамбыл шығармалары орыс тілінен ағылшын, француз, неміс, чех, поляк т. б. тілдерге аударылды.

1938-1939 жылдары Жамбылдың бірнеше өлеңдері шетел тілдеріне аударылды. «Туған елім», «Мәстек пен тұлпар», «Ұлы көш», «Ленин» атты жыр-толғаулары ағылшын тілінде шығатын «Интернейшл лэтрече» журналының 1938 жылғы I санында жарияланды. «Бірінші Май жыры» венгер тіліне («Уй ганг» журналы, 1939, № 5), «Ленин мавзолейінде», «Мәскеу туралы жыр», «Жаңа жыл» өлеңдері неміс тіліне («Дойче цайтунг» газеті) аударылып, басылды. Қарт ақынның өмірі туралы ағылшынның «Ля литератор интернационал» атты журналында (1938, № 6) және немістің «Арбейдерен» деген газетінде (1940, 3 июль) мақала шықты. Жамбылдың «Ленин туралы», «Туған ел» атты өлеңдерін шетел мәдениет қайраткері, белгілі жазушы Джек Ленидсей ағылшын тілінде аударды. Қазақ ақынының «Туған ел» жыры Нью — Йорктегі «Біріккен ұлттар даусы» деген жинақта басылды.

Жамбыл шығармаларының халық демократиялық елдері тілдеріне аударылып, кең тарағаны — Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдар. Бұл кезде оның өлеңдері жеке кітап болып та шығып, газет-журналдарда да молырақ басылып, өз оқушыларын тапты. Соғыс кезінде «Махаббат пен ыза жырлары» аталып, чех тілінде басылған Жамбылдың өлеңдер жинағы туралы «Прижетел СССР» (СССР досымыз), «Новый ориент» («Жаңа шығыс»), «Людова культура», «Праце», «Руде право» т. б. газеттерде пікірлер айтылды, сондай-ақ Чехословакияның баспасөзінде жырау өмірі мен творчествосы туралы

көлемді мақала жарияланды. Онда қазақ ауыз әдебиеті туралы қысқаша мәліметтер берілді, «халық ақындары Шығыста мәдениеттің бірден-бір өкілдері» ретінде ғасырлар бойы көркем қазынаны сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, «Орта Азия қазақ ауыз әдебиеті қызғылықты да өскелең әдебиеттің бірі» екендігі, бұл ретте революциядан бұрынғы кездегі Жамбыл творчествосының эпостық сипаты, «Сұраншы батыр» тағы басқа эпостық жырлары, оның қырғыздың «Манасын» да, «Мың бір түнді де» жадында сақтағаны туралы сөз болды. «Жамбыл Жабаев жырлары Шығысқа тән ғажайып сырға толы, құнарлы да әуенді, алуан түспен құлпырған шығыс киімдеріндей көп бояулы. Жанды тебіренерлік бейнелерінде ақын өз Отанының туған табиғатының шексіз де шетсіз кеңістіктерін жырлайды. Оларда «алтын жалды жылқы үйірлері», «маздаған оттай жанған розалар», «сылдырлаған өзендер» және қош иісті шөптер де бар», — делініп, ақын өлеңдерінің әсемдік, көркемдік қасиеттері тамашаланды. Осы мақалада Жамбылдың поэтикалық бейнелерінде тек ауыз әдебиетімен ғана емес, Орталық Шығыстың жазба поэзиясымен, нақтырақ айтсақ, XIII ғасырдағы парсы-тәжік ақыны Сағди, XII ғасырдағы грузин ақыны Руставели, XVIII ғасырдағы армян ақыны Саят-Нова және тағы басқалардың туындыларымен туыстық барлығына көңіл аударылды.

Жамбылдың совет дәуіріндегі творчествосы чех ғалымы Б. Пашкованың мақаласында нақты деректер мен мысалдар негізінде талданды. Революция алдында бейнетті өмірі мен кәрілік қайыстырып, қуат-күші, шабыты шайқалып, тоқырауға бет алған қарт ақынның совет дәуірінде рухтанып, жігерленіп, ақыл-ой, қиял-арманына қанат бітіп өрлеген шағын чех досымыз сүйсіне әңгімелеген. Оның творчествосында халық бақыты жаңа өмір, Москва, Кремль, Ленин, Коммунистік партия, Қызыл Армия, халықтар достығы, Пушкин, Тарас Шевченко, Арктика, Орал, одақтас республикалар, Украина, Грузия, Шота Руставели, Дағыстан, Сүлейман Стальский т. б. туралы жыр өрнектері өрілгені, ондағы интернационалдық сипаттар — чех сыншысының көңіл аударғандары, міне, осылар болды. Ол, әсіресе, Отан соғысы кезіндегі творчествосының мән-маңызын айта отырып, Жамбыл жырларының жауынгерлерге, тың еңбекшілеріне әсерін, ұлы Алғадайдың соғыста қайтыс болған хаба-

рын естігендегі күй-жайын, қажырын, Отан мүддесіне беріктігін, патриоттық өлең шығарғанын, туған елі жүз жасаған ақынын ерекше құрметтейтінін толық әңгімелеген.

«Праце» газетінің 1947 жылғы 20 июльдегі санында былай делінген: «. Бұл өлеңдердің тағы бір ерекшелігін атап өту қажет, ол — осы аңызға айналған қарттың өз Отанына, Совет Одағына деген жалынды, адал махаббаты. Сондықтан да ол, ерікті дала бүркіті, ең қымбаттысы — өз поэзиясын күдіксіз және ескертусіз-ақ совет жеріне арнап отыр».

Сөйтіп, қазақ ақынының өлеңдеріндегі ой байлығы, сезім тереңдігі, образдар шынайылығы, осы көркемдік ерекшеліктердің жаңа социалистік өмірмен тығыз байланыстылығы атап көрсетіледі. Прагада шығатын «Людова культура» журналы чех тіліндегі Жамбыл өлеңдері туралы: «Оның өлеңдері мазмұн жағынан бай, әрі түрліше, алайда, олардың мазмұнын айтып берумен ақын творчествосының мәнін түсіндіруге болмайтыны өзінен өзі белгілі. Жамбыл — қазақ халық поэзиясы дәстүрлерінің мұрагері әрі дамытушысы. Оның творчествосындағы ең бағалысы — өлеңдерінің осы халықтығы, атап айтқанда әуен мен нақышты сөз қарапайым ұғымдылығымен, сезім құбылыстарының емін-еркіндігімен тартып отырады, қызықтырады», — деп жазды.

Жамбыл шығармаларын венгер тіліне аударып, зерттеу ісіне Кошут атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Андор Габор да назар аударды. Румын скулпторы К. Бараска ақын мүсінін жасап, музейіне сыйлыққа тартты, ал басқа бір шебер жасаған оның бюсті Бухарестегі Херэстрэу паркіне қойылған. Бұл келтірілген деректер қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбылдың әлемдік даңқы қандай болғанын айғақтай түссе керек.

Ауыз әдебиетінің ең бір кең тараған түрі — айтыс өнері халқымыздың аса дарындылығын, көркем ойлауға ертеден шебер екенін аңғартатын ерекше сипат ретінде шетел, әсіресе, Батыс оқушылары мен тыңдаушыларын сүйсіндіріп келе жатқаны белгілі.

Германия Біріккен социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитетінің органы «Нойес Дойчланд» газетінің тілшісі Гейнц Штрэн Қазақстанда болған сапары туралы көлемді очерк жазып, онда қазақ ақындарының

суырып салма өнері аса қызықты, өшпес әсер қалдырғанын суреттеген-ді. Жамбыл музейіндегі ақынның Досмағанбетпен, Құлманбетпен айтысқан кезін бейнелейтін суретті көріп, «оның осы бір есте қаларлық айтыста жеңіп шығуы Жамбыл даңқының бастамасы болды, ол сол даңқына кір келтірмей, өз халқының ортасында жүз жыл өмір сүрді. Оның әлі талай-талай жылдар даңқы өшпейді» дей келіп, айтыс өнері қазақ жыршыларының ерекше сипаты екенін айтады.

Жамбылдың шәкірті Әбдіғали Сариевтің айтыстағы өнері, «сол бойда шығарған өлеңі» шетелдік тыңдаушыларға үлкен әсер қалдырғанын оның сөздерінен де аңғаруға болады: «Әуелі домбыраның үні ғана естілді, домбыраны шерте отырып, ақын өз ойын білдіретін сөзбен ұйқас іздеп, өлеңді бастап кететін шумақ ойластырып, айналаға қарап өтті. Айта кететін бір нәрсе, домбыра дегеніміз — ақынның қол қанаты, оның мойны мен бет жағы қарағайдан, ал қуыс басы алма ағашынан істелінген. Домбыраның екі шегін ақынның оң қолының сұқ саусағы мен ортаңғы саусағы шертіп-шертіп үнге келтіреді. Сариев өлеңдете жөнелді. Енді ырғақты, сарынды сөздер ағылды. Тек өлеңді аяқтарда ғана карт ақын өз домбырасын баяулатты, өлең сарыны жібектей жұмсақ, самалдай сазды естілді. Өлеңнің мазмұнын амал қанша, біз тек аударма арқылы ғана білдік. Оның өкінішті болатыны мынадан: қайсы айтысты алсаңыз да сөздер бізге әрине жеткен жоқ».

Қазақта сөз үйлестіру соншалықты дамығаны, тіпті жай қимыл әрекеттердің өзі-ақ табан аузында қалжыңды, күлкілі өлең тудыра салатынын айта келіп, Гейнц Штрэн «Сариев сияқты ескі буын ақындардың да көпшілігі жазып, оқи білетін болған. Осының нәтижесінде Жамбылдың немесе басқа да халық ақындарының творчествосына сипат болған айырмашылықтары да кейде өше бастаған. Мәселен, Сариев өзінің көп әндерін қағазға түсіретін болған. Солай болғанның өзінде де бұрынғы замандағы сияқты қазірде де суырып салма өлең қазақ халқының ортасында өте-мөте әйгілі» деп оның халыққа қошеметтеле, қадірлене түсетінін дұрыс аңғарған (5.105).

Румын Виктор Вынтудың «Контемпоранул» («Замандас» газеті, 1957, 18 октябрь) жарияланған мақаласында ақын, ауыл, домбыра, киіз үй» деген сөздер Шығыстың

әсем гүліндей көп нәрсені көз алдыңызға әкеледі, олар шексіз даладағы майда қоңыр күйлердің ұрпақтан-ұрпаққа таралып, халықтың асыл қазынасына айналған ежелгі ертегілерді еске салады» деген тұжырым айтылады.

Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған халықтық сөз өнерінің әрбір жанрдағы үлгілерімен бірсыпыра шет ел оқушылары таныс. Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосын шетелдіктерге таныстыруда едәуір қызмет атқарған венгер академигі Имре Тренчени Вальдапфель (1899—1970) болды. Ол көркем шығармалардың таңдаулы үлгілерін қазақ тілінен тікелей мадьяр тіліне аударып, Абайдың және Жамбылдың өмірі мен творчествосы туралы зерттеу еңбектер жазды. Тренченидің Жамбыл туралы еңбегі 1955 жылы Будапеште жеке кітапша болып шықты. Бұл кітаптың орысша аудармасы «Қазақская литература в оценке зарубежной критики» атты жинақта басылды (6).

«Менің бақыттылығым сол, — деді Имре Тренчени Вальдапфель, — қазақ тілінен тікелей мадьяр тіліне мен аударған шығармалар арқылы мадьяр халқы қазақтың атақты ақындары Абай мен Жамбылдың өлеңдерін оқып, сүйсінді. Мен Абай мен Жамбылды жақсы көремін. Олардың шығармаларында бүкіл өмір, қазақ халқының кешегісі мен бүгінгі тарихы бар» (7).

Ертедегі грек әдебиеті, әсіресе Гомер туралы құнды кітаптар жазған ғалым әдеби салыстырулар келтіре отырып, халықтар творчествосындағы кейбір ерекшеліктер мен ұқсастықтарды ашып, қазақ ақынының өлең-жырларын байсалды зерттеді. Ол «Жамбыл» кітабын мына сөздермен бастайды. «Максим Горкий дағыстандық, лезгиндік ашуг Сүлейман Стальскийді «XX ғасырдың Гомері» деп атаған-ды. Ал жүзге таянған қазақ халқының ұлы жыршысы, ақын Жамбыл, Жабайдың ұлы дүниеден өткенде Қазақ Совет Социалистік Республикасының Министрлер Советі мен Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті бірігіп жазған аза коммюникесінде сол бейнелі сөзді қолданды әрі «совет халық поэзиясының алыбы, қазақ халқының ғасырлар бойы даналығын алып жүруші», — деп атады.

Одан әрі ғалым әлем әдебиеті тарихында халық поэзиясы, эпостық дәстүрдің пайда болу сатыларын сөз ете отырып, бірсыпыра халықтардың көркемдік тарихында ұқсастықтар, заңдылықтар барлығын айтады.

Имре Тренчени Вальдапфель Жамбыл өмірінің октябрьге дейінгі кезеңдерінің ірі көріністеріне, октябрдің ақын творчествосына әсеріне, өлең жырларының әлеуметтік, қоғамдық, дидактикалық, халықтық сарындарына, дәстүр жалғасымдылығына, Сүйінбай мен Жамбыл қарым-қатынасына, олардың бай-феодалдармен қақтығыстары қанаушы тап пен патша өкіметіне қарсы жалпы халық наразылығы мен күресіне ұштасуына, тағы басқа мәселелерге тоқталады.

Венгер академигі Жамбыл Жабаевтың советтік дәуірдегі өмірін, оның жырларының жаңа социалистік мазмұнын, түр құлпырыстарын нақтылы мысалдар келтіре отырып, байсалды баяндайды.

Ол: «Ұлы октябрь социалистік революциясына дейінгі Жамбылдың өнері халық ауыз әдебиетінің жаңғырығы болса, социализм заманындағы поэзиясы одан мүлде бөлек жатыр. Революция жылдарында біраз жасты еңсеріп қалған ақын поэзиясының мұншалықты құнарлы болуына совет шындығы әсер етті», — деп жазды.

Қысқасы Имре Тренчени Вальдапфельдің «Жамбыл» атты зерттеуі венгер оқушыларын қазақ ақынының өмірімен, творчествосының кейбір ерекшеліктерімен таныстырған құнды еңбек екенін айтқан жөн.

«Совет Одағы халықтарының әдебиеттері» деген сериямен 1967 жылы Лейпцигте шыққан көлемді кітапқа да қазақ әдебиетіне байланысты арнайы бөлім енгізілген. Оны жазған неміс ғалымы Э. Хексельшнейлер қазақ әдебиетінің фольклордан бастап осы күнге дейінгі даму тарихын объективті ғылыми түрде баяндады. Осы кітапта көрсетілгендей, «қазақ фольклоры — тамыры ғасырлар тереңінде жатқан эпостық және лирикалық дәстүрі мол халық поэзиясы. Онда барлық жанрлар бар, әсіресе батырлар жыры, лирика, ертегілер мен аңыз-әңгімелер қазақ халқының тамаша болашақ туралы арманының, өткені мен бүгінгі өмірінің сәулесі» деген анықтама, бағалар шетелдерде әбден орныққан пікір деп айтуға болады.

«Өмірдің жаңа қырларын, салаларын меңгеру процесінде қазақ совет әдебиеті эпикалық қорытындылары мол... поэтикалық тілі бай демократияшыл фольклор дәстүрлерінен нәр алады әрі революциядан бұрынғы сыншыл реалистік әдебиеттер жемістеріне сүйенеді», — деп жазады Хексельшнейлер. Ол фольклор мен әдебиет араларындағы біріне-бірі ықпал жасау процестерінің қызық

көріністері кейінгі қазақ поэзиясында Жамбыл Жабасв творчествосы арқылы айқын байқалатынын айтқан.

Қазіргі империализм идеологтары мен жалдамалылары совет елінің ұлт республикалары көтерілген биікті көргісі келмей, неше түрлі бұрмалау, өтірік-өсек айту, жала жабу сияқты сұрқиялық әрекеттер жасап бағады. Міне осындай жағдайда қазақ әдебиеті туралы шетел басылымдарында айтылған мұндай пікірлердің белгілі бір дәрежеде саяси маңызы бар деп санаймыз. Бұл, сөз жоқ, бсталды бұрмалағыштарға, «барды жоқ» деушілерге елеулі бір тойтарыс. Расында да Батыс және Шығыс халықтары тілдерінің көбіне аударылған қазақ шығармаларымен жақсы таныс және олар туралы алдыңғы қатарлы шетел жазушылары мен ғалымдарының, оқушылары мен сыншыларының пікірлерін оқыған адамдар Т. Виннер мырза сияқтылардың қазақ әдебиеті туралы жазған бұрмалауларына сірә да сенер ме? Т Виннер 1958 жылы Америкада «Орыс Орта Азия қазақтарының фольклоры мен әдебиеті» деген атпен кітап шығарып, онда қазақ әдебиетінің даму тарихын дәрекі түрде бұрмалаған, оның бұрынғы халықтық, демократияшыл, прогресшіл белгілері мен дәстүрлерін жоққа шығармақ болған.

«Сервей» журналының 1961 жылғы 36-санында жариялаған «Орта Азиядағы әдебиет» деген еңбегінде Моррис деген біреу «Орта Азия халықтарының әдебиеті революциядан кейін тез қарқынмен дамуы оларды ұлттық негіз бен сипаттан айырды» деп байбалам салды. Ал Канадалық профессор Дж. Луцкий біздің елімізде көп ұлтты совет әдебиеті туып, өркендегеніне күмәнданып, жоққа шығаруға тырысады. 1969 жылы Америкада шыққан «Орыс классиктері советтік мұкабаларда» деген кітаптың авторы М. Фридберг, «Совет терминологиясы бойынша көптеген ұлттық әдебиеттер түр жағынан бөлек-бөлек дегендер жалған», — деп жазып, осыған оқушыларын сендіргісі келді.

Объективтік шындықты мұндай бұрмалаушыларға қарсы күресте бұл күнде дүние жүзін шарлап кеткен қазақ жазушыларының көркем шығармалары мен олар туралы прогресшіл шетел зерттеушілерінің, оқушыларының байсалды пікірлері, солардың ішінде Жамбыл туралы жылы лебіздер тиісті қызмет атқаратыны анық. Ең бастысы — қазақ әдебиеті мен фольклорының шетелдер-

де де жоғары бағалануы халқымыздың рухани мәдениеті биік деңгейде екеніне дәлел және оның социалистік дәуірде дамуының орасан зор жетістіктерінің бірі екендігі даусыз.

Екі өмірді көрген Жамбыл кешегі мен бүгінгі күннің бар шындығын реалистікпен жырлай білсе, ертеңгі күннің жарқын болашағын да көрегендікпен болжай алды. Сондықтан да оның жарқын бейнесі көркем әдебиетте ғана емес, өнердің өзге салаларында да мүсінделе бермек, қастерлі жырлары дүние жүзін шарлап, еңбекші бұқараның көкейіне жете бермек. Демек ол келешек ұрпақпен де бірге жасай береді. Жамбыл — мәңгілік құбылыс.

¹ Абай жолы. Алматы, 1980. Төртінші кітап.

² Тәжібаев Ә. Шығармалары. 1979. 3-т.

³ Литературная газета. 1938. 23 мая.

⁴ Ленинская смена. 1938. 24 мая.

⁵ Шетелдік достар Қазақстан жайында. Алматы, 1957.

⁶ Казахская литература в оценке зарубежной критики. Алматы, 1971.

⁷ Казахстанская правда. 1960. 29 сентября.

МАЗМҰНЫ

Бірінші тарау	3
Жамбылтану өрісі (М. Дүйсенов)	
Екінші тарау	53
Ел өмірінің айнасы (1860—1917 жылдар)	
1. Өлең-жырлары (К. Сейдеханов)	53
2. Айтыстары (М. Дүйсенов, Н. Төрекұлов)	84
3. Дастандары (А. Бұлдыбаев)	108
Үшінші тарау	133
Жаңа дәуір — жарқын үн (1918—1940 жылдар)	
1. Өлең-жырлары (С. Негимов)	133
2. Дастандары, хикаялары (К. Сейдеханов)	162
Төртінші тарау	
Қатерлі жылдар — қаһарлы жырлар (1941—1945 жылдар)	200
1. Толғаулары... (К. Сейдеханов)	200
2. Өлең-жырлары (С. Негимов)	222
Бесінші тарау	
Ақынның әдебиеттегі бейнесі және әлемдік даңқы (М. Дүйсенов, Ш. Сәтбаева)	24

ТВОРЧЕСТВО ДЖАМБУЛА ДЖАБАЕВА

(на казахском языке)

*Утверждено к печати Ученым советом
Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова
Академии наук Казахской ССР*

Рецензенттер: филология ғылымдарының докторы *Р. Бердібаев*,
филология ғылымдарының кандидаты *С. Садырбаев*

Редакция менгерушісі *Т. Беркімбаев*
Редакторы *Б. Асанбаев*
Көркемдеуші редакторы *В. М. Груцаков*
Суретшісі *Ю. А. Чеховский*
Техникалық редакторы *Л. Ю. Уляницкая*
Корректоры *С. О. Қаймолдина*

ИБ № 2883. Монография

Теруге 20.06.88 тапсырылды. Басылуға 9.02.89 қол қойылды.
УГ09018. Форматы 84×108¹/₃₂. Тип. қағ. 1. Гарнитурасы әдебиетті
Басылымы күрделі. Шарт. б. т. 14,28. Шарт. бояу көлемі 14,28
Есепке алынатын баспа табақ 15,34 (1 вкл.) Тираж 1600.
Заказ 177. Бағасы 3 с. 20 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР
480100, Алма-Ата, Пушкина, 111/113
Типография издательства «Наука» Казахской ССР
480021, Алма-Ата, Шевченко, 28